

ISSN 1728-5496



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Педагогика ғылымдары» сериясы
«Педагогические науки»
Series «Pedagogical sciences»
№2(58), 2018 ж.

Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Педагогика ғылымдары» сериясы
«Педагогические науки»
Series «Pedagogical sciences»
№2(58)

Алматы, 2018

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ
ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ
ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

Балықбаев Т.О., Жампенсова К.К., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж. Полипарадигмалдық көзқарас – бәсекеге қабілетті, жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде.....	3
Адилбаева А.А., Елубаева П.К. Когнитивно – лингвокультурологическая методология как концептуальная основа современного иноязычного образования в Республике Казахстан.....	12
Chalikova A.T. Tendencies of informatization of foreign language education.....	16
Сейітқазы П.Б., Абдиркенова А.К. Медиабілім мазмұнындағы негізгі түсініктер мен теориялар.....	22
Үсенова Г.А. Білім алушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің сабақтастығы мен күзиреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері.....	28
Жолдасбекова С.А., Иманкулова Л.Б., Сейдина М.З., Мокроусова А.Е. Научно-исследовательские способности учащихся, как категориальное понятие и фактор личностного развития.....	34
Кожаммет К.Т., Жумалиева Р.З., Джандильдинов М.К. Основные подходы к разработке компетентностной модели выпускника вузовского и послевузовского образования.....	42
Ланцева Т.В. Перспективы педагогического образования: исследования, практики и международный опыт.....	50
Muratbek A.M. Theoretical aspects in formation on of lingvacultural competence in foreign languages teaching.....	55
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ: МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ ВУЗОВСКОЕ И ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПРОБЛЕМЫ, ИННОВАЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ	
Бұзаубақова К.Ж., Елубаева М.С., Күмісбекова Ж.Н. Қазақстан Республикасында жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру.....	60
Бұзаубақова К.Ж. Жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру ерекшеліктері.....	65
Zhamaliyeva A.A., Kulgildinova T.A. Contextual-sectorial-based approach to foreign language training of students of non-linguistic specialties.....	71
Длиббетова Г.К., Абеннова С.У., Булатбаева К. Н. «Зеленый кампус» как путь интеграции вузов в модель «зелёной» экономики.....	76
Туребаева К.Ж., Жусупова Ж.А. Место модульного обучения в современном профессиональном образовании.....	80
Сафарғалиева А.Ы., Жумабаева А.Е. Формирование профессионального интереса студентов педагогического вуза в процессе изучения дисциплины «профессиональный русский язык»	85
Ищанова Г.Е. Болашақ педагогтарды даярлауда жаңартылған білім беру мазмұнының алатын орны.....	90
Джанбубекова М.З. Жоғары мектептің мұғалімін кәсіби қалыптастыру.....	95

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия
«Педагогические науки»,
№2(58), 2018 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2001 года.

Главный редактор:
д.п.н., проф. Жампеисова К.К.

Зам. главного редактора:
к.п.н., профессор
Колумбаева Ш.Ж.

Ответственный секретарь
к.п.н, ассоциированный профессор
Киясова Б.А.

Редакционная коллегия:
д.п.н., профессор Романов А.А.
(Россия, Рязань),
д.п.н., доцент

Дроботенко Ю.Б.
(Россия, Омск),
к.психол.н., доцент

Михайлова Н.Б. (Германия),
д.п.н., профессор Тарантей В.П.
(Беларусь, Гродно)

доктор Ибрахим Иылдырым
(Турция),

д.п.н., профессор Хан Н.Н.
д.п.н., профессор

Кошербаева А.Н.
д.п.н., профессор Иманбаева С.Т.
д.п.н., ассоц.профессор

Саудабаева Г.С.
к.п.н., доцент Берикханова А.Е.
к.ф.н., доцент Букабаева Б.Е.

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2018

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10104-Ж

Подписано в печать 19.06.2018.
Формат 60x84 1/8. Объем 48,75 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 219.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического университета им. Абая

Кожамет К.Т., Джандильдинов М.К., Жумалиева Р.З. Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту деңгейін бағалаудың өлшемдік аппараты.....	99
Берекбусунова Г.М. Психолого-педагогические проблемы формирования педагогической направленности у будущих учителей на современном этапе.....	107
Қазиев Қ.О. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби біліктілігін кәсіби рефлексия негізінде дамытудың мүмкіндіктері.....	112
Уразова Г.Т. Болашақ педагог – психологтардың рефлексиясын дамыту – білім берудің сапасын жақсартудың бірден-бір жолы....	118
Алиева Б.О. Болашақ мамандардың ақпараттық біліктілігінің заманауи білім беру жүйесіндегі негізгі құзіреттілік ретінде алатын орны.....	122
Кожамет К.Т., Сюрмен О.В., Жумалиева Р.З. Опыт отечественных и зарубежных вузов в подготовке IT- специалистов.....	126
Гриншкун В.В., Бидайбеков Е.Ы., Сагимбаева А.Е., Байдрахманова Г.А. Роль и место компьютерной графики в формировании профессиональных качеств будущих учителей информатики в условиях цифровизации образования.....	130
Султанбек М.Ж. Болашақ мамандар білімінің жаңа парадигмалық жағдайында кәсіби-тұлғалық әлеуетін арттырудың кейбір мәселелері.....	135
Мовкебаева З.А., Исалиева С.Т. Состояние и перспективы формирования образовательной среды в вузах для дистанционного обучения студентов-инвалидов.....	140
Жолтаева Г.Н. К вопросу о профессиональном образовании для лиц с ограниченными возможностями здоровья.....	146
Кошжанова Г.А. Болашақ дефектологтың имиджін қалыптастырудың педагогикалық техникасы.....	150
Ксембаева С.К. Развитие коммуникативных навыков будущих социальных работников на практических занятиях.....	154
Сарбасова В.Н. Национальное самосознание будущих педагогов как составляющая профессионального воспитания.....	161
Демисенова Ш.С. Диагностика толерантности и этнокультурной компетентности личности студентов педагогических специальностей.....	165
Капанова Б.К., Даулетбаева М.М. Экологиялық білім беруді дамыту және оның болашағы.....	171
Саудабаева Г.С., Шолпанқұлова Г.К. Жауапкершілік студент тұлғасының өзін-өзі дамытуының көрсеткіші.....	176
Кудышева А.А., Темиргалинова А.К. Влияние средств массовой информации на этнокультурное воспитание студентов вуза.....	180
Абилова Г.А., Жақсылықова М.Т. Студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруға дайындаудағы тәрбиелеудің ерекшеліктері.....	184
Сулейменова О.Я., Маханова Қ.А., Құбаева Г.С. Мамандыққа бағытталған химияны оқыту курсына дидактикалық құралдар көмегімен деңгейлік тапсырмалар құрастыру.....	187
Саурбаева Б.С., Лиакын Л., Тастанбекова А.А. Clil технологиясын қолданып химиядан ағылшын тілінде білім беруді жүзеге асыру.....	192
Анаятова Р.К., Джанпейсова Ж.М. Авиациялық ағылшын тілін оқытуда студенттердің мәдениетаралық коммуникативті құзіреттіліктерін қалыптастыру.....	197
Қиясова Б.А., Әбжан Г.М. Дебат технологиясы – студенттің танымдық белсенділігін арттыру әдісі ретінде.....	201
Файзов Т.Ж., Канапьянова Р.Х. Студенттерге музыкалық аспап жасап үйретудегі көркемдік іс-әрекет.....	206
Идрисов С.Н., Майлыбаева А.Д., Сисенова Д.А. Коммуникациялық кеңістік негізінде кафедраның педагогикалық практика жұмыстарын ұйымдастырудың жолдары.....	208
Идрисов С.Н., Сисенова Д.А., Майлыбаева А.Д. ЖОО-дағы информатика мамандықтары бойынша практика порталын	

EDITOR-IN-CHIEF:

Doctor of pedagogical sciences,
professor: **K.K. Zhampeisova**

Deputy editor-in-chief:

Candidate of pedagogical sciences,
professor **Sh.Zh. Kolumbayeva**

Deputy editor-in-chief

Candidate of pedagogical sciences
Kiyassova B.A.

Editorial board:

Doctor of pedagogical sciences,
professor **Romanov A.A.** (Russia),
Academician, Doctor of pedagogical
sciences, professor **Drobotenko**

Y.B. (Russia),
psychology, of pedagogical sciences
Mihailova N.B. (Germany),

Doctor of pedagogical sciences,
professor **Tarantey V. P.** (Belarus),
Doctor **Ibrahim Idirim** (Turkey),

Doctor of pedagogical sciences,
professor **Han N.N.**

Doctor of pedagogical sciences,
professor **Kosherbaeva A.N.**

Doctor of pedagogical sciences,
professor **Imanbayeva S.T.**

Doctor of pedagogical sciences,
Associate Professor **Saudabayeva**
G.S.

Candidate of pedagogical sciences,
professor **Kolumbayeva Sh.Zh.**

Candidate of pedagogical sciences,
docent **S.S.Zhumasheva**

Candidate of pedagogical sciences,
docent **Berikhanova A.E.**

Candidate of philological sciences,
docent **Bukabayeva B.E.**

© **Kazakh national pedagogical
university after Abai, 2018**

The journal is registered by the
Ministry of Culture and Information RK
8 May 2009. N10107 – Ж

Signed to print 19.06.2018
Format 60x84 1/8.

Volume 48,75 – ubl.literature.
Edition 300 num. Order 219.

050010, Almaty, Dostyk ave., 13.
KazNPU after Abai

Publishing house «Ulagat»
Kazakh National Pedagogical University
after Abai

жасақтаудың педагогикалық негіздері..... 213
Асанова Б.С., Мухажанов Т.Н. Библиотеки высших учебных
заведений Казахстана: современные задачи и решения..... 219

**ОРТА ЖӘНЕ ОРТАДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН
ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЯ:
ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ**

Нуриев М.А., Айнакулова А.М. Білім беру жүйесінің қазіргі
заманғы әлемдік парадигмаға негізделуі – «Мәңгілік Ел» ұлттық
идеясын жүзеге асырудағы өзекті мәселе..... 227
Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Қазақ балаларын отан-
сүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеологияның мәні..... 232
Baimoldayev T.M. Problems of the organization of the educational
process in a modern school..... 238
Aman K.P., Amanova R.P. Use of the method of clil in the training
process..... 241
Кургамбеков М.С., Кемалова Г.Б. Оқушылардың техникалық
шығармашылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары... 246
Baidildinov T.Zh., Sakhipov A.A. Introduction of elements of
robotics into the educational space of the school..... 249
Сыдыкова Ж.К., Шойынбаева Г.Т., Минтасова А.С. Мектеп
оқушыларына физиканы оқытуда нанотехнология элементтерін
қолдану..... 253
Ураимхалилова А., Мураталиева В.Т. Типология математи-
ческих задач в средней школе..... 258
Бижігітов Т., Сембиева А. Орта және арнайы мектептерде
оқитын оқушылардың өзбетінше шығармашылықпен ойлау
қабілеттерін дамыту тәсілдері..... 264
Курманбаев Р.Х., Байкенжеева А.Т., Сақытжан Г.Р. Биология
сабақтарында биоалуантүрлілік ұғымын қалыптастыру..... 268
Сейтенова С.С. Проблемалық технологиясы арқылы оқыту
барысында оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру
мүмкіндіктері..... 275
Махметова Б.Т., Бейсембаева А.А. Білім сапасын арттыруда
инновациялық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері..... 279
Алиева Б.О. Шет тілдерін оқытуда мәдениетаралық қарым-
қатынастың рөлі..... 283
Оразбаева А.С. Шетел тілін ертегілер мен жұмбақтар қолдана
оқытудың тиімділігі..... 286
Аманова Г.С., Байхадамова Б.Е. Оқушылардың тілдік дағды-
ларын дамыту арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптас-
тыру..... 290
Момбек А.А., Искакова А.Т., Исалиева С.Т. Ерекше білімді
қажет ететін балаларды оқытудың конвергенттік технология-
лары..... 294
Кеңесбаев С.М., Айнабек Ж.А. Дамуында ауытқуы бар бала-
ларға сабақ барысында педагогикалық ойындарды қолдану..... 298
Ингайбекова Т.А. Актуальность развития социально-
коммуникативных навыков детей с нарушением интеллекта..... 302
Туребаева К.Ж., Есенгулова М.Н., Бозғұланова Н.Е. Мүмкін-
дігі шектеулі оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мәселелері..... 308
Асилбаева Ф.Б. Өзгермелі социумдағы отбасы тәрбиесі
қызметінің өзіндік ерекшеліктері..... 312
Жолдасбекова С.А., Аширова Ж.У., Айдаров Б.Ж. Содержа-
тельно – функциональные аспекты воспитания правовой
культуры студентов колледжа..... 316
Тұрғынбаева Б.А., Төлешова А.Ә. Мектеп бітірушілерді педа-
гогикалық мамандыққа бағыттау мәселесі..... 322
Саудабаева Г.С., Айтбаева М.А., Смаилова Ж.Ж.
Профессиональное самоопределение как значимая целевая
ориентация современного школьного образования..... 326

Искаков Т.Б. Дене шынықтыру және салауатты өмір салты маркетингін дамыту.....	331
Нурғалиева С.А., Майлыбаева Г.С., Зулкарнаева Ж.А. К вопросу повышения качества инклюзивного образования в Восточно-Казахстанской области.....	334

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**

Әбдіғапбарова Ұ.М., Ибраева М.К. Ерте жастағы баланы дамытудағы қазақ халық шығармашылығының педагогикалық жіктемесі.....	340
Демешева Г.У., Майлыбаева Г.С. К вопросу об оценке качества дошкольного воспитания и обучения.....	346
Метербаева К.М., Елгезекова А. Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық аспектілері.....	352
Амирова А.С., Тулеген К. Бастауыш сыныптарда сатылай кешенді оқыту технологиясын пайдаланудың әдістемесі.....	356
Жумашева А.Ш., Саметова Ф.Т. Коммуникативно-деятельностный подход к формированию функциональной грамотности младших школьников в условиях обновленного содержания образования.....	361
Абил А.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамыту мәселелері.....	366
Кенжетәева Р.О. Теоретические подходы к вопросу оценивания учебных достижений учащихся начальных классов.....	371
Қыяқбаева Ұ.Қ., Демеуова Л.Н., Алимбекова А.А., Нурқалиева А.М. Бастауыш сынып оқушыларының лидерлік сапасын қалыптастырудың мүмкіндіктері.....	375
Қыяқбаева Ұ.Қ., Азимбаева Д.Қ., Медеухан С. Инновациялық оқыту технологияларының бастауыш сыныптың оқу үдерісінде қолданылу ерекшеліктері.....	379
Таңатарова Ж.Ә. Өлкетану материалдары арқылы қазақстандық патриотизм құндылықтарын бастауыш сынып оқушыларының бойында қалыптастырудың теориялық аспектісі.....	383

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Педагогические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по педагогическим наукам.

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2003 жылғы 26 маусым №433-3 ж бұйрығы) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Педагогика ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ
ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ
ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАНИЯ**

МРНТИ 14. 01. 07

Т.О. Балықбаев¹, К.К. Жампеисова², Н.Н. Хан³, Ш.Ж. Колумбаева⁴

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры
Алматы қ., Қазақстан*

*²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика кафедрасы,
Алматы қ., Қазақстан*

*³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология кафедрасы,
Алматы қ., Қазақстан*

*⁴Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика кафедрасы,
Алматы қ., Қазақстан*

**ПОЛИПАРАДИГМАЛДЫҚ КӨЗҚАРАС – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, ЖОҒАРЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанда бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудегі негізгі тұжырымдамалық көзқарастардың қалыптасуы қарастырылады. Аталған мәселе бойынша, педагогикалық әдебиеттерді жүйелі талдау негізінде авторлар, мынадай қорытындыға келді: бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудің негізін тұлғалық-бағдарлы (гуманистік), мәдениеттанушылық, функционалды-құзыретті, қашықтан оқыту, сондай-ақ СМАРТ-білім беру контекстінде қаралатын СТЕМ-білім парадигмалары негізінен тұратын полипарадигмалды көзқарас құрауы тиіс.

Түйін сөздер: жоғары педагогикалық білім, бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім, инновация, инновациялық процесс, бәсекеге қабілеттілік, парадигма, тұлғалық-бағдарланған парадигма, мәдениеттанулық парадигма, құзыреттілік парадигмасы, қашықтықтан парадигмасы, СМАРТ- білім беру, СТЕМ-білім, технология.

Аннотация

Балықбаев Т.О.¹, Жампеисова К.К.², Хан Н.Н.³, Колумбаева Ш.Ж.⁴

*¹Ректор Казахского национального педагогического университета имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

*²д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Кафедра педагогики, г. Алматы, Казахстан*

*³д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Кафедра педагогики и психологии, г. Алматы, Казахстан*

*⁴к.п.н., профессор Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Кафедра педагогики, г. Алматы, Казахстан*

**ПОЛИПАРАДИГМАЛЬНЫЙ ПОДХОД КАК МЕТОДОЛОГИЧЕСКАЯ
ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОГО
ВЫСШЕГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

В данной статье рассматриваются основные концептуальные подходы к формированию и становлению в Казахстане конкурентоспособного высшего педагогического образования. Авторы на основе

системного анализа источников по проблеме, приходят к закономерному выводу о том, что основу становления конкурентоспособного высшего педагогического образования должен составить полипарадигмальный подход, в основе которого лежат личностно-ориентированная (гуманистический), культурологическая, функционалистско-компетентностная, дистанционная парадигмы образования, а также SMART - образование, в контексте которого рассматривается и СТЕМ-образование.

Ключевые слова: высшее педагогическое образование, конкурентоспособное высшее педагогическое образование, инновации, инновационный процесс, конкурентоспособность, парадигма, личностно-ориентированная парадигма, культурологическая парадигма, компетентностная парадигма, дистанционная парадигма, SMART образование, СТЕМ-образование, технология.

Abstract

T.O. Balykbayev¹, K.K. Zhampeisova², N.N. Khan³, Sh.Zh. Kolumbayeva⁴

¹Rector, Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh national pedagogical university, Department of education, Almaty, Kazakhstan

³Abai Kazakh national pedagogical university, Department of pedagogy and psychology, Almaty, Kazakhstan

⁴Abai Kazakh national pedagogical university, Department of education, Almaty, Kazakhstan

**POLYPARADIGMAL APPROACH AS A METHODOLOGICAL BASIS FOR FORMING
COMPETITIVE HIGHER PEDAGOGICAL EDUCATION**

This article is devoted to the main conceptual approaches to the formation and becoming of competitive higher pedagogical education in Kazakhstan. The authors, based on the system analysis of pedagogical sources on the problem, come to the logical conclusion that the basis for the formation of a competitive higher pedagogical education should be a polyparadigmatic approach. It is based on the personality-oriented (humanistic), culturological, functionalist-competence, distance education paradigm, as well as SMART education, in the context of which STEM education is also considered.

Key words: higher pedagogical education, competitive higher pedagogical education, innovation, innovation process, competitiveness, paradigm, personality-oriented paradigm, cultural paradigm, competence paradigm, remote paradigm, SMART education, STEM-education, technology.

Қазіргі кезде жоғары педагогикалық білім берудің басым міндеттерінің бірі ретінде, маңызды сипаттамалары қабілеттілік пен даярлықтың төмендегі түрлері жататын бәсекеге қабілетті педагогтың «туындауы» алынады:

- қазіргі жедел өзгермелі социумда табысты қызмет етуде өзінің қабілеттерін қолдануға, сыни ойлауға және рефлексиялауға даярлау; өзіндік іс-әрекетінің нәтижелерін жобалай және соған сәйкес оқу-тәрбие үдерісін модельдей отырып, кәсіби іс-әрекетте жоғары көрсеткіштерді көрсету; бәсекелестік әрекеттерді орындау, берілген жағдайда басым болып, өзімен ұқсастармен бәсекелестікке төзімді болу; көшбасшылық сапаларды көрсетіп, командалық табысқа жету мақсатында өзінің басым-дылықтарын басқару; туындайтын мәселелерді шешуде өзіне жауапкершілікті алу; міндеттерді қоюда және шешуде өзбетінділікті, шығармашылықты көрсетіп, өз білімдерін үздіксіз жаңарту арқылы өмір бойы оқу; өскелең жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технология-ларын, құралдарын, формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану;

- жаңа идеяларды басшылыққа алу, стандартты және стандартты емес жағдайларда тәуелсіз және ойластырылған шешімдерді қабылдау; өзінің көзқарасын дәйектеу және қорғау, өзінің ой тұжырымдарының шынайылығын дәлелдеу, ойластырылған және негізделген дәйектерді ұсыну, қисынды ой тұжырымдарын көрсету; қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін ресурстарды бөлу, қажеттілігіне қарай басқарушы және орындаушылық функцияларды үйлестіру, кәсіби іс-әрекетте туындайтын қиындықтанды анықтау, теңдестіру, олардың негізгі сипаттамаларын ажыратып көрсету, оларды шешудің адекватты құралдарын жүзеге асыру, еңбек нәтижелерінің сапасы үшін жауапкершілікті болу;

- ақпаратпен жұмыс істеу, кәсіби қиындықтарды шешуге қажетті деректерді жинау, оларды талдау, қажетті жалпылауларды дәйектеу, алынған тұжырымдарды жаңа қиындықтарды анықтау және шешу үшін қолдану, жаңа ақпараттық-коммуникативті технологияларды және шет тілдерін меңгеру;

- қарым-қатынастың нақты дағдыларын, келісім жүргізу, тұлғааралық қатынастарды құру дағдыларын меңгеру, қарым-қатынас, позитивті тұлғааралық қарым-қатынас бойынша серік-тестердің мақсаттарын,

мотивтерін және бағдарларын түсіну және қабылдау, басқаша ойлауға төзімділік таныту; әртүрлі әлеуметтік топтарда қарым-қатынасқа ашық болу; әртүрлі команда-лар мен жағдайларда келісіммен жұмыс істеу, өз мақсаттарына жету құралы ретінде іскерлік және жеке байланыстарды қолдану, кикілжінді жағдайлардың оңай алдын алу және шыға білу, адамдар мен әлемді жалпыадамзаттық құндылықтар контекстінде қабылдау [1; 2; 3; 4; 5].

Осындай түлекті қазіргі жоғарғы педагогикалық оқу орындары даярлай ма? Жок.

Педагогикалық ЖОО-ның қазіргі тәжірибесі, бірқатар қарама-қайшылықтардың болатынын білдіреді: – қазіргі қоғамның бәсекеге қабілетті педагогқа деген қажеттілігі мен аталған феноменнің дамуына білім беру жүйесінің жеткіліксіз бағдарлануы арасында; – студенттің еңбек нарығында сұранысқа ие болу қажеттілігі мен ЖОО-ның шынайы білім беру үдерісінде сәйкес тұлғалық сапаларды дамытуға жеткіліксіз назар аударылу арасында; – білім беру үдерісінде студенттің бәсекеге қабілетті тұлғасын дамыту қажеттілігі мен болашақ мұғалімнің бәсекеге қабілетті тұлғасын дамытуға ықпал ететін, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асыру бойынша ғылыми-негізделген қағидалардың жеткіліксіз құрастырылуы арасында; – педагог кадрларға жұмыс берушілердің талаптарын ескеретін, болашақ педагогтарды даярлаудың қажеттілігі мен аталған үдеріске педагогикалық ЖОО-ның жеткіліксіз тартылуы арасында [4].

Бұл заңды. Болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті тұлғасын жоғарыда аталған сипаттама-лары аясында қалыптастыру, тек бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беру жағдайын-да мүмкін болады.

Бұл жерде сұрақ туындайды: «Қандай жағдайда жоғары педагогикалық білім бәсекеге қабілетті болады?». Инновациялар мәселесі бойынша көптеген зерттеулерді талдау [6;7;8;9;10] және олардың педагогикалық интерпретациясы бірқатар тұжырымдарды құрастыруға мүмкіндік береді:

- бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудың маңызды шарты ретінде, оның инновациялық дамуы алынады. Инновациялық құрамдас кез келген білім беру мекемесінің, атап айтқанда, жоғары педагогикалық білім берудің өзегі және бәсекеге қабілет-тілігінің негізі болып табылады;

- инновациялар саласындағы саясат жоғары педагогикалық білім беруді дамытудың стратегиялық, тактикалық және оперативті жоспарларының түйінді факторы болып табылады;

- инновациялар мазмұнының өзгешілігі ретінде, оның әрдайым жаңашылдық қасиетіне ие болатыны алынады, ол әрдайым табысты, жақсартуға немесе жетілдіруге әкелетін сапалық өзгерістерге жетелейді, қосымша бірегей бәсекелес басымдылықтарды алуға мүмкіндік береді;

- инновациялар дәстүрлі мәселені жаңа тәсілмен шешуге ұмтылыс нәтижесінде пайда болады;

- инновациялар – бұл жинақталған тәжірибеде барлық жағымдыны сақтайтын өзгерістер (жаңа өзгерістер), жүйені анықталған кемшіліктерден тазартады және оны толық немесе ішінара, жағдайлары мен қызмет ету нәтижелері жақсартылуымен айрықшаланатын жаңа деңгейге алмастырады. Жаңашылдықты ендіруге байланысты шығындар мен құралдарды ақтайтын ұзақ мерзімді пайдалы эффектін беруге қабілетті;

- ЖОО-да жаңа өзгерістерді ендіру үдерісінің ерекшелігі, қарқындылығы, нәтижелілігін сипаттаудың түйінді сөзі – инновациялық әлеует. ЖОО-ның инновациялық әлеуеті – бұл жоғары оқу орнының ПОҚ, оның жаңашылдықты құру, қабылдау, жүзеге асыру қабілеті;

- жоғары педагогикалық білім берудегі педагогикалық жаңа өзгерістер, басқа салалардағы ұқсас үдерістерден айрықшалаынады, ең алдымен, инновацияның әсер ету «нысаны», оның іс-әрекетінің «пәні» - бұл болашақ педагогтың қайталанбас, дамушы «Мен» тұлғасы. Бұл тұлғаны дамыту үдерісін жетілдіруге кез келген педагогикалық жаңа өзгерістер бағытталуы керек.

- кез келген мекеменің тәжірибесіне инновацияларды ендіру, оның субъектілерінің инновациялық іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Инновациялық іс-әрекет – бұл қабылданған критерийлерге сәйкес аталған жағдайлар үшін өзекті және бейімделген, заманауи идеяларды (теориялар, технологиялар, әдістемелер және т.б.) құру, меңгеру, қолдану және тарату бойынша бағытталған және саналы ұғынылған үдеріс. Инновациялық іс-әрекеттің нәтижелері ретінде, педагогикалық тәжірибені қайта құрудың түбегейлі жаңа тәсілдерін құру және іс-әрекет субъектілерін тұлғалық-кәсіби дамыту алынады;

- кез келген жаңашылдық ендіруді жүзеге асырудың табысты болуы, педагогтардың санасы саласындғы маңызды өзгерістермен, олардың инновативтілік деңгейімен (жаңашылдыққа эмоционалды-бағалаушы қатынас) тығыз байланысты. Педагогтардың инновативтілігінің жоғары деңгейінің негізгі сипаттамалары ретінде алынатын: ПОҚ-ның жоғары интеллектуалды әлеуеті, оның болмысқа сыни

қатынасы, болашақ педагогты оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда белгілі штамптардан, стереотиптерден бас тарту, ескірген, педагогикалық орынсыз әдістер мен тәсілдерден дер кезінде құтылу қабілеті, баламаларды іздеуге ұмтылыс, жаңашылдыққа деген зерттеушілік қызығушылық, қазіргі нормативтердің аясынан шығу, өзіндік тәжірибені қайта мағыналауға ұмтылыс, іс-әрекеттің түрлері арасындағы қарама-қайшылықтарды жоюға ұмтылыс (В.А. Слостенин, Л.С. Подымова, М.В. Кларин).

Қазіргі заманауи инновациялардың көпшілігі, тарихи тәжірибемен сабақтастық байланысты болады және өткен тарихта олардың ұқсас аналогтары болады. Бұл инновациялық үдерістердің қабылданған критерийлерге сәйкес аталған жағдайлар үшін өзекті және бейімделген, заманауи идеяларды (теориялар, технологиялар, әдістемелер және т.б.) құру, меңгеру, қолдану және тарату бойынша бағытталған және саналы ұғынылған үдеріс екендігін дәлелдеуге негіз болады. Ол жаңашылдық енгізілетін жүйені сапалық жақсартуға бағытталған және жаңашылдық тұрғысында қатысушыларды ынталандыруды және көзқарастарын өзгертуді қамтиды. Білім беру жүйесіндегі инновациялар, білім беру мақсатына, мазмұнына, құралдарына, формаларына, әдістеріне және осы жүйенің басқа компоненттеріне жаңашылдық ендіруді қамтиды [11].

Басқаша айтқанда, инновациялар – бұл теориялық негізделген, мақсатты бағытталған және практикалық-бағдарланған жаңашылдықтар (түбегейлі жаңа шешімдер, идеялар), оларды ЖОО-ның жұмысына ендіру жүйенің бір күйден екінші күйге, алдыңғы нәтижелерден айрықшаланатын, басқа (күтілетін) нәтижелерге жетумен байланысты сапалық күйге өтуге ықпал етеді.

Педагогикалық ЖОО-да жүзеге асырылатын инновациялар, білім беру мазмұнын ғылыми білімнің заманауи деңгейімен сәйкестендіруі, оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруы және түлектерді ақпараттық қоғамға өту жағдайында іс-әрекетке даярлауы қажет [12].

Қазіргі кезде жоғары педагогикалық білім беруде инновацияларға нені жатқызуға болады және оларды жүзеге асырудың механизмі қандай?

Жоғары педагогикалық білім берудегі инновациялар үш деңгейде жүзеге асырылады:

- макродеңгейде – жаңашылдық түбегейлі өзгерістерге әкеледі және біртұтас жүйені жанартуға ықпал етеді, ол бүкіл білім беру кеңістігін қамтиды, яғни бұл жүйелі өзгерістерге әкелетін парадигмалды өзгерістер болып саналады;

- мезодеңгейде білім беру жүйесінің әрбір компонентіндегі өзара байланысқан жаңашылдықтың негізгі бағыттары бойынша жинақтау жүзеге асады: мектепке дейінгі, жалпы орта, мектептен тыс, кәсіби, жоғары, дипломнан кейінгі, яғни компонентті түр өзгерістерге әкелетін кешенді өзгерістер;

- микродеңгейде дәстүрлі педагогикалық үдерісті жетілдіру (модернизация, модификация, рационализация) жүзеге асады [13].

Білім беру парадигмасының алмасуымен байланысты макродеңгейде жоғары педагогикалық білім беруде болатын инновациялар, міндетті түрде мезодеңгейдегі оқыту модельдерінің өзгеруіне әкеледі, мезодеңгейдегі өзгерістер микродеңгейдегі өзгерістерге әкеледі. Инновациялардың әрбір деңгейінің мазмұнды құрамдасынан мұның қатар орналасқан заттар емес екендігі көрінеді. Бұл өзара байланысты, өзара негізделген құбылыстар. Біреуі екіншісінен туындайды.

Білім берудің белгілі бір парадигмасын негіздей отырып, ғалымдар қоғамның, тұлғаның, мемлекеттің «шақыруларына» жауап қайтарады, олар осы шақыруларға сәйкес білім беру жүйесінің моделін ұсынады.

Қазіргі кезде жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістер аясында, білім берудің дәстүрлі, білімге орталықтандырылған (когнитивті, ақпараттық-пәндік) парадигмасынан уақыт талабына жауап беретін заманауи білім беру парадигмаларына өту қажет, Мұндай парадигмаларға төмендегі парадигма түрлерін жатқызуға болады:

- 1) тұлғалық-бағдарланған (гуманистік);
- 2) мәдениеттанушылық;
- 3) функционалды-құзыретті;
- 4) білім берудің қашықтық парадигмасы;
- 5) СМАРТ-білім беру парадигмасы.

Бұл парадигмалар әлемдік, жаһандық білім беру кеңістігінде үнемі өзгермелі социум жағдайында болашақ кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға педагогтардың табысты даярлығын қамтамасыз ететін инновациялық парадигмалар ретінде танылған. Олар қарастырылады:

- жаңа ғасырдың құндылықтарын ескеріп құрылған жүйе ретінде: жаһандану, ізгіліктендіру, іргелілік, ықпалдастыру, ақпараттандыру, цифрландыру, субъектілік, диалогтық, креативтілік, экзистенциалдылық, дамушы бағыттылық;

- жоғары педагогикалық білім беруді құрастырудағы және ұйымдастырудағы басым тұғырлар ретінде.

Жоғарыда аталған білім беру парадигмаларының сипаттамалық белгілері: гуманизация, гуманитаризация, ақпараттандыру және цифрландыру. Аталған феномендер қазіргі заманның жаһандық мәселелеріне жатады. Бұл қарапайым емес үдерістер, алайда олар қазіргі заманауи инновациялық білім берудің, өз кезегінде бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудің шынайы мәнін, маңызын және мақсатын анықтауы қажет.

Инновативтілікті айқындау тұрғысында әрбір парадигмаларға қысқаша тоқталайық.

Білім берудің тұлғалық-бағдарланған парадигмасы. Білім берудің тұлғалық-бағдарланған парадигмасы аясында білім беру үдерісінің жүйе құраушы факторы ретінде, субъектінің кәсіби қалыптасу негіздері ретінде өзін-өзі дамыту және өзін-өзі анықтау қажеттілігі бар білім берудің тұлғасы алынады.

ЖОО-ның білім берудің тұлғалық-бағдарланған мазмұны, білім беру үдерісінің субъектілерінің өзара әрекетінің әрекеттік-шығармашылық сипатын, қарым-қатынастың диалогын, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі бекіту мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін, оқытудың жаңа заманауи интербелсенді технологияларына өтуді қамтиды [14]. ЖОО-ы педагогтарының дәстүрлі, білімге орталықтандырылған парадигмасынан тұлғалық-бағдарланған парадигмаға шынайы өтудің мәнін саналы ұғынуы, олардың педагогикалық іс-әрекетін сапалық жаңа деңгейге көтеруге қабілетті, жаңа ғылыми жетістіктерді және техникалық құралдарды қолданудың қуатты стимулы болып табылады.

Мәдениеттанушылық парадигма. Мәдениеттанушылық тұғыр тұлғалық-бағдарланған білім беруді жобалаудың негізгі әдісі болып табылады, оның компоненттері ретінде алынатындар: білім алушыларға мәдени өзін-өзі дамытуға қабілетті субъект ретінде қатынас; педагогқа білім алушылардың өзін-өзі анықтауы мен дамуына қолдау көрсетуге қабілетті, білім алушылар мен мәдениет арасындағы делдал ретінде қатынас; қозғаушы күштері тұлғалық мағыналар, диалог және қатысушылардың ынтымақтастығы алынатын білім беруге мәдени үдеріс ретінде қатынас; білім беру мекемесіне біртұтас мәдени-білім беруші кеңістік ретінде қатынас, онда өмірдің мәдени үлгілері қайта құрылады, адамның мәдениетін тәрбиелеу жүзеге асырылады.

Мәдениеттанушылық парадигманың негізін мәдениет пен білім берудің диалогты тұжырымдамасы құрайды, соған сәйкес әртүрлі мәдениеттегі адамдардың диалогы мәдениеттің тіршілік етуінің негізгі формасы және білім берудің дидактикалық бірлігі болып табылады. Осыдан мәдени-бағдарланған білім берудің негізгі құндылықтары анықталады:

- адам – мәдениеттің, өзіндік өмірінің және жеке дамудың субъектісі; - білім беру – мәдени-дамытушы орта; - шығармашылық және диалог – адамның білім беру кеңістігінде тіршілік етуінің және өзін-өзі дамыту тәсілдері.

Мәдениеттанушылық тұғырдың аясында білім беру орталығы ретінде, басқа адамдармен және мәдениетпен қарым-қатынаста және ынтымақтастықта тұлғалық өзіндік детерминациалауға қабілетті, еркін, белсенді даралық ретіндегі адам алынады [15].

Білім берудің функционалды-құзыреттілік парадигмасы. Қазіргі кезде келесі ұрпаққа берілетін, бір жағынан толқын тәрізді артатын, ал екінші жағынан – әрбір 2-3 жыл сайын ескіретін ақпаратты шексіз кеңейтудің мүмкін еместігі және мағынасыздығы өткір әрі жеткілікті түсіндіріліп келеді. Аталған парадигма білім берудің барлық деңгейлерінің практикалық бағдарлануын және инструменталды бағыттылығын күшейтуге арналған. Оның негізіне заманауи білім беру технологияларын және электрондық оқыту технологияларын қолдану арқылы өмір бойы оқыту принципі алынады. Білім берудің функционалды-құзыреттілік парадигмасының аясында, құзыреттілік тұғыр білім берудің сапасын арттырудың тәсілі және қажетті шарты болып табылады. Ол білім беру үдерісінің күтілетін нәтижесі ретінде қоғамның талап етілген құзырлылық жиынтығын (кәсіби, ақпараттық, коммуникативті, рефлексивті, пәндік, өзіндік білім алу, мәселелерді шешу құзырлылығы және т.б.) меңгерген, шебер және ұтқыр педагогты даярлауға бағдарлайды, онсыз педагогтың интеллектуалды, коммуникациялық, ақпараттық және қоғам өмірінің басқа салаларында іс-әрекеті мүмкін болмайды.

Білім берудің дистанциялық парадигмасы. Дистанциялық (қашықтықтан) білім беру адамзат дамуындағы үшінші жаһандық революцияны білдіреді. Қазіргі қоғамның дамуының объективті жағдайлары, білімді берудің мазмұнына және формаларына жаңа талаптарды ұсынады. Салдарында, қашықтықтан оқыту формаларына негізделген жаңа педагогикалық инновациялық технологиялар пайда болды. Қашық-

тықтан оқытудың дамуы 80-жылдардың басында пайда болуымен және Internet жаһандық желісінде танымалдығының әрі қарай өсуімен сипатталады.

Білім берудің аталған парадигмасы заманауи ақпараттық технологияларға, ақпараттың кез келген формасын жер шарының кез келген нүктесіне барынша жылдам жеткізуге мүмкіндік беретін коммуникацияның заманауи құралдарын (телевидение, мультимедиа, оқытудың видео, аудио құралдары, компьютерлік жаһандық және локальды желілер, Интернет) қолдануға негізделеді. Қашықтықтан оқыту жеке-дара тұғырды қамтамасыз етеді, білім алушыларға оқытудың жеке траекториясын құруға, өзбетімен оқытудың қолайлы орнын, уақытын және жылдамдығын таңдауға, сонымен бірге әртүрлі себептердің (ауру, тұрғылықты мекен-жайдың шалғайда болуы және т.б.) салдарынан дәстүрлі білім алу құқығынан айырылған адамдарға білім алуға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту бағдарламалары өзіндік білім алу іс-әрекетінің жоғары деңгейіне бағдарланған. Оқытудың аталған типі кең тараған технологиялардың бірі болуы мүмкін, оның аясында білім беру принципі өмір бойына емес, өмір бойы жүзеге асырылады.

Қазіргі қашықтықтан оқыту жүйесінің дамуы білім берудің әлемдік жүйесінде болып жатқан үрдістерге сәйкес болады [16]. **SMART-білім беру парадигмасы.** Қазіргі кезде ұялы телефон, компьютер және Интернеттің табиғат пен қоғам сияқты, өмірлік кеңістіктің табиғи элементтері болып саналатын адамдардың жаңа сандық (желілік) ұрпағының өмір сүру дерегін сенімді түрде атауға болады. Яғни, У ұрпағы өсіп келеді, желіліктер – бұлай деп 1980-жылдардан кейін туылған жастарды атайды. Олар виртуальды әлемнің, компьютерлердің, сандық технологиялардың дәуірінде өсіп жетілді: 18-24 жас аралығындағы жастардың 95%-дан астамы интернетті қолданады, олардың 81%-ында мобильдік интернет бар. «Компьютер және интернет – бұл балықтарға арналған су сияқты, қазіргі студент жастардың өмір сүру ортасы» (**Қашықтықтан оқыту университеттері Еуропалық ассоциациясының атқарушы директоры Джордж Убачс**).

«Қазіргі студенттер академиялық оқулықтарда немесе журналдарда ақпаратты табуы және меңгеруі қиынға соғады» (**Гриф Ричардс, Томпсон Риверс университетінің педагогикалық дизайнері**). Білім дәстүрлі жоғары оқу орындарында пайда болуды тоқтатады, оқыту тәуелсіз орталықтарда беріледі және таратылады. Формальды емес оқыту үлкен рөл атқара бастайды, мұнда студент өз бетімен оқыту мақсаттарын анықтайды, ашық білім беру ресурстарында материалды іздеп табады, курсты өз бетімен модельдейді, осылайша, жеке мамандыққа ие болады [17].

Онлайн әлеуметтік топтардағы қарым-қатынас пен оқу оқытудың дәстүрлі формаларын толыққанды орнын толтырады. Соған сәйкес жастардың білім елу үдерісіне деген талаптары өзгереді. Студенттердің жаңа қажеттіліктері университеттерге жаңа талаптар ұсынады. «Институттар өздерінің әлеуметтік рөлдерін жоғалтады» (**Қашықтықтан және электрондық оқытудың Еуропалық желісінің Бас хатшысы Андраш Сюч**).

Білім беру саласына жаңа технологияларды ендіру, білімді репродуктивті берудің ескі сызбасынан оқытудың **SMART- білім беру** сияқты, оқытудың жаңа, креативті формасына өтуге әкеледі [18].

SMART-білім беру (Smart education) – бұл АКТ-технологияларды қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру. SMART-білім беру парадигмасының (модель) басты мақсаты - XXI ғасырдың ақпараттық заманауи қоғамының талап ететін, білім алушылардың білімдері мен дағдыларын дамыту есебінен, бәсекеге қабілетті білімнің барынша жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ортаны құру: ынтымақтастық; коммуникация; әлеуметтік жауапкершілік; сыни тұрғыдан ойлау қабілеті; мәселелерді шұғыл және сапалы тұрғыда шешу.

SMART-білім берудің соңғы мақсаты – білім берудің мазмұнына жаңарту ендіру, оқыту және бағалау әдістері, жаңа білім беру парадигмасына сәйкес білім беру ортасын өзгерту.

SMART-білім беру барлық білім беру үдерістерін кешенді модернизациялауды қамтитын, сонымен бірге осы үдерістерге қолданылатын әдістер мен технологияларды қамтитын тұжырымдама болып табылады. Білім беру аясындағы Smart тұжырымдамасы, ақылды тақта, ақылды экрандар, Интернетке кез келген жерден қолжетімділік сияқты технологиялардың пайда болуына әкеледі. Осы технологиялардың әрқайсысы контентті құрастыру үдерісін жаңаша құруға, оны жеткізуге және өзектілеуге мүмкіндік береді. Оқыту аудиторияда ғана емес, үйде және кез келген орында, қоғамдық орындарда мүмкін болады.

Microsoft Power Point немесе Macromedia Flash сияқты бағдарламалық пакеттерде жасалған мультимедиялық презентацияларды қолдану арқылы оқу сабақтарын жүргізудің нормасына айналды. Алайда, әдеттегі презентациялық технологиялармен қатар (Microsoft Power Point, Macromedia Flash), білім беру саласына слайд-шоу түрінде презентациялардан оқшау болатын жаңа, интербелсенді технологиялар енеді.

Интербелсенді жабдықтардың көмегімен материалды берудің жаңа формасы (интербелсенді тақталар SMART Boards, интербелсенді дисплейлер Sympodium) қазір және осында құрылатын, баяндамашының баяндама жасау кезінде құрылатын презентациясы болып саналады. SMART Boards интербелсенді тақталарда арнайы маркермен жазуға болады, оқу материалын көрсетуге болады, экрандағы бейнелердің үстінен жазбаша түсініктемелер жасауға болады. Мұнда SMART Boards интербелсенді тақталарда жазылған барлық нәрсе білім алушыларға беріледі, магниттік тасуыштарда сақталады, шығарылады, сабақта болмаған студенттерге, оқушыларға электрондық поштамен жіберіледі. SMART Boards интербелсенді тақтасында дәріс кезінде құрылған оқу материалы, құрылған бейнерекорддермен жазылады және бірнеше рет қайта жаңғыртылады.

Тақтаны интербелсенді етуге мүмкіндік беретін бірнеше технологиялар болады. Бір технология - сенсорлы резистивті, басқа технология - SMART Technologies компаниясының DViT технологиясы. Онда экранның бұрышында орналасқан арнайы сандық бейнекамералар қолданылады. Бұдан басқа, арнайы құрылғының көмегімен кез келген пазмалық панельді интербелсенді тақтаға айналдыруға болады.

Әрине, SMART Boards интербелсенді тақталардың барлық қасиеттерін барынша жүзеге асыру үшін, арнайы бағдарламалық қамтамасыздандыру құрылған (SMART Notebook, Bridgit, SynhronEyes). Бағдарламалардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. SMART Notebook мәтінмен және объектілермен жұмыс істеуге, ақпаратты сақтауға және жазбаша мәтінді баспа мәтінге айналдыруға мүмкіндік береді. Bridgit бағдарламасы әлемнің барлық елдері бойынша серіктестер үшін презентацияларды оңай әрі жылдам өткізуге мүмкіндік береді, өз құжатына пікір алуға мүмкіндік береді. Баяндаманың жалпы жұмыс үстеліндегі түйінді тұғырларын ажыратып көрсету қажет, бағдарлама дәл осы жерде шынайы уақыт режимінде сіздің барлық ескертуіңізді конференцияның басқа қатысушыларының экранына шығарады.

SynhronEyes бағдарламалық пакетінің көмегімен оқытушы білім алушылардың іс-әрекетін бақылай алады, білім алушылардың барлық жұмыс мониторларын тақтаға шығарады, оларды бұғаттай алады, интербелсенді тақтадан оқу материалын, мысалы тестті, барлық компьютерлерге жібере алады.

Интербелсенді тақталарда жұмыс істеу кезінде білім алушылардың зейінінің шоғырлануы жақсарады, оқу материалы жылдам меңгеріледі, нәтижесінде әрбір білім алушының үлгерімі артады [19].

Қазіргі кезде SMART-білім беру контекстінде STEM/STEAM – білім беру тренді күш алып келеді. «STEM» термині АҰШ-да пайда болған, ол мектеп бағдарламасына ғылыми-техникалық бағытта оқушылардың құзыреттіліктерін барынша дамытуға және арттыру үшін ендірілген, балалар сандық контентті құрады, олармен алмасады және ауқымды көлемде қолданады, олар веб-сайттарды жүргізеді, телефонға фильм түсіреді, өздері ойындарды құрастырады, робот техникасымен шұғылданады.

Ұлттық ауқымда STEM мектеп бағдарламасына АҰШ-да жоғары технологиялар саласында ерте жас-тан бастап болашақ гурулерді даярлау үшін ендірілген.

Сондықтан, аталған елде STEM/STEAM-білім беру бірінші сыныптан бастан енгізілген. Көптеген елдерде STEM-білім беру келесі себептер бойынша басым болады:

- жақын болашақта әлемде IT-мамандардың, бағдарламашылардың, инженерлердің, жоғары технологиялық өндіріс мамандарының жетіспеушілігі байқалатын болады; - алыс болашақта қазіргі кезде елестетудің өзі қиын болатын кәсіптер пайда болады, олардың барлығы технологиямен және жоғары технологиялық өндіріспен, жаратылыстану ғылымдарымен түйісуде байланысты болады. Әсіресе, био- және нанотехнология мамандары сұранысқа ие болады [20].

Жаратылыстану-математикалық профилдегі педагогтарды кәсіби даярлауда бұл деректі есепке алмау мүмкін емес.

Білім беруге STEM технологияларды ендірудің басымдылықтары:

- техникалық пәндерге деген қызығушылықтың дамуы. МДМ-де, мектептерде, институттарда және басқа мамандандырылған мекемелерде озық жүйені бекіту, білім алушыларды оқу үдерісіне ендіруге мүмкіндік береді. – сыни ойлау дағдыларын жетілдіру. Оқушылар мен студенттер тестілеу және әртүрлі тәжірибені өткізу арқылы стандартты емес міндеттерді жеңуге үйретеді; - коммуникативті дағдыларды белсендіру. Аталған жүйені ендіру командалық жұмысты қамтиды: білім алушылар уақыттың көпшілігінде бірлесіп зерттейді және өздерінің модельдерін дамытады. Олар нұсқаушылармен және өз достарымен диалог құруға үйренеді.

Оқығудың озық тұжырымдамасын бекіту, болашақта био- және нанотехнологиялар саласында маманданатын инженерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Бұл сонымен бірге, жобалау, модельдеу және прототиптеу саласындағы кәсіпқойларды даярлауға көмек береді, олар ірі индустриалды ұлттық жобаларды жүзеге асыруда басты рөл атқаратын болады [20; 21].

Көріп отырғандай, тұлғалық-бағдарланған, диалогты, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), СМАРТ- және СТЕМ – технологиялар адамның өмірлік кеңістігінің қажетті бөлшегі болып табылады. Сондықтан, олар бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудің мазмұнының ажырамас компоненті, қазіргі педагогикалық ЖОО-ның оқу үдерісінің тиімділігін оңтайландыру және арттыру құралы болуы қажет. Заманауи технологиялар және телекоммуникациялар, СМАРТ- және СТЕМ- технологиялар жоғары оқу орнының білім беру үдерісін ұйымдастырудың сипатын өзгертуге, білім алушыны ақпараттық-білім беру ортасына толыққанды ендіруге, білім беру сапасын арттыруға, білімді қабылдау және алу үдерісін түрткілеуге мүмкіндік береді. Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне белсенді ендірілетін АКТ; СМАРТ және СТЕМ-технологиялар, ойлаудың инновациялық типі бар, үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде сұранысқа ие болашақ педагогты даярлаудың мазмұнын, формаларын, әдістері мен тәсілдерін сәйкестендіруге, орта білім берудің жаңартылған мазмұнын сәйкестендіруге әкеледі.

Жоғарыда аталған білім берудің инновациялық парадигмалары оларды кешенді, үйлесімді қолдануда өте құнды болып саналады. Сондықтан, қазіргі кезде бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудің әдіснамалық негізін полипарадигмалдық тұжырымдама құрауы қажет деп айтуға болады.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде келесі тұжырымдар жасалды:

1. Қазіргі жағдайда, «әлемнің озат елдерінің жеделдетілген түрде дамудың индустриалды сатысынан, базалық салаларда жаңа технологияларды жаппай ендірумен және 4.0. [www.primeminister.kz], болашақ технологиялық құрылымның түбегейлі жаңа индустриясын құрумен қамтамасыз етілген инновациялық сатыға өту барысында, жоғары педагогикалық білім беру елдің инновациялық-технологиялық дамуының стратегиялық курсына сәйкес бағытталуға міндетті.

2. Әлемнің озат экономикасындағы инновациялардың толассыз ағыны, Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінен болып жатқан түбегейлі өзгерістерге сәйкес жауап қайтаруды талап етеді, мұнда артта қалуға жол берілмеуі керек. Жоғары педагогикалық білім берудің жаңа моделін құрастыру қажет. Жоғары педагогикалық білім берудің жаңа моделі бәсекеге қабілетті болуы қажет.

3. Бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудың өзегі және негізі ретінде, **оның инновациялық дамуы** алынады. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде инновациялық үдерістер аясында дәстүрлі, білімге орталықтандырыған (когнитивті, ақпараттық-пәндік) білім беру парадигмасынан уақыттың талаптарына жауап беретін заманауи білім беру парадигмаларына белсенді өту қажет: 1) тұлғалық-бағдарланған (гуманистік); 2) мәдениеттанушылық; 3) функционалды-құзыреттілік; 4) білім берудің дистанциялық парадигмасы; 5) СМАРТ – және СТЕМ – білім беру парадигмасы.

Білім берудің белгіленген инновациялық парадигмалары, оларды кешенді, үйлесімді қолдануда өте құнды болып саналады. Сондықтан, қазіргі кезде бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім берудің әдіснамалық негізін полипарадигмалдық тұжырымдама немесе полипарадигмалдық тұғыр құрауы қажет деп айтуға болады.

4. Бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудағы полипарадигмалдық тұғырды келесі үлгіде қарастыру қажет:

а) үнемі өзгеретін социум жағдайында болашақ кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға педагогтардың табысты даярлауды қамтамасыз ететін инновациялық тұғыр ретінде;

б) тұлғалық-бағдарланған, диалогты технологиялар, сыни ойлауды дамыту және тұлғаның функционалды сауаттылық технологиясы, критериалды бағалау технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық (АКТ), СМАРТжәне СТЕМ-технологиялар негізінде ЖОО-ның педагогикалық үдерісін құрастырудағы және ұйымдастырудағы басым тұғыр ретінде (жаңа ғасырдың құндылықтарын ескеріп – жаһандану, ізгіліктендіру, іргелілік, ықпалдастыру, ақпараттандыру, цифрландыру, субъектілік, ынтымақтастық, диалогтық, креативтілік, экзистенциалдылық, дамытушы бағыттылық).

5. Аталған технологиялар (адамның өмірлік кеңістігінің қажетті бөлігі) қажет:

а) бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беру мазмұнының ажырамас компоненті, ЖОО-ның педагогикалық үдерісінің тиімділігін оңтайландыру және арттыру құралы;

б) ЖОО-ның білім беру үдерісін ұйымдастырудың сипатын өзгерту, білім берушіні ақпараттық-білім беру ортасына толыққанды ендіру, білім алу және ақпаратты қабылдау үдерістерін ынталандыру, ойлаудың инновациялық типі бар, үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде сұранысқа ие болашақ педагогты даярлаудың мазмұнын, формаларын, әдістері мен тәсілдерін, орта білім берудің жаңартылған мазмұнын сәйкестендіру.

в) уақыт талабына сәйкес білім берудің сапасын арттыру, нәтижесінде болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастыру.

6. Болашақ педагогтың бәсекеге қабілетті тұлғасының негізгі сипаттамалары ретінде, оның қабілеті мен даярлығы алынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Крипан О.И. Исследование качеств конкурентоспособности молодых педагогов // *Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. XXIV междунар. науч.-практ. конф. Часть II.* – Новосибирск: СибАК, 2013
2. Коваленко А.И. Теоретические и методологические аспекты использования концепции «конкурентоспособности» в научных исследованиях // *Современная конкуренция.* 2013. № 6 (42). – С. 65-79.
3. Максимова Е. В. Развитие конкурентоспособности студента в образовательном процессе университета: автор. дис. ...к.пед.н. – Оренбург, 2005.
4. Сгонник Л.В., Верниенко Л.В. Проблема развития конкурентоспособности бакалавров педагогического образования // *Молодой ученый.* – 2017. – №3. – С. 588-591. – URL <https://moluch.ru/archive/137/38174>.
5. Фомин Н.В. Компетентностная модель конкурентоспособного специалиста как ориентир высшего профессионального образования, bryanskgu@mail.ru
6. *Конкурентное преимущество: Как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость / Майкл Е. Портер; Пер. с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2005. – 715 с.*
Сегодня в информационном обществе наиболее важной проблемой является – развитие у личности медиаобразования, медиаграмотности и критического анализа медиатекста. Поскольку медиаобразования является новым направлением в развитии современной педагогики в нашей стране, нам необходимо проанализировать основные концепции и теории названной сферы, исследуемые в работах зарубежных медиапедагогов.

В этой статье рассматриваются определения «медиаобразования», «медиаграмотность» и «критического мышления» в работах зарубежных и отечественных ученых, а также анализируются ключевые понятия и ключевые теории медиаобразования. Кроме того, будут представлены результаты опроса среди студентов для определения содержания и цели медиаобразования.

Ключевые слова: медиаобразования, медиаграмотность, теория медиаобразования как развития критического мышления, культурологическая теория медиаобразования, социокультурная теория медиаобразования, семиотическая теория медиаобразования, эстетическая теория медиаобразования, практическая теория медиаобразования, идеологическая теория медиаобразования, этическая теория медиаобразования.

Abstract

P.B. Seitkazy¹, A.K. Abdirkenova²

¹Doctor of Pedagogical Sciences, professor

²6D010300 – “Pedagogy and psychology” specialty PhD candidate

L.N. Gumilyov Eurasian National University

THE MAIN TERMS AND THEORIES IN THE CONTENT OF MEDIA EDUCATION

The main problem nowadays is to develop media literacy among people, and critical thinking. As media education is a new trend in the modern pedagogy in our country it is important to analyze the main concepts and theories, based on the works of foreign specialists in the scope of media. In this article it is considered the terms as “media literacy”, “media education” and “critical thinking” that are used by the foreign and domestic scientists, and also it is analyzed the key terms and key theories in media education. Besides, it will be presented the results of poll among students for the determination of the content and purpose of media education.

Key words: Media education, Media literacy, Critical Thinking approach, Cultural Studies approach, Social and Cultural approach, Semiotic approach, Aesthetical approach, Practical approach, Ideological approach, Ethic approach.

Медиабілім саласына қатысты шетелдік және отандық ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған талдаудың нәтижесінде медиабілім және медиасауаттылық түсініктеріне берілген анықтамалардың біршама өзгешеліктері бар екендігі анықталды.

Ресейдің педагогикалық энциклопедиясында *медиабілім* (ағыл. *media education* латын. *media* – құрал) – «бұқаралық коммуникация заңдылықтарын» (баспасөз, телевидение, радио, кино, видео, ғаламтор және т.б.) меңгертуді көздейтін педагогика ғылымының бағыты ретінде айқындалған. Медиабілімнің негізгі міндеттері ретінде: өскелең ұрпақты заманауи ақпараттық жағдайдағы өмірге дайындау, әртүрлі ақпаратты дұрыс қабылдауға, медиамәтінді дұрыс түсінуге үйрету, медианың психикаға тигізетін ықпалының салдарын саналы тұрғыда ұғындыру және техникалық құралдардың көмегімен коммуникацияның вербальды емес формалары негізінде қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгерту» көрсетілген [1, 555 б.].

ЮНЕСКО-ның (БҰҰ білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы) ұсыныстарында: «Медиабілімді қазіргі заманауи ақпараттық байланыс құралдарын пайдалануды үйрететін теория мен практикалық іскерлік деп түсіну қажет. Медиабілім педагогикалық теория мен практиканың ерекше, әрі дербес саласы», - деп айтылады [2, 8 б.].

Л.Мастерман (L.Masterman) бойынша, медиабілімнің біріктіруші тұжырымдамасы – репрезентация (representation) болып саналады. Ғалымның пікірінше, медиа шынайылықты білдірмейді, оны репрезентациялайды. Медиабілім ол ең алдымен – зерттеу үдерісі. Сондықтан да, төмендегідей негізгі тұжырымдарға (key concepts) негізделеді: connotation (ассоциация), genre (жанр), selection (іріктеу), nonverbal communication (вербальды емес коммуникация), media language (медиа тілі), naturalism and realism (табиғилық және шынайылық), audience (аудитория), construction (құрылымы), mediation (медиа қабылдау), representation (репрезентация), encoding (кодтау), segmentation (сегментация, айшықтау), narrative

structure (сюжеттік құрылым), ideology (идеология), rhetoric (риторика), discourse (сөз, тіл) және subjectivity (субъективтілік) [3, 5 б.].

Қазіргі уақытта Л.Мастерман тарапынан ұсынылған бұл терминдер Ұлыбритания елінде К.Бээлзэт, Э.Харт және т.б ғалымдар тарапынан алты негізгі түсінікке біріктіріліп, жүйелене түскен. Олар: *медиа агенттігі* (ақпаратты таратушы кім және не үшін?); *медиа категориялар* (мәтіннің қандай түріне жатады?); *медиа технологиясы* (медиамағам қалай құрастырылған?); *медиа тілі* (ақпарат не жайында екендігін қалай білеміз?); *медиа аудиториясы* (ақпаратты қалай түсінеді және мәтіннің негізгі мағынасы қандай?); *медиадың репрезентациясы* (мәтін өзінің тақырыбын қаншалықты ашып тұр?) [4, 179 б.].

К.Фейлитзен (С. Feilitzen) бойынша, медиабілім - адамға өзінің жеке медиа өнімін құруға мүмкіндік жасайтын сыни ойлауды (critical thinking) білдіреді. Ғалымның пікірінше, медиабілім демократиялық үдеріске де, жаһандану үдерісіне де белсене қатыса отырып, медиадың барлық түрлерін меңгертуге бағытталуы тиіс [5, 29 б.].

Ресейлік ғалым А.В. Федоровтың еңбектерінде медиабілім және медиасауаттылық түсініктерінің мазмұны: «Медиабілім тұлғаның бұқаралық байланыс құралдарының көмегімен даму үдерісі. Медиабілім берудің мақсаты: медиамен байланыс жасаудың мәдениетін, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерді, сыни ойлауды қалыптастыру, сондай-ақ, медиамағамді толыққанды қабылдау, интерпретациялау, талдау және бағалау іскерліктері мен медиатеchnиканың көмегімен өзін-өзі танытудың әртүрлі формаларын меңгерту», - деп, айқындалады [6, 11 б.].

Батыс Еуропалық және ресейлік медиапедагогтардың еңбектеріне сүйене отырып, «Студенттердің ақпараттық мәдениетін медиабілім беру арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты ғылыми-зерттеу жұмысы аясында «медиабілім» түсінігіне біздің тарапымыздан мынадай анықтама берілді: «Медиабілім – білімгерлердің көпшілік коммуникация заңдылықтарын оқуын қолдайтын, сондай-ақ қазіргі бұқаралық коммуникация құралдарын меңгеру мақсатында теориялық білім мен практикалық іскерліктерге үйретуді көздейтін педагогикадағы бағыт» [7, 5 б.].

Жалпы, отандық ғалымдардың еңбектерінде медиа құралдарды мектептер мен жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға, баспасөздің дамуы мен қалыптасу тарихына, медиадың білім сапасын арттыру мен кәсіптік жетілудегі орнын анықтауға (Ү.Ж. Жұмабекова «Жалпы білімдік мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдірудегі педагогикалық баспасөздің ықпалы»; А.А. Тіленбаева «Студенттердің педагогикалық баспасөзге деген құндылық бағдарын қалыптастыру»; С.Абдукадирова «Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы рөлі»; Ә.О. Оразова «Республикалық педагогикалық мерзімді баспасөз беттеріндегі оқушыларға ұлттық тәрбие беру мәселелері»; Б.М. Жапарова «Аймақтық мерзімді баспасөз арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру»; М.С. Мәлібекова «Студенттердің кәсіптік ақпараттық бағыттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері»; Б.Д. Сыдықов «Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі») және т.б. мәселелерге басты назар аударылған. Алайда, нақты медиабілімнің, медиасауаттылықтың мазмұнын анықтап, медиабілім берудің негізгі түсініктері мен теориясын жан-жақты талдаған, ғылыми еңбектер кездеспейді.

Соңғы жылдары ғана медиабілімге, тұлғаның сыни ойлауын дамытуға арналған зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Дегенмен, олардың таралуы халықаралық және республикалық конференция жинақтарындағы ғылыми мақала немесе ғылыми жобалар деңгейінде ғана шектеліп қалуда. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушылар мен студенттерге оқу материалдарын жаттап алу, есте сақтау, деректерді сыни талдау, айқындалған міндеттерді шешу сияқты дәстүрлі талаптар қойылады, бірақ сол материалдарды, медиамағамді ережеге сай сыни тұрғыда талдаудың нақты технологиясы, жолдары мен әдіс-тәсілдері көрсетілген оқулықтар мен оқу құралдарының жоқтығы медиасауатты тұлғаның дамуына өз кедергісін келтіруде.

Медиалық білімі бар және сыни ойлау қабілеті дамыған тұлға ғана медиасауаттылық деңгейіне жете алады. Өйткені, *сыни ойлау қабілеті* тұлғаға өзгелердің пікірі мен мінез-құлық үлгілерін талдауға, бағалауға мүмкіндік бере отырып, жаңа, толық мәндегі деректерді ұсынып, тәуелсіз түрде шешім қабылдауға жағдай жасайтын адамның ақыл-ой әрекетінің ерекше түрі болып саналады. Медиасауаттылық және сыни ойлау қабілеті бүгінде шетелдік медиапедагогтар тарапынан біршама зерттелген, әрі жүйеленген категорияға жатады. Осы түсініктің мазмұнын ашатын бірқатар идеяларға қысқаша тоқтала кетейік.

Медиабілім бағыты дамыған батыс елдерінде «*медиа сауаттылық*» (media literacy) түсінігі – оқушылар мен студенттерге медиамен сыни көзқарас тұрғысынан қарым-қатынас жасауға, медиадың маңызын

түсінуге әсері болатын маңызды ұғым ретінде қарастырылуға. Ғалымдардың пікірінше, медиасауатты тұлғаның медиамәтіндерді сыни тұрғыда талдауға және бағалауға қабілетті болуы, медиа өнімдермен сыни арақашықтықты сақтауы және түрлі манипуляцияға қарсы тұра алуы шарт. Медиасауаттылық білім алушы тұлғаға төмендегідей мүмкіндіктерді береді:

- медиамәтіндерді талдауға қажетті білім мен іскерлікті, қабілетті дамыту;
- әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық білімдерді және медиа арқылы таралатын құндылықтар жайындағы білімдерді игеру;
- медиамәтінді бағалау мен эстетикалық тұрғыда қабылдау деңгейін дамыту;
- медиамәтіннің мазмұнындағы мәдени құндылықтарды, оның практикалық маңызын, идеясын тану және бағалау үшін медиамәтіндерді кодсыздандыру;
- медиамәтіндерді қолдануда және құрастыруда әртүрлі техникалық мүмкіндіктерді анықтау, талдау және пайдаға асыру;
- медиамәтінді құрушыларға көптеген мотивтер (бақылау, қысым т.б.) – экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық, техникалық, әлеуметтік және мәдени ықпал жасайтындығын түсіну;
- әрбір адамның медиамәтіндерді зерттеудің селективті және аналитикалық үдерісіне кіріктірілгендігін ұғыну. Осы және осыған мағыналас процесстер психологиялық, әлеуметтік және табиғи факторларға тәуелді екендігін ескеру.

Медиасауаттылық тұлғаның медиамәтіндерді меңгеру, интерпретациялау, талдау және құрастыру қабілеті болып саналады. Бұл арқылы білім алушы хабарламаларды әртүрлі формада қолдануға, талдауға, бағалауға және таратуға мүмкіндік алады [8, 63 б.].

Медиабілім мен медиасауаттылық түсініктері өзара тығыз байланысты. Медиа саласында зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген ғалымдардың басым бөлігі медиабілім берудің ұтымды жолы ретінде мектептер мен жоғары оқу орындарында міндетті оқу пәндерімен қатар арнайы курстарды, факультативтер мен үйірмелерді интеграциялауды ұсынады. Медиабілім берудің мақсаты сабақтың нақты тақырыбы мен міндеттеріне, аудиторияның жас ерекшелігіне, теориялық базасына және т.б. жағдайларға байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Дегенмен, кез-келген жағдайда маңызды болып табылатын медиабілімнің мазмұны мен медианы оқытудың негізгі мақсатын айқындау үшін педагогикалық мамандықтағы студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнаманың нәтижесінде студенттер үшін маңызды болып табылатын медиабілімнің төмендегідей мақсаттары анықталды:

- аудиторияның сыни ойлау қабілетін дамыту (89,23%);
- аудиторияның медиамәтіндерді қабылдау, бағалау, түсіну және талдау қабілетін дамыту (70,54%);
- аудиторияны демократиялық қоғамда өмір сүруге дайындау (53,72%);
- аудиторияны медиамәтіннің әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық мазмұнын түсінуге үйрету (48,85%);
- аудиторияға медиамәтінді кодсыздандыру қабілетін меңгерту (45,96%);
- аудиторияның коммуникативтік қабілетін дамыту (43,21%);
- аудиторияның медиамәтінді эстетикалық қабылдау, мәтіннің эстетикалық сапасын бағалау және түсіну қабілетін дамыту (39,74%);
- аудиторияның медиа көмегімен шығармашылық қабілетін арттыру (38,22%);
- аудиторияға медиамәтінді интерпретациялау, медианы техникалық қолданудың түрлі тәсілдерін эксперименттеу және медиа өнімдерді құру мүмкіндіктерін меңгерту (32,96%);
- аудиторияға медианың теориясы мен негізгі түсініктері негізінде медиамәдениетті игерту (26,39%);
- аудиторияға медианың тарихы мен ғылыми негіздерін меңгерту (25,11%).

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, студенттер, яғни болашақ педагог мамандар үшін «медиабілім» ол ең алдымен тұлғаның сыни ойлауы мен медиамәтіндерді қабылдау, бағалау, түсіну және талдау қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Аудитория үшін медиабілімнің қалыптасу тарихын, ғылыми негіздерін білудің де қажеті бар, бірақ, сыни ойлауды дамыту және медиамәтіндерді талдау сияқты аса маңызды емес. Демек, медиабілім беруде теориялық біліммен қатар, практикалық іскерліктер мен дағдыны дамытуға баса назар аудару қажет болады.

Жалпы, осы сауалнаманың сұрақтарын құрастыруда медиабілімнің негізгі теорияларына сүйендік. Сауалнаманы интерпретациялауда алынған нәтижелер де әлемдік деңгейдегі медиабілімнің теорияларына сәйкес келді. Мәселен, батыс Еуропалық және ресейлік медиапедагогтардың еңбектерінде медиабілім саласына қатысты төмендегідей теориялық тұғырлар қарастырылады:

- Медиабілім «сыни ойлауды» дамыту теориясы (Critical Thinking approach);

- Медиабілімнің мәдени теориясы (Cultural Studies approach);
- Медиабілімнің әлеуметтік-мәдени теориясы (Social and Cultural approach);
- Медиабілімнің семиотикалық теориясы (Semiotic approach);
- Медиабілімнің эстетикалық теориясы (Aesthetical approach);
- Медиабілімнің тәжірибелік теориясы (Practical approach);
- Медиабілімнің идеологиялық теориясы (Ideological approach);
- Медиабілімнің «тұтыну және қанағаттану» теориясы (Uses and Gratifications approach);
- Медиабілімнің «инъекциялық немесе қорғану» теориясы (Protectionist approach);
- Медиабілімнің этикалық теориясы (Ethic approach).

Аталған теориялар медиабілім берудің негізгі мақсатын айқындап, оның ішкі теориялық мазмұнының құраушысы болып саналады. Дамыған елдерде де медиабілімнің негізгі теориясы ретінде тұлғаның «сыни ойлау» қабілетін дамытуға басымдық беріледі. Бұл теория бойынша аудиторияға медиамәтінді сауатты түрде қабылдауға, түсінуге, талдауға, оның көрерменге, оқырманға және тыңдаушыға тигізетін ықпалының салдары мен механизмі жайында белгілі бір көзқарасқа ие болуын қамтамасыз ету көзделеді. Шетелдік жетекші ғалымдардың пікірінше, сыни ойлауды дамытуға негізделген медиабілім берудің мақсаты: аудиторияны медианың манипуляциялық ықпалын талдауға үйретуге отырып, демократиялық қоғамда өмір сүруге даярлау болып табылады.

Сыни ойлауды дамыған тұлға медиамәтіндегі деректерді жалпыға белгілі дәйектермен салыстырады; мәтіннің ішінен қайта тексеруді қажет ететін мәліметтер табады; таралып жатқан ақпарат көзінің сенімділігіне мән береді; медиамәтіндегі түсініксіз не екі жақсы мәндегі аргументтерге назар аударады; логикалық тұрғыда орындау мүмкін емес әрекеттерге сыни тұрғыда баға береді. Медиа өнім белгілі бір топтың саналы тұрғыда атқарған қызметінің нәтижесі болғандықтан, оны тұтынатын кез-келген тұлға мынадай сұрақтарға жауап іздеуі тиіс: 1) медиамәтінді құрушы кім, оны кім басқарады және көздеген мақсаты қандай? 2) көрермен не оқырман табу үшін қандай әрекеттерге барған, қажетті эффекттерге қалай қол жеткізген? 3) медиамәтіндегі құндылық бағдар қандай және бұл ақпарат маған қай жағынан пайдалы болмақ? 4) ұсынылған медиа өнім аудиторияның психологиясына қалай әсер етеді? және т.б.

Кез-келген медиа өнім белгілі бір мақсатты көздей отырып жасалады, әрі медиамәтіннің эстетикалық формасы мен мазмұны бір-бірімен тығыз байланыста құрылады. Әрбір медиалық өнімде тілдік ерекшеліктер мен шынайылықты кодтау тәсілдері қолданылады. Аудитория медиамәтінге жыныстық ерекшелік (ер, әйел), әлеуметтік әлсіз не күшті топ, жас айырмашылық, өмірлік тәжірибе және т.б факторлық көзқарас тұрғысынан баға береді. Кез-келген медиамәтін әлеуметтік-саяси немесе коммерциялық мәнге ие бола отырып, мазмұны жағынан идеологиялық және құндылықтық хабарламаны құрайды.

Медиамәтін ол белгілі бір техникалық құрал: компьютер, теледидар, радио, ұялы телефон т.б арқылы таралады. Сондықтан да, медиабілімнің тәжірибелік теориясында аудиторияны медиа құралдарды дұрыс қолдануға үйрету, практикалық іскерліктерін дамыту маңызды мәселе ретінде қарастырылады. Мәселен: сурет, фильмдер мен сюжеттер түсіру, интернетте сайттар ашу, белгілі бір видео ақпаратты монтаждау, дыбыс жазу және т.б. Техникалық құралдарды жетік меңгеру және оларды қажетіне сай пайдалана алу тұлғаға өзінің жеке медиа өнімін құрастырып шығуға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі уақытта мультимедианың: аудиовизуалды, компьютерлік салада, ғаламторда түрлі цифрлық технологиялардың кеңінен таралуына байланысты медиабілімдегі практикалық жұмыстарды атқаруға көмек болатын жаңа интерактивтік мүмкіндіктер пайда болды. Дегенмен, цифрлық технологияның қарқынды дамуы медиабілімнің дамуына белгілі бір деңгейде қауіп тудырады. Мәселен, бұл жағдайда әрбір тұлға өздігінен практикалық іспен айналысып, стандартты компьютерде өз бетімен видеоматериалдарды монтаждап немесе түбегейлі өзгерте алады. Сол үшін де, медиаөнімді құрастыру үдерісі жекешеленіп, әр адам жеке өзбетімен жұмыс жасағандықтан адам қоғамнан тыс қалады. Ғалымдардың пікірінше, әрбір тұлға өзбетімен жеке орындағаннан гөрі, медиамәтінді көпшілікпен бірге талқылап, ауқымды, кең көлемдегі әлеуметтік-мәдени сұрақтар көтеріп, шынайы өмірден алыстамай, процеске белсенді түрде қатысқанда ғана медиасауаттылық дамиды.

Медиабілімнің «тұтыну және қанағаттану» теориясына сәйкес кез-келген медианың аудиторияға ықпалы шектеулі, яғни тұтынушы өз қажетіне қарай медиамәтінді іріктеп, бағалай алады. Бұл жағдайда медиабілім берудің негізгі мақсаты: әрбір тұлғаның қалауына және қажетіне сәйкес келген медиа өнімнің мүмкіндігінше жағымды жақтарын алуға көмектесу болады. Аталған теория «қорғану» теориясына қарама-қайшы келеді, өйткені мұнда медиапедагогтар медиа ақпараттың «жағымды» жағына сүйенсе,

«қорғану» жағдайында керісінше, медианың «жағымсыз» жақтарын азайтып, медианың манипуляциялық әсеріне жол бермеу мәселесі қарастырылады.

С.Н. Пензиннің пікірінше, медиамәтіннің көмегімен аудиторияның этикалық және моральдық принциптерін қалыптастыруға болады. Медиабілімнің этикалық теориясының мақсаты аудиторияны мінез-құлықтың белгілі бір этикалық моделіне үйрету, мәселен өркениеттің даму деңгейіне, демократиялық қоғамда өмір сүруге және т.б [9, 17 б.].

Медиаға қатысты шетелдік және отандық еңбектерді талдаудың нәтижесінде медиабілімнің негізгі тұжырымдамасы медианың тәрбиелік, білімдік және шығармашылық мүмкіндіктерін пайдалану екендігі анықталды. Әлемдегі жетекші медиапедагогтар тұлғаның медиабілімін келесі сатылар негізінде жетілдіруді ұсынады:

- Медиамәтінді қабылдау, оның «тілін» оқу, қиялды іске қосу, есте сақтау қабілеті мен ойлаудың түрлерін (әсіресе, сыни, логикалық, шығармашылық, интуициялық), идея мен образдарды саналы тұрғыда түсіну іскерліктерін дамыту және т.б;

- Медиа материалдары арқылы тұлғаның креативті практикалық іскерліктерін дамыту;

- Медианың тарихы, құрылымы, тілі және теориясы жайында білімдерді меңгеру [10, 129 б.].

Қорыта келгенде, медиабілімі жетілген, медиасауаттылығы қалыптасқан тұлға медиамен байланыс жасаудан ләззат алады: яғни, ол *медиамаәтінді интерпретациялайды* (мәтін авторының мақсатын талдау, сюжеттің дамуы мен кейіпкерлердің мінез-құлқындағы өзгерістерді талқылау т.б.), *медиамаәтінді өзінің және өзгелердің өмірлік тәжірибесімен байланыстырады* (өзін кейіпкердің орнына қойып көру, мәтіндегі ойлар мен дәйектерді салыстыру, себеп пен салдарды анықтау, іс-әрекеттің мотиві мен нәтижесін бағалау, шынайылықты көре білу т.б.), *медиамаәтінге сыни тұрғыда баға береді* (пікір жазу, шағын көлемдегі сценарий т.б.), *мәдени мұраны, жаңа технологияларды көре біледі* (тұлғалық, тарихи, ұлттық, әлемдік деңгейдегі дамуды т.б.); *жаңа білімдер жинақтайды* (медиамаәдениеттің жаңа түрлерімен, жанрымен танысады, стилді, әдіс-тәсілдерді игереді) және т.б. Медиабілімін үздіксіз жетілдіру және сол арқылы медиасауаттылық деңгейіне көтерілу үдерісі медиа саласындағы теориялар мен түсініктердің мазмұнын меңгеру және практикалық іскерліктерді игеру арқылы жүзеге асады. Медиабілім үздіксіз түрде жүргізіліп, «ақпараттық қоғам» жағдайында өмір сүретін тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі бір бөлігіне айналғанда ғана оң нәтиже береді.

Медиабілімі мен медиасауаттылығы дамыған тұлғаның бейнесі оның ойлау әрекетіне қатысты рефлексия, түсінік, тұжырым, ой қорытындысымен, жаңа сұрақтармен жұмыс істей алу іскерлігі, ассоциативті қабылдау, синтездеу, талдау жасау, медианың социумдағы қызметін бағалау, медиа саласында аудиовизуалды елестету, виртуалды эксперименттеу және логикалық және интуитивті болжам жасауды қамтитын күрделі рефлексивті ойлау үдерістерінің дамуымен көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Российская педагогическая энциклопедия. Т.1/ Гл.ред. В.В.Давыдов. – М.: Большая российская энциклопедия, 1993. – С.555.*
2. *Recommendations Addressed to the United Nations Educational Scientific and Cultural Organization UNESCO. Education for the Media and the Digital Age. - Vienna, 2001. – P. 52.*
3. *Masterman L. Media Education Revolution. Tele medium // Journal of Media Literacy, 2000. Vol.46. N 1, p.7.*
4. *Bazalgette C., Bevort E. Media Education Worldwide. – Paris: UNESCO, 1992. – P.256.*
5. *Федоров А.В. Медиаобразование: история и теория. – М.: МОО «Информация для всех», 2015. – с. 450.*
6. *Федоров А.В. Медиаобразование и медиаграмотность. – Таганрог: Изд-во Кучма, 2004. – С. 340.*
7. *Сейітқазы П.Б. Студенттердің ақпараттық мәдениетін медиабілім беру арқылы қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Ғылыми-зерттеу жұмысының есебі. – Астана, 2012. – 37 б.*
8. *Чельшева И.В. Медиаобразование для родителей: освоение семейной медиаграмотности. - Таганрог, 2008. – С.184.*
9. *Пензин С.Н. Кино и эстетическое воспитание: методологические проблемы. – Воронеж, 1987. – С. 176.*
10. *Новикова А.А. Медиаобразование в России и Европе в контексте глобализации. – Таганрог, 2004. – С. 168.*

МРНТИ 14.15.07

Г.А. Үсенова¹

¹PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақста

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ
САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Экологиялық білім беруге деген қажеттілік адамның өміріне қажет қолайлы ортаны қамтамасыз ету мен байланысты. Экологиялық білім беру табиғатқа адамгершілік қатынасты қалыптастыру, табиғатты өзгертудің шекті мөлшерін анықтау үшін, адамның одан әрі өмір сүруі мен дамуына мүмкіндік беретін мінез-құлықтың арнайы – әлуметтік табиғи заңдылықтарын меңгеру үшін қажет.

Бұл мақалада білім мен тәрбие беру жөніндегі отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарасы, сонымен қатар «құзірет» және «құзіреттілік» ұғымдарына ғалымдардың тұжырымдамалары қарастырылған.

Құзірет білім беру қызметінің өзара байланысты элементтерінің жиынтығы, атап айтқанда - жеке тәжірибе, білім, дағды, құндылықтардың жиынтығы, сондай-ақ белгілі бір объектіге қатысты қызметтің сипатын анықтайтын жеке позицияның көрінісі болып табылады. Ал, құзіреттілік – бұл тұлғаның интеграцияланған сапасы, ол тиісті құзіреттерді меңгерудің нәтижесі болып саналады және алынған білімдерді, дағдыларды пайдаланып белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр.

Түйін сөздер: экологиялық білім, экологиялық мәдениет, құзыреттілік, құзірет, экологиялық тәрбие, қоршаған орта.

Аннотация

Үсенова Г.А.¹

¹PhD докторант, КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

**НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТИ
В ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ И ВОСПИТАТЕЛЬНОМ
НЕПРЕРЫВНОСТИ УЧАЩИХСЯ**

Потребность в экологическом образовании зависит от создания благоприятных условий для жизни людей.

Экологическое образование имеет важное значение для формирования нравственных отношений в природе, определения предела изменения природы, изучения естественных законов поведения, которые дают человеку дальнейшее процветание и развитие.

В этой статье обсуждаются взгляды отечественных и зарубежных ученых по вопросам экологического образования и воспитания, а также рассмотрено понятия о «компетенция» и «компетентность».

Компетенция – взаимосвязанных элементов образовательных услуг, в частности, является проявлением определенной позиции, которая определяет характер деятельности, связанной с конкретным субъектом, такой как личный опыт, знания, навыки, набор ценностей. И компетентность- это интегрированное качество человека, которое является результатом приобретения соответствующих компетенций и позволяет выполнять определенные действия с использованием полученных знаний и навыков.

Ключевые слова: экологическое образование, экологическая культура, компетентность, компетенция, экологическое воспитание, окружающая среда

Abstract

G.A. Usenova¹

PhD doctoral, KazNPU. Abaya, Almaty, Kazakhstan

**SCIENTIFIC-THEORETICAL BASES AND FORMING COMPETENCE IN ECOLOGICAL
EDUCATION AND EDUCATIONAL CONTINUITY OF STUDENTS**

The need for environmental education depends on the creation of favorable conditions for people's lives. Environmental education is important for the formation of moral relations in nature, determining the limit of change in nature, studying the natural laws of behavior that give the person further prosperity and development.

This article discusses the views of domestic and foreign scientists on environmental education and upbringing, as well as the notion of "competence" and "competence". Competence - the interrelated elements of educational services, in particular, is a manifestation of a certain position that determines the nature of activities associated with a specific subject, such as personal experience, knowledge, skills, set of values. And competence is the integrated quality of a person, which is the result of acquiring the relevant competencies and allows you to perform certain actions using the knowledge and skills obtained.

Key words: ecological education, ecological culture, competence, competence, environmental education, the environment

XX-XXI ғасырдың аяғында адамзаттың алдында тұрған экологиялық мәселелер ауқымы жекелеген мемлекеттердің шекарасынан шығып, барлық адамзат күштерінің бірлескен шешімін талап етеді. Бұл өзекті мәселе, әрине, экологиялық білім беруді дамытуға әсер етеді. Дегенмен, халықаралық деңгейде білім беру стратегияларын талқылау барлық елдер үшін әмбебап шешім әзірлеуді немесе шетелдік тәжірибені көшіруді білдірмейді. Әрбір ел елдегі ағымдағы қажеттіліктерді, ұлттық мүдделерді ескере отырып, экологиялық білім беруді дамытудың ерекше әдістерін ғылыми талдауды және дамытуды талап етеді.

Елімізде экологиялық білім мен тәрбие беру жөнінде көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Солардың бірі Н.С. Сарыбеков ол жастарды табиғат қорғауға тәрбиелеуде халықтық табиғат қорғау дәстүрлерін, мақал-мәтелдерді, аңыз-әңгіме, нақыл сөздерді пайдаланудың маңызын көрсетті. Осы бағытта республикамызда кең көлемді ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Профессор Сарыбеков педагогикалық экология саласының дамуына жол ашты. Халықтық табиғат қорғау дәстүрін табиғат компоненттеріне қатысты бөліп қарастырады. А.А. Сотников (1988) болашақ мұғалімдерді экологиялық білім беруде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге дайындады [1], ал А.Д. Болтаев (1994) пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың экологиялық тәрбие беруде жауапкершілік қатынасын қалыптастыру [2], Д.І. Жангелдина (1995ж) табиғаттану курсы арқылы экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдарын [3], Ө.Т. Танабаев (1992ж) әдебиетті оқыту және сыныптан тыс жұмыстар үрдісінде жоғарғы сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру [4], К.Сарманова (1996 ж.) оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудің концептуалды жолдарын шетелдік тәжірибелермен салыстыра отырып талдау жасаған [5].

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Кеңестің мүшелері 1980 жылы қайта құрылды. Олар В.Н. Дикий, А.Н. Захлебный, И.Д. Зверев, П.В. Иванов, Б.Г. Иогансен, И.Н. Пономарева, И.Т. Суравегина, Е.С. Слостенина, А.П. Сиделковский, Д.И. Трайтак және басқалар экологиялық білім беру тұжырымдамасын әзірледі.

Нәтижесінде экологиялық білім мен тәрбие беру табиғат қорғау білімінің орнына келді. 1980-жылдардың басында И.Д.Зверев КСРО Педагогикалық ғылымдар Академиясының ғылыми-зерттеу институтында алғаш құрылған экологиялық білім зертханасын басқарды.

Қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және жақсарту үшін мектептен тыс мекемелер жұмысында қоршаған ортаны қорғау мәселелерін реттеуге, сондай-ақ мазмұны мен практикалық қызметіне тереңірек назар аударуға бағытталған алғашқы маңызды зерттеулер пайда болды.

Дәл осы зерттеу 1980-жылдардағы жастар натуралистер станцияларының, пионерлер үйірмелері мен оқушы сарайларының, биологиялық клубтар және қоршаған ортаны қорғау орталықтарының, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен жұмыс істейтін үйірмелердің, еңбек лагерлері мен жазғы демалыстарындағы жұмысты және т.б. қайта ұйымдастыруға әсер етті.

Мектеп оқушыларының табиғатқа жауапты көзқарасы туралы мәселелер: И.Д. Зверева, А.Н. Захлебный, И.Т. Суравегина сынды ғалымдардың бірлескен монографиясында толығырақ сипатталған. Қазіргі кезеңде экологиялық білім беру теориясын дамыту үшін маңызды экологиялық тәрбие қалыптастырудың негізгі шарттары қоршаған ортаны және практикалық қызметтің интеллектуалды және оны эмоционалды қабылдауының бірлігі болып табылады.

А.Н. Захлебный экологиялық білім берудің рөлін, сондай-ақ мектеп процесінде қоршаған орта туралы білімді қалыптастыру әдістерін, атап айтқанда қоршаған орта туралы сабақтарында, сондай-ақ мектептен тыс жұмыстарда қарастырылған.

Экологиялық білім беру жүйесінің рөлі және, атап айтқанда, «Табиғат қорғау» тұжырымдамасының мазмұны, ең алдымен, адамның дүниетанымдық көзқарастарындағы бағаны қайта бағдарлауға бағытталған және әлеуметтік іс-әрекеттің биосфераға әсерін оңтайландыру идеясын көрсетеді, мысалы жерді тұрақты пайдалану әдістерін пайдалану, ластанудан қорғау және биоалуан түрлілікті сақтау.

А.Н. Захлебный өзгертулерінде табиғаттың өзі білім беру потенциалын және моральдық-эстетикалық тәрбиенің маңыздылығын ашып көрсетеді. В. А. Сухомлинский мен К.Д. Ушинскийдің айтуынша, табиғат балалардың ой-санасының мәңгілік көзі, және жақсы сезімі, моральдық байлығы және студенттердің интеллектуалды дамуы үшін қажеттілігін қарастырады. КСРО педагогикалық ғылымдар Академиясының экологиялық білім лабораториясында әзірленген "Адамның табиғи ортаға жауапты қатынасын қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы" - табиғи процестің жаратылыстану ғылымы мен жаратылыстану туралы ойлануына ғана емес, осы процестің айрықша күрделілігін көрсетеді [6].

Табиғи ортаны қорғау, жағдай жасау және жақсарту, сондай-ақ табиғатпен адам қарым-қатынастарын оңтайландыру үшін заманауи идеяларды насихаттау жөніндегі іс-шараларға жеке қатысу арқылы ғана ғылыми білімдердің үйлесуі табиғи орта үшін жауапты түрде дайындықты қалыптастыруға алып келеді.

И.Т. Суравегин биологияны зерттеу барысында қоршаған ортаны қорғау туралы білім мазмұнын және оның әдіснамасын дәлелдеді, сондай-ақ тәрбиелеудің осы аспектісінің пәнаралық сипатын көрсетті. Сонымен қатар, И.Т. Суравегина далалық семинарларды өткізу әдістемесін әзірледі. Семинардың мазмұнының ерекшелігі жоғары деңгейде болуы. [7]

Б.Г. Иоганзеннің еңбектерінде «қоғам-адам-табиғат» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастардың күшею себептері, табиғат қорғаудың негізгі экологиялық заңдылықтары мен қағидалары және экологиялық білім берудің адамның белсенді өмірлік жағдайын қалыптастырудағы рөлі негізделген.

Мектеп оқушыларының табиғатқа деген мұқияттылығын қалыптастырудың тетігін қалыптастыру Н.А. Рыков пен Б.Г. Иоганзеннің шығармаларында зерттелді және ұсынылды. Табиғаттың оқушының жеке басын қалыптастыруға және табиғатпен қарым-қатынасына әсерін А.Сиделковский зерттеген болатын.

Оқушыларға экологиялық білім мен экологиялық тәрбие беру оның жалпы тәрбиелеу жүйесін сипаттады. Олар оқу және нәтижелі жұмыс, шығармашылық ойлауды дамытып, табиғатқа лайықты қарым-қатынасты, дамыту, адамгершілік, рухани-адамгершілік, жоғары мәдениетті және жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. В.А. Сухомлинскийдің шығармаларында көрініс тапты. Ұсынылған педагогикалық жүйеде табиғат ойдың негізгі көзі және ақыл-ойдың дамуы және оң эмоционалдық тәжірибе болып табылады.

В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде экологиялық білім беру мен білім берудегі ең көп тараған қателіктердің талдауы келтірілген, оларды алдын-алу және жою бойынша ұсыныстар бар.

В.А. Сухомлинскийдің айтуынша, мектеп оқушыларының экологиялық тәрбиелеу және тәрбиелеу жүйесінің ерекшелігі мұғалімдерге табиғат пен оқушылар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оны іске асыру нәтижесінде оқушылар табиғаттың бір бөлігі ретінде өздерін жақсы біледі, табиғат туралы білім алады, оны қорғауға, оңтайландыруға және ресурстарды ұтымды пайдалану қажеттілігін түсінуге көмектеседі [8].

С.Т. Павлюченко экологиялық білімнің тағы бір қыры табиғат қорғауды экологиялық білім деңгейінен практикалық қызметтің тиімділігіне тікелей тәуелділігін көрсетеді. Автор «қоршаған ортаны қорғау үшін экологиялық білім мен тәжірибелік қызметтің сабақтастығын» дамыту қажеттілігін дәлелдеді.

Қазақстан Республикасының ұлттық академиясының академигі, профессор А.С Бейсенова өзінің оқушыларға экологиялық білім беру тұжырымдамасында: «Экологиялық білім ананың сүтімен берілуі тиіс...» деген философиялық көзқарасын білдіреді, ал педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Б. Шілдебаев экологиялық білім – барлық халықтың, соның ішінде оқушылардың дүниетанымы мен көзқарасы, мәдениетіне терең бойлауды қажет ететін адамгершілік құндылықтарының проблемасы. Бұл құндылықтарға табиғатқа және тіршіліктегі барлық көріністерге деген аялы сезім, табиғатты қорғау қажеттілігіне деген ішкі сенім жатыр деген көзқарасын білдіреді [7,8].

Экологиялық білім беру жүйесіндегі күзиреттілікті қалыптастыру мәселелеріне тоқталатын болсақ күзиреттілік - білімнің маңыздылығын жоққа шығармай, бірақ оларды қолданудың мүмкіндігіне назар аударады.

Құзіреттілік тәсілін қарау «құзірет» және «құзіреттілік» негізгі ұғымдарын анықтаудан басталуы керек. Осы уақытқа дейін ғылыми қоғамдастық бірыңғай, жалпы қабылданған анықтаманы әзірлеген жоқ, сонымен қатар бұл анықтамаға әртүрлі көзқарастар да бар.

Осындай ұғымдарды сәйкестендіру шеңберінде біраз авторлар Л.Н. Болотов, В.С.Леднев, Н.Д. Никандров, М.В. Рыжаков құзіретті практикалық бағдарлауды атап көрсетеді: «Құзірет - адамның тәжірибесінде білім мен әрекет арасындағы қарым-қатынас саласы ... ал құзіреттілік қатынас білім берудің практикалық бағыттылығын едәуір күшейтуді болжайды ...» Бұл құзірет / құзіреттілік тұжырымдамаларының осындай ұстанымы шетелдік зерттеушілерінің көбіне тән.

Сөздің этимологиялық шыққанына сілтеме де оның семантикалық компоненті туралы бірден-бір жауап бермейді. Ресейлік психологиялық-педагогикалық әдебиетте осы термин ағылшын тіліндегі дереккөздерден алынған. Алайда ағылшын тілінен competence тұжырымдамасы аударманың бірнеше нұсқасына ие: сондықтан «Басқа көзқарасқа сай, «құзіреттілік» ағылшын тілінен «to compete» - «бәсекелес», «бәсекелес» деген ертеден келеді.» құзірет ретінде аударылады. Басқа көзқарасқа сай, «competence» ағылшын тілінен «to compete» - «бәсекелес», «бәсекелес» деген егістікке келеді.

Құзірет бойынша латын тілінің competentia адам білетін, білімі мен тәжірибесі бар мәселелер шеңбері дегенді білдіреді. Белгілі бір облыстағы құзіретті адам осы саланы ақылға қонымды түрде бағалауға және оған тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін тиісті білім мен қабілеттерге ие. Осыған сүйене отырып, құзірет және құзіреттілік терминдері саралануы мүмкін.

С.И. Ожегованың түсіндірме сөздігі «құзірет» ұғымын екі позициядан анықтайды: біреу жақсы хабардар болған мәселелер шеңбері ретінде; сондай-ақ өкілеттіктер шеңбері, құқықтар. Құзіретті, сол сөздікке сәйкес, белгілі бір салада білімді, беделді адам немесе құзіреті бар адам. Сол ұғыммен «Шетел сөздерінің қысқа сөздігі» [М., 1952].

Хуторской А.В жалпы және жеке тұлғаның бөлінуі үшін құзірет және құзіреттілік тұжырымдамаларын пайдалануға шақырады. Ол осы тұжырымдамалардың келесі анықтамаларын пайдаланады: «Құзірет - белгілі бір салада тиімді өндірістік қызметке қажетті оқушының оқу дайындығына арналған иеленген, алдын-ала белгіленген әлеуметтік талап (норма). Құзіреттілік - оқушының жеке қасиеттерінің жиынтығы (құндылық-семантикалық ойлау бағдарлар, білім, дағдылар, қабілеттер), оның белгілі бір әлеуметтік және жеке маңызды салада қызмет ету тәжірибесі. Осылайша, құзіреттілік - бұл өз құзіреті бойынша студентке ие болу, иелену, соның ішінде оған деген жеке көзқарасы және қызмет субъектісі. Құзіреттілік - осы саладағы іс-әрекеттің минималды тәжірибесі болатын жеке қасиет (сапалық жиынтығы) [9].

Сонымен қатар, И.А. Зимняның пікірінше, құзірет бастапқыда нормалар емес, бірақ кейбір ішкі, әлеуетті, жасырын психологиялық өзгерістер (білім, идеялар, әрекеттердің бағдарламалары (алгоритмдері), құндылықтар жүйесі мен қатынастар) адамның құзіреттілігінде іс жүзіндегі көріністер сияқты. Оның жұмысында «құзірет» термині бітіруші оқу сапасының интеграциялық сипаттамаларын, білім нәтижесінің санатын көрсету үшін қызмет етеді. Сол сияқты, Р.Уайттың «Motivation reconsidered: the concept of competence» деген жұмысында құзірет санаты жеке компоненттермен толы, оның ішінде мотивация.

Бірқатар авторлар құзіреттілігін қабілеттер арқылы анықтайды: тұжырымдамалық жүйенің болуын талап ететін практикалық іс-қимылдарды жүзеге асыру мүмкіндігі және, тиісінше, пайда болған проблемаларды жылдам шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың тиісті түрін түсіну; білімі, тәжірибесі, құндылықтары, оқыту арқылы алынған дағдыларға негізделген жалпы қабілеті; түлек өмір сүру және өмір сүру қабілеті; нәтижелі әрекет қабілеті, нәтижеге жету қабілеті - мәселені тиімді шешеді.

В.Д. Шадриков құзірет пен құзіреттілікті анықтауға барлық көзқарастарымен бірге авторлар белгіленген анықтамалардан тысқары емес екенін атап көрсетеді. Құзіреттілік белгілі бір білімге, дағдыға, өмірлік тәжірибеге ие, бір нәрсені айтуға, бір нәрсе жасауға немесе шешуге мүмкіндік береді. Түсіну кезінде айырмашылықтар байқалады: құзіреттілік адамның нақты қасиеттері немесе жасырын психологиялық жаңа білім ретінде; жүйелік толықтығы, жеке тұлғаның сапасы сияқты құзіреттің негізгі мазмұны. Дж. Равен құзіреттілігін төмендегі нақты әрекеттерді тиімді орындаудың нақты қабілеті, оның ішінде тар білімдер, нақты пәндік дағдылар, ойлау тәсілдері, олардың іс-әрекеттеріне жауапкершілікті түсіну ретінде анықтайды. Ол «жоғары құзірлілікті» белгілейді, ол адамның бастамашылықтың

жоғары деңгейіне, адамдарға өз мақсаттарын жүзеге асыруға, өз әрекеттерінің әлеуметтік салдарын бағалауға және талдауға дайындықты ұйымдастыру қабілетіне ие.

Күзiреттiлiктiң тұжырымдамалық мазмұны туралы осындай кең түсiнiк оны жасаушылардың назарын аударатын оқу нәтижесi ретiнде өлшеу мен бағалауды қиындатады.

Күзiреттi қарастырған кезде күзiреттердi анықтайтын негiзгi сипаттамаларды анықтау ұсынылады. Осылайша, қазiргi күзiрет оның көрiнiсiне дайындығын анықтайтын мотивациялық аспектiнi, күзiреттiлiк мазмұнын бiлудi анықтайтын когнитивтiк аспектiнi, стандартты және стандартты емес жағдайларды қолдануда көрiнетiн мiнез-құлқының аспектiн, күзiреттiлiктiң мазмұны мен жағдайларына жеке көзқарасын көрсететiн мән-мағыналық аспектiнi қамтиды, ол қолданылатын; жоғарыда аталған барлық компоненттер күзiреттiлiк көрiнiсiнiң субъективтi эмоционалды-ерiктi реттелуi арқылы бiр-бiрiмен байланысты.

Әдiстемелiк және педагогикалық әдебиетте қабылданған «күзiрет» және «күзiреттiлiк» ұғымдарын анықтауға арналған тәсiлдердi талдау келесi факторларды анықтауға мүмкiндiк бердi:

- күзiрет бiлiм беру қызметiнiң өзара байланысты элементтерiнiң жиынтығы, атап айтқанда - жеке тәжiрибе, бiлiм, дағды, құндылықтардың жиынтығы, сондай-ақ белгiлi бiр объектiге қатысты қызметтiң сипатын анықтайтын жеке позицияның көрiнiсi;

- күзiреттiлiк – бұл тұлғаның интеграцияланған сапасы, ол тиiстi күзiреттердi меңгерудiң нәтижесi болып табылады және алынған бiлiмдердi, дағдыларды пайдаланып белгiлi бiр iс-әрекеттердi жүзеге асыруға мүмкiндiк бередi;

Экологиялық бiлiм беруде қоршаған орта күзiрет тұжырымдамасы жеке және әлеуметтiк мотивацияларды бiрiктiретiн және тұрақты экологиялық тұжырымдаманың стандарттарына сәйкес келетiн экологиялық сана, экологиялық мәдениеттi қалыптастырудың танымал экологиялық және психологиялық педагогикалық принциптерi мен әдiстерiн бiрiктiретiн орталық элемент болуы мүмкiн.

Күзiреттiлiк тәсiлiнiң жеке-бағытталған және қызметiне бағдарланған табиғатына негiзделген, қоршаған ортаны қорғау күзiреттiлiгi бұл қабiлеттiң, әлеуеттi, тәжiрибенiң мазмұны үшiн тиiстi нормативтiк талаптар ретiнде тиiсiнше, қоршаған ортаны қорғау бойынша кешендi iс-шараларды iске асырудағы адамның маңызды әлеуетi, әлеуетi және тәжiрибесi ретiнде анықталуы мүмкiн.

Сұрақ зерттеу күзiреттi тұжырымдамасының байланысын және оны бiлiм, дағдылар мен дағдылармен салыстыра отырып, бiрқатар ғалымдардың пiкiрлерiн келтiредi.

Осылайша, Г.Селевко күзiрет және күзiреттiлiк тұжырымдамасы бiлiмнiң, дағдылардың тұжырымдамасына қарағанда әлдеқайда кең екендiгiне назар аударады, өйткенi ол адамның бағдарлануын, стереотиптердi жеңу қабiлетiн, қиындықтарды сезiнудi, түсiнiп ойлаудың икемдiлiгiн, сипатын қамтиды. Оның пiкiрiнше, бұл ұғымдар жүйелi және көп компоненттi болып табылады, өйткенi олар пәндер мен процесстердiң белгiлi бiр спектрiн сипаттайды, әртүрлi психикалық операциялар, практикалық дағдыларды, ақыл-ойдың мағынасын және өз жiктелуiн және иерархиясын қамтиды.

В.А. Горский бiлiм беру күзiреттiнiң құбылысын «қалыптасқан жағдайға байланысты зерттеу мәселелерiн шешуге дайындықты (талапкерлердi) қамтамасыз ететiн әлеуметтiк тәжiрибе, бiлiм, дағды және дағдылар жиынтығы» ретiнде түсiнедi.

Ермаков Д.С. экологиялық бiлiмдердiң, дағдылардың болуы сауаттылықты, адамның бiлiм алуын қалыптастырады, алайда, егер олардың адамға тиесiлi болмаса, экологиялық бiлiмнiң негiзгi нәтижесiне жете алмайды. Экологиялық күзiреттiлiк халықтың экологиялық бiлiмдерi мен дағдыларын тәжiрибелiк қызметте пайдалану қабiлетiн дамыту арқылы қалыптасады [10].

Зерттеушiлердiң зерттеуiне сәйкес, сауаттылықтан экологиялық бiлiм беруден (С.В. Алексеев, И.Д. Зверев, А.Захлебный, И.Т.Сураюгина, В.М., Назаренко И.Н. Пономарева және басқалар) жүйелi экологиялық бiлiм берудiң нәтижесi. Экологиялық бiлiм берудiң анықталған компоненттерi ретiнде мыналар анықталған: экологиялық орталықтандырылған ойлау түрi; қоршаған ортаны қорғау жауапкершiлiгi; экологиялық мәселелерге қызығушылық; бiлiмдерiн, дағдыларын, оларды сәйкестендiруге, зерттеуге және шешуге қажеттi дағдыларды; барлық көрiнiстерiнде өмiр құндылығын түсiну; Қоршаған ортаның жай-күйiн жақсарту жөнiндегi iс-тәжiрибенiң негiзi.

Қазақстанда кәсiби күзiреттiлiктi қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектiлерiн Ш.Х. Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалiмдерiн кәсiби даярлау), Б.Т. Кенже-

беков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігі), Г.Ж. Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзіреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М.В. Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыру), С.И. Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзіреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген. Қазіргі кезде кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Б.Т. Кенжебеков жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін зерттеу барысында кәсіби құзіреттілік ұғымына мынадай анық-тама берді: «кәсіби құзіреттілік – бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәде-ниеті мен шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін-өзі дамытуға дайындығының бірігуі». Г.Ж. Меңлібекова болашақ мұғалімдердің әлеуметтік құзіреттілігінің қалыптасуына үлкен мән берді. Оның пікірінше, әлеуметтік құзіреттілік-адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері.

Ш.Т. Таубаева: «Құзіреттілік – ол тұлғаның оқыту және әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» – деп қарастырған.

Экологиялық құзіреттіліктің негізгі жалпы немесе орта жалпы білім деңгейінде қалыптасуы мүмкін емес деп санаймыз, себебі бұл кәсіби сапа және ол маманға тән. Сонымен бірге, қоршаған ортаны қорғау құзіреттілігінің белгілі-бір деңгейіне қол жеткізу жеке экологиялық құзіреттер жиынтығының болуына байланысты. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі құзіреттер:

- қоршаған ортаға жауапты және ұқыпты қарау;
- табиғат қорғау қызметіне, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлардың биологиялық әртүрлілігін және табиғи мекендеу орындарын сақтау;
- халықтың денсаулығы, өмір сүру қауіпсіздігі, қоршаған ортаның сапасы үшін экологиялық қауіптерді болжау үшін экологиялық сауаттылық негіздеріне ие болу;
- тұрақты даму тұжырымдамасының маңыздылығын түсіну;
- тірі табиғатқа қатысты іс-әрекеттері мен мақсатты және семантикалық ойлауқарым-қатынасты саналы таңдау;
- қоршаған ортаның сапасының жылдам өзгеру жағдайында табиғат қорғау мәселелерін шешуде, адам денсаулығын қорғауда ғылыми негіздеу маңыздылығы туралы пікір қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сотников А.А. *Осуществление нравственного аспекта экологического образования. Автореферат, канд.наук, 1988. – 175 б.*
2. Болтаев А.Д. *Пәнаралық байланыс арқылы оқушыларға экологиялық білім беру. Пед.ғыл.канд. дисс.автореф. – Алматы, 1994. – 29 б.*
3. Жангелдина Д.І. *Оқушыларға экологиялық тәрбие беру (4-5 сынып. Табиғаттану курсы материалдары бойынша) Пед.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1995. – 140 б.*
4. Танабаев Ө.Т. *Әдебиет сабақтарында оқушыларды табиғатты сүюге тәрбиелеу. – Алматы: «Мектеп», 1980 ж. – 88 б.*
5. Сарманов К. *Концептуальные подходы к экологическому образованию и воспитанию школьников //Қазақстан мектебі. №86. – 1998. – 15-19 б.*
6. Захлебный А.Н. Суравегина И.Т. *Оқушылардың кластан тыс жұмыстарда экологиялық білім алуы. – М., 1984 ж.*
7. Бейсенова А.С. *Некоторые аспекты экологических проблем Казахстана в сб.научных трудов. "Экологические исследования Казахстана". – Алматы: АГУ, 1990. – 13-17 с.*
8. Шілдебаев Ж.Б. *Оқушылардың экологиялық білім мазмұнының ғылыми-педагогикалық негіздері. докторлық дисс. – Алматы, 2005 ж.*
9. Хуторской А.В. *Компетентный подход в обучении. Научно-методическое пособие. – М.: Издательство «Эйдос»; Издательство Института образования человека, 2013. – 73 с. : ил. (Серия «Новые стандарты»).*

10. Ермаков Д.С. Компетентностный подход в образовании // Педагогика. – 2011. – № 4. – С.8-15.

УДК 37.03
МРНТИ14.07.03

Жолдасбекова С.А.¹, Иманкулова Л.Б.², Сейдина М.З.³ Мокроусова А.Е.⁴

¹ д.п.н., профессор Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауезова
г. Шымкент, Казахстан

² докторант Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауезова
г. Шымкент, Казахстан

³ докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
г. Астана, Казахстан

⁴ студентка Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауезова
г. Шымкент, Казахстан

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ СПОСОБНОСТИ УЧАЩИХСЯ, КАК КАТЕГОРИАЛЬНОЕ ПОНЯТИЕ И ФАКТОР ЛИЧНОСТНОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В данной статье рассматривается сущность научно-исследовательских способностей учащихся, формируемых на уроках художественного труда в качестве категории и фактора личностного развития. Даются характеристики предмета «Художественный труд» и сопряжённых понятий с комментариями и плавным переходом в авторские формулировки исходных понятий. Так же рассмотрены содержание учебного плана по художественному труду включены виды деятельности, направленные на достижение целей обучения (новые цели), которые связаны с развитием навыков черчения и компьютерной графики, использования ИКТ, рационального применения технологической документации, составления чертежей на проектируемые изделия.

Особое внимание уделено учебной программе по предмету «Художественный труд» составлена таким образом, что его могут вести и учитель изобразительного искусства и учитель технологии. Основываясь на содержании данного учебного предмета, отметим значимость для его успешного усвоения формирования научно-исследовательских способностей учащихся как фактора их личностного развития. Научно-исследовательские способности учащихся, формируемые на уроках художественного труда следует связывать не только с психическими функциями, а с научно - познавательной деятельностью, их готовностью к усвоению предметных знаний и выполнению теоретических и практических действий.

Ключевые слова: научно-исследовательские способности, учащиеся, художественный труд, личностное развитие, учебный план, развитие навыков.

Аңдатпа

С.А. Жолдасбекова¹, Л.Б. Иманкулова², М.З. Сейдина³, А.Е. Мокроусова⁴

¹ п.ғ.д., профессор М.Әуезов атындағы ОҚМУ
Шымкент қ., Қазақстан

² М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің докторанты
Шымкент қ., Қазақстан

³ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ – нің докторанты
Астана қ., Қазақстан

⁴ М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің студенті
Шымкент қ., Қазақстан

ТҮЛГАЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЫ ЖӘНЕ КАТЕГОРИАЛДЫ ТҮСІНІККЕ ТӘН СТУДЕНТТЕРДІҢ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІ

Socio - cultural competence consists of three blocks: linguistic - based education, socio - psychological education, culture of cognitive education. Linguo-based knowledge of national-cultural semantic lexical units and their ability to use in intercultural communication. The national mentality of the people of the country learning the language is the proverb [6, p. 93]. Cultural cognitive skills are the skills of using socio-cultural, historical and ethnic and cultural environments to achieve mutual understanding with those of educational and cultural heritage. Cultural-cognitive approach, which is one of the ways of realization of personal-oriented ideas, not only has a great influence on the formation of the educational process, methodology of teaching, but also strengthens a new style of relationships between peoples - cultures – dialogue between teachers and students and students between groups. Learning a foreign language in accordance with the theory of intercultural learning implies integration into the individual collective mentality and culture of other people, and also the acquaintance with the national and cultural identity of the world, which is characteristic of these nationalities and phenomena. Socio - cultural language competence means social, cultural, linguistic knowledge adequately used in intercultural communication. Lack of social and cultural competence makes communication more difficult. Socio - linguistic competence reflects the use of social and cultural conditions of the language. This competence affects linguistic communication among diverse cultures. To transform and use of linguistic forms in accordance with social linguistic competence is an ability. Here are the words related to the nature and style of communication; It is

important to know the peculiarities and siman - tics of idiomatic speech and their influence on the interlocutor. Social linguistic competence in relation to dialect and accent is the ability to identify language peculiarities of the social groups, places of residence, origin, type of activity. The social linguistic competence area includes the ability to organize pedagogical relationships and take into account the specific pedagogical situation, the language of the country learning language, the specific vocabulary, the skill of using different rules of linguistic communication, that is, the differences in the language of culture and traditions. The relationship between social linguistic components and the different cultural backgrounds associated with social rules (rules of communication between different sexes, generations, social circles, linguistic statements adopted in the society) influences the language preparation [7, p. 94].

The main task of foreign language teaching is to develop intercultural and professional communicative skills of a student. Teaching a foreign language aimed at recognizing it based on a complex integration, which consist of linguistic (discrete), discourse (speech), social-cultural and other components. In particular, the linguistic component teaches the phonetic, lexical, grammatical and linguistic phenomena of the language to be studied, as well as the peculiarities of the language that students can use in their relationships. To create these competencies a person who studies a foreign language should have some knowledge about the learning countries language (geography, history, culture, economy, etc.) and about the patterns of life, customs and traditions of certain types of education and owners of education.

If you want to read the relevant literature about the country, you need to get acquainted with the behavior of people in the country where they are learning the language, traditions and customs of the people. The Internet can offer this opportunity. Internet technology allows you to create and access the language environment as quickly as possible, allowing you to enter a different culture by implementing the functional principle of language. That is why it is necessary to use all the opportunities available as a tool of interaction and new technologies through the Internet as an instrument of learning and an indispensable instrument. Working with other Internet resources and websites, by the peculiarity of receiving information on the Internet: tasks focused on the development of web resources and web resources; tasks for development of different types of education; tasks aimed at adopting electronic texts, including fast learning; tasks directed to the structure of information reception; antitrust-oriented tasks of information content (prevention, prediction); tasks aimed at identification of socio-cultural information, V.B. Based on the Safonova's cultural heritage classification. S.Pustovalova's typology of culturally-educational tasks, typology of tasks for intellectual development of EI Fedotov's critical thinking [8, p. 30].

Tasks in this type of typology are aimed at the use of modern ICT tools and the rapid adoption of information that is created in the authentic foreign language materials, and the rapid development of information flows. Based on the proposed typology, two textbooks were published in the British Web-papers in Intercultural Communication, The System of Education in Britain, the USE and Russia. Studying at Home or Abroad? Critical thinking with the development of language skills in learning all sorts of language actions is strongly linked to the development of socio - cultural competence or the learning process should be organized as follows; learners should be given the opportunity of language thinking, which should support their opinion, attitude, and desire to express them. While engaging in language thinking, the main source of motivation is contradictory or controversial, so the problem of learning must be problematic.

True communication is not limited to language competence; it requires linguistic, linguistic and cultural education. It is difficult to get the knowledge of country studies, culturology as a different language, as it is a language of other nationalities.

However, in consolidating its parts, it is the basis for ensuring the targeted orientation of socio-cultural competence, interconnectivity among nations, and mutual enrichment of cultures. Such competence is called intercultural competence.

Intercultural competence creates the ability of a student to take patience with other cultures, sincerely understanding other cultures, and teaching people how their language is behaving. In this way, it enriches the world culture and knowledge of their nationality, thus enriching their culture and language.

Therefore, from the point of view of application in teaching foreign languages methods of teaching linguistic and cultural – of words correctly associate students, allow you to freely knowledge is often the result of the method.

References:

1. Vorobyev V.V. «Lingvokul'turologiya(teoriya i metody)». – Moskva: RUND, 1977. – 83 p.

2. Kunanbayev S.S. «Sovremennoye inoyazychnoye obrazovaniye: Metodologiya i teoriya». – Almaty: Edel'veys, - 2005- 94 p.
3. Prokhorov Y.E. Kognitivnaya lingvistika i teoriya perevoda, 2009. - 96 p.
4. Vorobyev V.V. Lingvokul'turologiya (teoriya i metody). – M.,1997. – 89 p.
5. Gorodetskaya L. A. Lingvokul'turnaya kompetentnost' i lingvokul'turnyye kommunikativnyye kompetentsii: razgranicheniye ponyatiy / L. A. Gorodetskaya // Voprosy kul'turologii. – 2009. – № 1. – P. 48-51.
6. Maslova V. A. Lingvokul'turologiya / V. A. Maslova. – M.: Akademiya, 2004. – 93 p.
7. Orlova E. A. Kul'turnaya (sotsial'naya) antropologiya / E. A. Orlova. – M.: Akademicheskiy proyekt, 2004. – 94 p.
8. Postovalova V.I. Lingvokul'turologiya v svete antropologicheskoy paradigmy (k probleme osnovaniy i granits sovremennoy frazeologii) / V.I. Postovalova // Frazeologiya v kontekste kul'tury. – M.: Yazyki russkoy kul'tury, 1999. – 30 p.

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ: МӘСЕЛЕЛЕР,
ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ
ВУЗОВСКОЕ И ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПРОБЛЕМЫ, ИННОВАЦИИ И
ПЕРСПЕКТИВЫ**

ӘОЖ 37.0(075.8)
МРНТИ 14.35.07

К.Ж. Бұзаубақова¹, М.С. Елубаева², Ж.Н. Күмісбекова³

¹п.ғ.д., профессор, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

²п.ғ.к., доцент, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

³ магистр, аға оқытушы, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҮШТІЛДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ

Аңдатпа

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері аясындағы төртінші жаңғырудың мақсаты – Қазақстанды индустриясы жоғары жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналдыру, елдің даму бағытын дараландыру, табысқа жету жолдарын айқындау, жетістікке, нәтижеге бағыттау, еңбек өнімділігін арттыру.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру және жүзеге асырудың қажеттілігі туындауда: педагогикалық ЖОО-да жаратылыстану бағытындағы мамандықтар бойынша жаһандық бәсекеге төтеп бере алатындай үштілді мамандар даярлануы тиіс; білім сапасын арттыру үшін болашақ педагог оқытудың заманауи технологияларын тек теориялық тұрғыдан емес, өндіріс оқыту базасында тәжірибемен сынақтан өте отырып, жоғары кәсіби біліктілікті меңгеруі тиіс.

Мақалада Қазақстан Республикасында жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жаратылыстану бағытындағы мамандықтарды дуалды оқытуды жүйесіне көшіруге арналған дуалды білім беру бағдарламасының мәні, мазмұны ашылады.

Түйін сөздер: дуалды оқыту, дуалды оқыту базасы, дуалды білім беру бағдарламасы, серіктес жоғары оқу орны, болашақ үштілді педагог.

Аннотация

Бузаубақова К.Д.¹, Елубаева М.С.², Күмісбекова Ж.Н.³

¹д.п.н., профессор, Таразский государственный педагогический университет,
г. Тараз, Казахстан

²к.п.н., доцент, Таразский государственный педагогический университет,
г. Тараз, Казахстан

³ магистр, старший преподаватель, Таразский государственный педагогический университет,
г. Тараз, Казахстан

ВНЕДРЕНИЕ СИСТЕМЫ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПОДГОТОВКЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ ТРЁХЯЗЫЧНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Цель четвертой модернизации при новых возможностях развития в условиях 4-й индустриальной революции - превращение Казахстана в флагмана высокой индустрии и внедрения новых технологий, индивидуализация направлений развития народа, повышение продуктивности труда, направление на результативность, достижения, определение путей успеха.

При подготовке конкурентоспособных трёхязычных педагогических кадров в рамках совершенствования системы высшего педагогического образования возникла необходимость внедрения и реализации системы дуального обучения: в педагогических вузах необходима подготовка конкурентоспособных трёхязычных специалистов естественного направления; для повышения качества знаний трёхязычных будущих педагогов для овладения ими высокой профессиональной квалификацией необходимо обучать современным технологиям не только теоретически, но и на базе производственного обучения в ходе практик.

В статье раскрыты сущность, содержание программы дуального образования при переходе на систему дуального обучения специальностей естественного направления в системе высшего педагогического образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: дуальное обучение, база дуального обучения, образовательная программа дуального обучения, партнер вуз, трёхязычный будущий педагог.

Данная статья опубликована за счет ГФ АР05134826 «Совершенствование системы высшего педагогического образования в условиях третьей модернизации Казахстана: пути внедрения и реализации системы дуального обучения при подготовке конкурентоспособных трёхязычных педагогических кадров в Республике Казахстан».

Abstract

K. Buzaubakova¹, M. Yelubayeva², Zh. Kumisbekova³

*¹doctor of Pedagogical Sciences, professor, Taraz State Pedagogical University,
Taraz, Kazakhstan*

*²Ph.D., associate professor, Taraz State Pedagogical University,
Taraz, Kazakhstan*

*³master, Senior Lecturer, Taraz State Pedagogical University,
Taraz, Kazakhstan*

**IMPLEMENTATION OF THE DUAL TRAINING SYSTEM IN THE PREPARATION
OF COMPETITIVE TRILINGUAL PEDAGOGICAL STAFF OF KAZAKHSTAN**

The fourth innovation in the context of the Fourth Industrial Revolution is to transform Kazakhstan into a leader in the introduction of new high-tech technologies, determine the country's development trends, determine the ways of success, achieve success, achieve results and increase labor productivity.

There is a need to introduce and implement a dual education system in the preparation of a global competitive trilingual pedagogical staff in improving the system of higher pedagogical education: trilingual specialists should be trained, able to withstand the global competitiveness of pedagogical universities in the field of natural sciences; In order to improve the quality of education, a trilingual future teacher must master the modern technology of training not only from the theoretical point of view, but also from the practice of production training, having high professional qualifications. In the article are disclosed the essence and content of the dual educational program of the transfer of natural sciences into the system of dual education in the system of higher pedagogical education in the Republic of Kazakhstan.

Key words: dual training, dual training base, dual education program, partner educational institution, future trilingual teacher.

This article was published at the expense of grant financing АР05134826 "Improvement of the system of higher pedagogical education in the conditions of the third modernization of Kazakhstan: the ways of introducing and implementing the dual training system in the preparation of competitive trilingual pedagogical staff in the Republic of Kazakhstan"

XXI ғасырда бүкіл әлем ауқымды өзгерістерді бастан кешіруде. Төрткүл дүние Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне қадам басты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына кезекті Жолдауындағы: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдегу қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады» – деп көрсетілген 7-ші бағытының басты идеясы - адами капиталды дамытуға бағытталған.

Елбасының Жолдауында атап көрсетілгендей, өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар біздің қоғамымыздың идеалы-

на айналатын қазақстандық жастарды тәрбиелеу ұстаздардың міндеті. Олай болса, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруда бізді ауқымды істер күтіп тұр.

Ендігі басты мақсат – Қазақстанның рухани жаңғыру бағытында ұлттық сананы қалыптастыру; қазақстандық жаңартылған білім беру моделін құру; білім берудің жаһандану жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби дайындаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру; ғаламдық бәсекелестік ортадағы заманауи білім берудің жаңа парадигмалары аясында зияткер тұлғаны қалыптастыруда инновациялық озық іс-тәжірибені үйрену; педагогтың шығармашылық әлеуетін жетілдіру; оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейін және білім сапасын арттыру жолдарын қарастыру.

Отандық жоғары оқу орындары ақпараттық технологияларды енгізе отырып, жасанды интеллект және ауқымды деректермен жұмыс жасай алуы, шетелдік жетекші оқу орындарымен және зерттеу орталықтарымен бірігіп, түрлі жобаларды жүзеге асыра бастауы қажет. Қазірдің өзінде Қазақстанда Ортаазиялық білім беру хабын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін елімізде жоғары оқу орындарында ағылшын тіліндегі оқыту бағдарламалары, кос диплом, дуалды оқыту және академиялық ұтқырлық бағдарламалары қолға алынды.

2016 жылы ағылшын тілінде 2 мың ғана мұғалім сабақ берген болатын болса, 2017 жылы 11,5 мың мұғалім тиісті ағылшын курсынан өтуге өтініш білдіріп, олардың 3 мыңға жуығы даярлығын аяқтап, ағылшын тілінде сабақ беруде. 8 мыңдай мұғалім оқуын жалғастырып, қажетті деңгейге ауысты. Ал, 2019 жылы 13,5 мың мұғалім 4 пәнді ағылшын тілінде беруді бастайды [2, б. 5].

Нағыз білімділіктің басты өлшемі – біздің ұстаздарымыздың өз кәсібіне деген адалдығы мен әділдігінде, елі мен халқының алдындағы парызын терең түсінуінде.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында өсудің, дамудың негізгі қозғаушы күші жаңа технологиялар болары айқын. Әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылу үшін халқымыз тез өзгермелі жағдайларға бейімделіп, өндірістің барлық салаларына цифрлы технологияларды енгізуі бүгінгі күннің қажеттілігінен туындап отыр.

XXI ғасырда білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс, білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыруымыз қажет. Оқыту бағдарламасын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру және жүзеге асырудың қажеттілігі туындауда: болашақ педагог мамандар оқытудың тұлғаға бағдарланған инновациялық технологияларын тек теориялық тұрғыдан емес өндірістік оқыту базасында тәжірибеден сынақтан өткізе отырып, кәсіби біліктіліктің жоғары деңгейін меңгеруі тиіс.

Дуалды оқыту барысында теорияның практикамен ұштастырылуы жүзеге асады. Дуалды оқыту алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі әлемдік тәжірибеде дәлелденген (Германия, Австрия, Швейцария және т.б). Дуалды білім беру жүйесі – оқу орындарындағы оқытуды өндірістік іс-әрекетпен ұштастырып қарастыратын білім беру жүйесі [3, б. 87].

Ең маңыздысы, білімді өндірістік қызметпен ұштастырған болашақ маман сол өндіріс орнында жұмыс істеуге қалады. Білім беру мекемелері жұмыс берушілермен міндетті түрде ынтымақтастық орнатады.

Дуалды оқытудың практикалық (өндірістік) бөлігі шамамен оқу уақытының үштен екі бөлігін, ал теориялық (кәсіптік) бөлігі шамамен оқу уақытының үштен бір бөлігін құрайды.

Педагогикалық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еліміздің үздіксіз білім беру жүйесіндегі озық әлемдік тәжірибеге сай келетін жеке тұлғаның креативті сапалары, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратындай индустриялық-инновациялық даму, сапалы білім беруге қол жетімділікті қамтамасыз ететіндей адами капиталды дамыту үшін педагогикалық мамандарды дайындауда дуалды білім беру жүйесін ендіру қажеттілігі туындауда:

1. Педагогикалық ЖОО-да жаратылыстану бағытындағы мамандықтар бойынша жаһандық бәсекеге төтеп бере алатындай үштілді мамандар даярлануы тиіс.

2. Білім сапасын арттыру үшін болашақ педагог оқытудың заманауи технологияларын тек теориялық тұрғыдан емес, өндіріс оқыту базасында тәжірибеден сынақтан өте отырып, жоғары кәсіби біліктілікті меңгеруі тиіс.

3. Өзінің жаңа идеясымен, инновациялық тәжірибесімен әлемдік аренаға еркін шыға алатын, сындарлы ойлай алатын креативті педагог қажет.

- біріншіден, Қазақстан Республикасындағы ЖОО-ң студенттері серіктес шетелдік ЖОО-ғы жұмыс жасап жатқан әлемдік деңгейдегі танымал ғалымдардың өзінен дәріс алады; - екіншіден, болашақ педагогтар теорияда алғанын білім жалпы орта білім беретін мектептердің тәжірибесінде сынақтан өткізе алады;

- үшіншіден, болашақ педагогтарға серіктес шетелдік ЖОО-ғы осы жоба аясында жұмыс жасап жатқан әлемдік деңгейдегі танымал ғалымдарымен он-лайн режимінде өзара әдістемелік көмек, ақпарат, озат тәжірибе алмасуға толықтай мүмкіндік туады;

- төртіншіден, болашақ педагогтар мен ЖОО-ны оқытушыларына серіктес ЖОО-ғы шетелдік ғалымдармен бірлесе білім сапасын арттыруда нәтижеге бағытталған дуалды білім берудің өзекті мәселелеріне арналған инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге кеңінен жол ашылады.

Педагогикалық ЖОО-ы бүгіннен бастап жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру және жүзеге асырудың қажеттілігі туындауда. Қазақстан Республикасында 2019 жылдан бастап жоғары сыныптарда жаратылыстану бағытындағы пәндер ағылшын тілінде оқытыла бастайтындықтан, қазірдің өзінде үштілді мамандарға сұраныс артып отыр.

Дуалды оқыту жүйесі бойынша мамандар дайындауда әлемде Германия көш бастап тұр. Германияның оқыту жүйесі өмірлік тәжірибе арқылы дәлелденген және Европалық Одақта үлгі ретінде қабылданған. Сондықтан Қазақстан Республикасында үштілді педагог кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін тиімді ендіру мақсатында Евроодаққа кіретін мемлекеттер ішінен жастардың ішінде жұмыссыздық деңгейі өте төмен және экономикасы жоғары дамыған Германия алынды.

Оқытудың оқу бағдарламасы жұмыс берушінің сұранысы бойынша жасалынады, пән бойынша оқу материалының көлемін бір мамандық шеңберінде қарастыруға мүмкіншілік бар. Оқыту мерзімінің 2/3 бөлігі өндірістік (педагогикалық) практикаға, қалған 1/3 бөлігі теориялық (кәсіптік) білім алуға жұмсалады.

Жалпы 2014-2015 оқу жылында көптеген кәсіптік техникалық оқу орындары дуалды оқыту жүйесіне көшті. Бірақ, Қазақстанның бірде-бір педагогикалық ЖОО-да дуалды білім беру жүйесі ендірілмеген.

Осындай өзекті мәселені шешу үшін Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: педагогикалық кадрларды дайындауда Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асыру» қанатқақты жобасы қолға алынды.

Жүргізілген зерттеу жұмысының мақсаты педагогикалық жоғары оқу орны мен Республикадағы НЗМ-нің инновациялық ынтымақтастық байланысы негізінде білікті педагогикалық кадрларды дайындауда жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау, әдістемесін жасау болатын.

Жобаны жүзеге асыру барысында 2015-2017 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық институты орта арнаулы білім беру базасында оқу мерзімі үш жыл болатын жеделдетілген оқу топтары түгелдей және төмендегідей педагогикалық мамандықтар дуалды оқыту жүйесіне эксперименттік режим тұрғысынан көшірілді.

2015-2017 оқу жылдарында Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде дуалды оқыту жүйесіне эксперименттік режим тұрғысынан өткен барлық мамандықтарда білім сапасы мен оқыту сапасы айтарлықтай өсті, Жоба өз нәтижесін берді. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, дуалды білім беру процесі қоғамның білім саласындағы потенциалын сақтайды және білікті жұмыс орындарына деген білім алушылардың ынтасын жоғарылатады.

Дуалды білім берудің еуропалық тәжірибесін ғылыми зерттеуде тек еуропалық әріптестердің жеткен жетістіктерін ғана талдап қоймай, қазіргі жаңа уақытта өндіріс пен мектептерді кооперациялауда туындайтын мәселелер мен қиындықтарды жеңу тәсілдері мен тетіктерін зерттеу мүмкіндіктеріне қол жеткізу қажет.

2018-2019 оқу жылынан бастап Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде жаратылыстану мамандықтарын дуалды оқыту жүйесін көшіру бойынша қанатқақты жоба жүзеге асырылмақшы.

Ұсынылып отырған Жобаның артықшылықтары:

Біріншіден, Республикада алғаш рет педагогикалық ЖОО-да жаратылыстану бағытындағы мамандықтар дуалды оқыту жүйесіне көшірілмек.

Екіншіден, тұңғыш рет педагогикалық ЖОО-да дуалды оқыту жүйесі негізінде жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде бере алатын мамандар дайындалмақ.

Үшіншіден, ҚР-да педагогикалық ЖОО-да жаратылыстану бағытындағы мамандықтарды дуалды оқыту жүйесіне көшірудің тұжырымдамасы мен білім беру бағдарламалары жасалынады. Оқу бағдарламасы жұмыс берушілердің тапсырысымен және қатысуымен жасалады.

Төртіншіден, Қазақстандық және Еуропалық білім беру интеграциясы аясында ҚР-да дуалды оқыту жүйесін ендіру негізінде жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрлар дайындалады. Қазақстандық дуалды білім беру бағдарламалары Еуропалық дуалды білім беру бағдарламаларымен сәйкестендіріледі.

Бесіншіден, арнайы таңдау және әдістемелік пәндердің оқытушылары және кәсіптік оқытудың шеберлері әлеуметтік серіктестіктердің өндірістік мекемелерінде ғылыми тағылымдамадан өте алады; семинар, шебер-сыныптарға, кәсіби шеберлігін сынайтын бақылауларға қатысып, өздерінің біліктіліктерін көтере алады; жаңа заманауи құралдар мен инновациялық технологияны шебер меңгереді.

Алтыншыдан, Қазақстандық ЖОО (Тараз мемлекеттік педагогикалық институты) мен шетелдік серіктес ЖОО (Германияның Лейпциг университеті) арасында инновациялық ынтымақтастық байланыс орнайды:

- Қазақстандық ЖОО мен шетелдік серіктес ЖОО оқытушылары арнайы пәндер бойынша дуалды оқу бағдарламаларын бірлесіп дайындайды;

- болашақ педагогтар практикадан өту кезеңінде өндірістің (жалпы орта білім беретін мекемелердің) шынайы жұмыс жағдайымен танысуға және шетелдік серіктес ЖОО оқу базасымен салыстыруға, зерттеуге, үйренуге толықтай мүмкіндік ашылады;

- әлеуметтік шетелдік серіктес ЖОО Қазақстандық ЖОО әдістемелік көмек көрсетеді, мамандарды дайындау сапасын анықтауға және мамандық бойынша біліктілік беретін қорытынды аттестаттауға қатыса алады.

- шетелдік серіктес ЖОО әртүрлі семинар, шебер-сыныптар, дөңгелек үстелдер және т.б. ұйымдастырады.

- ЖОО-да практика мен әдістемелік пәндер өндірісте (жалпы орта білім беретін мекемелерде) өткізіледі, жұмыс берушілер осы кезеңде болашақ педагогтардың кәсіби білімі мен дағдысын бағалай алады.

Жетіншіден, өндірістік оқыту базасында немесе шетелдік серіктес ЖОО-да болашақ педагог кәсіби біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді арнайы курстарына қатысып, соңында емтихан тапсырады. Емтиханды өндіріс өкілі, білім беру саласының өкілі және тәуелсіз сарапшы қабылдайды. Емтиханды табысты аяқтаған болашақ педагогқа куәлік (сертификат) табыс етіледі және өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге құқық беріледі.

Қазақстан Республикасында жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаратылыстану бағытындағы мамандықтарды дуалды оқытуды жүйесіне көшіру жағдайында «ЖОО-МЕКТЕП – НЗМ – СЕРІКТЕС (ШЕТЕЛДІК) ЖОО» интегративті байланысын орнату үшін ТарМПИ базасында «Дуалды білім беру» орталығы ашылады, серіктес шетелдік ЖОО ретінде Германияның Лейпциг университетінде «Дуалды білім беру» кафедрасы ашылады, дуалды оқыту базалары болып табылатын өндірістік оқыту орындарында (жалпы орта білім беретін мекемелерде) - МЕКТЕП – НЗМ базаларында маман дайындайтын кафедралардың «Дуалды оқыту» кафедралары ашылады. Жобаға қатысушы жаңашыл педагогтар Германияның Лейпциг университетінде дуалды білім беру бойынша ғылыми тағылымдамадан өтеді, Қазақстан Республикасында үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін тиімді ендіру және жүзеге асыруда танымал шетелдік ғалымдармен бірлескен инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

ҚР-да жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаратылыстану бағытындағы мамандықтарды дуалды оқытуды жүйесіне көшіру үшін 2+1+1 білім беру бағдарламасы жасалынады. Болашақ педагогтар жоғары білім берудің бакалавр деңгейінің 1-2 курстары теориялық білім алуға, 4 курс толықтай практикаға арналады және 3 курстағы кәсіби біліктілікті қалыптастыратын арнайы және әдістемелік пәндер өндірістік оқыту орындарында (жалпы орта білім беретін мекемелерде), яғни МЕКТЕП – НЗМ базаларында өткізіледі, сонымен бірге арнайы және әдістемелік пәндерді «Дуалды оқыту» кафедраларының мүшелері - МЕКТЕП – НЗМ-нің жаңашыл, тәжірибелі мұғалімдері жүргізеді.

ҚР-да жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаратылыстану бағытындағы мамандықтарды дуалды оқытуды жүйесіне көшіруге арналған ұсынылатын баламалы білім беру бағдарламасы:

ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ



Жобада дуалды оқыту жүйесі бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекет – Германияның инновациялық іс-тәжірибесін ҚР педагогикалық білім беру жүйесінде үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда ұтымды пайдалану жолдары қарастырылады.

Жобаға дуалды білім беру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын Германияның Лейпциг университетінің PhD докторы, профессор Konrad Reschke және PhD докторы, профессор Alena Garber тартылады.

Лейпциг университетінде ашылатын «Дуалды білім беру» кафедрасында ғылыми тағылымдамадан өткен Жоба құрамының мүшелеріне - Қазақстандық ғалымдарға әлемдік үлгідегі дуалды білім бойынша біліктілік сертификатын беріледі.

Жобаға тікелей қатысатын Германияның Лейпциг университетінің PhD докторы, профессор Konrad Reschke және PhD докторы, профессор Alena Garber Жоба аясында (2-ші жылы) ТарПМИ базасында ашылатын «Дуалды білім беру» орталығына физика-математика бағытындағы мамандықтардың студенттеріне кәсіби пәндерден дәріс оқуға және шебер-сыныптар беруге шақыртылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» / Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018.
2. Сағадиев Е.К. Маңызды міндеттер байыпты шешілуі тиіс / Егемен Қазақстан, 15 наурыз 2018 ж.
3. Бұзаубақова К.Ж. Жоғары оқу орындарындағы дуалды білім беру жүйесінің ерекшеліктері: Қазақстан және Германия, Ресей тәжірибелері. Монография. – Тараз: ИП «Бейсенбекова А», 2016. – 156 б.

ӘОЖ 37.0(075.8)

МРНТИ 14.35.07

К.Ж. Бұзаубақова¹

¹п.ғ.д., профессор, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз қ., Қазақстан

ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҮШТІЛДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде Қазақстан Республикасында жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендірудің алғы шарттары, дуалды оқыту жүйесінің мақсаты, міндеттері, дуалды білім беру жүйесінің негізгі артықшылықтары, ерекшеліктері айқындалады және жоғары оқу орны (дуалды білім беру орталығы) – жұмыс беруші (дуалды оқыту базасы) – серіктес ЖОО (дуалды білім беру базасы) үштілі білім беру триадасының негізінде дуалды білім беруге қатысушылардың (болашақ үштілді педагог - жұмыс беруші - мемлекет) құзіреттерінің басым бағыттары ашылады.

Сондай-ақ, мақалада Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің дуалды оқыту жүйесі негізінде жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда жүргізіп жатқан эксперименттік жұмыстарының мазмұны анықталады.

Түйін сөздер: дуалды оқыту, дуалды оқыту базасы, дуалды білім беру орталығы, дуалды білім беру кеңістігі, болашақ үштілді педагог

Аннотация

Бузаубакова К.Д.¹

¹ д.п.н., профессор, Таразский государственный педагогический университет,
г. Тараз Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ВНЕДРЕНИЯ ДУАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПОДГОТОВКЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ ТРЁХЯЗЫЧНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ

В статье раскрываются предпосылки внедрения системы дуального обучения, ее цели, задачи, основные преимущества и особенности системы дуального образования при подготовке конкурентоспособных трёхязычных педагогических кадров в Республике Казахстан в рамках совершенствования системы высшего педагогического образования в условиях третьей модернизации Казахстана и раскрыты доминирующие направления полномочий участников (трехязычный будущий педагог-работодатель-государство) дуального образования на основе образовательной триады: высшее учебное заведение (центр дуального образования) - работодатель (база дуального обучения) – партнер ВУЗ (база дуального образования).

Наряду с этим, в статье нашли отражение содержание экспериментальных работ проводимых на основе системы дуального обучения в Таразском государственном педагогическом университете при подготовке конкурентоспособных трехязычных педагогических кадров.

Ключевые слова: Дуальное обучение, база дуального обучения, центр дуального образования, траектория дуального образования, трёхязычный будущий педагог.

Данная статья опубликована за счет ГФ АР05134826 «Совершенствование системы высшего педагогического образования в условиях третьей модернизации Казахстана: пути внедрения и реализации системы дуального обучения при подготовке конкурентоспособных трёхязычных педагогических кадров в Республике Казахстан».

Abstract

K.Buzaubakova¹

¹*Doctor of pedagogical sciences, professor, Taraz state pedagogical university,
Taraz city, Kazakhstan*

FEATURES OF THE IMPLEMENTATION OF THE DUAL TEACHING AT THE PREPARATION OF COMPETITIVE TRILINGUAL PEDAGOGICAL STAFF

In this article are considered some initial directions of implementation of a system of dual teaching in preparation of competitive trilingual pedagogical staff in the Republic of Kazakhstan in improvement of a system of higher pedagogical education on a base of the third modernization of Kazakhstan, aims, tasks of dual teaching, the main advantages of a system of dual teaching and some base directions of competence (future trilingual teacher-employer, state) of participants of dual education on a base of educational triad: higher educational establishment (center of dual education) - employer (base of dual teaching)-partner University (base of dual education).

Also in this article is defined the content of leading experimental works in preparation of trilingual pedagogical staff on a base of a system of dual teaching of Taraz state pedagogical university.

Key words: dual teaching, base of dual teaching, center of dual education, space of dual education, future trilingual teacher.

This article is published for bill АР05134826 “Improvement of the system of higher pedagogical institution of the third modernization of Kazakhstan: the ways of introducing and implementing the dual training system in the preparation of competitive trilingual pedagogical staff in the Republic of Kazakhstan.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бүгін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет.

Кәсіптік білім беру жүйесінде экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындауға ден қою керек. Ол үшін кәсіптік стандарттар еңбек нарығының талаптарына және ең үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес жаңартылуы қажет.

Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылады. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі қажет» - деп атап көрсеткендей, жоғары білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігі туындауда [1, 1 б.]

Қазақстанның жоғары мектебі дүние жүзілік білім деңгейіне жетуге және бірыңғай білім беру кеңістігіне еруге ұмтылуы керек. Алға қойған мақсаттарға жету механизмі Болондық процестің өлшемдерін орындау болып табылады.

Жоғары педагогикалық оқу орындарында инновациялық білім мен технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық біліктілік деңгейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруға қабілетті креативті педагог даярлау мәселесіне жаңа тұрғыдан қарауды талап етеді.

Қазіргі кезеңде бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында дуалды оқыту жүйесін енгізу қажеттілігі туындауда.

Тез өзгермелі жаңа ғасырда мемлекеттің даму жоспарына, сондай-ақ тұтастай білім беру жүйесіне, жекеленген ЖОО өмір ұдайы өзгерістер енгізеді.

Осыған байланысты әрбір білім беру мекемелері қоршаған орта (еңбек нарығы, серіктестік және т.б.) мен өзгермелі жағдайға қатысты үздіксіз білім платформасын толықтырып отырады.

Әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін педагогикалық білім беру жүйесіне дуалды оқытуды ендіру қажеттілігі туындауда. Дуалды оқыту барысында теорияның практикамен ұштастырылуы жүзеге асады. Дуалды оқыту алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі әлемдік тәжірибеде дәлелденген (Германия, Австрия, Швейцария және т.б.).

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті 2015 жылдан бастап дуалды оқыту жүйесі негізінде педагог кадрларды дайындауды жүзеге асыруда. Осындай өзекті мәселені шешу үшін Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: педагогикалық кадрларды дайындауда педагогикалық жоғары оқу орны мен Тараз қаласындағы НЗМ-нің инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асыру» қанат қакты жобасы қолға алынды.

Бұндағы негізгі мақсат – еңбек нарығында сұранысқа қажетті мамандықтарды анықтау. Дуалды оқыту жүйесі мен жоғары мектептегі дәстүрлі оқыту жүйесінің арасындағы айырмашылық практика және теорияны интеграциясы болып табылады.

2015-2016 оқу жылында Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде дуалды оқыту жүйесіне эксперименттік режим тұрғысынан төмендегідей мамандықтар көшірілді: 5В010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу; 5В010500–Дефектология; 5В010800–Дене шынықтыру және спорт; 5В012000–Кәсіптік оқыту; 5В042100–Дизайн.

Болашақ педагогтарды кәсіби дайындаудың практикалық бөлігі (кәсіби пәндерді оқыту әдістемесі) «Тараз-Арена» жаңа спорт сарайында, «Аспара» колледжінде, «Асыл Дизайн» сән үйінде, балалардың шығармашылық даму орталығында және №33 «Айсәуле» балабақшасы, №35 «Ертөстік» инновациялық бала бақшаларында және Тараз қаласында Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткізілуде.

Дуалды білім беру жүйесі – оқу орындарындағы оқытуды өндірістік іс-әрекетпен ұштастырып қарастыратын білім беру жүйесі.

2018 жылдан бастап Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде «Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру және жүзеге асыру жолдары» қанатқакты жобаны жүзеге асыруда.

Жобаның мақсаты – Қазақстанның үшінші жаңғыруы аясында жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде Қазақстандық және Еуропалық білім беру интеграциясы аясында ТарМПИ мен Германияның Лейпциг университетінің инновациялық ынтымақтастық серіктестігі негізінде жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін ендіру және жүзеге асырудың теориялық негіздерін айқындау, жолдарын анықтау, әдістемесін жасау.

ҚР-да жаһандық бәсекеге қабілетті үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін тиімді ендіру және жүзеге асыруда шетелдің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу мақсатында «ЖОО – дуалды оқыту базасы-серіктес шетелдік ЖОО» интегративті байланысын орнату үшін ТарМПИ базасында «Дуалды білім беру» орталығы ашылады, серіктес ЖОО ретінде Германияның

Лейпциг университетінде «Дуалды білім беру» кафедрасы ашылады. Жобаға қатысушы жаңашыл педагогтарға Германияның Лейпциг университетінде дуалды білім беру бойынша ғылыми тағылым-дамадан өтуге мүмкіншілік туады, Қазақстандық ғалымдар үштілді педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды оқыту жүйесін тиімді ендіру және жүзеге асыруда танымал шетелдік ғалымдармен бірлескен инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

2018-2019 оқу жылынан бастап Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде 5B011200–Химия мамандығы эксперименттік негізде дуалды оқыту жүйесіне көшірілмекші. Қазірдің өзінде дуалды оқыту базаларымен және серіктес шетелдік жоғары оқу орнымен келісім-шарттар жасалынды.

Дуалды оқытудың мақсаты:

1. Нарықтың сұранысына сай әлемдік деңгейде білім бере алатын үштілді педагог кадрларды дайындау
2. Педагогикалық білім беруді ұйымдастыруда оқу процесіне оқытудың заманауи педагогикалық технологияларын ендіру.
3. Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесін дамыту.
4. Педагогикалық мамандықтардың кәсіби стандарттарын дайындау, өңдеу, жетілдіру.

Дуалды оқытудың міндеттері:

1. ҚР-ның экономикалық стратегия және инновациялық дамуына сәйкес еңбек нарығы қажеттілігіне қарай үштілді педагогикалық кадрларды дайындауды жетілдіру.
2. Еңбек нарығы мен қазіргі жалпы орта білім беретін мекемелердің қажеттілігін қанағаттандыратындай үштілді педагогикалық кадрларды кәсіби дайындайтын және қайта дайындайтын оқу орындарының көпбейінді және көпқызметтік желілерін дамыту.
3. Қазақстанның Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері аясында үштілді педагогикалық кадрлардың жоғары кәсіби шеберлігі мен ұтқырлығын қамтамасыз ететіндей кәсіби дайындау және қайта дайындау жүйесінің оқу білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын сапалы жаңарту және өзгерту.
4. Мамандарды кәсіби дайындау мен қайта дайындауда білім беру ұйымдарын кадрлармен, ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуде қолайлы жағдайлар жасау.

Оқытудың дуалды жүйесінің ерекшеліктері:

Біріншіден, түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші жоғары, себебі олар толықтай дерлік жұмыс берушілердің сұраныс-талаптарын қанағаттандырады. Оқыту барысында өндірістік мекеме өзіне қажетті мамандарды «тапсырыс» бойынша дайындайды.


Екіншіден, білім алушыда жоғары мотивация болады. Болашақ маманның жаңа психологиясы қалыптасады. Болашақ педагогтарда әуелі өндіріске жұмысшы ретінде тіркелгеннен кейін, басқаша көзқарас пайда болады, оларда өз мамандықтарына деген үлкен қызығушылық пайда болады.

Үшіншіден, «практикадан теорияға» принципі жүзеге асады: студент көп уақытын теориялық материалға емес, өндірістік (педагогикалық) жағдаяттарға арнайды.

Төртіншіден, үштілді педагогикалық мамандарды дайындау сапасына бағаны жұмыс берушілер береді. Жұмыс берушілер болашақ маманның дайындық деңгейін тікелей шынайы педагогикалық процесс жағдайында бағалауға мүмкіндік алады.

Бесіншіден, үштілді педагогикалық мамандарды дайындауда оқытудың дуалды жүйесін ендіру нәтижесінде жоғары оқу орны қазіргі мектептің сұранысына сай келетін жаңа оқу бағдарламасын жасайды, өз

Сурет-1. Дуалды білім жүйесіндегі біртұтас беру кеңістігі



әлеуетін дамытады, біліктіліктерін бұл өз кезегінде педагогика-лық дайындау сапасын оқу орнының бәсекеге арттырады. [2, б.95]

Дуалды білім беру айрықша: жұмыс беруші жұмысқа орналастырып қана қоймайды, сонымен бірге оқу процесін нәтижелі өтуін қамтамасыз етеді. Білім алушы оқу уақытының 60-75% өндіріс орнын-да өткізеді, практикалық білім мен дағды жинақтайды. Оқу орны қажетті теориялық білім мен негізгі практикалық білімді ғана (оқу уақытының 25-40%) береді.

ЖОО-ның оқу мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті оқу стандарты анықтайды. Білім беру процесінің барлық құраушылары бір жазықтықта орналасады. Оқу орны – жұмыс беруші (өндіріс орны) – оқу-әдістемелік орталық (ОӘО) үштігі бірігіп, біртұтас білім беру кеңістігін құрайды (1-сурет).

Дуалды білім беру жүйесінің негізгі артықшылықтары:

- 1) Дуалды білім беру бағдарламалары үштілді педагогикалық кадрларды дайындау тиімділігін арттыруда қосымша мүмкіндіктер ашады.
 - 2) Кәсіби білім берудің диверсификациясын қамтамасыз етеді, яғни ұсынылатын кәсіби бағдарламаның аясын кеңейтеді.
 - 3) Болашақ педагогтың жан-жақты кәсіби дамуына ықпал етеді.
 - 4) Кәсіби білім беруді сапалы өзгеріске әкелетін әртүрлі жүйенің (ғылым және білім беру, ғылым және өндіріс, жоғары оқу орны мен серіктес оқу орны және т.б.) өзара ынтымақтастық байланысын, өзара ықпалын, өзара әсерін қамтамасыз етеді.
 - 5) Жұмыс берушілер білім беруге өз қаражаттарын мақсатты түрде құйғаны тиімді, себебі «шығуда» олар өз өндіріс мекемесінің ерекшеліктерімен таныс үштілді дайын маманды алады.
 - 6) Дуалды білім беру жүйесінде болашақ педагогтар тек кәсіби педагогикалық тәжірибені алып қана қоймайды: білім алушылар қатаң тексерістен өтеді, өндіріс жағдайында, «шынайы өмір» жағдайында өз ұстанымдарын дәлелдеуді үйренеді.
 - 7) Оқуды бітіргеннен кейін үштілді дайын кадрлар бірден өндіріске тартылады, кәсіби бейімделу қажеттілігі керек болмай қалады.
- 1-кестеде дуалды білім беруге қатысушылардың құзіреттері ашылды.

Кесте-1. Дуалды білім беруге қатысушылардың құзіреттері

Болашақ үштілді педагог	Жұмыс берушілер	Мемлекет
<ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық іс-әрекетке қажетті кәсіби дағды мен біліктілікті игереді • Кәсіби білім алу кезеңінде еңбек жалақысын алады 	<ul style="list-style-type: none"> • Жаңартылған білім беру мазмұнына сай қажеттілікті қанағаттандыратын құзіретті мамандарды жұмысқа қабылдайды 	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғам мен экономиканың дамуында дуалды кәсіби білім беруге оң қолдау көрсеткені үшін экономикалық артықшылықтарға ие болады • Дуалды оқыту негізінде маманға қажеттілікті (сұранысты) жабады

<ul style="list-style-type: none"> • Білім беру мекемелерінде шынайы педагогикалық процесс жағдайында білім алады • Педагогикалық мамандық-тың қыр-сырын меңгереді. • Педагогикалық құзыреттілікті меңгереді 	<ul style="list-style-type: none"> • Білім беру сапасы артады • Көп ұзамай өздерінің қаржы бөліп көрсеткен білім беру қызметтерінің нәтижесін көреді • Кәсіби дуалды білім беру бағдарламаларын дайындауға қатысады 	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіби білім беру жүйесін жоғары деңгейде жетілдіру қабілетіне ие болады • Кәсіби білім беруді тиімді басқарады және оның сапасын қамтамасыз етеді • Еңбек нарығы мен экономика бойынша ақпаратты дер кезінде ала алады
---	--	---

Жұмыс беруші мен болашақ педагогтың өзара қарым-қатынасы келісім шартпен, ал жұмыс беруші мен оқу орнының өзара қарым-қатынасы білім беру стандартымен реттеледі. Әрбір қатысушының өз міндеттері қарастырылған: оқу орны білім алушыға қажетті теорияны береді, жұмыс беруші оны практикамен бекітеді, Дуалды білім беру орталығы тиімді әдістемені жасап ұсынады. Болашақ педагог оқытушы-жұмыс беруші-әдіскер біртұтас үштіктің арқасында сапалы жаңа сатыға көтеріледі.

Дуалды оқыту базасы тарапынан білім беру кеңістігі болашақ педагогтың жоғары оқу орны - серіктес жоғары оқу орны - дуалды білім беру орталығы жазықтығында практикалық білім және дағдыны меңгеруді қамтиды.

Дуалды білім беру орталығы жоғары оқу орны тарапынан болашақ педагогты меңгеруге міндетті теориялық біліммен қамтамасыз етеді.

Дуалды оқыту базасы болашақ педагогты меңгеруге тиісті практикалық дағдыны меңгеруге машықтандырады және жоғары оқу орнын қажетті оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орны – жұмыс беруші – Дуалды білім беру орталығы үштігі білім беру пирамидасының негізін құрайды. Осы біртұтас үштікті біріктіретін басты құжат – кәсіби стандарт. Кәсіби стандарт жұмыс берушінің, мемлекеттің, болашақ педагогтың қызығушылықтарын толықтай қанағаттандыруы тиіс.

Педагогикалық жоғары оқу орнына дуалды оқыту жүйесін ендірудің алғашқы қадамдары жасалуда.

Дуалды оқытудың мақсаты – студенттердің теориялық және практикалық құзыреттілігін қалыптас-тыру, оған танымдық және кәсіби іс-әрекетте оны белсенді қолдана алатындай етіп көмектесу.

Білім алушы мен оқытатын өндіріс мекемесімен дуалды кәсіби білім беру бойынша келісім шарт жасасқаннан кейін дуалды кәсіби білім беру жүзеге асырылады. Қатысушылар дуалды кәсіби білім беруді қолдайды және оның сапасын қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орындарындағы **серіктес ЖОО кәсіби білім беруде үшжақты келісім шарт жасасу негізінде (ЖОО - дуалды оқыту базасы - серіктес ЖОО) дуалды оқыту жүйесін енгізу арқылы жүзеге асыруға болады.**

Дуалды білім берудегі серіктестіктердің өзара іс-әрекетінің негізгі бағыттары:

- 1) жұмыс берушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, типтік оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын жасауға қатыстыру;
- 2) білім алушылардың кәсіби практикасын ұйымдастыруда өндірістің технологиялық базасын пайдалану;
- 3) мамандарды дайындауда өзара іс-әрекеттілікті дамыту және жұмысқа орналастыруда ықпал ету;
- 4) еңбек нарығын мамандықтың кәсіби біліктілік талаптарына сәйкес жоғары білікті мамандармен, жұмысшы кадрлармен қамтамасыз ету;
- 5) оқыту процесіне экономиканың қажетті саласындағы кәсіби іс-әрекетте тәжірибесі бар мамандарды тарту;
- 6) білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізуде, мамандарды дайындау сапасына бақылауды ұйымдастыруда тікелей атсалысу;
- 7) Білім беруді дамытуда жұмыс берушілердің қаржысын тарту.

Дуалды оқыту болашақ мамандарды кәсіби және әлеуметтік бейімдеу бойынша білім беру мекеме-лері мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз ынтымақтастықтың нәтижесі болып табылады.

Қазақстанның жоғары мектебі әлемдік білім деңгейіне жетуге және бірыңғай білім беру кеңістігіне енгуге ұмтылуы керек. Жоғары педагогикалық оқу орындарында инновациялық білім мен технологияны меңгерген, ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасқан, кәсіби-педагогикалық біліктілік дең-

гейі, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, рухани тұрғыдан дамыған, білім беру саласындағы инновациялық процестерді жүзеге асыруға қабілетті креативті үштілді педагог даярлау мәселесіне жаңа тұрғыдан қарауды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы.-Астана, 2016.
2. Бұзаубақова К.Ж. Жоғары оқу орындарындағы дуалды білім беру жүйесінің ерекшеліктері: Қазақстан және Германия, Ресей тәжірибелері. Монография. –Тараз: ИП «Бейсенбекова А», 2016. –156 б.

МРНТИ 14.35.07

A.A. Zhamaliyeva¹, T. A. Kulgildinova²

¹2nd year PhD student of the specialty 6D060119 – Foreign language: two foreign languages, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

²doctor of pedagogical sciences, professor of Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

CONTEXTUAL-SECTORIAL-BASED APPROACH TO FOREIGN LANGUAGE TRAINING OF STUDENTS OF NON-LINGUISTIC SPECIALTIES

Abstract

Бұл мақалада жаһандану мәселелері қарастырылады. Бұл, өз кезегінде, экономикалық, саяси, мәдени және ақпараттық байланыстардың өзара алмасуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, жоғары білім беру педагогтарының кәсіптік даярлығы сапасын жүйелендіру мәселелерін шешу қажет. Экономикалық жаһандану үдерісі және әлемдік білім кеңістігінде қазақстандық білім берудің интеграциясы ерекше маңызды. Ғаламдық білім адамның әлемге кіруіне ықпал етеді. Бұл қазіргі заманғы экономикалық, мәдени, әлеуметтік және басқа деңгейлерде адамның үйлесімді интеграциясының негіздерінің бірі. Сондай-ақ, оның міндеті әлемді тану үшін мүмкіндіктерді кеңейтуді, өз елінің басқа елдермен өзара әрекеттесу механизмдерін түсінуді, елдің әлемдік қауымдастықта алатын орнын түсінуді қамтиды.

Мақалада біздің өткеннің тарихи дамуына қысқаша талдау бар. Адамның қазіргі заманғы моделі мен тұлғаны тәрбиелеу мәселесі әрдайым күн тәртібінде болғанын атап өтуге болады.

Түйін сөздер: кәсібилік, мұғалімнің қалыптасуы, білім беруді интеграциялау.

Аннотация

Джанбубекова М.З.¹

*¹д.п.н., и.о.профессора Государственного университета имени Шакарима
г. Семей, Казахстан*

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ФОРМИРОВАНИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

Данная статья отражает вопросы глобализации. Которые в свою очередь обеспечивают взаимобмен экономических, политических, культурных и информационных связей. Также отмечает, что необходимо решить проблемы систематизации осуществления качества профессиональной подготовки педагогов высшей школы. Особое значение имеет процесс экономической глобализации и интеграции образования Казахстана в мировое образовательное пространство. Глобальное образование способствует вхождению человека в мир. Является одним из основ гармоничного интегрирования человека в систему взаимосвязи на современном экономическом, культурном, социальном и других уровнях. Также в его задачи входят расширение возможностей познание мира, осознание механизмов взаимодействия своей страны с другими странами, понимание занимаемого места страной в мировом сообществе.

В статье проведён небольшой анализ исторического развития нашего прошлого. Можем отметить, что проблема личности и воспитания современной модели человека всегда были на повестке дня.

Ключевые слова: профессионализм, становление педагога, интеграция образования.

Abstract

M.Z. Dzhanbubekova¹

*¹doctor of pedagogical sciences, ass. professor of Shakarim university
Semei city, Republic of Kazakhstan*

PROFESSIONAL FORMATION OF THE TEACHER OF THE HIGHER SCHOOL

This article reflects the issues of globalization. Which, in turn, ensure the interchange of economic, political, cultural and information ties. Also notes that it is necessary to solve the problems of systematization of the implementation of the quality of vocational training of teachers of higher education. Of particular importance is the process of economic globalization and integration of Kazakhstan's education in the world educational space. Global education facilitates the entry of man into the world. It is one of the foundations for the harmonious integration of man into the system of interconnection at the modern economic, cultural, social and other levels. Also, his tasks include expanding the opportunities for cognition of the world, understanding the mechanisms of interaction of his country with other countries, understanding of the place taken by the country in the world community.

The article contains a brief analysis of the historical development of our past. We can note that the problem of personality and upbringing of the modern model of man has always been on the agenda.

Key words: professionalism, the formation of a teacher, the integration of education.

Жылдам даму мен жаһандық инновациялар адамның әрекеті мен қарым-қатынасы үшін жаңа мақсаттар қояды. Жоғары мектептегі мұғалімнің кәсіби дамуы негіздері әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу мақсатымен жүзеге асырылады, ол әлемдегі оқыту мазмұнын зерттеу арқылы жүзеге асырылады, білім беру мен тәрбиелеу интеграциясы және әлемдік білім беру технологияларын қолдану.

«Жаһандану» кең таралған, полисемантикалық термин, Экономикалық, саяси, мәдени және ақпараттық байланыстардың өзара алмасуын қамтамасыз ету түрлі факторлардың өзара байланысты процестері халықаралық деңгейде өзара байланысты. Экономикалық жаһандану үрдістері мен қазақстандық білім беруді әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау аясында жоғары білім беру педагогтарының кәсіби білім сапасын жүйелендіру мәселелерін шешу қажет. Осылайша, ғылым мен білімнің жаңа формалары әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға бағытталған. Ғалым Лысенконың айтуы бойынша, ғаламдық білім адамның адам әлеміне енуіне ықпал етеді, адамның қазіргі замандағы экономикалық, мәдени, әлеуметтік және басқа деңгейлердегі өзара байланыстың жүйесіне гумариялық интеграциясының негізі болып табылады, Оның міндеті әлемді тану үшін мүмкіндіктерді кеңейтуді, өз елі мен басқа елдердің өзара әрекеттесу тетіктерін түсінуді, әлемдік қоғамдастықтың елін қабылдаған орынды түсінуін, әлемді басқа халықтардың көзімен көруге әсер етеді [1].

В.Кукушкин жаһандық білім қазіргі заманғы педагогикалық теория мен практиканың даму бағыттарының бірі болып табылады деп санайды, бұл белсенді жаһандық дағдарыс жағдайында адамды дайындау қажеттілігіне негізделген ауыспалы әлем.

Қазіргі таңда әлемдік білім беру педагогикалық және практикалық теорияны дамытудың болашақ бағыттарының бірі бола отырып, студенттің саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да шешімдерге толы заманауи, жиі ауысып бара жатқан әлемге бейімделуіне мүмкіндік береді. Осылайша, білім беру мен тәрбиелеудің интеграциясы, сондай-ақ әлемдегі алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды қолдану мүмкіндігі бәсекеге қабілетті маманға қатаң талаптар ретінде қарастырылады. Бұл орта мектеп мұғалімінің жемісті жұмысы үшін қажетті білім мен дағдылар сияқты кәсіби қасиеттер кешенін дамытумен тығыз байланысты.

Үшінші мыңжылдықтың болашақта орын алатын экологиялық, демографиялық, әлеуметтік және басқа да ғаламдық мәселелерді шешудің тиімді жолдарының бірі адам қызметінің барлық салаларында инновациялық технологияларды дамыту және енгізу болып табылады. Бұл проблемаларды шешетін факторлардың бірі - адами ресурстар - мамандардың жоғары кәсібилігі, адам шығармашылығын дамытудың заңдарын зерттейтін интегративті-комплекті акмеология ғылымының ажырамас рөлі болып табылады. Акмеологияның басқа әлеуметтік ғылымдармен өзара тәуелділігінің негізгі өзегі - шығармашылық. Санат құрамдас акмеологияны анықтайды және түсіндіреді: кәсібилік және басқа санаттар. Бұл мұғалімдердің кәсіби дамуы оның шығармашылыққа дайындығы, сондай-ақ кәсіби дағдыларды меңгеру, адамгершілік бағдарлау және жеке тұлғаның кәсіби дағдыларын жетілдірудің тұрақты себептері болып табылады.

Мұғалімнің шығармашылық қабілеті оның кәсіби дамуындағы негізгі кезең болып табылады, ол акмеологиялық мәселелерді шешуде ескерілуі керек [2].

Педагогикалық қызметтің биік деңгейіне жетелейтін негізгі баспалдақ - мұғалімнің кәсіби қалыптасуы. Кәсібилік бірден келмейтіні белгілі. Осыған байланысты А.К. Марков, келесі кезеңдерді сипаттайды.

- мұғалім мамандығына бейімделу кезеңі;
- мамандық бойынша өздігінен жүру кезеңі;
- маманды меңгеру кезеңі;

мамандығы бойынша шығармашылық деңгейін игеру кезеңі. Соңғы бесінші кезеңде өз шығармашылық зерттеулерімен тәжірибе жинақтайды.

Шығармашылық индикаторлары ретінде педагогикалық дағдылар, жаңашылдық, ғылыми-зерттеу және кәсіптік қасиеттер ретінде ғалым, мастер-мұғалім, инноватор педагог және білім беру - зерттеушінің деңгейлерін сипаттайды. Осылайша, кәсіби мұғалім әрдайым ақыл-ой дамуына ұмтылады. «Оқушыдан» келе жатқан жаңа адамды іздестіруде бұл оқушы үшін жасалады. Осыған байланысты, білімдердің, дағдылардың және қабілеттердің негізінде шеберліктің пайда болуы - кәсіби деңгейдің ең жоғары деңгейі. Педагогикалық білім беру, яғни өз ісінің шебері болу, білім беру мен тәрбиелеудің заңдылығын терең түсінуді, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға, оқушының дамуының нәтижелерін жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттырудың нәтижесі, өз кезегінде, маманның өз қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгенін білдіреді.

Педагогикада және психологияда, кәсіби жетілдіруге және кәсіптік шеберлікке бағытталған жұмыстарға ерекше назар аударылады. Себебі ресейлік ғалымдардың шығармашылығында адамның дамуы

оның қызметі арқылы айқындалады, адам өзінің мамандығының сәйкестігі және оның мамандығы бойынша жұмыс істеу қабілеті жағынан бағаланады деген пікір орын алады.

Г.А. Цукерман, Б.М. Мастерлер кәсіптік білім өзін-өзі дамыту көзі ретінде қарастырады. Бұл тандалған мамандықтың шеберлігі үшін кәсіби қажетті қасиеттер кешенін дамытуға байланысты. Кәсіби даму - бұл адамның өзі кәсібилігін анықтайтын одан әрі дамытудың мақсатты процесі.

Ғалымдар мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуға әсер етудің үш ықтимал бағытын атап өтеді. Біріншіден, тапсырыс беру аймағымен жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Олар екі бағыт бойынша дамып келеді - ықтимал іс-әрекеттердің бірі ретінде жұмысқа деген көзқарасты қалыптастыру; белгілі бір мамандыққа қызығушылықты дамыту арқылы жүзеге асырылады. Екіншіден, кәсіптік маңызды қасиеттерді дамытуға байланысты, ол, өз кезегінде, кәсіби ойлаумен және кәсіби құндылықтың зияткерлік қасиеттерін мақсатты түрде қалыптастырумен байланысты.

Үшінші бағыт кеңінен таралған, ол кәсіптік қызмет барысында белгілі бір жағдайға әсер ету арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ белгілі бір шешімдерді іске асыру арқылы кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді [3].

Сонымен, мұғалімнің кәсіби қалыптасуы үш тапсырмалардың жүйелік шешімі арқылы жүзеге асырылады:

- пәннің мемлекеттік стандарттарға сай оқыту; студенттер контингентінің қажеттілігі; пәндік білім берудің мақсатына және қажетті деңгейіне сәйкес кәсіптік қызметті дамыту;

- кәсіби-технологиялық тәсілді қалыптастыру; студенттерге өз мамандығын меңгеруге және олардың жеке қабілеттерін түсінуге қажетті шарттарды ұсынудың диагностикалық, сындарлы, ұйымдастырушылық және түзету міндеттерін шешу арқылы ұсыныстар мен объективті ұсыныстарды объективті ұсыну міндеттері қойылды;

- субъективті түрде жүргізілетін жағдайлар (өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі басқару және т.б.);

Мұғалімнің кәсіби дамуының негізгі функциясы оның қызмет ерекшелігі, қарым-қатынас сипаттамалары және шығармашылық дамуы. Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерді есепке алу кәсіби дамудың негізгі функцияларын тізімдеуге мүмкіндік береді: *мақсатты кәсіби даму, рефлексиялық, нормативтік, белсенді.*

Мысалы, мақсатты кәсіптік оқыту функциясы мұғалімнің кәсіби педагогикалық қызметін анықтайды. Осылай, кәсіби қалыптастыру өмірлік мақсаттар мен мүдделер жүйесін қалыптастырады.

Рефлексивті функция. Оны мұғалімдердің өздерін және қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған іс-әрекеттердің шығармашылық сипатында байқауға болады. Кәсіби даму себебін талдаудың тиімділігін арттырады, ол өзін-өзі зерттеу қабілеттілігін арттырады және қиын жағдайдағы өмірлік және педагогикалық тәжірибесін бағалау үшін оны қолдану жолымен жүзеге асырылады.

Рефлексия – бұл адамдағы нәрселерді білу ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі тану және іс-қимылға қабілетсіз мұғалімнің сапасын қалпына келтіру. Осы з феноменін зерттеген психологтар, жеке тұлғаның дамуымен қатар, олардың өмірлік белсенділігі мазмұнында әлеуметтік топтардың дамуына өте маңызды деп атаған. Біріншіден, рефлексия мазмұны мен қызмет әдістерін білудің тұтастық қабылдауына әсер етеді, екіншіден, ол өзінің өткен, қазіргі және келешектегі іс-әрекеттерін сын көзбен қарастыру мүмкіндігін береді, үшіншіден, мұғалім өз қызметінің субъектісіне айналады.

Белсенді әрекет функциясы. Ішкі өзгеріс ретінде нақты «Мен» мен мінсіз «мен» дегеннің негізінде қалыптасқан, кәсіби білім беру мұғалімнің белсенділігі мен қызметіне байланысты туындайды. Адамның басқа адамдармен және қоршаған ортаны өзара байланысы оның ішкі ортасын ғана емес, сонымен қатар семантикалық, құрылымдық және мазмұндық жағымен толықтыруға мүмкіндік береді. Өзара қарым-қатынас субъектінің күш-жігерін арттырады, эмоционалдық заряд береді, әлем бейнесін өзгертеді, олардың тиісті қабылдауын қамтамасыз етеді, Бұл кәсіби іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты, егер мұғалімнің дамуына жағдай болмаса, студенттің дамуы мүмкін емес. Өзін-өзі дамыту шарттары мұғалімнің өзі. Өзгелермен өзара әрекеттесу үшін өзін-өзі дамыту механизмі - мұғалім мен студенттің өзін-өзі дамытудың міндетті шарты болып табылады.

Нормативтік функция. Кәсіптік білім беру мұғалімнің қызметін теңдестіреді, педагогикалық ортада тұрақсыздықты тудыратын факторларды төмендетеді, құқықтық қатынастардың сақталуына жағдай жасайды. Нормативті функция формальды және бейресми жеке нормаларды сақтау кезінде, сондай-ақ кәсіби дамудың жоғары деңгейі бар адамдарда байқалады.

Кәсіби білім беру, мақсатты, рефлексиялық, нормативтік және белсенді қызметтің функциясымен тығыз байланыста болу - өзін-өзі дамыту жағдайларын қамтамасыз ететін жеке қасиеттерді бұзу үдерісі.

Функцияларды талдау кәсіби даму мазмұнын анықтау үшін жағдайлар жасайды. Афанасьев жеке элементтерге және олардың ерекшеліктеріне назар аудару керек деп санайды. Кәсіби даму өзін-өзі бағалау, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару сияқты компоненттердің өзара байланысын қамтиды. Өзіңіздің және өзіңіздің ұмтылыстарыңызды терең түсінбестен, өзіңіздің талпынысыңызды тиісті түрде бағаламай, өзіңіздің мүмкіндіктеріңізді дұрыс бағалайсыз, кәсіби мақсатыңыздың анықтығы жоқ, осы мақсатқа жету үшін тұтастық және жүйелік тәсіл жоқ [4].

Мұғалім ретінде өзін-өзі ақпараттандырудың жетіспеушілігі кәсіби өзін-өзі дамытуда кедергі болып табылады, өйткені мұғалім тек мұғалім ретінде өздігінен түсінеді және қабылдайды, өзінің ерекшеліктерінің жетіспеушілігін көреді, олар кәсіби құндылықтарға және әлеуметтік құндылықтардың талаптарына сай келмейтінін ескеру керек. Оның кәсіби қағидасын анықтаған мұғалім ғана осы іс-әрекетте кәсіби өзін-өзі дамыту тақырыбына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенбаева А.А., Атемова Қ.Т. Жогары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінде болашақ маманның тұлғалық сапаларын қалыптастырудың маңыздылығы. Конференция материалы. – Алматы, 2012.
2. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007. – 236 б.
3. Цукерман Г.А., Мастеров Б.М. Психология саморазвития. – М.: "Интерпракс", 1995.
4. Афанасьев В.Г. Общество: системность, познания и управление. – М.: "Политиздат", 1981.

УДК 378.2
МРНТИ 14.01.11

К.Т. Кожасмет¹, Джандильдинов М.К.², Жумалиева Р.З.³

*¹PhD, ректор, Сулейман Демирел атындағы университеті
²PhD, ассист. проф., Сулейман Демирел атындағы университеті
³PhD, қаумд. проф., Сулейман Демирел атындағы университеті
Алматы қ., Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ-ТҮЛҒАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ ТУРАСЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМДІК АППАРАТЫ

Аңдатпа

Мақалада Мемлекеттік барлығына міндетті білім беру стандарттарын және ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде бакалавриат бағдарламаларының студенттерінің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту деңгейін бағалаудың өлшемдік аппаратын дайындау мәселелері қарастырылған. Негізгі компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталған.

Түйін сөздер: өлшемдік аппарат, кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктер, студенттер

Аннотация

*К.Т. Кожасмет¹, М. К. Джандильдинов², Р.З. Жумалиева³
¹PhD, Ректор Учреждения «Университет имени Сулеймана Демиреля»
²PhD, ассистент профессор Учреждения «Университет имени Сулеймана Демиреля»
medet.jandildinov@sdu.edu.kz
³PhD, ассоциированный профессор Учреждения «Университет имени Сулеймана Демиреля»
г. Алматы, Казахстан*

КРИТЕРИАЛЬНЫЙ АППАРАТ ОЦЕНИВАНИЯ УРОВНЯ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У СТУДЕНТОВ

В данной статье на основе анализа Государственных общеобязательных стандартов образования и трудов ученых рассматриваются вопросы разработки критериального аппарата оценивания уровня

развития личностно-профессиональной компетентности у студентов программ бакалавриата. Определены основные компоненты, критерии, индикаторы и уровни развития данной компетентности.

Ключевые слова: критериальный аппарат, личностно-профессиональная компетентность, студенты.

Abstract

Kozhakhmet K.T.¹, Jandildinov M.K.², Zhumaliyeva R.Z.³

¹PhD, rector of Suleyman Demirel University

²PhD, assistant professor at Suleyman Demirel University

³PhD, associate professor at Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan

CRITERIAL APPARATUS FOR EVALUATING THE LEVEL OF STUDENTS PERSONAL AND PROFESSIONAL COMPETENCE DEVELOPMENT

The article based on the analysis of the State Obligatory Education Standards and the works of scientists considers the issues of the development of a criteria apparatus for assessing the level of undergraduate students' personal and professional competence development. The main components, criteria, indicators and levels of development of this competence are determined.

Key words: criteria apparatus, personal and professional competence, students.

Кез-келген саладағы маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің жалпыланған өлшемі болып, оның тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижелері қарастырылуы мүмкін екендігін басшылыққа ала отырып, болашақ мұғалімдерде қарастырылып отырған феномен өлшемдерінің, көрсеткіштерінің және деңгейлерінің дәлелдемесін педагогикалық еңбектің объективті және субъективті сипаттамаларының жүйесі арқылы жүзеге асырған орынды.

Бұл жағдайда объективтік сипаттамалар ретінде педагогикалық іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттері, оның құрылымы, педагогпен шешілетін мәселелер шеңбері және қалаулы нәтижеге жету мақсатымен орындалатын оның кәсіби қызметтері саналады.

Ғылыми әдебиет көздерінің талдауы педагог өз іс-әрекетінде студенттердің дамуындағы жас, жеке және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, нақты білім беретін, дамытушы және тәрбие беру мақсаттарын анықтайды, оқу сабақтары үшін материалды іріктейді, студенттерді кәсіби дайындаудың тиімді құралдарын, формаларын және тәсілдерін таңдайды, қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті психологиялық-педагогикалық және материалдық-техникалық шарттар жасайды, оқу үдерісінің барысын ұйымдастырады, білім алушылардың білім, білік, дағдыларын бақылауын және бағалауын мезгілімен өткізеді, алынған нәтижелерді түзетеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Педагогтың білім беру іс-әрекетінің ерекшелігі оның оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру үшін мүмкіндігінше оңтайлы немесе оңтайлыға жақын дидактикалық жағдайларды ұйымдастыруға және жасауға талпынатындығында. Сондықтан дидактикалық аспектіде оқу іс-әрекеті – ол студент іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатында педагогпен ұйымдастырылатын, әртүрлі кәсіби білім беру міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекет. Соның нәтижесінде студенттер білім, білік, дағдыларды игереді және өздерінің тұлғалық қасиеттерін дамытады.

Педагогтың жоғары оқу орнында дайындық кезеңіндегі кәсіби компоненті білім беру стандартының тиісті нормативінде көрсетілген [1].

Педагогикалық еңбектің субъективтік жағы педагогтарға кәсіби қызметтерін атқаруға қажетті рөлдік-әрекеттік сипаттамалар және субъективтік-әрекеттік сапалар арқылы беріледі. Бұл, алдымен:

- тәжірибе қажет ететін жалпы және кәсіби компоненттерден құралатын педагог еңбегінің барлық қырлары жөніндегі объективтік қажетті мәліметтер ретіндегі кәсіби білімдер. Олар кәсіби икемдерді, дағдыларды, өзіндік психологиялық қасиеттерді, таңдалған модельді жүзеге асырудағы кәсіби ұстанымдарды, педагогикалық еңбектің нәтижелеріне жетудің алгоритмі мен технологияларын қалыптастырудың негізін құрайды;

- білім беру үдерісіндегі міндеттер мен қызметтерді атқару үшін қолданылатын, педагогтың әрекеттері мен тәсілдері ретіндегі кәсіби икемдер мен дағдылар. Олар педагогикалық еңбек технологиясының тұтас жүйесінің бастапқы элементтері болып табылады;

- өзіндік психологиялық ерекшеліктер (қасиеттер) педагог психикасының барлық компоненттерінің – үдерістердің, қасиеттердің, күйлердің қалыптасқандығын білдіреді. Олардың сипаты жағдайлардың ерекшеліктерімен және кәсіби іс-әрекет факторларының әсерімен анықталады;

- педагогтың кәсіби ұстанымы – бұл оның тұрақты ұстанымы және бағдарлары, ішкі және сыртқы тәжірибенің, шынайылық пен келешектегі қатынастар мен бағалаулар жүйесі, сонымен қатар кәсіби іс-әрекетте жүзеге асатын (жүзеге аспайтын немесе жартылай жүзеге асатын) жеке талаптанулар. Олар жалпыәлеуметтік және кәсіби аспектілерді қамтиды.

Педагог еңбегінің көрсетілген сипаттамалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) негізінде педагогқа қойылатын талаптарға сәйкес пәндік мазмұмен толықтырылып отырады.

Білім беру бағдарламаларының талдауы көрсеткендей, МЖМБС пәндерінің пәндік блогында ұсынылған білімдер мен икемдер шашыраңқы болып қалуда және болашақ маманның тәжірибелік білім беру іс-әрекетінің тиісті міндеттерінің шешілуін қамтамасыз етпейді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, болашақ маманды дайындау үшін жүзеге асырылатын оқу бағдарламалары, студенттерде кәсіби маңызды икемдер мен дағдыларды және тұлға қасиеттерін дамытуға емес, алдымен оларды психологиялық-педагогикалық білімдер жиынтығымен қаруландыруға бағдарланған. Білім беру мекемелері теориялық дайындықтың жеткілікті (жақсы) деңгейін игерген, бірақ алған білімдерін іс жүзінде қолдануда едәуір қиындықтарға кез болатын білікті мамандарға ие болады.

Маманды дайындау мазмұнына оқу және кәсіби іс-әрекеттерінің психологиялық және дидактикалық тұрғыдан дәлелденген жақындасу қажеттілігі ықпал етеді. Мұнда теориялық білімдер маман үшін өзекті болып саналатын тәжірибелік міндеттер мен әрекеттерді шешу құралы болып табылады. Бұл жағдайда білімдер мен икемдердің жетілдірілуі іс-әрекет түртікісімен белсендендіріледі және тұлғалық мәнді бағытталған іс-әрекетті жетілдіруге деген дайындық түрінде көрсету формасын білдіреді.

Әдебиет талдауы және МЖМБС талаптары болашақ мұғалімдерді дайындау мазмұнында келесідей компоненттерді ұсынған орынды, деп көрсетті: *оқытудың мақсаттары мен міндеттерін қою дағдылары мен икемдеріне, оқу материалының мазмұнын таңдауға үйрету; оқу құралдарын, әдістерін және түрлерін қолдануды, педагог пен студенттердің дидактикалық өзара әрекеттестігін, аралық және қорытынды кері байланысты жоспарлауын; сонымен қатар өз іс-әрекетінің өзіндік талдауын және рефлексиясын жасай алуға үйрету.*

Болашақ мұғалімнің еңбегі білім алушыны бір күйден басқа күйге ауыстыру қажет болған жағдайда пайда болатын көптеген педагогикалық міндеттерді шешу үдерісі ретінде қарастырылады: оны белгілі білімге тарту, икемдер мен дағдыларды дамыту немесе бір білім беру жүйесін (қате қалыптасқан) икемдер мен дағдыларды басқасына қайта өзгерту. Бұл қалаған нәтижеге жетудің дұрысырақ тәсілін табуды талап етеді және көптеген шешімдерді болжайды. Осыған орай жоғары оқу орын оқытушысының негізгі міндеті болып, маман дайындаудың мазмұнын студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және қызығушылықтарын арттыру үшін міндеттер жүйесін құру және белгіленген бірізділікті сақтау міндеттер тіліне аудару болып табылады.

Осының барлығы студенттердің жеке білімдері мен икемдерінің бірігуін талап етеді. Осылайша, мысалы, оқу сабағын модельдеп өткізу үшін, пәннің мазмұнын білу ғана маңызды емес, сонымен қатар білімді ұйымдастырудың түрлі тәсілдерін игеру қажет, шешілетін оқу міндетіне сәйкес олардың түрлерін таңдай білу, білім алушылардың танымдық белсенділігіне түрткі болып, сүйемелдеу, сабақ барысын талдау және олардың нәтижесін бағалай алуы керек. Әрбір сабақтың өткізілуі педагогтың пәндік, педагогикалық, психологиялық, жалпымәдени, физиологиялық және басқа да білімдері мен икемдерінің ерекше бірігуін (синтезделуін) талап етеді. Білім беру мазмұнын пәндік құрылымдауда өкінішке орай қажетті бірігу бола қоймайды.

Тәжірибенің ұйымдастырылуы болашақ мамандарды дайындау талаптарына үнемі сай келе бермейді. Бір жағынан, ол өзімен, әдеттегідей, педагогикалық іс-шаралар тізімін білдіреді, бірақ олардың пайда болу тетіктері белгісіз, сондықтан да студенттерге түсініксіз болып қала береді. Бұл, бәлкім, педагогтың қызметтері мен іс-әрекетінің түрлері ашылмаған, оқыту және тәрбие беру үдерісінің ілгерінді қимылын қамтамасыз ететін дидактикалық шешімдердің нормативтік сипаттамалары белгіленбеген есеп беру сызбасы болар. Жеке қабілеттердің дамуын және студенттердің кәсіби іс-әрекет негізінде оқуын басқаруды оңтайландыру келешегі жөнінде айтпаса да. Тәжірибеден өту жерлерінде бірден оқу үдерісін жүзеге асыра алатын, кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің жоғары деңгейін көрсете отырып, кәсіби міндеттер шеңберін шеше алатын «мамандарды» күтеді. Білім беру мекемелерінде кейде студенттермен қосымша оқу сабақтарын ұйымдастыратын, олардың дайындықтарындағы олқылықтарды толықтыратын адам

болмайды және олардың қолдары да тие бермейді. Мұндай қарама-қайшылықтың шешімі студенттерді ЖОО-да теориялық дайындықтан тәжірибеге дайындаған кезде жүзеге асатын оқу бағдарламаларындағы назарға алып жасалатын өзгерістерден байқалады. Жоғары оқу орынның өзінде-ақ теориялық білімдерді мықты тәжірибелік базамен нығайту қажет.

Басқа жағынан алғанда, студенттерде теориялық білімдерді, икемдерді нақты міндеттерді шешудің құралы ретінде пайдалана алу тәжірибесінің жоқтығы олардың дайындық сапасының төмендеуіне, өз іс-әрекетімен қанағаттанбаушылыққа, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға талпыныстың жоқтығына және т.с.с әкеледі. Нәтижесінде ЖОО педагогикалық іс-әрекетке емес, тек оны меңгеруге дайын түлекке ие болады. Жас мамандарға бірнеше жыл бойы сынап көру жолымен және қателесу арқылы тәжірибе жинақтауға тура келеді, яғни әріптестерінің жұмыстарын бақылай жүріп, тәжірибелік іс-әрекеттің тәсілдерін жасау және меңгерулері қажет.

Демек, тәжірибелік іс-әрекет тәжірибесі, болашақ маманмен білім, біліктердің біріктіру тәсілдерінің меңгерілуі, білікті және шығармашылықпен жұмыс атқаратын мұғалімнің қалыптасуы, бар жағдайлардың жанжақты бағалануын қамтитын шешімдерді қабылдауға үйренуі, ақпараттың талдануы және ғылыми білімдерді көрсету үшін оның іріктелуі, олардың педагогикалық әдістер жүйесіне енгізілуі, сонымен қатар коммуникация дағдыларына үйрену білім алушылармен жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді дайындау барысында меңгерілуі қажет.

Осы айтылғандардан шыға келе, студенттерді ЖОО-да дайындау кезінде арнайы кәсіби-бағдарланған оқыту технологиясының жетілдірілуі және оның жүзеге асырылуы көрсетілген міндетті шешу үшін орынды болды деп санаймыз. Бұл шешім оқытудың түрлерінің, әдістерінің және құралдарының (дәстүрлі және жаңа) барлық жүйесін, студенттермен меңгерілетін кәсіби іс-әрекеттің пәндік және әлеуметтік мазмұнын бірізділікпен модельдегенде, яғни оқу іс-әрекетінен кәсіби іс-әрекетке ауысқан жағдайда жоғарыда көрсетілген олқылықтардың жойылатындығымен шартталған. Оқытудың кәсіби-бағдарланған технологиясы, бірінші кезекте, студенттермен жасалған оқу пәні моделінің құралдарымен және тәжірибе жүзінде немесе дипломдық жұмысты орындау төңірегінде іске асатын, студенттерде тұтас білім беру үдерісін жоспарлау, құрылымдау және жүзеге асырудың икемдері мен дағдыларын қалыптастыру және дамытуды ескеруі қажет.

Педагогикалық еңбектің сипаттамаларын, болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің құрылымдық компоненттерін, ЖОО-ның білім беру үдерісінде оның даму тетіктерін белгілеу мен негіздеу педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас динамикалық жүйесін құрай отырып, тығыз өзара әрекеттестікте болады. Болашақ маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін қанағаттандыратын педагогикалық үлгілердің, өлшемдердің, ережелердің болғандығы оның өлшенуін мүмкін қылады. Ол іс-әрекет сапасын сараптық бағалаулар, тестілеу, сауалнама және басқа да әдістердің көмегімен өлшеу ретінде орындалуы мүмкін. Бұл арада кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерді өлшеу мәселесі оның дамуындағы өлшемдер, көрсеткіштер және деңгейлер мәселесімен байланысты болады.

Өлшем – ол «соның негізінде бағалау, пайымдау жүргізілетін белгі» [2, 115 б.]. Ол зерттелетін жүйенің барлық компоненттерінің арасында байланыстар орнатуы қажет; өлшенетін сапаның уақытқа қатысты және мәдени-педагогикалық кеңістіктегі динамикасын көрсету; педагогикалық іс-әрекеттің негізгі түрлерін қамту; көрсеткіштердің байқалуы бойынша осы феноменнің азды-көпті көріну дәрежесі туралы айтуға болатын сапалық және сандық көрсеткіштерді байланыстыру. Сонымен бірге, жоғары оқу орнында оқитын студенттердің кәсіби іс-әрекетті біліктілікпен орындауға теориялық, тәжірибелік және мотивациялық дайындығының тұтастығы ретіндегі оның негізгі компоненттерін белгілеуден шыға отырып, олардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілік өлшемдері оқытушының педагогикалық іс-әрекетін ұғынуда жүйелік және тұлғалық-әрекеттік тәсілдеме негізінде жүзеге асады.

Кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау мәселесі И.Ф. Исаев [3], Н.В. Кузьмина [4], А.К. Маркова [5], Г.Н. Подчалимова [6], А.А. Реан [7] және тағы да бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде көтеріледі.

Авторлар кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің деңгейлерін, сонымен қатар солардың негізінде жатқан өлшемдер мен көрсеткіштерді белгілеуге, сипаттауға әр түрлі көзқарас танытады.

Осылайша, мысалы, педагогикалық іс-әрекеттің өнімділігін бағалау үшін Н.В. Кузьмина педагогтың шеберлік деңгейлерін белгілейді. Олардың негізінде маманның кәсіби икемдерінің және арнайы қабілеттерінің дамуы жатыр [4]:

I – (ең төмен) – репродуктивтік: педагог өзгелерге өзі білетін нәрсені баяндап бере алады;

II – (төмен) – бейімділік: педагог өз мәлімдемесін аудиторияның ерекшеліктеріне қарай бейімдей алады;

III – (орташа) – жергілікті модельдеуші: педагог курстың жеке бөлімдері бойынша білім алушыларды білім, білік, дағдыларға үйрету стратегиясын игерген;

IV – (жоғарғы) – жүйелік-модельдеуші: педагог жалпы пән бойынша ізделетін білім, білік, дағдылар жүйесін қалыптастыру стратегиясын игерген;

V – (ең жоғарғы) - жүйелік-модельдеуші іс-әрекет және білім алушылардың мінез-құлқы: педагог өз пәнін студенттер тұлғасын жеделдету құралына айналдыру стратегиясын меңгерген.

Педагог шеберлігін зерттеудің бастапқы бірлігі ретінде автормен педагогикалық икемдердің таңдап алынуы бекер емес, себебі кәсіби іс-әрекеттің сапасын анықтай отырып, олар оның тұлғасын іс-әрекет субъектісі ретінде сипаттайды. Сонымен бірге, Н.В. Кузьминамен ұсынылған болашақ маманның педагогикалық іс-әрекетінің сапалық сипаттамасы, оны ЖОО-ның білім беру үдерісінің тәжірибесінде қолдану үшін күрделі болады, өйткені ол сандық бағалауларға дейін оның қосымша ашылуын талап етеді.

Педагог құзыреттілігінің деңгейлерін анықтауда айтарлықтай ұқсас көзқарасты Л.Ф. Спирин [8] ұстанады. Оның жұмысында педагогикалық икемдердің дамуын бағалайтын бесдеңгейлі сызба ұсынылады:

1. Мамандыққа дейінгі деңгей. Педагогикалық әрекеттер кәсіби тұрғыда аңғарылмайды, үйреншікті сана негізінде жүзеге асады. Іс-әрекет субъектісі кәсіптік сауаттылықпен міндеттер қойып және сәйкесінше оларды шеше алмайды.

2. Икемдерді бастапқы меңгеру деңгейі (кәсіби бейімділік). Педагогикалық әрекеттер, шешімдер кәсіби тұрғыда өте шектеулі түрде санаға салынады; шешімдерді қабылдау барысында ғылыми білімдердің ең шағын шеңбері ғана қолданылады; шешім-әрекеттер өздерінің бағыттылығы бойынша біріне бірі өте қарама-қайшы болады, көбінесе орынды емес, өз мезгілімен емес, нақты емес, шындыққа сәйкес келмейді. Міндеттер көп жағдайда үйреншікті сана деңгейінде, жиі елеулі кемшіліктерімен және қателіктерімен шешіледі.

3. Икемдерді шектеулі дамыту деңгейі (кәсіби қалыптасу). Педагогикалық әрекеттердің кәсіби саналылығы үйреншікті санада қалай болса, солай теориялық сана (ғылыми ойлау) деңгейінде де жергілікті сипатқа ие; шешім-әрекеттерде келесі реттегілер байқала бастайды: азаматтық бағыттылық, қандай да бір ғылыми дәлелділік және мақсатқа талпынушылық; әрекеттердің мақсатқа сәйкестігі үнемі ойдағыдай жүзеге аспайды, себебі әрекет жағдайларының қате немесе таяз диагностикасынан және дұрыс ескерілмегендігінен туындайтын мақсаттар мен құралдарды таңдауда қателіктер кездеседі; әрекеттер құрамында нақтылық жоқ; әрекеттер мен олардың уақыттылығының жеткіліксіз дәлдігін анықтайтын операциялық-процессуалдық компоненттер әлсіз дамыған; міндеттер түрлі қателіктермен, соның салдарынан жеткіліксіз іскерлікпен шешіледі.

4. Жеткілікті даму деңгейі (нығаю). Әрекеттердің кәсіби-ғылыми саналылығы орын алады; әрекеттердің бағыттылығы қоғамдық маңызды мотивациямен және жалпыадамзаттық құндылықтармен анықталады; әрекеттердің бағдарлық негізі болып көбінесе ғылыми-әдістемелік білімдер мен кәсіби жетілдірілген дағдылар саналады; әрекеттің мақсатқа сәйкестігі, әдеттегідей, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, сонымен қатар әрекеттердің жағдайларын ескерумен, міндеттерді шешу мақсаттары мен құралдарының қажетті таңдауымен анықталады; әрекеттердің уақыттылығы, шапшаңдылығы, дәлдігі, үнемділігі орын алады; міндеттер көбінесе дұрыс шешіледі.

5. Кәсіби-педагогикалық әрекеттердің табысты меңгерілу деңгейі (ептілік). Әрекеттердің кәсіби-ғылыми саналылығының жоғарғы деңгейде болуы; ғылымилықтың жоғарғы деңгейімен және теориялық мазмұнымен сипатталады; бағыттылық нақты саналы азаматтық позицияларда, жоғары адамгершілік ұстанымдарда байқалады; кәсіпқойлық әрекеттер мен тәжірибенің ғылыми-әдістемелік негізінің дамуымен сипатталады; мақсатқа сәйкестік білім беру мақсаттарының қабылданған стандарттарға сәйкес дұрыс таңдалуынан көрінеді; нақтылық әрекеттердің түрлерін, сонымен қатар оның мазмұнын да анықтауда шығармашылық тәсілде байқалады; меңгерілгендік әрекеттердің дәлдігі мен үнемділігін қамтамасыз ететін кәсіби дағдылардың еркін қолданылуынан көрінеді; әрекеттердің уақыттылығы тәжірибенің құбылмалы жағдайларына олардың шұғыл сәйкес келуінен байқалады. Міндеттер шығармашылықпен және ойдағыдай шешіледі.

Бұл жіктеме сөзсіз қызығушылық тудырады, себебі онда негізге, жоғары оқу орының білім беру үдерісінде қолдануға болатын, маманның кәсіби икемдерінің даму деңгейлері алынады. Алайда, маманның іс-әрекет деңгейлері оның өлшемдерімен берілулері қажет.

И.Ф. Исаев [9], оқытушының кәсіби-педагогикалық мәдениетінің қалыптасуы мен даму мәселелерін кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі ретінде зерттей келе, өлшемдер мен көрсеткіштердің көріну дәрежесіне байланысты аталған феноменнің төрт даму деңгейін сипаттайды.

Солардың ішінен автор төмендегілерді бөліп көрсетеді: бейімділік, репродуктивтік, эвристикалық және креативтік деңгейлері.

1. **Бейімділік деңгей** болашақ маманның педагогикалық шынайылыққа тұрақсыз қатынасымен сипатталады, мұнда іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттері онымен жалпы түрде анықталады және іс-әрекеттің бағдары мен өлшемі болмайды. Психологиялық-педагогикалық білімдерге деген қатынасы салғырт, білімдер жүйесі және оларды қажетті педагогикалық жағдайларда пайдалануға деген дайындық жоқ. Технологиялық-педагогикалық дайындық, әдеттегідей, өзінің бұрынғы тәжірибесі мен әріптестерінің тәжірибесін жаңғыртатын, көбінесе тәжірибелік бағыттылықтың ұйымдастырушылық-әрекеттік міндеттерінің негізінен біршама табысты шешілуімен анықталады. Педагогтар кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті, алгоритмге айналған, алдын ала жасалған сызба бойынша құрады, шығармашылық оларға таныс емес; кәсіби-педагогикалық өзін-өзі жетілдіруде де белсенділік танытпайды.

2. **Репродуктивтік деңгей** педагогтың педагогикалық шынайылыққа тұрақты құндылық қатынасымен сипатталады: психологиялық-педагогикалық білімдердің рөлін барынша жоғары бағалайды, педагогикалық үдеріске қатысушылардың арасында субъект-субъектілі қатынас орнатуға тырысады, оған педагогикалық іс-әрекетпен қанағаттанушылықтың жоғарырақ көрсеткіші тән; кәсіби әрекеттерді жоспарлау мен мақсаттың тұжырымдауын, олардың салдарын болжайтын тек ұйымдастырушылық-әрекеттік міндеттер ғана емес, сонымен қатар құрылымдық-болжамдық міндеттер де табысты шешіледі. Шығармашылық белсенділік бұрынғыша жаңғыртушы іс-әрекет шеңберімен шектелген, бірақ стандартты жағдайларда жаңа шешімдерді іздеу элементтері пайда болады. Қажеттіліктердің, қызығушылықтардың, бейімділіктердің педагогикалық бағыттылығы дамиды; ойда репродуктивтіктен ізденісті түрлерге көшу ұйғарылуда.

3. **Эвристикалық деңгей** кәсіптік іс-әрекет тәсілдері мен жолдарының тұрақтылығымен, барынша мақсатқа бағытталғандығымен сипатталады. Әрекеттердің кәсіптік саналылығы байқалады; олардың бағыттылығы қоғамдық маңызды мотивациямен және жалпыадамзаттық құндылықтармен анықталады; әрекеттердің бағдарлы негізі болып көбінесе ғылыми-әдістемелік білімдер және кәсіби жетілдірілген дағдылар саналады; әрекеттің мақсатқа сәйкестігі, әдеттегідей, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, сонымен қатар әрекеттердің жағдайларын ескерумен анықталады; әрекеттердің уақыттылығы, шапшаңдылығы, дәлдігі, үнемділігі орын алады; міндеттер көбінесе дұрыс шешіледі. Олардың әрекеттері үнемі ізденіспен байланысты, олар жаңа идеяларды, модельдерді, оқыту технологияларын енгізуге, сонымен қатар өз іс-әрекетінің тәжірибесін өзгертуге дайын.

4. **Креативтік деңгей** педагогикалық іс-әрекет нәтижелелігінің жоғары деңгейімен, психологиялық-педагогикалық білімдердің мобильділігімен, студенттермен және әріптестермен ынтымақтастық және бірлескен шығармашылық қатынастардың нығаюымен ерекшеленеді. Педагог іс-әрекетінің жағымды-эмоционалдық бағыттылығы тұлғаның тұрақты қайта жасаушы, белсенді жасампаз және өздігінен жасағыш белсенділігін ынталандырады. Технологиялық дайындық жоғарғы деңгейде болады, аналитикалық-рефлексиялық икемдер ерекше мәнге ие болуда; іс-әрекеттің тұтас құрылымын жасай отырып және көптеген байланыстарды анықтай келе, технологиялық дайындықтың барлық компоненттері бір-бірімен тығыз арақатынаста болады. Педагогтар іс-әрекетінде педагогикалық міндеттерді өнімді шешуге мүмкіндік беретін педагогикалық тапқырлық, педагогикалық сезгіштік, қиял сияқты шығармашылық белсенділіктің көріністері маңызды орынға ие. Тұлға құрылымында ғылыми және педагогикалық мүдделер мен қажеттіліктер келісті түрде үйлеседі; дамыған педагогикалық рефлексия және шығармашылық дербестілік тұлғаның жеке-психологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін тиімді өздігінен жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.

Жоғары оқу орын оқытушысының кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі ретіндегі кәсіби-педагогикалық мәдениеті туралы мұндай біртұтас жүйелі көзқарас, аталған тәсілдемені осы зерттеу жұмысында да қолдануға мүмкін қылады. Алайда, студенттер мұғалім мамандығын тек меңгере бастағандығын айта кеткен жөн. Маманның жоғары оқу орнындағы дайындық жүйесінде студенттің – болашақ маманның тек кәсіби-тұлғалық құзарткіліктерін дамыту жайында ғана сөз болады; шын мәнінде, кәсіби міндеттерді атқаруға оның теориялық, мотивациялық және тәжірибелік дайындығы туралы.

Кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерді дамыту болашақ маманның кәсіби икемдеркешенін меңгеру үдерісінде және оларға маңызды кәсіби бағыттылықтыөзіне қатысты кәсіби іс-әрекеттің объектісі, қатысушысы және пәні ретінде үстеп беруде жүзеге асады.

Икемдер әрекеттер таңдаудың және мақсаттарға жетудің маңызды жағдайын ғана құрамайды, сонымен қатар іс-әрекеттің және оның тұлғамен меңгерілу дәрежесінің әмбебап сипаттамасы да болып табылады [3, 137 б.].

Педагогикалық икемдер маңыздылығы жөніндегі бар түсіндірмелер олардың мазмұнын, құрылымын, жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісіндегі даму мүмкіндігі әр түрлі ашылады (И.Ф. Исаев, М.М. Левина, В.А. Слостенин және т.б.).

Педагогикалық икемдер бірізділікпен жүріп жатқан әрекеттердің жиынтығын құрайтындығынан бастайық, оның бір бөлігі теориялық білімдерге негізделіп және кәсіби міндеттерді шешуге бағытталып, автоматтандырылған (дағдылар) түрде болуы ықтимал.

Педагогпен шешілетін міндеттердің жүйелілігі мен көптігі болып жатқан мамандарға білім беру үдерісінде модельдеу әдісінің қолданылуын шарттайды, себебі оның орындалуы мен ұсынылуы арқылы тиісті әрекеттердің және қалыптасатын кәсіби икемдердің кешенділігі қамтамасыз етіледі [10].

Сонымен бірге, «кәсіби икемдер, кәсіптік іс-әрекеттің «жасушасы» бола тұрып, оның шағын моделі болып табылады» [11].

Педагогикалық икемдер мәнінің мұндай ұғынылуы болашақ мамандардың тәжірибелік және мотивациялық дайындығының дамуындағы теориялық білімдердің маңызды рөлін, педагогикалық икемдердің көпдеңгейлі сипатын (репродуктивтіден шығармашылыққа дейін) және жеке әрекеттерді автоматтандыру арқылы олардың жетілу мүмкіндігін баса көрсетеді. Бұл арада білімдердің студенттерде қалыптасуы ЖОО оқытушысының жеке бас мақсатына айналмайды. Жұртқа мәлім болғандай, болашақ маманның тәжірибесі құрылымында бос жүк болып жататын, жүйеге енгізілмей және мотивациялық қызметті орындамайтын талап етілмеген білімдер ешкімге керексіз болып қала береді. Тәжірибе жүзінде оқу пәні моделінің жасалу, ұсынылу және ары қарай жүзеге асырылу жағдайында, білімдер мен икемдерді жетілдіруге деген мағыналық ұстаным іс-әрекет түрткісімен белсендендіріледі және бағытталған кәсіби іс-әрекетті орындауға дайындық түріндегі тұлғалық мағынаның көріну формасын білдіреді. Онда кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктің компоненттері теориялық, мотивациялық және тәжірибелік дайындықтың тұтастығымен және студенттің кәсіби міндеттердің белгілі бір кешенін шешуде мақсатқа бағытталған іс-әрекеттерді біліктілікпен жүзеге асыру қабілетімен көрсетілген. Дамыған мотивациялық ортаның негізінде жеке икемдердің бірігуі байқалады, бұл болашақ оқытушының біртұтас кәсіби іс-әрекетінің дамуына дәлел болады.

Демек, өлшемдердің таңдалуы болашақ маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің теориялық, тәжірибелік және мотивациялық дайындықтың тұтастығы ретінде ұғынылуымен және жоғары оқу орын түлегінің материалдық, әлеуметтік және тұлғалық маңызды өнімде (оқу пәнінің моделінде) көрініс табатын, тәжірибеде жүзеге асырылатын және кәсіби міндеттерді шешуде мақсатқа бағытталған әрекеттерді қамтамасыз ететін кәсіби іс-әрекетті біліктілікпен жүзеге асыру қабілетімен шартталған.

Барлық белгіленген негіздемелер өз көрінісін студент жасайтын және кейін қорғауға (көпшілік алдында сөйлеуге) ұсынатын оқу пәнінің моделінен табады. Сондықтан студенттермен жасалатын оқу пәнінің моделі негізге алынған болашақ мамандардың **кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту өлшемдері** ретінде төмендегілер белгіленген: оқу пәнінің мазмұнын меңгеруге деген дайындық және қабілеттілік; оқыту технологиясының моделінде бұл мазмұнның құрылымдық-композициялық жүзеге асырылуы; педагогтың білім беру іс-әрекеті мен студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің жоспарлануы мен ұйымдастырылуы; білім алушылардың мотивациясын басқару.

Кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктердің көрініс құралы ретіндегі модельдердің бағалануы оны жасау кезіндегі студенттердің іс-әрекеттерін тікелей бақылаусыз, оқытушымен, курстастарымен кеңесу, көпшілік алдындағы сөзді бағалауға қатысусыз мүмкін емес. Осы зерттеу үшін *көрсеткіштер* анықтамасы маңызды болды, соның негізінде осы бағалау жүргізіледі. Оларға сараптық сауалнама негізінде төмендегілер жатады: педагогикалық іс-әрекетті меңгеруге мотивациялық-құндылық қатынас; кәсіптік-тәжірибелік міндеттерді шешудің әдіс-тәсілдерін білу және оларды шығармашылықпен қолдана алу; шешімдерді қабылдаудағы дербестілік және өз іс-әрекетінің рефлексиясы; білімдерді, кәсіби және әлеуметтік тәжірибені (баламаларды іздеу) түрлендіру қабілеті.

Жоғары білімі бар тиісті біліктегі маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін сипаттайтын сапалы өлшемдер мен көрсеткіштерінің таңдауы, оларды жоғары оқу орынның білім беру үдерісінде пайдалануға мүмкіндік береді және кейбір сандық сипаттамаларға көшуге алғышарттар жасайды.

Кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерді дамыту деңгейлерінің шегін нақты анықтау қажет. Сондықтан оқу пәнінің моделін жетілдіріп жүзеге асыру икемдерінің даму дәрежесіне қарай болашақ мамандардың **кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың төрт деңгейі** белгіленген: **пассивті (А)** – (төмен) деңгей (1,2), **еліктеуші (В)** – (орташадан төмен) деңгей (3,4), **белсенді-ізденісті (С)** – (орташа) (5,6,7), **шығармашылық (Д)** – (жоғарғы) деңгей (8,9).

Пассивті деңгей кәсіби-оқу міндеттердің шешілуіне селқос қатынасымен, педагогикалық іс-әрекеттің, рефлексияның, шығармашылық белсенділік көрінісінің, білім алушылардың болашақ кәсіптік іс-әрекеттерінің аясында оқытудың болжамдық нәтижесін өздігінен модельдеуге қабілетсіздіктің, оқу материалының мазмұнын меңгеру кезеңдерінің бірізділігін, қисынын құру мақсаттарының саналық әлсіздігімен, сипатталады; білім беру үдерісін, оқу материалының меңгерілу сапасын бақылау және өлшеу рәсімдерінің ұйымдастырылуын модельдеу.

Еліктеуші деңгей студенттің кәсіптік-оқу іс-әрекетін жүзеге асыруға тұрақсыз қатынасымен анықталады, оның мақсаттары мен міндеттері жалпы түрде белгіленіп, өздігінен жетілудің және өзіндік дамудың бағдары мен өлшемдері, сонымен қатар, әрекеттерді үлгі бойынша орындау талпынысы бола алмайды. Педагогикалық іс-әрекеттер мақсатының саналылығы мен рефлексиясының ұғынылуын талап ететін міндеттер, шығармашылық белсенділік көріністері алуан түрлі олқылықтармен, демек жеткіліксіз іскерлікпен шешіледі. Студент бастаған ісін аяғына дейін өздігінен сирек жеткізеді. Әдеттегідей, білім алушылардың алдындағы іс-әрекеттің мақсатын қоя біледі, материалдың меңгерілу мазмұнын модельдеуді, білім беру үдерісінің барысын ұйымдастыра алады, дегенмен білім алушылардың болашақ кәсіптік іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, оқу материалының меңгерілу сапасын бақылау және өлшеу процедураларының анықталуын ескерусіз жүзеге асады. Шығармашылық белсенділік ұдайы өндіруші іс-әрекет шеңберімен шектелген.

Белсенді-ізденісті деңгей кәсіптік-оқыту іс-әрекетінің әдіс-тәсілдерін пайдалануда әрекеттердің тұрақтылығы және рефлексиясымен, мақсатқа бағыттылығымен, саналылығымен, оқытудың мақсаты мен қисынын анықтау арқылы студенттердің болашақ кәсіптік іс-әрекеттері төңірегінде оқытудың; оқу материалының мазмұнын меңгерудің белгілі кезеңдеріндегі бірізділіктің; білім беру үрдісінің барысын ұйымдастырылуын модельдеудің, оқу материалының меңгерілу сапасын бақылаудың және өлшеу процедураларының болжамды нәтижесінің сипаттамасын бере алуымен сипатталады. Алайда, шығармашылық дербестілік іс-әрекеттің жоғары өнімділігіне әкелмейді.

Шығармашылық деңгей кәсіптік-оқыту іс-әрекетінің міндеттерін шешудегі саналылықпен, дербестілікпен және рефлексиямен, педагогикалық іс-әрекеттің мақсаттарын ұғынумен ерекшеленеді, оқытудың диагностикалық тұрғыда белгіленген мақсаты арқылы студенттердің болашақ кәсіптік іс-әрекеттері төңірегінде оқытудың болжамды нәтижесінің нақты сипаттамасын бере алуымен, оқу материалының мазмұнын меңгерудегі белгілі кезеңдерінің бірізділігін, қисынын анықтаумен; білім беру үдерісінің барысын ұйымдастырылуын модельдеудің, оқу материалының меңгерілу сапасын бақылау және өлшеу процедураларының, сонымен қатар оқу іс-әрекетін жеке түзету тәсілдерін сипаттай алуымен ерекшеленеді. Шығармашылық дербестілік тұлғаның жоғары оқу орындағы білім беру үдерісінде жеке-психологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктерін өздігінен тиімді жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды.

Кесте 1 – Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту деңгейін бағалаудың өлшемдік аппараты

Компонент	Көрсеткіш	Өлшемдері	Деңгей
Мотивациялық	педагогикалық іс-әрекетті меңге-руге мотивациялық-құндылық қатынас	оқу пәнінің мазмұнын меңгеруге деген дайындық және қабілеттілік	Пассивті
Теориялық	кәсіптік-тәжірибелік міндеттерді шешудің әдіс-тәсілдерін білу және оларды шығармашылықпен қолдана	оқыту технологиясының моделін-де бұл мазмұнның құрылымдық-композициялық жүзеге асырылуы	Еліктеуші

	алу		
Тәжірибелік	шешімдерді қабылдаудағы дербестілік және өз іс-әрекетінің рефлексиясы	маманның білім беру іс-әрекеті мен студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің жоспарлануы мен ұйымдастырылуы	Белсенді-ізденісті
	білімдерді, кәсіби және әлеуметтік тәжірибені (баламаларды іздеу) түрлендіру қабілеті	білім алушылардың мотивациясын басқару.	Шығармашылық

Әрине, болашақ маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің өте дұрыс өлшенуі туралы айту мүмкін емес, себебі педагогтың іс-әрекет аясы күрделі және көпқырлы.

Алайда, студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту деңгейлері, өлшемдері және көрсеткіштерінің белгіленген жүйесіне жоғары оқу орынның оқытушылық құрамының сүйенуі маманның дайындық сапасын бағалауға объективтілікпен қарауға және жоғарыда көрсетілген кейбір мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, деп сенеміз.

Қорытындылайтын болсақ, студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың көрсеткіштері ретінде келесі реттегілерді атауға болады: педагогикалық іс-әрекетті игеруге мотивациялық-құндылық қатынас; кәсіптік тәжірибелік міндеттерді шешудің әдістері мен тәсілдерін білу және оларды шығармашылықпен пайдалана алу; шешімдерді қабылдаудағы дербестілік және өз іс-әрекетінің рефлексиясы; білімдерді, кәсіптік және әлеуметтік тәжірибені түрлендіре алу қабілеті (баламалар іздеу).

Жоғары білімі бар тиісті біліктегі маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін барынша толық сипаттайтын сапалы өлшемдер мен көрсеткіштерінің таңдауы, оның дамуындағы төрт деңгейді пайдалану мүмкіндігін негіздеуге жол ашты: **пассивті, еліктеуші, белсенді-ізденісті, шығармашылық.**

Жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамытудың негізделген өлшемдерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін пайдаланғандық, студенттің оқыту үдерісінің тиісті моделін жетілдіріп жасауы арқылы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру дайындығы мен қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.
2. Intercultural Identity Development. Department Of Integrated Studies In Education McGill University, Montreal, April, 2012
3. Исаев И.Ф., Шеховская Н.Л. Колледж как инновационное образовательное учреждение. – Белгород, 1997. – с. 5-24.
4. Кузьмина Н.В. Диагностика продуктивности деятельности преподавателя и мастера производственного обучения как фактор повышения профессионализма // Проблемы диагностики факторов продуктивной деятельности педагогического коллектива среднего профтехучилища. – М., 1988
5. Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Знание, 1996. – 308 с.
6. Подчалимова Г.Н. Проектирование содержания дополнительного профессионального образования руководителей школ: теория и практика. – Москва – Курск, 2001. – 494 с.
7. Кузьмина Н.В., Реан А.А. Профессионализм педагогической деятельности. – С.-Пб.: С.-ПбГУ., 1993. – 63 с.
Таким образом, при проведении исследования особенностей толерантности и этнокультурной компетентности личности студентов педагогических специальностей используется большое число самых разных методик, построенных на разных концептуальных основах. При этом, важно не только параллельно диагностировать степень выраженности и знак этнической идентичности личности, направленность и содержание авто- и гетеростеротипов, а также обратить особое внимание на особенности в мотивационно-потребностной сфере личности. Совместная диагностика этнопсихологических проявлений личности является обязательным условием системного подхода к анализу феноменов этнической жизни субъекта [1].

Настоящая статья носит обзорный характер и дает представление об одном из возможных подходов к диагностике толерантности и этнокультурной компетентности личности студентов педагогических специальностей.

Список использованной литературы:

1. Шлягина Елена Ивановна, Ениколопов Сергей Николаевич *Исследования этнической толерантности личности // Национальный психологический журнал. 2011. №2. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/issledovaniya-etnicheskoj-tolerantnosti-lichnosti> (дата обращения: 16.01.2018).*
2. Почебут Л.Г. *Взаимопонимание культур. Методология и методы этнической и кросс-культурной психологии. Психология межэтнической толерантности.* – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2005.
3. *Профессионально-психологическая компетентность гуманитарных технологов в человеческих отношениях / Под ред. В. Н. Панферова, В. В. Семикина, Н. Б. Лисовской. Учебно-методическое пособие.* – СПб.: ООО «Книжный Дом», 2008. – 352 с.
4. *Психодиагностика толерантности личности / ред. Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова.* – Москва: Смысл, 2008. – 172 с.
5. Почебут, Л.Г. *Кросс-культурная и этническая психология: учеб.пособие для бакалавриата и магистратуры / Л.Г. Почебут.* – 2-е изд., испр. и доп. – М. : Издательство Юрайт, 2017. – 333 с. URL: http://urait.ru/uploads/pdf_review/59FB8C66-9693-41AA-A770-C56F0BEE9428.pdf#page=1&zoom=auto,-257,111 (дата обращения: 07.05.2018).
6. Сольнин, Н.Э. *Индивидуально-психологический подход к изучению психологической структуры этнической толерантности / Н.Э. Сольнин // Системогенез учебной и профессиональной деятельности: сборник научных трудов VI международной научно-практической конференции, 19-21 ноября 2013 г., г. Ярославль / под науч. ред. Ю.П. Поваренкова.* – Ярославль : Изд-во «Канцлер», 2013. – С. 193-195.

7. Скрипкина Т.П. Установки толерантного сознания, доверия и ксенофобии у молодежи, проживающей в южно-российском регионе РФ / Т.П. Скрипкина // Социальная психология и общество. - 2010. - № 1. - С.136-151.

8. Риэрдон, Бетти Э. Толерантность - дорога к миру / Бетти Э. Риэрдон. - М.: Бонфи, 2001. - 304 с.

9. Методы этнической и кросскультурной психологии: Учебно-методическое пособие / Татарко А.Н., Лебедева Н.М.: Издательский дом ВШЭ. - М., 2011. - 238 с.

10. Шлягина Елена Ивановна, Ениколопов Сергей Николаевич Исследования этнической толерантности личности // Национальный психологический журнал. 2011. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovaniya-etnicheskoy-tolerantnosti-lichnosti> (дата обращения: 07.05.2018).

УДК 373.
МРНТИ 14.07.05

Б.К. Капанова¹, М.М. Даулетбаева²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институты,
Қазақстан географиясы және экология кафедрасының аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

²қауымдастырылған профессор, биология ғылымдарының кандидаты,
Еуразия технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа

Мақалада саналы адамның экологиялық көзқарасын қалыптастыру осы бағытта ықпал жасау, оның барысы, нәтижесі талданған. Сонымен қатар, экологиялық білім тәрбие беруде қоршаған ортаны қорғау мақсаттарына көңіл бөлініп жатқанына байланысты, оның ішінде бірнеше міндет, мақсаттарына ерекше тоқталдық. Мәселен, оқыту процесіндегі экологиялық тәрбие, ғылыми – техникалық прогресті дамытудың қажеттілігі, үнемі жана, күрделі технологияның пайда болуы, ақпарат құралдарының және экологиялық ұйымдардың басқа елдердің экологиялық тәрбие берудегі тәжірибелері; дүниежүзілік қауымдастықтың нығаюы, халықаралық байланыстардың дамуы және нығаюы, жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін, табиғатты қорғау, сүю сезімдерін қазақ халқының ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің еңбектерінде айтылып қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: экологиялық көзқарасты қалыптастыру, табиғатты қорғау, сүю, қазақ халқының ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің еңбектері.

Аннотация

Капанова Б.К. ¹, М.М. Даулетбаева²

¹старший преподаватель, Института Естествознания и географии при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²доцент, кандидат биологических наук, Евразийский технологический университет,
г. Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ЕГО БУДУЩЕГО

В этой статье мы сосредоточили внимание на задачах окружающей среды, в частности, в области экологического образования, в процессе образования, в связи с уделением особого внимания экологическим целям экологического образования. Необходимость развития технического прогресса, появления новых, сложных технологий, средств массовой информации и экологических организаций. В экологическом образовании эксперимент других стран, укрепление международного сообщества для молодого поколения, развития и укрепления международных отношений, нравственной, охраны окружающей среды, и выводы казахского народа, упомянутых в трудах педагогов и общественных деятелей.

Ключевые слова: формирование экологического подхода, охрана природы, любовь к природе, работы педагогов и общественных деятелей казахского народа.

Abstract

B.K. Kapanova¹, M.M. Dauletbaeva²

*¹senior lecturer, Institute of Natural History and Georgetics
at Kazakh National Pedagogical University, named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

*²Associate Professor, Candidate of Biological Sciences, Eurasian Technological University,
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPMENT OF ENVIRONMENTAL EDUCATION AND ITS FUTURE

The the article we have focused on the objectives of the environment, in particular in the environmental education, in the process of education, because of the focus on the environmental objectives of environmental education. the need to develop technological progress, the emergence of new, sophisticated technology, media and environmental organizations in the environmental education of other countries. iribeleri; the strengthening of the international community for the young generation, development and strengthening of international relations, moral, environmental protection, and loving feelings of the people of Kazakh conclusions mentioned in the writings of educators and public figures.

Key words: formation of ecological approach, nature protection, love of nature, works of educators and public figures of the Kazakh people.

Әрбір саналы адамның экологиялық көзқарасын қалыптасыру – адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін осы бағытта қамтамасыз етуге ықпал жасау үшін бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі таңда жеке ғылым болып жүйелі зерттеліп келе жатқан экология саласының өзіндік ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұсынған «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында осы мәселеге айрықша көңіл бөлінгенін атап өткен жөн. Дамудың осы стратегиялық бағытына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі 1999 жылы 4 қаңтарда «Экологиялық білім бағдарламасын» бекіткен болатын. Аталған құнды құжаттарды басшылыққа ала отырып кез келген мұғалім өзінің барлық жұмыс бағдарламасын жоғарғы талап дәрежесіне сай жүргізуі тиіс. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жастарды ізгілікке, парасаттылыққа баулитын экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы арта түсуде. Себебі «табиғат-қоғам-адам» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар жердегі тіршілікке қауіп төндіріп отыр. Адам мен табиғаттың, қоғам мен ортаның өзара әрекеттестігі, оның өнеркәсіпті өндірістің қазіргі таңдағы көптеген жарамсыз технологиялармен қарқынды өсу жағдайында өмір сүруі, қиындықтың шама-шегіне жетті. Адамзат тіршілігінің өзіне қауіп төнді: табиғат қорлары үзіліссіз сарқылысқа түсті, ортаның ластануынан адам өміріне қауіп төнді. Бүкіл әлемде экологиялық дағдарыстар мен апаттар ұлғая түсуде. Экологиялық апаттар биоортадағы жағдайларға еткен әсері арқылы дүние жүзінің әрбір аймағындағы құбылыстардың дамуына айтарлықтай ықпал жасауда. Қазіргі кезде экологиялық білім беру және тәрбие мәселелері жалпы тәрбие беру мен білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі. Қазіргі кезде экологиялық білім беру және тәрбие мәселелері жалпы тәрбие беру мен білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес.

Қоғамдық экологиялық сана қоғамның экологиялық проблемаларымен күресуде мықты фактор болып табылады. Мысалы, Жапония - табиғатты қорғау саясатында үлкен жетістіктерге жеткен мемлекет. 60-шы жылдардың соңындағы үлкен экологиялық қарсылықтар мемлекеттік табиғат қорғау жүйесін құруға алып келді. Ол кездегі жүргізілген саясат тек экономикалық өсуді ғана алға мақсат етіп қойып, қоршаған ортаның жайы еш ескерілмеді. 70-ші жылдардың бас кезінде қоғамдық пікірлердің қысымымен Ұлттық экологиялық стратегия іске аса бастады. Қазір Жапония экологиялық саясаты жағынан дүние жүзі бойынша алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі. 60-70-ші жылдардағы АҚШ-тағы осындай жағдай да үкіметті экологиялық проблемаларды шешуге мәжбүр етті.

Экологиялық білім мен тәрбие беру ісі оқу орындарында білім деңгейіне қарай жүргізіледі. Экологиялық білім берудің қазіргі заманғы ғылыми негіздері, оны жүзеге асыру проблемалары мен бағдарламалары, БҰҰ мен ЮНЕСКО мәжілістерінде (1968) қаралды. Одан соң Стокгольм (1970), Тбилиси (1972) қалаларында өткен халықаралық конференцияларында жалғасын тапты. Ал, Рио-де-Жанейрода (1992) өткен дүниежүзілік конференция экологиялық білім беру мәселелерін қайта қарап, ондағы негізгі бағыттарды айқындап берді. Олар биосфера тұрақтылығын сақтау үшін экологиялық ағарту жұмыстарының тұтас жүйесін құру, экологиялық білім беруді тұрақты жүзеге асыру және жұртшылық арасында эколо-

гиялық үгіт-насихатты күшейту. «Экологиялық білім берудің нормалық-реттеуші құжаттары», «Қоршаған ортаны қорғау туралы заңда» (1997), «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін сақтау концепциясында» (1997), «Экологиялық білім бағдарламасында» (1999) қарастырылған. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заң 86 баптан тұрады. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заң 28 баптан тұрады.

Экологиялық білім беру – балабақша, орта мектеп, лицей, гимназия, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдірумен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесіне айналды. Экологиялық білім беру – бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі – табиғатты қорғау білімімен тығыз байланысты.

Экологиялық білім – қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті білімді, әдетті, ептілікті, икемдікті қамтиды. Ол кәсіби мамандарды дайындауға ықпал етіп, кадрларға білім беру, оларды дайындау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заңдар бойынша экологиялық тәрбие мен білім берудің бәріне ортақ, кешендік және үздіксіз болуы қарастырылған.

Экологиялық тәрбие – бұл адамдардың сезіміне, санасына, көзқарастарына әсер ету әдістері. Ол азаматтардың саналық деңгейінің артуына, табиғатқа қарым-қатынасының өзгеруіне, табиғат ресурстарына ұқыптылықпен, үнемшілікпен қарауға, оның жай-күйіне жаны ашып қарауға, табиғи ортада өзін өнегелі ұстауға әсер етеді. Экологиялық тәрбие қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып бірнеше деңгейлерде жүргізілуі керек. Жеке тұлғаның түзілуі негізінен отбасында жүреді. Сондықтан ата-ана баланың қоғамдағы негізгі мінез-құлық нормаларымен қатар, экологиялық мәдениеттің де негіздерін үйрете бастауы керек. Қазіргі кездегі ситуациялардан кейбір парадокстарды байқауға болады. Көбіне, балалардың экологиялық білімділігі ата-аналарының деңгейінен әлдеқайда жоғары. Ата-аналары мен балалары өздерінің зерттеулерінің нәтижелері бойынша, қоршаған ортаға ешқандай жамандық жасамай-ақ тіршілік ортасына белгілі бір дәрежеде зиян тигізіп жатқанымызды байқауға болады: қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстарды оңды-солды шашудамыз, суды, ауаны ластаудамыз, көптеген тұрмыстық қоқыстарды шығарып жатырмыз. Табиғатты қорғауды өз үйіңнен бастауға болады – бұл суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, озон қабатын бұзатын заттары жоқ аэрозольдарды қолдану және т.б. Сөйтіп, экологиялық мәдениеттің басы отбасында түзіле бастайды. Одан кейінгі экологиялық тәрбиенің қалыптасуы қоғамның қатысуымен болуы керек. Бұл көбіне елдің басшыларына, олардың экологиялық мәдениетінің деңгейіне, қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсаттарына қаншалықты көңіл бөлініп жатқанына байланысты.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаты:

- қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу;
- жастардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру;
- қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту;
- экологиялық білімді насихаттау.

Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты - жастардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынасын қалыптастыру. Осы тәрбие арқылы адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы қалыптасады.

Экологиялық тәрбиенің басты міндеттері:

- өмірде және нақты іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу;
- табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу;
- мектепте экологиялық білім және тәрбие қорамын ұйымдастыру;

Ең басты міндеттердің бірі – оқушыларды табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми теориялық және тәжірибелік біліммен қаруландыру. Экологиялық тәрбие еңбек тәрбиесімен байланысты, өйткені өндірістік іс-әрекеттің барысында адам жерді пайдалану негіздерін, топырақты эрозиядан қорғауды игеру, дақылдарды суару мөлшерін, минералдық тыңайтқыштарды, улы химиялық заттарды беру мөлшерінің мерзімін технологиялық талаптарға сәйкес есепке алып отырады. Оқушылардың экологиялық білімнің белгілі жүйесін игеруі, табиғатты қорғауы, жер байлығын тиімді пайдалануы экологиялық мәдениетті жетілдіріп, дүниетану көзқарасын қалыптастырады.

Оқыту процесіндегі экологиялық тәрбие. Экологиялық білімнің негізгі көздері: химия, физика, биология, география, астрономия пәндері, олардың бағдарламаларындағы оқу материалдарын дәрістерде

терең түсіндіріп, сыныптан және мектептен тыс экологиялық жұмыстарда тиімді қолдана білуге оқушыларды үйрету және дағдыландыру - мұғалімнің міндеті. Бастауыш сынып оқушылары табиғат байлығын ауыл шаруашылығында пайдалану жайлы алғашқы ұғымды еңбек сабақтарында алады. Олар үй мүліктерін, киім-кешек, тағам, т.б. жасайтын табиғат заттарын пайдалану жолдарымен танысады. Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасындағы оқушылардың экологиялық іскерлік дағдысын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлері: өсімдіктердің даму кезеңіне фенологиялық бақылау жүргізу, мектеп және қоғамдық мүлікті ұқыптылықпен күту, тұрмыста электроэнергияны, газды, суды үнемді пайдалану. Орта және жоғары сыныптар оқушыларын кең көлемде экологиялық біліммен қаруландыру қажет. Қазіргі жағдайда өндіріс табиғатқа күшті әсер етуші фактор болып отыр. Осыған орай табиғатты ұтымды пайдаланудың ғылыми білімге негізделетінін оқушылардың түсінуі керек. Өндірістік іс-әрекеттің нәтижесінде ортада әр түрлі өзгерістер болып жатыр.

Экологиялық тәрбие жұмыстарының түрлері:

1. Ауыл мектептерінің оқу-тәжірибе алақын бағалы ағаштар тұқымының көшеттерін өсіріп, көгалдандыруға пайдалану.

2. Мектеп оқушылары мемлекеттік орман шаруашылығына үнемі көмек көрсетіп отырады. Олардың негізгі атқаратын жұмыстарының түрлері: көшет материалдарын өсіру, ағаштар отырғызу, оларды күту, өрттен, ұрылдан қорғау, орман-тоғай зиянды жәндіктермен күресу:

- дәрі өсімдіктерін дайындау, жидек, саңырауқұлақ, т.б. жемістерді жинау;
- пайдалы жануарларды қорғау және есебін алып отыру;
- фенологиялық бақылау жүргізу.

3. Оқушылар ауылшаруашылық тәжірибе жұмысымен айналысады. Тәжірибе жұмысы биология, химия мұғалімдерінің, жергілікті ғалымдарының басшылығымен жүргізіледі.

4. Оқушылар табиғатқа зиян келтіретін адамдармен күреседі, қорықтағы ережені бұзушыларды анықтайды, химиялық улы заттарды, минералдық тыңайтқыштарды сақтау және қолдану ережелерін бұзушыларды әшкерлейді.

5. Экологиялық тәрбиеге айланысты мектепте жаппай шаралар ұйымдастырылады. Олар: кештер, дәрістер, баяндамалар, т.б.

6. Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие әр түрлі сыныптардағы оқу пәндерінің мазмұны, қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырылады.

Экологиялық қоғамның мақсаты: қоғам мүшелерін өздері тұрған аймақтың табиғатын қорғауға, күтуге тәрбиелеу, зерттеу жұмысына тарту, зерттеуді жүргізудің әдістері мен тәсілдеріне үйрету, мектепті экологиялық жұмыстың орталығына айналдыру. Қоғам мүшелері мектептегі жастар ұйымымен ынтымақтасып, тұрғылықты жерде экологиялық штабтар құрады, жорықтар, саяхаттар ұйымдастырады. Экологиялық деректерді, ғылыми мағлұматтарды білім және тәрбие процесінде пайдалану мұғалімнің білімділігіне, педагогикалық шеберлігіне, жоғары мәдениеттілігіне байланысты. Экологиялық тәрбие оқушылардың - табиғатқа жаңаша көзқарасын қалыптастырып, әр түрлі нысандарда жүргізіліп, жеке тұлғаның эмоциялық сезімдік әлемін қалыптастыруға бағыттталып, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін жетілдіреді. Экологиялық тәрбие беруді әртүрлі жолдармен жүргізуге болады. Бұл жерде баспасөз ақпарат құралдарының (БАҚ) және қоғамдық экологиялық ұйымдардың рөлі зор. БАҚ бірінші болып экологиялық қолайсыз жағдайлар туралы дабыл қағып халықты құлағдар етіп отыруы керек. Осының арқасында халықтың экологиялық сана-сезімі өсіп, көтеріледі. Экологиялық тәрбие экологиялық білім берумен толықтырылады. Әрине табиғаттың сұлу көріністері арқылы жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін табиғатты қорғау, сүю сезімдерін тәрбиелеу туралы қазақ халқының ағартушылары мен зиялы қоғам қайраткерлері Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде көп көңіл бөлінген. Белгілі педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов балаға ең қымбат, ең жақын туған жері, туған жерінің табиғаты, оның құбылыстарын білу өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі өмірге, табиғатқа теңеу мазмұнының берік, баланың санасын жандандырып, төңіректегі әлемге терең көзбен қарауға үйретеді. Ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі адамдардың табиғатқа жасаған бір жақты қарым-қатынасымен табиғат заңдылықтарымен сипаттайды, салдарынан, табиғаттың экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, экологиялық дағдарыстың болу себептерін Е.Мамбетқазиев, Е.Қонақбаев, Ю.Жданов т.б. өз еңбектерінде атап өткен.

Экологиялық тәрбие мен білім берудің кешендік ұстанымы бойынша, әртүрлі екі процестің ғылыми негізделген әдістемелік талаптарды ескере отырып адамдардың санасына бірлесіп кешенді әсер етуі.

Үздіксіз ұстанымы, азаматтардың, мамандардың, басшылардың кәсіби жұмысы барысында қоршаған ортаға, адамдар денсаулығына жағымсыз әсер етуіне байланысты экологиялық тәрбие және білім беру жүйесі бойынша өздерінің біліктілігін көтерудің құқығы мен міндеттерін білдіреді. Сонымен, экологиялық тәрбие мен білім берудің негізгі мақсаты – қоғамдық сананы экологияландыру болып табылады. Экология міндеті – адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау арқылы орнықты дамуды жүзеге асыру. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаның дамуына ықпал ету.

Қазіргі таңда экологиялық дайындықтан өткен кәсіби мамандардың жеткіліксіз болуына және қазақ тіліндегі оқу құралдары мен бағдарламалардың жеткіліксіз болуына байланысты экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесі шет қалып отыр. 3 млн-нан аса оқушылар оқитын республика мектептерінде экология сабақтары жүйелі түрде өткізілмейді. Оқу процесінде пайдаланатын экология пәні бойынша арнайы оқулық пен оның кешендері (бағдарламасы, жұмыс дәптері, әдістемелік нұсқау, хрестоматия) 2005 жылдан бастап «Мектеп» баспасынан ҚР Білім және Ғылым министрлігінің бекітіп ұсынуымен жарық көрді. Деседе, министрліктің ұйғарымын орындау орнына республиканың мектептері «Экология негіздері» пәнін сабақ кестесіне енгізген жоқ, тек факультатив есебінен жүргізіледі. Көрші Ресей Федерациясы 1994 жылдан бастап мектептерге экология пәнін енгізгені көпшілікке мәлім. Ал мектептегі химия, география, биология пәндерінде экологиялық білім толық берілмейді, кейбір оқулықтарда қарастырылған мәселелер Қазақстандағы экологиялық проблемалардың ерекшеліктерін көрсете алмайды. Осы күнге дейін елімізде экологиялық білім берудің біртұтас бағдарламасы және экологиялық арнайы мектептер, гимназиялар, лицейлер жоқ деп айтуға болады. Жоғары оқу орындарында экологиялық білім беру біршама кәсіби деңгейде жүргізіледі. Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында экологиялық пәндері бар факультеттер бар.

Экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі жөнінде М.Н. Сарыбеков, Н.Н. Нұғыманов, А.Б. Бигалиев, Ә.С. Бейсенова, А.Е.Манкеш, Х.Жүнісова, Ж.Б. Шілдебаев, Г.М. Сәбденалиева т.б. еңбектерінде жазылған. Табиғат қорғауға байланысты конференциялар ұйымдастырылып келеді. Онда алғашқы рет мектептер мен орта арнаулы жоғарғы оқу орындары үшін эколог мамандар дайындау туралы тұжырымдамалар пікірлер айтылып келеді. Осының нәтижесінде болар Алматы, Өскемен, Шымкент, Семей, Атырау, Ақтау, Қызылорда университетінде экологиядан мамандар дайындайтын бөлімдер ашылды. Елімізде тұңғыш рет (1987 жылы) эколог мамандар дайындау мәселесін көтеріп, экологиялық білім мен тәрбие берудің тұжырымдамасын жасаған географ-ғалым Ә.С. Бейсенова мен Ж.Б. Шілдебаевтың еңбегі айрықша болды. Алғаш рет Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде география-экология факультеті ашылып эколог мамандарын даярлауға жол ашылды.

Сонымен, **экологиялық тәрбие мен білім берудің негізгі мақсаты** – қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Экология міндеті – адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету. Экологиялық ақпараттар алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдауға қоғамның қатысуы бойынша Қазақстан қол қойған Орхус Конвенциясы халықтың экологиялық саясатқа қатысуына үлкен жол ашады. Қазіргі таңда экологиялық дайындықтан өткен тәрбиешілердің жеткіліксіз болуына және оқу құралдары мен бағдарламалардың болмауына байланысты 323000 бала экологиялық тәрбие беру жүйесінен шет қалып отыр. 3 млн-нан аса оқушылар оқитын республика мектептерінде экология сабақтары жүйелі түрде өткізілмейді. Оқу процесінде пайдаланатын экология пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдары ескірген, қазіргі таңдағы Қазақстандағы экологиялық проблемалардың ерекшеліктерін көрсете алмайды. Осы күнге дейін елімізде экологиялық білім берудің біртұтас бағдарламасы және экологиялық арнайы мектептер, гимназиялар, лицейлер жоқ деп айтуға болады. Жоғары оқу орындарында экологиялық білім беру біршама кәсіби деңгейде жүргізіледі. Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында экологиялық пәндері бар факультеттер бар. Айта кетерлігі, халықаралық талаптар бойынша эколог-мамандарды даярлауда тек жетекші университеттер ғана есепке алынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанова Г.С., Бозишатаева Г.Т. Экология. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2002.
2. Салпынова К. Экологиялық тәрбие берудің қазіргі жағдайы // География Казахстана и экология №3 2004 – 86.
3. Манкеш А.Е. Бүлдірішіндерге экологиялық тәрбие беру. – Алматы: РБК, 1998 ж.

УДК 37.03
МРНТИ 14.07.03

Г.С. Саудабаева¹, Г.К. Шолпанқұлова²

¹п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан
²п.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан

ЖАУАПКЕРШІЛІК – СТУДЕНТ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жауапкершілік студент тұлғасының өзін-өзі дамытуының көрсеткіші ретінде ашып көрсетіледі. Қазіргі заманғы білім – бұл адамзат іс-әрекетінің тез өзгермелі және дамитын саласы. Сондықтан қоғамның жанаруы қазіргі өркениеттің маңызды ресурсы ретінде адамзаттық әлеуетті дамытудың және сақтаудың өзектілігін талап етеді. Бұл тұлғаның шығармашылық әлеуетін қалыптастырудағы жетекші әлеуметтік институт болып табылатын білім беру жүйесіне тікелей байланысты. Заманауи білім беру мекемесі студент тұлғасын қалыптастыру, дамыту және өзін-өзі дамыту үшін алғышарт әрі жағдай жасайтын ортаны жобалауға дайын және қабілетті болуы тиіс. Бұл орта білім алушылардың тұлғалық маңызды мақсаттарға қол жеткізуі үшін әрқайсысына жолдар мен тәсілдерді таңдау мүмкіндігін ұсынуы қажет. Бүгінде өзін-өзі дамыту категориясы көптеген ғылыми педагогикалық зерттеулердің пәні болып табылады. Тұлғаның өзін-өзі дамытуы – бұл алдымен, ақпараттық қамтамасыздандыру әрекеті, ол сан алуан түрлі іс-әрекет үдерісінде танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білімді меңгеру, жинақтау, ретке келтіру, жүйелеу, сонымен қатар тәжірибенің түрлерін жанарту арқылы жүзеге асырылады.

Түйін сөздер: білім, жаһандық білім, өзін-өзі дамыту, жауапкершілік, дараландыру, субъектілік.

Аннотация

Г.С.Саудабаева¹, Г.К. Шолпанқұлова²

¹д.п.н., КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Қазақстан
²к.п.н., доцент ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ САМОРАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТА

В данной статье ответственность раскрывается как показатель саморазвития личности студента. Современное образование это наиболее быстро изменяющаяся и развивающаяся сфера человеческой деятельности. Модернизация общества требует актуализации человеческого потенциала как важнейшего ресурса сохранения и развития современной цивилизации. Это связано с системой образования, являющейся ведущим социальным институтом в формировании творческого потенциала личности. Современная образовательная организация должна быть готовой и способной к проектированию среды, которая может создать предпосылки и условия для становления, развития и саморазвития личности студента. Это среда должна предоставить каждому возможность на выбор путей и способов для достижения личностно значимых целей обучающихся, создать условия для саморазвития. Сегодня категория саморазвития является предметом многочисленных педагогических исследований. Саморазвитие личности – это, прежде всего, информационно обеспечительная деятельность, что осуществляется через овладение, накопление, упорядочивание, систематизацию знаний, а также обновление различных видов опыта для удовлетворения познавательных потребностей в процессе различных видов деятельности.

Ключевые слова: образование, глобальное образование, саморазвитие, ответственность, индивидуализация, субъектность.

Abstract

Saudabaeva G.S.¹, Sholpankulova G.K.²

¹doctor of Pedagogical Sciences, KazNPU them. ABAI, Almaty, Kazakhstan

²Candidate of Science (pedagogic)

*Associate Professor, Eurasian National University named after L.N. Gumilev,
Astana, Kazakhstan*

RESPONSIBILITY AS THE INDEX OF THE INDEPENDENCE OF THE PERSONALITY OF THE STUDENT

In this article, responsibility is revealed as an indicator of a student's self-development. Modern education is the most rapidly changing and evolving sphere of human activity. Modernization of society requires the actualization of human potential as the most important resource for the preservation and development of modern civilization. This is connected with the education system, which is the leading social institution in the formation of the creative potential of the individual. A modern educational organization must be ready and capable of designing an environment that can create prerequisites and conditions for the formation, development and self-development of the student's personality. This environment should give everyone the opportunity to choose ways and means to achieve personally important goals of students, create conditions for self-development. Today, the category of self-development is the subject of numerous pedagogical studies. Self-development of a person is, first of all, information support activity that is carried out through mastering, accumulation, ordering, systematization of knowledge, as well as updating various types of experience to satisfy cognitive needs in the process of various activities.

Key words: education, global education, self-development, responsibility, individualizationsubjectivity.

«Қазақстан–2050» стратегиясында Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Азаматтар мемлекетке болашақ бар болса, даму үшін, жеке және кәсіби тұрғыдан өсу үшін мүмкіндіктер болса ғана сенім артады - делінген [1].

Бүгінгі постиндустриялық дәуірде әлеуметтік өзгерістер субъектісі ретінде тұлғаның өзін-өзі дамыту рөлі өсуде. Оған білім беру тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен жеке дара өсуіне жеткізетін қабілеттері және мінез-құлқын өздігінен жетілдіру үрдісі, оның нәтижесі деп түсіндірілуі дәлел бола алады. Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру мәселесі педагогиканың, психологиялық педагогиканың, жас ерекшелік психологиясының, жалпы психологияның, коррекциялық педагогиканың негізгі проблемаларының бірі болып табылады.

Көптеген Ресей ғалымдары (П.Ф. Каптерев, Л.И. Рувинский, В.И. Андреев, А.Б. Бондаревская, В.К. Кириллов және т.б.) еңбектерінде өзін-өзі дамыту мәселесінің аспектілері көрініс табады.

Өзін-өзі дамыту идеясы қазіргі педагогика теориясы мен білім беру практикасының мәнді мәселелерінің бірі болып табылады. Өзін-өзі дамыту мәселесі белгілі ғалымдар (Ш.А. Амонашвили, В.И. Андреев, В.П. Бедерханова, В.А. Караковский, В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев, Н.А. Бердяев, т.б.) еңбектерінде жан-жақты зерттелінген. Соның ішінде, Н.А. Бердяев тұлғаның өзін-өзі дамытуын білімді жаңартудың әдіснамалық негізі ретінде қарастырады [2].

Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді талдау өзін-өзі дамыту үдерісінің мәнді сипаттамасын айқындауға мүмкіндік береді.

«Өзін-өзі дамыту» ұғымы көпқырлы болып табылады, ол «өзін-өзі» жағдайын және тетіктерін, олардың көріну формаларын (өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі ұқсату, өзін-өзі таныту және т.б.) енгізеді. Өзін-өзі дамыту шығармашылық ұтымды өздігінен білім алудың (өзін-өзі ағарту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі анықтау) әлеуметтік-мәдени үдерісі және индивидтің өзін-өзі жан-жақты жүзеге асыруының шартталған ішкі себептерден пайда болған табиғи үдерісі.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «өзін-өзі дамыту – бұл ішкі себептердің күшімен өтетін, сыртқы факторларға тәуелсіз, ішкі қарама-қайшылықтар негізінде өздігінен жылжитын даму» деп анықтама беріледі [3].

Дамуды адам ағзасындағы және тұлғасындағы сандық және сапалық өзгерістер үдерісі әрі нәтижесі деп түсінеміз.

О.С. Газман, А.В. Петровский, В.Д. Щадриков, Д.И. Фельдштейн және т.б. ғалымдар өзін-өзі дамыту үдерісін тұлғаның дара жеке ерекшеліктерімен тығыз байланыста өзін-өзі тануы арқылы түсіндіреді. Соның ішінде, О.С. Газманның пікірінше, тұлғаның жеке даралануы оның өзін-өзі анықтауы мен өзін іс жүзінде көрсетуіне көмектеседі, оның нәтижесі еркін тұлғаны қалыптастыру. Мұнда тұлғаға білім беру мәселесі педагогикада жеке дара өзін-өзі дамыту, ал педагогикалық үдеріс субъект-субъектілі қарым-қатынас, ересектер мен баланың ынтымақтастығы ретінде тұлғалық тәжірибені өзара тең басымдылықта өзара тиімді алмасуына мүмкіндік береді [4].

Сондықтан педагогикалық және психологиялық зерттеулерді талдау өзін-өзі дамытуды мәнді талпыныстар мен сыртқы әсерлер негізінде өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында тұлғалық және кәсіби қалыптасудың саналы үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Студенттің болашақ маман ретінде өзін-өзі дамытуы кәсіби даму үдерісіне өзіндік жауапкершілікті сезіну және оны кәсіби даму субъектісі ретінде реттеу, қабылдау біліктілігін жете ұғыну педагогтың оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру әдістері мен тәсілдерін таңдаудағы дербестікке талпыну, кәсіби өсу, талдау және түзету, жетілдіру қабілеттерімен байланысты.

Өзін-өзі тану тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі және өзін-өзі танытуымен тығыз байланысты.

Л.Куликова тұлғалық өзін-өзі дамытуды өмірлік перспективаларын болжау, өзінің дамуын саналы басқару үдерісі ретінде қарастырып, «өзін-өзі дамытуға өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу «өзін-өзі жетілдіру», өзін-өзі бақылау (өзін-өзі басқару), ерік-жегерін өзіндік реттеу, өнімділігін арттыру, рухани өзін-өзі байыту, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру үдерістерінің жиынтығы» деген анықтама береді [5].

Демек өзін-өзі тану әлеуметтік-экономикалық факторлармен, адамның психологиялық және физиологиялық әлеуеттерімен, мақсатқа талпынысымен анықталады. Өзін-өзі дамыту іс-әрекеттің түрі мен қағидасы бойынша да сараланады: білімділік-тәрбиелік, жалпымәдени, кәсіби, экономикалық, саяси, құқықтық, моралдық, эстетикалық, көркем шығармашылық, діни және т.б.

Н.М. Боротко, т.б. ғалымдар зерттеулерінде оқу-кәсіптік іс-әрекет субъектісі ретінде студенттер белгілі қызметтер орындайтыны бөліп көрсетіледі: өзін-өзі тану; өзін-өзі іс жүзінде көрсету; өзін-өзі таныту; өзін-өзі бағалау; өзін-өзі реттеу; өзін-өзі анықтау; өзін-өзі өзектендіру [6].

Кәсіби өзін-өзі дамыту құрылымы мен ерешелігін анықтай отырып, Л.Хомич ұсынған нұсқаны басшылыққа алуға болады: өзін-өзі анықтау - өзінің өмірлік ұстанымын, дүниетанымын, өзіне және қоршаған ортаға қатынасын қалыптастыру, қоғамдық үдерістерді түсіну, алдына міндет қою және соған сәйкес әрекет ету; өзін-өзі таныту – өзін тұлға ретінде өзінің және қоршаған ортаның қызығушылығын шектемеу, шығармашылық қабілеттерін (ғылыми, көркем шығармашылық, техникалық, спорттық, ұйымдастырушылық-коммуникативтік) дамыту; өзін-өзі ұйымдастыру (өздік ұйымдасу) – элементарлық психикалық өзін-өзі реттеу дағдыларының болуы әрбір адамға, педагог үшін маңызды; өзін-өзі сауықтыру немесе өзін-өзі ақтау өзінің ұстанымы, жағымды климатын құру, қолайсыз жағдайда мәдени тәсілмен өзін-өзі қорғауы; т.б. [7].

Осы тұрғыдан, жауапкершілікті студент тұлғасының өзін-өзі дамытуының көрсеткіші ретінде қарастыруда білім беруді жекелендірудің басымдылығы тұлғаның жеке дара сұранысын, қажеттілігін, қабілеттері мен қызығушылықтарын тәрбиелеу маңыздылығына ие болғандықтан, білім беру бағдарламасының мақсаттық бағдары ретінде қатысады.

Осы күнге дейін білім беру жүйесінің алдында білімнің сапасын арттыру және қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогикалық үдеріске қатысушылардың әлеуетін ашу, оларға өзінің табиғи және шығармашылық қабілеттерін ашу мүмкіндігін туғызу мәселесі тұрды. Бірақ бұл даму білім беру іс-әрекетіне инновацияны жобалау және ендіріс мүмкін емес.

Сонымен қазіргі заманғы білім берудегі инновация педагогикалық іс-әрекет барысында жүзеге асырылатын, арнайы дайындалатын, ғылыми жобаланған, шығармашылық сипаттағы жаңашылдық болып табылады.

Білімді жекелендіру еркін тұлғаны тәрбиелеу шарттарын құруды қамтамасыз етеді. «Еркіндік» категориясының білімділік мәні алдымен тұлғаның бірегейлігін (өзіндік санасын, өзіндік құндылығын)

және өзін-өзі танытуын (өзін-өзі анықтау негізінде өзінің өмірлік траекториясын құруға) тұлғаның автономдылық құқығын меңгеру механизмі ретінде қарастырады [8].

XXI ғасырда адамзаттың дамуын анықтайтын тенденциясы бірегей өзара байланысты әлемнің қалыптасуын сипаттайтын жаһандану үдерісі болып табылады. Жаһандық ақпараттық қоғамға өтуде білім беру инновацияларын тиімді, сапалы және объективті пайдаланған жағдайда ғана қазіргі заманғы білім беру жүйесі бірегей болады.

Демек білім жаһандық типте қазіргі әлемдегі интеграциялық тенденцияларды ұлттық басымдықтармен біріктіретін негіз әрі түрткі ретінде моралдық және мәдени құндылықтарды таратуда және қолдауда маңызды рөл атқарады.

Ғылыми әдебиеттерде жаһандық білім берудің құндылықтарына мыналар жатқызылады: «жалпыадамзаттық қызығушылықтарды ұлттықпен, әлемдегі қауіпсіздікті толеранттылықпен, халықтар достығымен»; «тұлға мен қоғам дамуының негізі адамдардың келесі ұрпағының әл-ауқатын көтеретін бақытты өмірімен»; «басқа адамдармен серіктестік негізінде экосаланы (экологиялық мәдениет) қорғау әрекетімен»; «басқа ұлттың мәдениеті мен дінін құрметтеумен (мәдениет диалогы) үйлесімділікте байланыстыру [9].

Осыдан XXI ғасырда білімнің негізгі мақсаты – Адамды толыққанды сапалы дамыту, жаһандық дүниетанымын, құндылық негізі болып саналатын руханилық пен азаматтықты, тұлғалық және жаһандық жауапкершілікті қалыптастыру.

Жалпы алғанда, адамның өз әрекеті мен іс-қылықтарына жауаптылығы оның өзіне, қоғамға, мемлекетіне, әлемге қатынасын анықтайды. Сондықтан қазіргі таңда тұлғаның жауапкершілігін (әлеуметтік, тұлғалық, жаһандық) қалыптастыру өзекті мәселе ретінде ерекше назар аударуды талап етеді.

В.А. Петровский субъектіліктің көрінісі ретінде белсенділікті зерттей отырып, келесі құрылымдық компоненттерді бөліп көрсетеді: а) мақсаттылыққа қабілеттілік; б) өзін-өзі дамытуға қабілеттілік; в) таңдау еркіндігіне қабілеттілік және оған жауапкершілік; г) тұлғаны өзгертуге мүмкіндік тудыру [10]

А.В. Серых субъектілікті үш негізгі мәнді қасиеттермен сипаттайды: - өзін-өзі анықтау (само-детерминация), өзіндік себеп (Самопричинность өзіндік себеп); өзін-өзі ұйымдастыру (өзін-өзі реттеу); өзін-өзі дамыту (өзін-өзі түзеу) [11].

Білім беру саласындағы *іс-әрекеттік тұрғыдан* қарау теориясы сана мен іс-әрекеттің бірлігі деген психологиялық теорияға негізделеді. Бұл теория бойынша әрбір тұлға оқу-танымдық іс-әрекетке саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі іске асыруы, табысқа жетуі, өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі дамытуы тиіс.

Субъектілік тұлғаның даму деңгейінде пайда болып, адамның сыртқы мінез-құлық өзгешелігін анықтайтын тұлғаның жаңа жүйелі қасиетін сипаттайды. Ол тұлғалық сапа-қасиет ретінде әлемдегі, басқа адамдағы, адамның өзіндегі өзара дәлелденген өзгерістерді жасайды.

Қорыта келгенде, білім берудегі инновациялық технологияның негізгі мақсаты – бұл өзгермелі әлемде білім алушыларды дамыту және кәсіби іс-әрекетке дайындау, олардың өзін-өзі дамытуына мүмкіндік туғызу. Мұндай оқытудың міндеті оқу үдерісін адамның табиғи қабілеттері мен әлеуеттік мүмкіндіктерін, сонымен бірге интеллектуалдық және шығармашылық әлеуеттерін ашып көрсетуге әрі өзін-өзі дамытуға бағдарлайды. Білім беруге инновациялық іс-әрекет тетіктерін жетілдіру, оқытуға шығармашылық тұрғыдан келу тұрғысынан қарау қажет. Сонымен инновация кез келген саладағы біліктілік, тәсіл және үдеріс тиімділігінің сапасын өсіруге бағытталған жаңашылдықты ендіру деп түсіндіріледі. Инновациялық іс-әрекеттің міндеті дәстүрлі жүйемен салыстырғанда білім алушы тұлғасын сапалы өзгерту, өзін-өзі дамытуын, ішкі ұстанымын, жаңа құзыреттіліктерін қалыптастыру. Демек, бұл студент тұлғасының жауапкершілігін білдіретін субъектіліктің сипаттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: өзін-өзі тану (рефлексия, өзін өзін-өзі басқаратын дербес тұлға ретінде саналы түсінуі); өзін-өзі іс жүзінде көрсете білу/жүзеге асыру (өзінің мәнді күштерін айқындауы, ашуы және заттандыруы); өзін-өзі таныту (өзін, өзіне және басқа адамға қатынасы арқылы «нақты МЕН»-ін саналы түсінуі); өзін-өзі бағалау (өзінің және басқа оқу-кәсіби іс-әрекетінің нәтижесін, стратегиясын, әлеуетін салыстыруы); өзін-өзі реттеу (өзінің дамуын басқаруы); өзін-өзі өзгерту (өзі туралы түсініктерінің мәнді жүйесін қалыптастыруы); өзін-өзі өзектендіру (өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық пайдалануы).

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (2012 ж. 14.12.) //Ақиқат. №1, 2013. – 5-27 б.

2. Бердяев Н.А. Самопознание. – М., 1991. – 335 с.
3. Философский энциклопедический словарь/Е.Ф.Губский и др. – М.: Инфра-М., 1999. – 139 с.
4. Газман О.С. Педагогическая поддержка детей в образовании как инновационная проблема//Новые ценности образования: десять концепций и эссе. – М.: Инноватор, 1995. – 58 с.
5. Куликова Л.Н. Саморазвитие личности: психолого-педагогические основы: учебное пособие, - Хабаровск: Изд-во Хабар. Гос. пед. ун-та, 2005. – 320 с.
6. Борытко Н.М. Теория и практика становления профессиональной позиции педагога-воспитателя в системе непрерывного образования: Автореф. дисс. ... докт. пед. наук. – Волгоград, 2001. – 36 с.
7. Хомич Л.А. Профессионально-педагогическая подготовка учителя. – К.: Магистр-S, 1998. -129 с.
8. Михайлова Н.Н., Юсфин С.М. Свободоспособность как результат развития субъектности ребенка в процессе педагогической поддержки//Вестник Костромского гос. уни-та им. Н.А. Некрасова. Серия: Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика. – 2014. – Т.20. - №2. – С. 143-147.
9. Словарь - справочник современного общего образования: акмеологические, валеологические и экологические тайны /сост. З.И. Тюмасева, Е.Н. Богданов, Н.П. Щербак. – СПб.: Питер, 2005. – 464 с.
10. Петровский В.А. Личность в психологии: парадигма субъектности. – Ростов-на Дону, 1996. – 512 с.
11. Серых А.В. Психологические основания подготовки педагогов к работе с виктимными детьми. Автореф. дис.... докт.психол. наук. – М., 2005. – 54 с.

УДК 37.013:070
МРНТИ 14.43.47

А.А. Кудышева¹, А.К. Темиргалинова²

¹кандидат педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой «Психология и педагогика» Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова, г. Павлодар, Казахстан

²докторант кафедры «Психология и педагогика» Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова, e-mail: Assolalieparusa@mail.ru, г. Павлодар, Казахстан

ВЛИЯНИЕ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ НА ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНТОВ ВУЗА

Аннотация

В данной статье мы рассмотрели влияние средств массовой информации не просто на сознание студентов, а на этнокультурное воспитание студентов ВУЗа. По нашему мнению данная тема актуальна, поскольку именно студенты составляют большую часть населения, и от того как будет складываться их сознание, а тем более этнокультурная компетентность в многонациональном обществе, будет зависеть будущее многокультурной страны. Для эффективной работы системы воспитания молодого поколения, на которое оказывается сильное воздействие со стороны социокультурной среды и средств массовой информации, необходим комплекс мер, который бы смог повернуть нашу молодёжную аудиторию лицом к культуре, этнонациональным традициям регионов, в которых проживают студенты, обучаясь в тех или иных Вузах страны.

Ключевые слова: средства массовой информации, этнокультурное воспитание, студенты, общественное сознание, этнокультурная компетентность, развитие личности, полиэтническая среда, этнос.

Аңдатпа

Кудышева А.А.¹, А. К. Темиргалинова²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, С.Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Психология және педагогика» кафедрасының меңгерушісі Павлодар, Қазақстан

²С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Психология және педагогика» кафедрасының докторанты Павлодар, Қазақстан

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ТӘРБИЕСІНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Аталмыш мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының студенттер санасына әсерін ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орнының студенттерінің этномәдени тәрбиесіне әсерін қарастырдық. Біздің ойымызша, аталмыш тақырып өте өзекті, себебі, қоғамның басым бөлшегі студенттерден құралған және олардың сана-сезімінің қалыптасуы көпмәдени елдің болашағымен тығыз байланысты. Жас ұрпақтың тиімді тәрбиесі үшін этномәдени орта мен бұқаралық ақпарат құралдарының әсері тура, және елдің жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттердің мәдениетке, этноұлттық дәстүрлерге бет бұруы өте маңызды.

Түйін сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, этномәдени тәрбие, студенттер, қоғамдық сана, этномәдени құзыреттілік, тұлғаның дамуы, көпэтникалық орта, этнос.

Abstract

A.A. Kudysheva¹, A.K. Temirgalinova²

¹candidate of pedagogical sciences, professor, head of the Psychology and Pedagogy Department at Pavlodar State University named after S. Toraigrov, Pavlodar, Kazakhstan

²doctoral student of the Psychology and Pedagogy department at Pavlodar State University named after S. Toraigrov, e-mail: Assolalieparusa@mail.ru, Pavlodar, Kazakhstan

INFLUENCE OF MASS MEDIA ON ETHNO-CULTURAL EDUCATION OF UNIVERSITY STUDENTS

In this article we have examined the influence of the mass media not just on the consciousness of students, but on the ethno-cultural education of university students. In our opinion, this topic is relevant, since it is students who make up the majority of the population, the way their consciousness, and even so ethnocultural competence in a multinational society, is shaped will largely affect the future of a multicultural country. For the effective functioning of the education system of the younger generation, which is strongly influenced by the socio-cultural environment and the media, a set of measures is needed that could turn our youth audience towards the culture, ethno-national traditions of the regions in which students live, studying in various higher educational institutions across the country.

Key words: mass media, ethnocultural education, students, public consciousness, ethno-cultural competence, personality development, polyethnic environment, ethnos.

В начале XX века очень сильно начали развиваться средства коммуникации. Верно и то, что XX век – век радио, телевидения, компьютеров, автомобилей и освоения космического пространства. И уже в нашем XXI веке огромное развитие приобрели средства массовой информации (СМИ).

Каково же влияние СМИ на общественное сознание и поведение людей?

- О, оно огромно!

Проживая каждый день, мы не можем не обойтись без СМИ: мы привыкли смотреть новости по телевидению, читать прессу в свежей газете и слушать радио, а также смотреть прогноз погоды на завтра в интернете мобильного телефона. Ну и конечно мы не можем обойтись без любимого WhatsApp, без которого мы не представляем себе возможности общения с родными и друзьями.

Значение средств массовой информации в жизни современного общества трудно переоценить. Они настолько прочно обосновались в нашей повседневности, что мы даже представить себе не можем своего существования без них. Для нас стало, довольно, обыденным смотреть последние новости по любимому телеканалу, узнавать счёт футбольного матча на спортивном сайте через Интернет, слушать прогноз погоды на день на волнах любимейшей FM - радиостанции. Начавшееся в середине 20-го столетия бурное развитие информационных технологий заложило основу формирования общества совершенно нового типа - информационного общества. Средства массовой информации занимают в развитии общества особое место. Их воздействие на человека начинается в самом раннем возрасте и продолжается всю жизнь. По сути дела в современном мире средства массовой информации взяли на себя

значительную часть функций по формированию сознания людей, воспитанию их ценностных ориентаций, вкусов, взглядов, привычек, предпочтений. Человек, ранее сам лично не сталкивавшийся с той или иной проблемой, благодаря возможностям средств массовой информации, смог познакомиться с самыми разнообразными проявлениями общественной жизни, составить о них определённое представление и сформировать к ним определённое отношение.

СМИ традиционно влияют на общественное сознание и поведение людей, побуждая их к достижению тех или иных целей. В периоды эволюционного развития структура и функции СМИ, как правило, вносят вклад в устойчивое функционирование общества в целом. Однако в переходную эпоху развития общества отдельные структуры СМИ обретают иные темпы жизни, они могут развиваться вне софункционирования друг с другом и обществом в целом, что проявляется в выражении идей и интересов, иногда далеких от общественных потребностей. Все, что мы узнаем о нашем обществе и даже о мире, в котором живем, мы узнаем из СМИ. То, что средства массовой информации оказывают огромное влияние на личность и, зачастую полностью, формируют общественное мнение, непреложный факт. Мы каждый день получаем из прессы новости и информацию, которая процентов на семьдесят не подлежит проверке. Мы однозначно не всегда можем сказать себе "Да, я там был, это правдивая информация", и поэтому должны просто принимать такие новости на веру, формируя свое мнение из увиденного или услышанного, что, к сожалению, не всегда бывает правдиво. Подрастающее поколение формирует свои мнения и вкусы практически на все сто процентов благодаря журналам, развлекательному телевидению и Интернету; взрослые люди, читающие газеты и считающие просмотр ежедневных телевизионных новостей обязательным, очень большой процент информации, поступившей к ним и переработанной в разговорах с семьей, друзьями или коллегами, постепенно начинают считать собственным мнением. Итог таков - средства массовой информации и коммуникации формируют практически восемьдесят процентов личного и общественного мнения.

«Большое внимание уделяется информационным процессам и технологиям. Сегодня «информация» - один из основных способов отражения внешнего мира с помощью различных сигналов и знаков. Не зря говорят: «Кто владеет информацией – тот владеет миром». [1]

Данная работа отличается новизной так как рассматривается влияние средств массовой информации на этнокультурное воспитание студентов ВУЗа, на формирование этнокультурной компетентности молодежи. **Актуальность темы данной статьи** объясняется тем, что в современных условиях в центре внимания современной педагогики, социологии, психологии, философии и культурологии оказывается проблема формирования ценностных ориентаций и жизненных идеалов современной молодежи.

Особый интерес представляют работы Э.Гидденса, Ю.Хабермаса, Н.Лумана, Т.Лукмана, П.Бергера, Ж.Бодрийара – в которых с разных теоретико-методологических позиций исследуется проблематика социальной роли СМИ в условиях поздней современности. Существенный вклад в изучение проблем молодежи внесли многие исследователи: В.М. Боряз, Е.А. Гришина, Б.А. Грушин, Р.Г. Гурова, Г.А. Дорофеева, С.Н. Иконникова, И.С. Кон, В.Ф. Левичева, В.Т. Лисовский, В.А. Луков, Б.С. Павлов, М.Н. Руткевич, Б.А. Ручкин, Н.А. Серикова, М.Х. Титма, М.В. Ушакова, В.Н. Шубкин и другие. Комплексный подход к молодежи, ее проблемам можно проследить в работах С.Н. Иконниковой, И.М. Ильинского, И.С. Кона, В.Т. Лисовского.

Для начала дадим определение этнокультурному воспитанию – это такой процесс, в котором цели, задачи, содержание, технологии воспитания ориентированы на развитие и социализацию личности как субъекта этноса и как гражданина многонационального государства.

Информация в СМИ может оказать большое влияние на молодежь – студентов с положительной стороны, если со стороны государства, педагогов и СМИ запускать нужную, положительную информацию, пропаганду. В нашем случае этой пропагандой является этнокультурное воспитание. В наше время информации так много, и она переполняет наше пространство, что мы не успеваем ее переработать. Так как большинство населения это молодежь, то есть студенты ВУЗов, и она является ярким потребителем СМИ, то особо сильное воздействие средства массовой информации способны оказать на формирование личности подрастающего поколения. Молодежь – это такая социальная группа, которая по максимуму использует СМИ и жадно черпает информацию разного содержания. Потому что молодые люди очень любознательны, и хотят быть в курсе всех событий, происходящих не только в их городе, но и во всём мире.

С помощью средств массовой информации необходимо запускать информацию о разных культурах. Здесь имеется ввиду, например, по телевидению транслировать программы, посвященные традициям

разных культур. По музыкальным каналам транслировать исполнения национальных песен и танцев. По кулинарным каналам - приготовление национальных блюд. Канал культура познакомит молодежь с всемирной историей культурами мира, посредством которой студенты изучают возникновение, становление и развитие цивилизаций.

В интернете можно изучать иностранный язык, который отражает не только язык иной национальности, но и ее историю и культуру того или иного народа. Также в газетах и журналах можно прочитать информацию об известных людях мира в спорте, науке, музыке, литературе, театре, опере, балете.

СМИ позволяют студентам познакомиться с различными культурами мира, как с родной культурой, так и с мировой культурой. Знакомясь и познавая различные культуры, студенты получают знания и навыки, и таким образом становятся компетентны в этнокультурном смысле.

Студенты – это тот слой населения, который черпает информацию с большой скоростью, так как это возраст, когда интересно все познать. Поэтому мы считаем, что задача родителей и педагогов - направить молодежь на правильное русло, дать советы, что желательно смотреть, слушать и читать.

«Современная молодежь представляет собой особую социокультурную общность, характеризующуюся специфическими ценностными ориентациями, интересами, идеалами и образцами поведения, выражающими их символический и предметный мир. Ей присущи многообразные культурные свойства и функции, образующие молодежную субкультуру, не являющуюся по своей структуре монолитной, а представляющую собой сложный калейдоскоп нескольких субкультур, что объясняется сложностью и противоречивостью процесса вступления молодежи в самостоятельную жизнь». [2]

В современных условиях на формирование ценностных ориентаций молодежи влияют средства массовой информации. В особенности электронные телевидение и интернет играют огромную роль в формировании личности. Они формируют культуру, ценности, и даже образ жизни молодежи. Телевидение является стимулом для действий, оно пропагандирует определенные ценности культуры, которые формируют у людей соответствующие установки.

«С развитием информатизации общества средства массовой информации начинают оказывать все более ощутимое влияние на различные сферы жизни социума. В современных социокультурных условиях СМИ характеризуются некоторыми отличительными признаками: доступность, многообразие каналов, использование разнообразных технических средств, своеобразие обратной связи, высокая степень частоты и передачи информации, универсальность, и выступают специфической средой формирования и выражения ценностных ориентаций молодежи». [2]

И что еще немаловажно, что информацию, поступающую к студентам с большой скоростью необходимо успевать им не только переработать, но и отобрать нужные и правдивые им сведения. Ведь в большей степени эти материалы никто не проверяет и поэтому студентам необходимо быть внимательными.

Можно выделить несколько позитивных моментов влияния СМИ на молодежное поведение:

- СМИ держат молодежь в курсе всех происходящих событий, таким образом удаляя «информационный голод»:
- средства массовой информации повышают общую, в том числе и политическую культуру населения;
- служат для взаимного информирования властей и населения;
- снимают социальную напряженность.

Мы рассмотрели тему влияния СМИ на поведение молодежи, и теперь можно с уверенностью сказать, что воздействие средств массовой информации существует и оно достаточно существенное. Молодежь - это такая социальная группа, которая очень сильно поддается влиянию масс-медиа. Также перед нами был выдвинут важный вопрос, а именно, вопрос о характере влияния СМИ. В XX-ом веке появились новые источники массовой информации, которые заняли особую позицию среди давно установленных масс-медиа. Это мобильные источники - телевидение и Интернет. Они также активно влились в жизнь людей.

Здоровый образ жизни, высокий реализованный интеллектуальный потенциал, глубина доброй морали должны, в первую очередь, характеризовать наше молодое поколение.

Таким образом, мы можем заключить: современная молодежь - не только потребители, делающие выбор среди предметов потребления, но и участники политического, социального и культурного сообщества, в котором формирование мнения и ценностных структур во многом зависят от средств массовой информации. Поэтому необходима четкая позиция со стороны государства как в отношении

контроля над СМИ, так и в отношении оптимального использования их потенциала для воспитания такого молодого поколения, которое могло бы достойно встретить вызов будущего.

Список использованных источников

1. Алексеева В. Г. Ценностные ориентации как фактор жизнедеятельности и развития личности / В.Г. Алексеева // Психол. Журн. - 1994. - №5 = Т. 5. - С. 63-70.
2. Роль средств массовой информации в формировании ценностных ориентаций современной российской молодежи. Кандидат социологических наук Петченко Татьяна Сергеевна Научная библиотека диссертаций и авторефератов [Электрон.ресурс] - URL:<https://www.dissercat.com/content/rol-sredstv-massovoi-informatsii-v-formirovanii-tsennostnykh-orientatsii-sovremennoi-rossiis>
3. Шаши Мухаммад, Бондаренко Е.А. Роль СМИ в учебно-воспитательном процессе в России. - [Электрон.ресурс] - URL:<https://mim.org.ru/phocadownload/shash-me14.doc>
4. Петченко Т. С. Роль средства массовой информации в формировании ценностных ориентаций современной российской молодежи: автореф. дис....кан. пед. наук: 13.00.01 / Т.С. Петченко; Ставроп. гос. ун-т. – Ставрополь, 2007. – 21 с.
5. Шерковин Ю.А. Проблема ценностных ориентаций и массовые информационные процессы / Ю.А. Шерковин // Психол. журн. – 1992. - №5. – Т. 3. – С. 135-145.
6. Мельник Г.С. Mass-media: психологические процессы и эффекты. – СПб., 1996. – 196 с.
7. Абдеев Р.Ф. Философия информационной цивилизации. – М.: Изд-во «Владос», 1994. – 347 с.
8. Аберкромби Н. Социологический словарь: Пер. с англ. / Н Аберкромби, С.Хилл, Б.С. Тернер; под ред. С.А. Ерофеева. – М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2004. – 620 с.
9. Архангельский Л.М. Ценностные ориентации и нравственное развитие личности. – М.: Знание. 1998. – 64 с.

УДК 374.33
МРНТИ 14.07.15

Г.А. Абилова¹, М.Т. Жақсылықова²

¹6D010300–«Педагогика және психология» мамандығының I курс PhD докторанты

Абай атын ҚазҰПУ Алматы қ. Қазақстан

²ҚазМемҚызПУ оқытушы магистр, Алматы қ. Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада студенттердің өзін-өзі жүзеге асырудағы тәрбиелеу ерекшеліктері қарастырылған. Студенттердің өзін-өзі жүзеге асырудағы - өз күш-жігерін, қабілетін, мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, кемшілігі, теріс сапаларын нақты көре алу. Жасөспірімдік шақтағы студенттердің өзіндік сана-сезімінің дамуы тұлғаның өзіне талап қоя білуі, өзіне сын көзбен қарай бастауының біртіндеп өсуі арқылы байқалады. Жасөспірімдік шақтағы студенттердің өздерінің оқу әрекетін, сәтсіздіктерін объектілік жағдайлармен байланысты деп есептейді. Қазіргі кездегі жоғарғы оқу орындарда студенттерге ақпарат, мәлімет беріп қана қоймай, оларды өздігінен білім алуға, өздігінен жетіліп-кемелденуіне дайындау өте маңызды. Өзін-өзі тәрбиелеу өзі-өзі дамытуда басталады. Адам өзін тәрбиенің қандай сапаларына тәрбиелеу керектігін нақты білуі керек. Өзіндік сапа - өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы және өзінің талаптану деңгейін өзінің іс-әрекетінің нәтижесімен салыстыру арқылы қалыптасады.

Түйін сөздер: өзін-өзі дамыту, тұлға, білік, білім, дағды, оқу танымдық

Аннотация

Абилова Г.А.¹, Жақсылықова М.Т.²

¹докторант PhD по специальности 6D010300–«Педагогика-психология», I курс КазНПУ им. Абая,

г. Алматы, Казахстан

²КазГосЖенПУ магистр преподаватель,
г. Алматы, Казакстан

ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ В САМОРЕАЛИЗАЦИЯ

В статье рассматриваются теоретические аспекты проблемы особенности воспитания студентов в самоуправлении. В процессе обучения в вузе учебно-профессиональная деятельность становится важной сферой самовыражения студента.

Студент в процессе обучения реализует свои когнитивные потребности (познавательные) через учебную деятельность. Поэтому проблема самореализации личности в вузе очень актуальна, так как без нее невозможно реализовать принципы компетентностной парадигмы (студент не сможет сформировать компетентность без проявления собственной активности, в том числе в познавательной сфере). На сегодняшний день учебная деятельность не является главной сферой самореализации студента, вследствие этого уровень познавательных потребностей оказывается сниженным. Самопознание - знание и оценка личностью самой себя, своих возможностей, качеств и места среди других, уровень которого определяется в зависимости от критичности, требовательности к себе, своим успехам и неудачам и оказывает влияние на эффективность деятельности и дальнейшее развитие личности.

Ключевые слова: саморазвитие, личность, умений, знаний, навыков, познавательных учебных

Abstract

G.A. Abilova¹, Zhaksylykova M.T.²

¹PhD Doctoral student in 6D010300 – pedagogy-psychology Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

²KazGosZhenPU master teacher,
Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF EDUCATION STUDENTS IN SELF-REALIZATION

In the article the theoretical aspects of problem of feature of education of students are examined in self-government. In the process of educating in institution of higher learning educational-professional activity becomes the important sphere of self-expression of student. A student in the process of educating will realize the necessities (cognitive) through educational activity. Therefore the problem of self-realization of personality in institution of higher learning is very actual, because without her it is impossible to realize principles of paradigm (a student will not be able to form a competence without the display of own activity, including in a cognitive sphere). To date educational activity is not the main sphere of self-realization of student, hereupon the level of cognitive necessities appears mionectic. Self-knowledge is knowledge and estimation by personality itself, the possibilities, qualities and place among other, the level of that is determined depending on criticism, to demand to itself, successes and failures and has influence on efficiency of activity and further development of personality.

Key words: self-appraisal, personality, abilities, knowledge, skills, control, educational cognitive

Қазақстан Республикасында қазіргі таңда жүріп жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер жас ұрпақ өмірінің барлық жақтарын әлеуметтендіру үрдісіне ықпал етеді. Бұл мәселеге байланысты елбасымыз Н.Назарбаев: «... жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе - білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және әлеуметтік адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады» - деп атап көрсетті [1].

Оқыту процесінде студенттердің білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Оқытушының сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, оқытушы студенттің оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта студенттердің, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, және студенттердің өзін-өзі жетілдіру мәселелері маңызы ерекше.

Студент тұлғасын зерттеуші ғалымдар: В.А. Попков, А.В. Коржуев, С.Д. Смирнов, оның ішкі дүниесі қарама-қайшылықты, өз бойында жоғары мәдениеттілікті, өзіндік сана-сезімді қалыптастыруда өзінің ерекшеліктерін түсінуде көп қиыншылықтарға кездесетіндігін атайды [2]. Студенттік кезең В.Г. Ананьев, К.А. Абульханова-Славская, А.Г. Асмолов, А.А. Бодалев, А.В. Дмитриев, И.С. Кон, В.Т. Лисовский, Ю.Г. Фокин, т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданған. Жастық шақ-өзін-өзі тану, өзіндік талдау жасау, өзін-өзі бағалау, өзгемен салыстыру кезеңі. Тұлғаның өзіндік бағалау ерекшеліктерін қарастырған жұмыстарда тұлғаның әртүрлі даму жақтары нақты қарастырылған (Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, А.И. Липкина, И.И. Чеснакова т.б.) [3].

Өзін-өзі жүзеге асыру – бұл тұлғаның жетілген өзіндік реттеу, өзіндік басқару негізінде пайда болатын, жақын ортада өзінің әлеуметтік статусын жоғарылату қажеттілігінен туындаған, өзін-өзі көрсету және өзін әлеуметтік тәжірибе субъектісі ретінде өзін-өзі бекіту бойынша дербес, саналанған, арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті. Осы процестің психологиялық механизмдері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

тұлғаның арнайы түрде ұйымдастырылған өзін-өзі зерттеуі (өзін-өзі тану);

адамның өз қасиеттері, қабілеттері, әлеуметтік құндылықтары жөніндегі түсініктердің қалыптасуы (өзін-өзі анықтау);

өзіне бағытталған сыртқы талаптарды мақсатты түрде зерттеу, солармен өз әлеуметтік кемелдігін салыстыру, яғни өзінің әлеуметтік талаптарға сай болуға дайындығын анықтау (өзін-өзі саналау);

өзін-өзі тәрбиелеу міндеттерін бөліп алу, қоғамдық пайдалы іс-әрекет барысында өз жеке басы бойынша тәрбиелеу жұмысын жоспарлау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі қадағалау, өзін-өзі бағалау түрлерін анықтау (өзін-өзі дамыту).

Өзін-өзі жүзеге асыру деп - адамның белгілі мақсатқа бағытталған, өз сапасын жетілдіру арқылы, кемшіліктерінен арылу әрекеті. Сондықтан тұлғаның білімге ұмтылысы үнемі құптталып, жол көрсетіліп отырылуы тиіс. Осыдан кейін оқуға деген ынтасы, оған итермелейтін түрткісі, икемдейтін ерік қайраты пайда болады. Егер білімді меңгеруге оқуға өзі талпынбаса, ұмтылмайынша, өзіндік дара сапасын қалыптастырмайынша, білімге деген ізденісін тудырмайынша, оның адамгершілік, дүниетанымының қалыптасуы мүмкін емес. Студенттердің оқуда жоғары қабілеттілігін көрсетуде олардың талпынысына қызығушылық білдіріп отырса студенттің өзін-өзі жүзеге асыруы жоғарылайды.

Қазіргі кездегі жоғарғы оқу орындарда студенттерге ақпарат, мәлімет беріп қана қоймай, оларды өздігінен білім алуға, өздігінен жетіліп-кемелденуіне дайындау өте маңызды. Ол үшін студентте өзінің жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты, әсіресе, өзін-өзі дамыту белсенді ұстанымын, позициясын, яғни өзіндік бағасының белгілі бір деңгейін қалыптастыру қажет.

Қалыпты жағдайда дамыған жеке адамның өзіндік бағасы жағымды түрде болуы қажет. Бұл адамның өз күшіне деген сенімділігін және белсенді іс-әрекетке бағытталуын қамтамасыз етеді. Жағымсыз сипаттағы өзіндік баға адамды селкостыққа, енжарлыққа әкеп соқтыруы мүмкін. Мұндай жағдайды болдырмау үшін студент жетістіктері мен сәтсіздіктерін өзі сезе бастайтын, яғни жасөспірімдік кезеңінде өз-өзіне қарым-қатынасын және өз күшіне деген сенімділігін қалыптастыру қажет.

Өзін-өзі тәрбиелеу өзі-өзі дамытуда басталады. Адам өзін тәрбиенің қандай сапаларына тәрбиелеу керектігін нақты білуі керек. Өзіндік сапа - өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы және өзінің талаптану деңгейін өзінің іс-әрекетінің нәтижесімен салыстыру арқылы қалыптасады. Тепе – тең өзіндік баға өзін-өзі тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді.

Өзін-өзі жүзеге асыру – субъект отбасында, оқу орындарында, басқа да жерлерде адамдармен қарым-қатынасқа түскен жағдайда және өзгелер өзі туралы көзқарастарын білдірген кезде қалыптасады. Ол өзін айналасындағылармен салыстырады, егер бұл байланыстардың нәтижесі төмен көрсетсе, адам өзінің әрбір ісінен кедергілер мен тосқауылдар тауып отырады. Ол өз-өзіне деген сенімін жоғалтады. Оған жұмыс істеу қиындай түседі, айналасындағы адамдармен байланыс жасау да қиындық туғызады [4].

Студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруда - өз күш-жігерін, қабілетін, мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, кемшілігі, теріс сапаларын нақты көре алу. Жасөспірімдік шақтағы студенттердің өзіндік сана-сезімінің дамуы тұлғаның өзіне талап қоя білуі, өзіне сын көзбен қарай бастауының біртіндеп өсуі арқылы байқалады. Жасөспірімдік шақтағы студенттердің өздерінің оқу әрекетін оң бағалайды, сәтсіздіктерін объектілік жағдайлармен байланысты деп есептейді. Сонымен қатар оқудағы табыстарын ғана емес, сәтсіздіктерін әлдеқайда сыни көзқараспен қарайды.

Е.А. Серебрякованың еңбегі жасөспірімнің өз білімі мен күшіне сенім мен сенімсіздіктің қалыпта-

суындағы өзін-өзі реттеуі рөліне арналған. Автор өзін-өзі реттеу ерекшелігіне (бірдейлігі, орнықтылығы) байланысты жасөспірімдесенім, сенімсіздік немесе өз-өзіне сенімділік, яғни мінездің белгілі – бір ерекшелігі пайда болатынын көрсетеді [5].

Қазіргі жаңа әлеуметтік психологияда жасөспірімдік шақтағы студенттердің өзін-өзі жүзеге асыру ерекшеліктерін зерттеуде нақты екі бағыт жүрген. Бірі өзін-өзі жүзеге асыруда жалпы сипатымен, оны қалыптастыру шартын іздеумен байланысты. Екіншісі микроанализбен, яғни өзіндік бақылаудың құрылымдық элементтерін табумен байланысты. Біздің пікірімізше, осы екі бағыттың келешегі зор, яғни өзін-өзі жүзеге асыруда құрылымдары жайлы сұрақтар. Себебі, бұл бағыттың негізгі міндеті өзін-өзі жүзеге асырудың құрылымдық-динамикалық элементтерін зерттеу болып отыр. Осы ықпалдың негізінде мына жағдайды тұжырымдауға болады, яғни онтогенездің әрбір сатысында жаңа мазмұндармен байып отырады, өзінің мазмұнын жетекші іс-әрекет типінен байланысты өзгертеді.

Өзін-өзі жүзеге асыруда терең құрылымды-динамикалық талдау, біздің пікірімізше, жинақталған теориялық және эмпирикалық мәліметтерді ары қарай мағыналандыру қажет. Ең негізгісі осы динамикалық жүйенің қасиетін, мазмұнын, оның жеке элементтерін түсіну қажет және олардың бөлінулері мен өзара әрекет шегін негіздеу және табу. Әрине, бұл екі бағытты бөлсек те, өзін-өзі жүзеге асыру сыртқы факторы мен субъектінің іс-әрекет нәтижесін мен оны қалыптастыру негізінде зерттелген бірінші бағыт пен екінші бағытты біріктіреміз. Себебі, өзін-өзі жүзеге асыруда сыртқы факторлар да өте қуатты, қажетті факторлар болып табылады және оларды ескеру әрқашан да қажет.

Сондықтан да біз өз зерттеуімізде бастапқы жағдайды былай негіздедік – студенттердің өзін-өзі жүзеге асыру ерекшеліктерінің тек сыртқы жағдайға ғана болуы мүмкін емес. Біздің пікірімізше, студенттердің өзін-өзі жүзеге асыру ерекшеліктерінің іс-әрекетте жеткен жетістіктермен ғана емес оны орындаудағы іс-әрекетті реттеу механизмдерімен байланысты болады, яғни іс-әрекеттің сыртқы және ішкі нәтижелерінің динамикалық үйлесуімен байланысты.

Сонымен, студенттердің өзін-өзі жүзеге асырудағы тәрбиелеуде талдау жасай келе мынадай тұжырымға келуге негіз болады, өзін-өзі жүзеге асыру оның студенттердің оқу-танымдық рөлі тұрғысынан екі аспектіде қарастырылады:

1. Өзін-өзі жүзеге асыру оқыту үрдісінде белсенді қалыптасатын тұлғалық білім алу ретінде алға шығады және студенттің оқу танымдық әрекетінде маңызды ықпал жасайды.

2. Өзін-өзі жүзеге асыру – оқудан тыс жұмыстарда тұтастай құрылымының ерекше бөлігі оның қызметі. Студенттердің осы әрекет субъектісі ретінде оқу міндеттерін шешуде оның қаншалықты алға жылжығанын анықтай білу болып табылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2004.
2. Мендалеева Р.Т. Өзін-өзі бағалаудың теориялары. – Алматы, 1988.
3. Рысбекова А.К. Өзіндік ерекшеліктер. – Алматы, 1989.
4. Берікханова А.Е. Психология. – Алматы, 1999.
5. Ананьев Б.Г. Психология педагогической оценки // Том 2. М., Просвещение, 1980. – 25 с.

УДК 378.02:37.016
МРНТИ 14.35.09

О.Я. Сулейменова¹, Қ.А. Маханова², Г.С. Құбаева³

¹ х.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
Алматы қ., Қазақстан

²М011200 – Химия мамандығының 2 курс магистранты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³М011200 – Химия мамандығының 2 курс магистранты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МАМАНДЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ КУРСЫНА ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР КӨМЕГІМЕН ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада мамандыққа бағытталған химияны оқыту курсына дидактикалық құралдар көмегімен нақты жоспарланған деңгейлік тапсырмалар берілген. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникативтік технологияны (компьютер, интерактивті тақта, мультимедия, ғаламтор) пайдалану арқылы білім алушылардың оқуға мотивациясын, қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болатындығы жайлы баяндалады.

Мұнда 5В011200–Химия мамандығына Жалпы химия курсы бойынша семинар сабақтарында дидактикалық құралдарды қолдану арқылы деңгейлік тапсырмалар беру өте ыңғайлы әрі тиімді екені айтылған. Нақты «Периодтық заң мен периодтық жүйе» тақырыбын бекіту сабағы талданып отыр. Кәсіби мамандарды даярлауда дидактикалық құралдар көмегімен деңгейлік тапсырмалар құрастыру студенттің іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектесіп зейінін белсендіруге мүмкіндік туғызады. Деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы студенттің өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады.

Түйін сөздер: мамандыққа бағыттап оқыту, деңгейлік тапсырмалар, дидактикалық құралдар, ақпараттық-коммуникативтік технология, электрондық оқулық, ақпараттық мәдениет.

Аннотация

Сулейменова О.Я.¹, Маханова Қ.А.², Құбаева Г.С.³

¹д.х.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

²магистрант 2-курса по специальности 6М011200 – Химия КазНУ им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

³магистрант 2-курса по специальности 6М011200 – Химия КазНУ им. аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

СОСТАВЛЕНИЕ УРОВНЕВЫХ ЗАДАНИЙ ДЛЯ КУРСА ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ, НАПРАВЛЕННОЕ НА СПЕЦИАЛЬНОСТЬ С ПОМОЩЬЮ ДИДАКТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ

В статье приведены конкретно запланированные уровневые задания для курса обучения химии, направленное на специальность с помощью дидактических средств. А также показано, что используя информационно-коммуникационную технологию (компьютер, интерактивная доска, мультимедия, интернет) можно повысить мотивацию обучающихся к учебе, их интересы, интеллектуальные познания, повышение качества знания.

Использование дидактических средств обучения при составлении уровневых заданий для семинарских занятий по специальности 5В011200–Химическая специальность по курсу «Общая химия» очень удобно и эффективно. Рассматривается закрепление урока по теме «Периодический закон и периодическая система».

При подготовке профессиональных специалистов составление уровневых заданий с помощью дидактических средств обучения дает возможность студентам разнообразить свои действия и работу, а также активизировать их внимание. Выполняя уровневые задания студенты обеспечивают себя самообразованием, а также развивают навыки нахождения и выбора нужных источников знания.

Ключевые слова: обучение направленное на специальность, уровневые задания, дидактические средства, информационно-коммуникационная технология, электронный учебник, информационная культура.

Abstract

Suleimenova O.Ya.¹, Makhanova K.A.², Kubayeva G.S.³.

*¹doctor of chemistry, associate professor of the Al-Farabi Kazakh national university,
Almaty, Kazakhstan*

*²magisrtant 2-course the specialty 6M011200–Chemicals them.
of the Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan*

*³magisrtant 2-course the specialty 6M011200–Chemicals them.
of the Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan*

**COMPOSITION OF LEVEL TASKS FOR THE COURSE OF TRAINING CHEMISTRY,
DIRECTED ON SPECIALTY BY THE DIDACTIC FUNDS**

The article presents specifically planned level assignments for the course of chemistry teaching, aimed at the specialty with the help of didactic means. And also it is shown that using information and communication technology (computer, interactive board, multimedia, Internet) can increase the motivation of students for study, their interests, intellectual knowledge, improving the quality of knowledge.

The use of didactic teaching aids in the preparation of level tasks for seminars on the specialty 5B011200 - Chemical specialty at the course "General Chemistry" is very convenient and effective. The article discusses the consolidation of the lesson on the topic "Periodic law and the periodic system".

In the training of professional specialists the preparation of level tasks with the help of didactic teaching tools enables students to diversify their activities and work, and also to increase their attention. By performing level tasks, students provide themselves with self-education, and develop skills of finding and selecting the right sources of knowledge.

Key words: training directed at specialty, level tasks, didactic means, information and communication technology, electronic textbook, information culture.

XXI ғасырдың алғашқы шебінде, яғни ғылыми техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, жетілген, құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру бүгінгі мектеп пен жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі міндет.

Кәсіби мамандарды дайындауда берілетін білім мен мамандықты байланыстыруда, маман сапасын жетілдіруде әр педагог оқытудың нәтиже беретін алдыңғы қатарлы озық дидактикалық негіздерге сүйене отырып, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдаланып, оқу үдерісіне ендіре отырып ұйымдастыруының маңызы зор.

Мамандыққа бағытталған химияны оқыту көптеген мамандарды дайындайда өте қажет болып табылады. Мысалы: медицина, биология, география, аграрлық сала, ауыл шаруашылығы, металлургия және т.б. Химия адамзат өмірінің алуан түрлі салаларында кеңінен қолданылатындықтан ЖОО-да осы ғылымның қолданбалы аспектілерін оқытудың маңызды екенін көрсетеді.

Бүгінде білім беруді одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңі басталды, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді. Мұнда әрбір білім алушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, ғаламтор ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс [1].

Мамандыққа бағытталған химияны оқытуда АКТ-ны қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндағы ерекшелік оқытушы рөлінің өзгеруінде. Ол реттеуші, ұйымдастырушы, кеңес беруші. Бүгінгі электрондық оқулық виртуалды химиялық зертхана, ғаламтор арқылы орындалады. Осыған байланысты оқытушының міндеті осы оқу құралдарды оқыту материалдың мазмұнымен байланысты, психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес, компьютермен жұмыс істеуге дағдысы бар **студенттерді** анықтау, іріктеу. Осы міндеттерді сапалы, нәтижелі ету үшін оқытушы өзі интерактивті тақтамен, әртүрлі электронды оқулықтармен, және ғаламтор көзінде жұмыс істей білуі керек. Ол үшін негізінде Activstudio, кітапхана және флипчартты қолдана білу қажет [2].

Студенттердің сабаққа дегенінтасын ояту оқытушының сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану - сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Ақпараттық технология негіздері тұлғаның

химия курсынан алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге көмектеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа бейне, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану студенттің дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде студенттер қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Деңгейлік, тесттік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз - тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулалар, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула-химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді [3].

Интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Мысалы: Жалпы химия курсына оқытуда интерактивті тақтамен жұмыс жасауда студенттердің қызығушылығын танытып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен қатар жаңа ақпараттық технологияны меңгеруге, оны пайдалана алуына мүмкіндік беріледі. Сабақта интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге, дағдыланады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы студенттердің білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта деңгейлік тапсырмаларды қолдануға болады. Тапсырма нәтижелері жиналған ұпайлары бойынша, алдын-ала бекітілген балдық шкала арқылы бағаланады. Ол жауап нәтижелерін бақылап және студенттердің материалды түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту - оқытушының студентпен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана студент үшін емес, оқытушының дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту үдерісі студенттің жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы білім алушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Жаңа ақпараттық техникаларын пайдалану соңғы уақытта ЖОО-да білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Мультимедиялық технологиялар көбіне компьютерлік сыныптарда қолданылады. Қазіргі уақытта сабақ материалына байланысты көптеген компакт-дискілер бар. Мектептегі химия сабағын компьютердің көмегіне сүйеніп өткізуге көп мүмкіндіктер жасалған. Жаңа материалды түсіндіруде интерактивті компьютерлік графиканы пайдалануды көздейтін аппараттық-бағдарламалық құралдарды пайдалануға болады. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі. Химия пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар біртестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы химия бойынша минимум талаптарына сәйкес келеді. Келесі бір маңызды жағдай уақытты үнемдеу. Аз уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген киын сұрақтарын формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі. Химия сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, сабақтар өткізу [4].

Химия курсында ақпараттық технологиялар қолдануда заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуы, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерделеу сияқты мәселелерді шешуде пайдасы көп. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерделей отырып, студенттер практикалық қызмет үшін тиіс білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- зертханалық тәжірибелер;
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);
- анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);
- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мамандыққа бағытталған химияны оқытуда, 5В011200-Химия мамандығына Жалпы химия курсы бойынша семинар сабақтарының бірінде интерактивті тақтаны қолданып сабақ өткізілді. Мұнда слайдтар

мен видео көрсету, деңгейлік тапсырмаларды беру өте ыңғайлы әрі тиімді. Мысалы «Периодтық заң мен периодтық жүйе» тақырыбын меңгеру барысында элементтердің атомдық құрылысын, кеңістікте орналасуын бейне баяндар арқылы көрсетілді, сөзбен айтып түсіндіргеннен бейне баяндарды бір рет көрсету студенттердің еске сақтауына жақсы септігін тигізеді. Әр семинар сабақтар слайдтар және түрлі деңгейлік тапсырмалар арқылы жүргізіліп отырды, слайд көмегімен жүргізу оқытушы үшінде, студент үшінде ыңғайлы. Сабақтың көрнекті болуы үшін ғаломтор көмегімен сабақ тақырыбына қатысты әртүрлі материалдарды көрсету сабақты қызықтырақ етті. Ғаломторда химиялық қызықты тәжірибелер өте көп солардың ішінен семинар сабағы тақырыбына сәйкес келетін, тақырыптың мазмұнын ашатын тәжірибелері жасалып көрсетілді. Мұндай тәжірибелер сабақтың қызықты өтуіне әрі студенттердің қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Химияның басқа ғылымдардан айырмашылығы тәжірибелерінде бір заттың басқа затқа айналуын, құрамының өзгеруін түсіндіріп осы тәжірибелерді дұрыс көрсете білу оқытушының шеберлігіне байланысты. Деңгейлік тапсырмаларды беру арқылы барлық студенттерді сабаққа белсенді ат салысып, бір-бірімен жарыстыра отырып, қызықтырып өткізуге болады. Жоғарыда аталған «Периодтық заң мен периодтық жүйе» тақырыбына арналған деңгейлік тапсырмалар қарастырайық:

Студенттің рет нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Элемент	Cl	Mn	Br	I	F	C	Cr	S	Fe	Al

А деңгейлі тапсырмалары

Өзіңіздің рет нөміріңізге сәйкес элемент бойынша төмендегі кестені толтырыңыз:

1	Атом құрамының формуласы (р, n, e саны)	
2	Электрондық формуласы (1s...)	
3	Ядро заряды	
4	Тотығу дәрежелері	
5	Қосылыстарында көрсететін валенттіліктері	
6	Маңызды қосылыстарына мысал келтіріңіз	
7	Табиғатта таралуы	

В деңгейлі тапсырмалар

1. Өзіңіздің рет нөміріңізге сәйкес элементтің тотығу дәрежесі өсу ретімен орналасқан қосылыстарына мысал келтіріңіз.
2. Төмендегі элементтерді электртерістілігі бойынша ретімен орналастырыңыз:
 - а) Ca, K, Mn, Ti, Sc (өсу ретімен)
 - ә) Mg, Ba, Hg, Sr, Be (кему ретімен)

С деңгейлі тапсырмалар

Өзіңіздің рет нөміріңізге сәйкес элементтің және оның қосылыстарының химиялық реакция теңдеуін жазып, әрқайсысына тоқталып, сипаттама беріңіз.

Қорыта келгенде, химия-жаратылыстану ғылымдарының тірегі, ал оның зерттеу әдістері - қазіргі заманғы ғылыми танымның тұғыры. Кәсіби маманның басты қасиеттерінің бірі – білімі. Ол үшін әрбір болашақ маман біліммен қатар ақпараттық технологияларды меңгеруі шарт.

Мамандыққа бағытталған химияны оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияның көмегімен деңгейлік тапсырмаларды берудің тиімділігі – студенттердің білім оқулықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге, уақыттарын үнемдеуге, әділ бағалауға, өз беттерінше ізденуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Ендеше, кәсіби мамандарды даярлауда ақпараттық-коммуникативтік технологияны сабақта қолдану студенттің іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады деуге болады. Ең бастысы, деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы студенттің өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Әрбір студенттің білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникативтік технологияларды толық меңгерген маман ғана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Себебі келешек мұғалімдер мен оқытушылардың білімі жоғары болса, онда болашақ тәрбиеленуші ұрпақ пен болашақ маман иелерінің білімді болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әлмұхамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуы. – Алматы. 2011. – 17 б.
- 2 Жантелова К. Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету. // Қазақстан мектебі. 2013. №3. – Б. 21.
- 3 Омарова Л.С. Химияны оқыту әдістемесі. // [Электрондық ресурс]: – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2007. – 68 б.
- 4 «Химик анықтамалығы» журналдары. 2010. №1 (15). – Б.24, 2010. №2 (16). – Б. 22.

УДК 541
МРНТИ 14.35.09

Б.С. Саурбаева¹, Л.Лиақын², А.А. Тастанбекова³
х.ғ.к., Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ аға оқытушы
Өскемен қ., Қазақстан
Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ оқытушы
Өскемен қ., Қазақстан
Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ аға оқытушы
Өскемен қ., Қазақстан

**CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНЫП ХИМИЯДАН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

Аңдатпа

Мақалада техникалық жоғары оқу орнында білім алатын студенттерге CLIL (Content and Language Integrated Learning) – пәндік – тілдік кіріктіру отехнологиясын қолданып химиядан ағылшын тілінде білім беруді жүзеге асыру мәселесі қарастырылған. CLIL басқа пәндерді шет тілінде оқытудың құралы ретінде қарастырылады. Әдістеме студенттің оқуға деген ынтасын арттырады, қабілетін ары қарай дамытады. Студенттің өзінің қабілетіне басқа тұрғыдан қарауға шабыттандырады, сонымен қатар оқу үрдісіндегі көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, сонымен қатар терминалогиялық, оқу әдістемелік, техникалық және басқа терминдер сияқты студенттердің нақты тілдік құралдарын кеңейтеді. Әр сабақта студенттердің танымдылық-коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін сабақтың түрлі кезеңінде студенттердің үш тілде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытудағы белсенді оқыту әдісі, яғни бұл әдістеме шет тілін үйренудегі ерекше тәсіл болып табылады.

Түйін сөздер: химия, ағылшын тілінде білім беру, CLIL технологиясы, бағдарлама.

Аннотация

Саурбаева Б.С.¹, Лиақын Л.², Тастанбекова А.А.³
¹к.х.н., старший преподаватель ВКГТУ им. Д.Серикбаева
г. Усть-Каменогорск., Казахстан
²преподаватель ВКГТУ им.Д.Серикбаева
г. Усть-Каменогорск., Казахстан
³старший преподаватель ВКГТУ им.Д.Серикбаева
г. Усть-Каменогорск., Казахстан

**РЕАЛИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ ПРЕДМЕТА ХИМИИ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ
С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ CLIL ТЕХНОЛОГИИ**

В статье рассматривается проблема обучения с использованием технологии CLIL (Content and Language Integrated Learning – предметно-языкового интегрированного обучения) по предмету «химия» на английском языке для студентов технических высших учебных заведений. CLIL рассматривает изучение иностранного языка как инструмента для изучения других предметов. Методика формирует у студента потребность в учебе, а это, в свою очередь, позволяет ему переосмыслить и развить свои способности, в том числе и на родном языке. Данная методика представляет собой неординарный подход к обучению

иностранным языкам, с помощью Clil которого осуществляются регулятивные действия самонаблюдения, самоконтроля, самооценки в процессе коммуникативной деятельности на иностранном языке (в нашем случае, на английском языке). что позволяет решить многие задачи образовательного процесса.

Ключевые слова: химия, обучение на английском языке, CLIL технологии, программа.

Abstract

B.S. Saurbaeva¹, L. Lyakyn², A.A. Tastanbekova³

¹Candidate of chemical Sciences, Seniorlectur of D.Serikbayev EKSTU

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

²Lecture of D.Serikbayev EKSTU

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

³Senior lecture of D.Serikbayev EKSTU, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

INCLUDING CLIL TECHNOLOGY TO ENGLISH LANGUAGE TEACHING IN CHEMISTRY

The article technical institution of higher education for students of "Chemistry" clil using technology provided by the issue of the implementation of English language education in chemistry. Content and Language Integrated Learning (CLIL) is one of the most outstanding approaches in foreign language teaching. CLIL as a teaching method, teaching materials, Bilingualism and CLIL and gives a short view on the bilingual education round the world. Content and Language Integrated Learning (CLIL) "is an increasingly popular teaching method". The CLIL approach also widens the student's range of specific language means, like those of terminological, teaching, technical and other terms. The learner is most certainly more active and enthusiastic concerning their lifelong learning process.

Key words: chemistry, CLIL (Content and Language Integrated Learning) technology, teaching in English, program.

Қазақстанда білім беру жүйесі әр тарихи педагогикалық дәуірде елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Бұл заман талаптарына сай экономикалық және технологиялық үдеріске ілесіп педагогикалық жүйеге де заңды түрде өзгерістер енгізу керектігін түсіндіреді.

2007-2008 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылы 7 тамыздағы №387 бұйрығының негізінде әлемдік стандарт деңгейінде сапалы білім берудің негізгі бағыттарын анықтау үшін 31 мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектептерде үш тілде оқытуды енгізу бойынша жаңа білім жобасы іске асырыла бастады.

Қазақ-түрік лицейлерінде, Қарағанды облыстық «Мұрагер» дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында, «Мирас» халықаралық мектебінде көптілде оқыту тәжірибесі оң нәтиже бергенін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары ұсынған мектептерде үш тілде оқытуды 7-сыныптан бастап сатылап енгізу туралы шешім қабылдады.

Үш тілде оқытатын мамандандырылған мектептерде жыл сайын оқу жылының қорытындысы бойынша жасалатын білім беру мониторингі балаларға көптілде білім берудің өзектілігі мен қажеттілігін растайды [1].

Қазіргі уақытта еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта үштілді еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын студентті университет қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі кездегі ең басты міндетіміз.

Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында басты мақсаттардың бірі білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады.

Осы бағдарламаны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020» жылдарға арналған жол картасы да жасалған.

Жоғары сыныптарда жаратылыстану пәндері, яғни информатика, химия, биология, физика және жаратылыстану ағылшын тілінде оқытылатын болады. Әрине үш тілде қатар оқыту жоғары оқу орындарында тікелей қатысты.

Аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру үшін Техникалық жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде білім беруге басымдылық беру қажеттілігі туындайды. Сол себепті Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-де 2016 жылдың қыркүйек айында үш тілі білім беру бойынша жол картасы жасалды және осы оқу жылы-

нан бастапақпараттық жүйелер және компьютерлік үлгілеу кафедрасында «ақпаратты-коммуникациялық технологиялар» пәнінен ағылшын тілінде білім беру жүзеге асырылуда. Ал жол картасына сәйкес 2017-2018 оқу жылының қаңтар айынан бастап ағылшын тілінде білім алуға талпынатын студенттер үшін химиядан ағылшын тілінде сабақ жүргізу көзделген. Сондықтан химиядан ағылшын тілінде оқу-әдістемелік кешен дайындау, сабақта қандай технологияны қолдану деген сұрақтар туындайтындығы сөзсіз және бұл өзекті мәселе болып табылады.

Бұл мәселені шешуде CLIL (content and language integrated learning) технологиясын қолданудың маңыздылығы еліміздегі әр облыстарда ашылған Назарбаев Зияткерлік Мектептерінде дәлелденіп, өз жемісін беруде.


CLIL (Content and language integrated learning) - технологиясы негізінде АҚШ, Австралия, Канада, Нидерланд, Чех Республикасы сияқты елдерде ХХ ғасырдың соңынан бастап білім бере бастаған. Көптеген педагогикалық тәжірибелердің нәтижесі бойынша бұл технология білім беруде ұтымды әдістердің бірі екендігі дәлелденген. Яғни, аталған елдер халықтарының басым көпшілігі төрт тілде еркін сөйлейді. Бұл артықшылық халықтың заманауи технологияны меңгеруіне кең жол ашады, мықты адами капиталдың пайда болуы жан-жақты білімге байланысты екендігі даусыз.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) – бұл дегеніміз шет тілін басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытуды көздейді. Ал біздің жағдайымызда шет тілі ағылшын тілі болып табылады.

Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.


Пән мен тілді кіріктіріп оқыту жағдайында тілді білу пәннің мазмұнын зерделеудің құралы болып табылатынын есте сақтау керек. Бұл жағдайда зейін арнайы мәтіндердің мазмұнына, сонымен бірге пәнге қатысты терминдерге де аударылады.

CLIL технологиясы негізінде білім алушының бойында саты бойынша төмендегі дағдылар қалыптасады (сурет-1): есте сақтау (remembering), түсіну (understanding), қолдану (Applying), талдау (Analysing), бағалау (evaluating), жасау, яғни жаңалық ойлап табу (creating).



Сурет-1. Bloom's taxonomy

CLIL негізін төрт сөз құрайды: CONTENT (Мазмұн), COMMUNICATION (Қатынас), COGNITION (Таным), CULTURE (Мәдениет). (сурет – 2)



2-сурет. CLIL негізі

CLIL-дің негізгі қағидаларын анықтауда түрлі европалық елдерде мәдени және тілдік ортасын қамтитын, пәндік және білімділік міндеттерді шешуге бағытталған оның 4 негізгі қыры бөліп көрсетіледі. Осы 4 қырының әрбіреуі білім алушылардың жасына, әлеуметтік-лингвистикалық ортасы мен CLIL ену дәрежесіне қарай түрліше жүзеге асырылады.

Біздің жағдайымызда студенттер алдымен ағылшан тілінің деңгейін анықтайтын тесттен өтеді, егер баланың деңгейі қанағаттандырылмай болса, онда химия пәнінен ағылшын тілінде білім алуға мүмкіндігі болады.

CLIL технологиясы бойынша оқытудағы негізгі қағидалар болып табылатындар:

- CLIL ұғымы шегінде орналасқан қағидалар. Бұған пәнаралық байланыстар, сонымен қатар тілдік құзыреттілік, тек оқуға ғана емес, сонымен қатар жаңа білімдерді өмірде пайдалануға, сәйкесінше өмірлік мотивацияны арттыруға дайындық, табысқа беталыс жатады. Осының барлығын CLIL оқытуының артықшылықтарына жатқызуға болады;

- жоғарыда атап көрсетілген төрт компонент жүзеге асырылатын CLIL сабағы;

- одан өзге, әр сабақта тілдік дағдылардың барлық түрлері қолданылуы тиіс. CLIL технологиясы бойынша оқытудың мақсаттары:

1) оқытылатын пән арқылы шетел тілін зерделеу;


2) пәнді шетел тілі арқылы зерделеу [2].

Біз осы технологияға сүйеніп химия пәнінен техникалық бағыттағы мамандықтардың білім алушыларына арнап CLIL (content and language integrated learning) технологиясының принциптеріне сәйкес білім бағдарламасын қолдандық, осы мақалада бағдарламаға сәйкес «Металдар коррозиясы» тақырыбының жоспарын ұсынып отырмыз. (кесте-1)

Кесте-1. Металдар коррозиясы (corrosion of metalles)

Stages	Teacher activity	Students' activity
Org moment	Good morning dear students! Glad to see you!	Good morning teacher

1-кестенің жалғасы

Stages	Teacher activity	Students' activity
Warm-up Activity	Look at the pictures and tell me your opinion this picture. What is todays theme? Todays theme is: corrosion of metals	Students looked the pictures and try say the theme. Todays theme is corrosion of metals
Activity 2	Explains separation techniques playing the video	Students watched videos listen to the explanations and do the activity individually
Activity-3 writing-reading	Match the words to their translations: Repeat after me: Oxidation- тотығу Reduction- тотықсыздану Redox- тотықтырғыш Phenolphthalein- фенолфталеин Iron nail – темір шеге Aluminum sheet – алюминий пластинкасы Zinc sheet – мырш пластинкасы Tin sheet – қалайы пластинкасы Indicator – индикатор Mixture- қоспа	Oxidation тотығу Reduction тотықсыздану Redox тотықтырғыш Phenolphthalein фенолфталеин Iron nail темір шеге Aluminumsheet алюминий пластинкасы Zinc sheet мырш пластинкасы Tin sheet қалайы пластинкасы Indicator индикатор Mixture қоспа
Activity 4	Give the some sentences and make the laboratory Put the processes in the correct order. A. Seaweed gel making 1. Boil 80 mL of aquadest in beaker glass 250 mL. 2. Pour 0.5 g seaweed into aquadest and stir it until the gel dissolved. 3. Add 5 g of NaCl into the solution and stir continuously 4. Add 2 mL of phenolphthalein (pp) indicator and 1 mL of 0.1 M $K_3[Fe(CN)_6]$ solution. Stir until homogeny and stop the heating. Cool down the gel. The color of the mixture must be yellow, not green, blue or uncolored. B. Cleaning of iron nail 5. Submerge five iron nails into 15 mL of 2 M H_2SO_4 solution in the test tube for five	 <p>Figure 6.1 Experiment design</p>

	<p>minutes.</p> <p>6. Boil 50 mL of water in beaker glass 250 mL, clean the acid from the nail carefully (on step 5), rinse nails with water and then put the nails gently into boiling water. Move the nails into test tube with clean pliers.</p> <p>C. Working with cleaned nails</p> <p>7. Label test tubes 1 to 5. Place a cleaned nail into test tube 1. Attention: for test tube 2 - 5, nails must be precisely fit the hole of metals (see Figure 6.1)</p> <p>8. Make a hole on copper sheet, zinc, tin and aluminum sheet with a nail. Put a cleaned nail through those holes. Ensure, there is a good contact between the two metals (alternative way: wrap the nail with the sheet).</p> <p>9. Place those pairs of metals in the test tube 2 - 5. Pour gel indicator (that has made) gently into test tube 1 - 5. Attention: there must no bubble.</p> <p>10. Place the test tubes on a shelf tube. After a while, observe the color changing around gel. According to the observation, color the area around nail and metal sheet on Figure</p> <p>Note: If the color changing unobserved, move the test tubes to beaker glass and observe it next day.</p>	
--	--	--

Осы мақаламызда CLIL технологиясын «Химия» пәнінде қолдана отырып техникалық жоғары оқу орындарына кіріктіре оқытуды жүзеге асыру студенттерге тиімді әдіс деп санаймыз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Дарын» Республикалық ғылыми зерттеу орталығы. «Үш тілде оқытуды енгізу»
2. Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту. Оқу әдістемелік құрал. – Астана: Ыбырай Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 300 б.
3. Усманова М.Б. Жалпы химия: Техникалық жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарына арналған: оқу құралы. – Алматы: Комплекс, 2007. – 226 бет.

УДК 378
МРНТИ 14.35.01

Р.К. Анаятова¹, Ж.М. Джанпейсова²

*¹PhD докторант, Азаматтық авиация академиясы
Алматы қ., Қазақстан*

*²оқытушы, Азаматтық авиация академиясы
Алматы қ., Қазақстан*

**АВИАЦИЯЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа

Бұл мақалада авиация саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда олардың бойында мәдениетаралық коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру жолдары қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі жаһандану үрдісі болашақ мамандар даярлауда жоғары оқу орындарының білім беру мақсаттарын айқындап, оны жаңғыртуды талап етіп отыр. Жолдаудағы жаһандық негізде уақыт талабына сай жас ұрпаққа жаңаша білім берудің жай-күйіне тоқталған Елбасы адами капитал сапасын жақсарту туралы төртінші басымдықта назар аударған. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз - білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет, - дей келе, жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылады, жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі қажет», - деп барлық білім беру орындарына үндеу салады.

Мақала авторлары заманауи әдістерге тоқтала отырып, оның студент бойында аталмыш құзіреттілікті дамытудағы рөлін айқындайды.

Ғылыми жұмыс барысында отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарымен қатар, авиациялық ағылшын тілін оқытуға арналған нормативті құжаттар да пайдаланылған.

Түйін сөздер: Авиациялық ағылшын тілі, әдістеме, заманауи әдіс, құзіреттілік, мәдениетаралық коммуникативті құзіреттілік.

Аннотация

Р.К. Анаятова¹, Ж.М. Джанпейсова²

*¹PhD докторант, Академия гражданской авиации
Алматы, Казахстан*

*²преподаватель, Академия гражданской авиации
Алматы, Казахстан*

**ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ
СТУДЕНТОВ В ПРЕПОДАВАНИИ АВИАЦИОННОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

В данной статье рассматривается пути формирования межкультурной коммуникативной компетенции студентов в преподавании авиационного английского языка, как неотъемлемого условия профессионального развития личности и успешной интеграции в мировую экономику. Современное общество заинтересовано в укреплении международного сотрудничества, как одного из условий формирования взаимопонимания и согласия в мире. В связи с этим возрастает роль изучения иностранных языков как в мире. К важным обстоятельствам, которые свидетельствуют в пользу востребованности иностранных языков, можно отнести такие, как изменения в экономической и политической сферах жизни, вхождение нашей страны в мировое образовательное и информационное пространство, межгосударственная интеграция в сфере образования.

Учитывая требования XXI века, авторы стараются определить цели и роль формирования межкультурной коммуникативной компетенции студентов.

В дополнение к работе отечественных и зарубежных авторов в ходе исследования были использованы нормативные документы по обучению авиационному английскому языку.

Ключевые слова: Авиационный английский язык, методология, современный подход, компетентность, межкультурная коммуникативная компетентность.

Abstract

R.K. Anayatova¹, Zh.M. Janpeisova²

*¹PhD doctoral student, Civil aviation academy,
Almaty, Kazakhstan*

*²teacher, Civil aviation academy,
Almaty, Kazakhstan*

**FORMATION OF STUDENTS' INTERCULTURAL COMMUNICATIVE COMPETENCE IN
TEACHING AVIATION ENGLISH**

This article deals with the ways of forming students' intercultural communicative competence in the aviation English teaching as an inalienable condition for the professional development of personalities and successful integration into the world economy. The modern society is interested in strengthening international cooperation, as one of the conditions for the formation of mutual understanding and consensus in the world. Consequently, the role of English is growing. English is also essential to the field of education. In many countries, children are taught and encouraged to learn English as a second language. Even in countries where it is not an official language, we will find many syllabi in science and engineering are written in English. Because it is the dominant language in the sciences, most of the research and studies you find in any given scientific field will be written in it as well. At the university level, students in many countries study almost all their subjects in English in order to make the material more accessible to international students.

Considering the requirements of the 21st century, authors try to determine the goals and the role of the students' intercultural communicative competence.

In addition to the work of domestic and foreign authors in the course of research, standard documents of teaching aviation English were used.

Key words: Aviation English, methodology, modern approach, competence, intercultural communicative competence.

Кіріспе. Кәсіби ағылшын тілін арнайы мақсатта үйрету 1960 жылдары шетелде ғылыми бағыт ретінде қалыптасқан және қазіргі уақытта оның маңызы ерекше. Соңғы он жылдықта техникалық мамандарға қойылатын талаптар үнемі өсіп келеді. ЮНЕСКО-ның қолдауымен ХХІ ғасыр инженеріне қойылатын талаптар әзірленді. ЮНЕСКО деректері бойынша, қазіргі уақытта әлемдік ғылыми-техникалық әдебиеттің 45 пайызы ағылшын тілінде жарияланады. Қазіргі заманның талабы қоғамда бәсекеге қабілетті шетел тілін еркін меңгерген маман даярлау екені белгілі [1]. Сонымен қатар қазіргі таңда барлық елдер бір-бірімен тығыз интеграциялық байланысқа түсуде. Осыған орай Елбасы, Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында «**Азаматтық татулықпен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз.** Көп ұлтты еліміздегі татулықпен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі **әлемдік эталон** ретінде танылған» делінген. Ал бұл келісім экономикалық дамуға алып келмек. Жаңа экономикалық саясат табыстылығының басты шарты **кадрлар** арқылы нығайтылуға тиіс екендігі көрсетілген [2]. Біздің басты мақсатымыз – осы кадрларды, яғни болашақ мамандарды даярлауда ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мәдениетаралық коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Сондықтан, оқытудың басты мақсаты – мәдениетаралық кәсіби коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру және дамыту болып табылады. Мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік термині бірнеше отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына тиек болған. Отандық ғалымдардың бірегейі С.С. Құнанбаева өзеңбегінде «мәдениетаралық коммуникативті құзіреттілік» терминінің ауқымды мағынада қолданылатынын атап көрсетіп, «Мәдениетаралық қарым-қатынастың соңғы нәтижесі – мәдениетаралық қатысым субъектісін қалыптастыру» дейді [3]. Мәдениетаралық құзырлылықты қалыптастыру мақсатында шетелдің мәдениетін меңгеруде маңызды. Шетелдің мәдениетін оқып үйрену-тілді оқып үйренуден басталады. Білім алушы жаңа тілдік форманы үйрене келе, оның артында тұрған мәдениеттің, әлеуметтік бірліктің сол бір бөлігін тани бастайды. Шетел тілі арқылы білім алушы сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін елестетіп, түсіне бастайды. Шетел мәдениетін үйрену үрдісі жекеден – тілдік бірліктерге, жалпыға, мәдениетті танумен түсінуге қарай жүреді [4].

Негізгі бөлім. Авиация саласы Қазақстанда өз дамуында жаңа серпін алған салалардың бірі. Азаматтық авиация саласында бәсекеге қабілетті бірнеше тілді еркін меңгерген маман даярлауда оқытушының алдына қойған мақсатына жету үшін оған бірнеше кәсіби талаптар қойылады және студенттердің бойында кәсіби құзіреттілікпен қатар мәдениетаралық коммуникативті құзіреттілікті, тілдік құзіреттілікті де дамытудың орны ерекше. Тілдік құзіреттілік – белгілі бір тілді және тілдік құралдарды тиімді қолдана білу. Тілдік құзіреттілік сөйлеу икемділігі, тыңдау, айту сияқты басқада төрт қосымша дағдыларды қамтиды:

- А) лексикалық (сөздер, тұрақты сөз тіркестері);
- Ә) грамматикалық (синтаксис және морфология);
- Б) семантикалық (сөздердің және сөз тіркестерінің семантикалық байланыстары);
- В) фонологиялық (дыбыстар, буын құрылымы, екіпін және ритм) [5].

Жоғарыдағы дағдыларды қалыптастыру үшін шетел тілін оқытудың негізгі принциптерін қарастыру қажет. Тілді оқу-ересек адамдардың еркімен жүзеге асырылатын аналитикалық үрдіс. Ол өз кезегінде жеңілден күрделіге қарай бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды және басты мақсат тілді үйренуге бағытталады. Тілдік құзіреттіліктің кейбір элементтері, мысалы, сөздік қорды ұлғайту, грамматикалық ережелерді пайдалана алу қабілеттері дамиды.

Тыңдалым мен сөйлеу дағдылары тілдік құзіреттіліктің бір элементі ретінде ИКАО-ның кәсіби шкаласына қосылған.

ИКАО-ның шетел тілін үйренуде қойылатын талаптарының ең маңыздысы экипаж мүшелерінің белгілі тілдік деңгейді меңгеруі болып табылады. ИКАО стандарттарына сәйкес төмендегідей деңгейлер бар:

3 деңгей- операциялық деңгейден төмен	4 деңгей- операциялық деңгей	5 деңгей- озық деңгей	6 деңгей- кәсіби деңгей
Дыбысталуы, екпін және ритм ана тілінің ықпалымен өзгеріске ұшырайды.	Дыбысталуы, екпін және ритм ана тілінің ықпалымен сирек өзгеріске ұшырайды.	Дыбысталуы, екпін және ритм ана тілінің ықпалымен өте сирек өзгеріске ұшырайды.	Дыбысталуы, екпін және ритм ана тілінің ықпалымен өзгеріске мүлдем ұшырамайды.
Бұл деңгейде акцент дерліктей әсер етіп, халықаралық радио байланыста сөйлеу тілін жүргізуге қиындықтар тудырады.	Ағылшын тілінің аймақтық диалектісін, сондай-ақ халықаралық радио байланыста сөйлеу тілін жүргізуге рұқсат берілетін деңгей.	Ағылшын тілінің акценті немесе түрлі аймақтық диалектті түсініп, қарым-қатынас жасау деңгейі.	Тілді жетік меңгеріп, еркін байланыс жасай білу деңгейі. Өз ісінің маманы әрқашан нақты, түсінікті етіп өз ойын жеткізе алады.

Кесте 1 – ИКАО-ның ағылшын тілі деңгейлері [5,68 б.].

Азаматтық авиация саласында болашақ мамандарға қажетті тіл білімінің деңгейлерін меңгеру және мәдениетаралық қатысым құзіреттілігін қалыптастыру үшін кәсіби шетел тілін оқытуда тиімді әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдай білу қажет.

Кәсіби шетел тілін оқытудың мақсаты – оқытушының аудиторияда тікелей байланыс жасауға және конструктивті сөйлеу мүмкіншілігін тудыру болып табылады. Студенттер бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда ғана олардың коммуникативті дағдылары қалыптасады. Жоғарыда айтылған дағдыларды қалыптастыруда және көптілді маман даярлауда ПТКО, яғни CLIL әдісінің рөлі ерекше.

Бүгінгі таңда үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оны жүзеге асыру – ұстаздардың міндеті. Үштілді білім беруді қамтамасыз ететін бірден-бір әдіс - CLIL әдісі. Терминді 1994 жылы Финляндияның Ювяскюль университетінің профессоры Дэвид Марш алғаш ғылымға енгізген. «CLIL пәндердің немесе пәндердің бөліктерін шет тілінде оқытып және шетел тілін меңгерген кезде екі жақты мақсатты көздейді».

CLIL өз мәнінде Content and Language Integrated Learning білдіреді – бұл дегеніміз шет тілдің басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытылуын көздейді.

CLIL негізін төрт С құрайды:

- CONTENT (Мазмұн) – бұл пән саласындағы ілгері басатын білімдер, біліктер мен дағдылар;
- COMMUNICATION (Қатынас) – бұл оқытуда шет тілін пайдалану біліктері;
- COGNITION (Таным) – бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі) танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту;
- CULTURE (Мәдениет) – бұл өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұғыну, сонымен қатар балама мәдениеттерді қабылдау.

CLIL әдісінің негізгі мақсаты – оқытушының сөйлеуін азайтып, керісінше студенттердің бір-бірімен сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Шетел тілі сабақтарының өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазіргі кезде басқа ұлт өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болу және олардың мәдениетіне араласу шетел тілін меңгерудің жаһандық мақсаты

болып саналады. Мәдениетаралық коммуникация қабілетін қалыптастыру арқылы бұл мақсатқа жетуге болады. Басқа тілді коммуникацияға оқыту арналған коммуникативтік сипаттағы тапсырмалар негізінде ұйымдастырылған оқыту, шет тілінің заманауи сабағының ерекше өзгешелігі болып табылады.

Басқа тілді коммуникация тілдік іс-әрекет теориясына негізделеді. Шетел тіліне коммуникативтік оқыту іс-әрекеттік сипатқа ие, себебі тілдесу «тілдік қызмет» арқылы жүзеге асырылады, ол өз кезегінде «өзара әлеуметтік қарым-қатынас» жағдайындағы адамның табысты іс-әрекетінің міндеттерін шешу үшін қажет. Басқа тілді коммуникацияда тілдесуге қатысушылар шет тілінің көмегімен бірлескен іс-әрекеттің міндеттерін шешеді.

Сол себепті де студенттердің өзара қарым-қатынастарының және ынтымақтастықтарының, сонымен қатар тілдің коммуникативтік шартын ұйымдастыруға арналған тілдік тапсырманың маңыздылығын атап өту қажет. Коммуникативтік оқыту студенттерді басқа мәдени кеңістікке «кіруге» бағыттайтын тілдік байланысқа іштей дайын болуды және қабілеттілікті қамтиды. Мұндай оқыту үшін ең алдымен сабақты өткізудің дәстүрлі емес формалары тән.

Оқытудың бинарлық моделі екі оқытушының өзара қарым-қатынас жасауын қарастырады. Аталмыш сабақтарды құрастыру барысында байланысты пәндер оқытушыларының ынтымақтасып жұмыс істеуі емес, тілдік пәннің және тілдік емес пәннің оқытушыларының бірігіп сабақ өткізуі негізгі қиындықты туғызады. Бинарлық сабақтың әдістемесі дәстүрлі сабақ тақырыптарының әдісінен ерекшеленеді, яғни кез келген тақырып бойынша екі оқытушы бір мезгілде сабақ өткізеді [6].

Қорытынды. Білім беру үрдісіндегі кіріктіру әдісі білім беру мазмұнының икемді болуының және түрленуінің бір факторы болып табылады. Кіріктірілген оқытуды ұйымдастыруда білім алушылардың жас ерекшеліктерін еске ала отырып, оларды тұлға ретінде дамытуға және олардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруға негіз болатын түрлі білімнің байланысы арқылы әлемнің сан түрлі болмысын таныту мүмкіндігі пайда болатыны анық.

Қазіргі таңда CLIL пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту әдісі білім беру әдістемесінің ең жемістісі болып саналатындығын уақыт көрсетіп отыр. Бұл әдіс екі пәнді, оның бірі-шетел тілін кіріктіре оқытуға мүмкіндік береді. Осы пәнге тән терминдерді, белгілі бір тілдік құрылымдарды оқып үйренеді, пәндік терминология арқылы студенттің сөздік қоры да байып, дамиды.

Пән мен тілді кіріктіре оқыту барысында ойлаудың жаңа деңгейі яғни кең ауқымды кіріктірілген ойлау қалыптасады. Мұндай ойлауда бір пән арқылы ғана қалыптасатын ойлаудың тар шеңберінен тысқары шығатын, пәнаралық байланыс аясын кеңейтетін, оқу материалдарын қайталаудан сақтайтын деңгейі пайда болады. Соның барысында студенттердің ойлау әрекеті белсендіріліп, алатын ақпараттың аясы кеңі түседі, сөйтіп, студенттің оқып, білім алсам деген қызығушылығыарта түседі. Кіріктіре оқыту білім беру үрдісіндегі студент мен оқытушының өзара дидактикалық қатынасында жаңа психологиялық жайлы қатынас қалыптасуына себепкер болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Tom Hutchinson, Alan Water English for Specific Purposes. – Cambridge University Press, 2006. – P. 183.
2. ҚРПрезидентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Құнанбаева С.С. Қазіргі шет тілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: 2010. – 324 б.
4. Беркімбаев Қ.М., Құдабаева П.А. Хабаршы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. 2015 ж. – 4 б.
5. Руководство по внедрению требований ИКАО к владению языком.
6. <https://www.google.ru/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=3&ved=2ahUKewib77TjjM7aAhUE3iwKHTBrCJQQFjACegQIABA5&url=https%3A%2F%2Ficrow-pvl.gov.kz%2Floader%2Fload%2F398&usg=caйтты қаралған уақыт-22.04.2018>

МРНТИ 14.35.09

Б.А. Қиясова¹, Г.М.Әбжан²

*¹п.ғ.к., доцент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

²магистр, аға оқытушы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ДЕБАТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – СТУДЕНТТІҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада дебат технологиясы жаңашыл технология ретінде оқытудың әдістері, модулі ретінде қарастырылады. Бұл сапалы білім алуға көмегін тигізеді. Дебат әдісі – әртүрлі контекске орай сыни тұрғыдан ойлау немесе іскер ойын ретінде, объективті ақпаратты тиімді қолдану, дер кезінде оқу үдерісінде дәрістерде тақырыпты ашуда, дәйектерді тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіндігімен анықталады.

Осы орайда студенттің интеллектісінің дамуына, проблемалар бойынша өз позициясын қорғауға, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектесетін тиімді әдіс болып табылады. Зерттеулер барысында дебат технологиясының болашақ мамандардың практикалық, кәсіби іс-әрекеттерінде қолдануға болатын технология екендігін ескерген жөн.

Түйін сөздер: дебат, технология, мәдениетті сөйлеу, мәселе, дәлел, ақпарат.

Аннотация

Қиясова Б.А.¹, Әбжан Г.М.²

¹к.п.н., доцент, КазНПУ имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

²старший преподаватель, магистр, КазНПУ имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

ТЕХНОЛОГИЯ ДЕБАТЫ – КАК МЕТОД ПОВЫШЕНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТА

В статье рассматривается дебат – как технология обучения, инновационные технологии и в качестве модули. Это способствует получению качественного образования. Метод дебатов – как в различных деловых или игровых контексте критического мышления, эффективного использования объективной информации, в раскрытии темы на лекциях и в процессе обучения своевременно, что позволяет эффективно использовать факт. В этой связи развитие интеллекта студента, в защиту своей позиции по проблемам, которые помогут усовершенствовать навыки речи является эффективным методом. В ходе исследования будущих специалистов практических, профессиональных действиях, которые следует иметь в виду, что применение метода.

Ключевые слова: дебат, технология, культура речи, проблема, информация.

Abstract

B.A. Kiyassova¹, G.M. Abjan²

¹associate Professor of the Kazakh national pedagogical University named after Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

²senior teacher of the Kazakh national pedagogical University named after Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

TECHNOLOGY DEBATE - AS A METHOD OF INCREASING COGNITIVE ACTIVITY OF THE STUDENT

The debate as technology training, innovative technologies and methods in the article, is regarded as moduli. This helps to obtain a quality education.

Method debates – how in various business or gaming context critical thinking, effective use of objective information in the disclosure of themes in the lectures and in the learning process in a timely manner, that allows to use directly the fact. In this regard, the development of the intellect of the student, in defense of his positions on the issues that will help to improve speaking skills is an effective method. The study of future specialists practical, professional action that should be borne in mind that the application of the method.

Key words: debate, technology, culture of speech, problem, proof, information.

Бүгінгі таңда дебат/пікірсайыс жаңашыл педагогикалық технология ретінде оқыту мен тәрбиелеудің түрлері мен әдістері, оқыту моделі сипатында ғылыми зерттеулер мен әдістемелік құралдарда қаралып жүр [1]. Сондықтан дебат оқыту мен тәрбиелеу әдісі ретінде анағұрлым кең дидактикалық санатқа, яғни, педагогикалық технология ретінде танылуда.

Студенттердің құзіреттілігін арттыру, жүйелі білім, сапалы тәлім-тәрбие алуына, мәдени - рухани жағынан өсіп жетілуіне дебат ойындарының маңызы аса зор. «Дебат» (Debate) немесе пікірталас әртүрлі контекске орай сыни тұрғыдан ойлау немесе іскер ойын ретінде ұғынылады. Пікірсайыс – дидактикалық ізденістің маңызды саласы. Дебат бағдарламасы тындармандарды пікірталас үрдісіне тарту арқылы интеллекттің даму технологиясын ұсынады. Пікірталасқа түсушілердің мақсаты, әдетте, даулы проблемалар бойынша қандай да бір позицияны қорғап, өзге позицияны теріске шығаруды көздейді. К.Поппердің «Дебат бағдарламасы», - жаңа оқыту технологиясы. Ол мына қарым-қатынасқа негізделеді: мұғалім – оқушы бағыты және өте қажеттісі оқушы – оқушы. Бұл оқу әдісінде әр оқушының іс-әрекеті, білімі топтың басқа мүшелеріне біліміне тығыз байланысты. Оқытудың бұл түрі шығармашылық ойды, оқушы мен ұстаз арасындағы қарым – қатынасты қалыптастырады [2].

Жастар пікірсайысының арнайы құрылымы, ережесі бар, тақырып аясы мен уақыты шектеулі. Сабақтарда пікірсайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану студенттерді ізденуге, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

- өзіндік ой-пікірін жүйелі, дәйекті айта білуге, мәдениетті сөйлеуге баулиды;
- шығармашылық қабілеті шыңдалады, шұғыл шешім қабылдай білуге үйренеді, кітапханамен байланысы нығаяды;
- оқушылар сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтанады.

Дебат ойындарында кейсті дұрыс құру өзіндік рөл атқарады. Керекті кейсті құрарда нақты кезеңдерді есте ұстауы шарт. Бұл жерде топтың ұстанатын көзқарасы басты назарда болады. Топ көзқарасы – қарарды зерттеу кезінде пайда болған білімнің, дәлелдердің, ақпараттардың жиынтығы. Сонымен жақтау кейсін құрудың бес кезеңі:

1. Ой жүгірту арқылы алғашқы дәйектерді анықтау.
2. Негізгі пікірлерді қолдайтын дәлел іздеу.
3. Дұрыс түсіну үшін алғашқы дәйектерді жетілдіру.
4. Кейс жазу.

Жақтау тобы жоспарын таныстыруы және қорғауы керек, сол жобадан шыққан пайдалы нәтижені анықтауы керек. Даттау тобы жақтау тобы ұсынған жобаға даттау жасайды, яғни жоспарынан келетін шығын мен зиянның салдарын көрсету керек. Ал пікірсайыстағы даттау тобының өте жақсы терістеуі жақтау тобының логикасы мен құрылымына сәйкес құрылады.

Жақтаушы

Даттаушы

1-спикер (6-минут). Тобын таныстыру. Өз кейсін ұсыну. Д-2 сұрақ қою.

2-спикер (5-минут). Д-1 ойынына қарсы пікір білдіру. Ж-1 ойын өрбіту. Өзінің позициясын жақтап шығу.

1-спикер (6-минут). Тобын таныстыру. Қарсы пікір білдіру. Өз жобасын ұсыну. Ж-2 сұрақ қою

2-спикер (5-минут). Ж-2 тойтарыс беру. Ж-2 ойын жоққа шығару. Даттау жасау

3-спикер (5-минут). Өз тобының жетістігіне, даттау тобының қателігіне сараптама-анализ жасау.

4 спикерге өзіндік баға беру. Ойынның негізгі сәтін атап өту. Д-1 сұрақ қою.

3-спикер (5-минут). Барлық ойыншыларды салыстыра отырып талдау. Ойынның қызықты сәттерін атап өту. Сараптама-анализ. Ж-1 сұрақ қою.

Карл-Поппер форматы бойынша дебат түрлерін де қолдануға болады: Американдық парламенттік форматында спикерлер саны бойынша өзгерістер бар: 1 палатада (яғни топта) – 3 спикер (адам). Әрбір спикер бір рет сөз сөйлеу құқы бар. Сонымен қатар сұрақ-жауап кезеңіне және дайындық кезеңіне бөлек уақыт беріледі. Негізгі идея – ол үкімет тобы белгілі бір анықталған проблеманы шешу керек. Ал оппозиция тобы оған қарсы тұрып, ол шешу жолдарын жоққа шығару керек. Қайсы топ өз жұмысын жақсы орындайды, сол топ жеңіске жетеді.

Формат (ереже):

Енді формат бойынша ойын келесідей құрылады:

1. Қарар (тақырып)

2. Қарар өзектілігі

3. Диффиниция (кілттік сөздерге анықтама) – сіздің сөзіңізде бір терминдер болып қалуы мүмкін, сондықтан барлық отырған адамдар сізді дұрыс түсіну үшін анықтама беріледі, мысалы: жастар – 14-29 жас аралығындағы ҚР азаматтары және т.б.

4. Status quo – аудармасы – қалыптасқан жағдай. Тақырыпты ашу үшін қалыптасқан жағдайды айтуыңыз керек, бұл көбінесе статистикалық мәліметтер болуы керек және осы жерден мәселе (проблема) шығуы керек. Бұған 2 минуттан кем емес уақыт жұмсау керек. Мысалы: ҚР 149 жоғары оқу орындары бар, онда 600 000 студент оқиды, оның ішінде сабақты «3-ке» оқитындар саны 350 000 студент. Міне, мәселе шыға келді: Студенттердің жартысынан көбісі сабақты нашар оқиды.

Айта кету керек, кейбір турнирлерде **Қайнар көздері** дейтінді сұрайды. Сіз тақырып бойынша дайындалғанда ақпаратты қайдан алған туралы дәлел көрсетесіздер. Бұл көшірме қағаздарды (газеттен ксерокс) айтып кету керек, мысалы: Егемен Қазақстан №7 басылым

5. Мәселе. Жоғарыда айтылғандай мәселе қарастырылады.

6. Келесі мәселенің шығу себептері. Олар бірнеше болуы мүмкін. Әдетте 4-5-тен аспайды. Бастысы – сіздің шешу жолыңыздан кейін бұл себептер болмау керек. Мысалы себептер: 1. Студенттердің уақыты жоқ; 2. Студенттер ақылы оқып жатыр. 3. Мұғалімдер сапалы білім бермей жатыр және т.б.

7. Шешу жолдары. Бұнда негізгі 4 сұраққа жауап беру керек: Қалай? Кім? Қанша? Қашан? Мәселені шешу үшін осы сұрақтарға жауап берсеңіздер жеткілікті.

8. Нәтиже. Басты нәтижені айтуды ұмытпау керек. Нәтижеде мәселе және оның шығу себептері жойылу керек.

Енді әрбір спикердің жұмысын және уақытын кесте арқылы қысқаша көрсетейік:

Ү – Үкімет; О – Оппозиция.

Спикер	Уақыт	Міндеті
Ү-1	6 минут	Топты таныстырады, кейстің презентациясын жасайды (жоғарыда айтылғандардың барлығын айтып үлгеру керек)
О-3 Ү-1-сіне сұрақ қояды	3 минут	Сұрақ қояды, ол уақытты толық пайдаланбау құқы бар.
О-1	6 минут	Өз тобын таныстырады, үкіметтің барлық айтылған сөзіне қарсылық айтып, кейсті қолдамауға тырысады.
Ү-3 О-1-сіне сұрақ қояды	3 минут	Сұрақтар қойып өтеді.
Ү-2	5 минут	Үкіметтің 2 спикері қолдамаған пікірді қалпына келтіреді және ары қарай дамыта алады.
О-1 Ү-2-сіне сұрақ қояды	3 минут	Сұрақтар қойылады.
О-2	5 минут	Қалпына келтірілген кейсті қайтадан қолдамауға тырысады.
Ү-1 О-2-сіне сұрақ қояды	3 минут	Сұрақтар қойылады.
Ү-3	5 минут	3-ші спикер жаңа ақпарат (аргумент) қоспай, тек қана ойынға сараптама жасайды.
О-3	5 минут	3-ші спикер жаңа ақпарат (аргумент) қоспай, тек қана ойынға сараптама жасайды.

3 қарсылық түрі бар:

1. Жеке басқа қол сұғушылық – бұл сіздің жеке басыңызды қорласа, қарсылық жасауыңыз керек (мысалы: сен саңыраусың және т.б.)

2. Жаңа аргумент – сараптамада жаңа аргумент енгізілсе, сіз тұрып қарсылық білдіруіңіз керек.

3. Уақыт лимиті – уақыт аяқталған кез, ал қарсыласыңыз әлі сөйлеп жатыр, сонда сіз тұрып қарсылық білдіруіңіз керек. Ең бастысы, бұл қарсылықтардың барлығын тек өзіңіз ғана жасауыңыз керек, егер тұрып қарсылық білдірмесеңіз, онда қарсылық қабылданбайды.

Дебат ойындарында студенттердің ой ұшқырлығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық байқалады. Білімді, көп ізденетін студенттердің өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді. Жалпы студенттердің бойына ұлттық үрдісті сіңдіруде, оларды озық қоғамға сай етіп тәрбиелеуде дебат технологиясының берер пайдасы мол.

Пікірсайыс қарама-қайшы көзқарастың қақтығысын қамтамасыз ететін қатаң ережелер бойынша жүргізіледі. Мұнда тақырыбы бар 3 адамнан 2 топ қатысады. Әуелі қатысушыларға жеребе бойынша немесе келісім бойынша ұстанымдар белгіленеді: растау немесе теріске шығару. Бір топ берілген тақырыпты қорғап, дәлелдеуі тиіс, яғни оны жақтаушы топ деп атайды. Ал, екінші топ жақтаушыларға қарсы шығып, олардың пікіріне кереғар тұжырым айтуы тиіс. Сонан соң пікірсайыс белгіленген регламент бойынша өтеді. Ең негізгісі – әр топ өздері тақырыпқа сай критерийін құрып, оны қорғайды. Тек сөзбен емес, түрлі дәлел-фактілер келтіре отырып, оларды қай әдебиет, қай ақпараттық құралдан алғаны айтылуы тиіс. Әр топтың спикерлері бейтарап төрешінің өздерінің көзқарасының мейлінше дұрыс екендігін сөндіруге тырысады. Бұл жерде олар тек сөз сөйлеп қана қоймай, басқа жақтың дәлелдерін таластырып, өз ұстанымдарын қарсыластар көзқарасымен салыстырады. Раунд барысында сөз сөйлеген спикерлерге қарама-қарсы сұрақ-жауап өткізіледі. Қарама-қарсы сұрақ қарсыластар дәйектеріне анықтық енгізу, олардың пікірлеріндегі олқылықты анықтау мақсатында қойылады. Пікірсайыс кезеңі ойынды талдау және төрелік шешім қабылдау, яғни жеңімпаз топты анықтаумен аяқталады. Ауқымы кең тақырыптарды ала отырып дебат жүргізуге болады. Бұл студенттің өз бетінше ізденуіне, өз бетінше өз пікірін қалыптастыра алуына жәрдем етеді.

Дебат әдісін әр сабақ сайын болмаса да жиі қолданған жөн. Бірақ, үнемі көрініп жүретін белсенді студенттермен шектеліп қалмау керек. Яғни, студенттер түгел қатысқаны жөн. Дебат білімділікті, шешендікті, тіл байлығын, тапқырлықты қажет ететін әдіс болғандықтан, білім деңгейі төмен студенттерді пікірсайысқа түсіру олардың өз-өздеріне сенімділікті арттыруға әдісті тез игеруіне көмектеседі.

Қазіргі таңда жастардың көбісі өз тілінде емес, өзге тілдерде шорқақтап жатады. Өз тілінде жетік білмей, өзге тілдерде сөйлеу, әрине, туған тілімізге, өз тіліне келтірілген зиян. Жас мамандарды тәрбиелеуде тілімізді, жастардың тілін байыту, жүйелі сөйлеуге, өз көзқарасын ашық айтуға, білімін жетілдіруге, қоғамда болып жатқан мәселелерге сын көзбен қарауға үлкен септігін тигізетін осындай әдіс-тәсілдерді әрдайым қолданып отырса, құба-құп болар еді.

Елбасының сөзімен айтқанда «Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек» [3].

Дебат сабақтары мен сайыстары арқылы студенттердің азаматтық қасиеттері мен ұстанымдары қалыптасады. Студентті субъект ретінде оқыту – танымдық ізденіс қызметіне өзі белсенді қосылады. Педагог пен студенттің интерактивті әдіс барысында бірлескен қызметі жүзеге асырылады. Жаңа білімді табу, өңдеу барысында педагог пен студент пен студент арасында диалогтық қатынас дамиды [4].

Сондықтан, дебат технологиясы білім беру жүйесінің басты міндетін – жан-жақты дамыған, өз еркімен, өз бетінше өмірге бейімделе алатын білімді, білікті, жоғары, мәдениетті, еркін, интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қоса алатын технология болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенова Н. Дебат арқылы оқушы құзыреттілігін дамыту //Білім көкжиегі. Выпуск № №14(309)
2. Дебат технологиясы – саналы білім мен саналы тәрбие құралы. <http://kzbydocs.com/docs/502/index-25209-1.html>.
3. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. [zhanhgyruhttps://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru](https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru)
4. Жолдыбаева А.Н. Дебат бағдарламасы арқылы оқушыларды тарих сабақтарында бәсекелестікке тәрбиелеу.

ӘОЖ: 745:780.6
МРНТИ 14.07.07

Т.Ж. Файзов¹, Р.Х. Кананьянова²

¹«6М010700» мамандығының 2 курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт Институтының профессоры,
Алматы қ., Қазақстан.

СТУДЕНТТЕРГЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП ЖАСАП ҮЙРЕТУДЕГІ КӨРКЕМДІК ІС-ӘРЕКЕТ

Аңдатпа

Қазіргі заман талабына сай студенттеріміздің ойлары еркін, жоғары талғамды болуы өнер, мәдениетпен тығыз байланысты. Осыған байланысты бұл мақалада қазақ халқының мәдениетінің ажырамас бір бөлігі колөнер жайлы, оның ішінде музыкалық аспап жасаудың көркемдік іс-әрекеті туралы жазылған. Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен ұлттық табиғатына негізделген музыкалық аспаптары ұлт руханиятының тарихи бедерін жаңа қырынан ашып, мәдениетімізді күллі әлемге паш етудің бірден-бір жолы. Мақалада музыкалық аспап жасаудың негізгі талаптары мен студенттерге үйретудегі көркем-іс әрекет құрылымы жайлы жазылған. Көркемдік іс-әрекет құрылымын отандық ғалымдар еңбектеріне талдау жасап отырып, ұсынған.

Түйін сөздер: колөнер, бейнелеу өнері, көркемдік іс-әрекет, көркем білім беру жүйесі, біліктілік, кәсіби, шеберлік, көркем талғам.

Аннотация

Файзов Т.Ж.¹, Кананьянова Р.Х.²

¹магистрант 2 курса по специальности «6М010700»

Казахского Национального Педагогического университета имени Абая

г. Алматы, Казахстан

²к.п.н., ассоц. профессор Института Искусств, культуры и спорта при КазНПУ имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ В ИЗГОТОВЛЕНИЕ МУЗЫКАЛЬНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ

По критериям сегодняшнего дня, процесс развития в наших студентах высокого вкуса и свободного мышления, тесно связано с культурой и искусством. В связи с этим в данной статье рассматривается неотъемлемая часть казахской культуры тема ремесел, а именно о художественной деятельности в изготовлении музыкальных инструментов. Музыкальные инструменты рассчитанные на особенности казахской наций и на национальный колорит, это один из путей в котором мы можем показать миру историю национальной духовности с новых аспектов. В статье рассматриваются основные принципы в изготовлений музыкальных инструментов и структура художественной деятельности в обучении студентов.

Ключевые слова: Ремесла, художественная деятельность, система художественного образования, квалификация, профессионал, мастерство, художественный вкус.

Abstract

T.Zh. Faizov¹, R.H. Kananyanova²

¹master of 2 course of speciality 6M010700, Kazakh National Pedagogical University

Almaty, Kazakhstan

²d.p.s., professor Kananyanova R. H.², of the Institute of Arts, culture and sports at Abai KazNPU,

Almaty, Kazakhstan

ARTISTIC ACTIVITY IN STUDENT TRAINING TO MANUFACTURE OF MUSICAL INSTRUMENTS

According to the criteria of today, the development process in our students of high taste and free thinking is closely related to culture and art. In this regard, this article considers an integral part of Kazakh culture the theme of crafts, namely, the artistic activity in the production of musical instruments. Musical instruments designed for

the characteristics of the Kazakh nation and the national color, this is one of the ways in which we can show the world the history of national spirituality from new aspects. The article examines the main principles in the manufacture of musical instruments and the structure of artistic activity in the teaching of students.

Key words: Crafts, artistic activity, artistic lining system, qualification, professional, craftsmanship, artistic taste.

Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие мен білім берудің негізгі бағыт-бағдары еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың "Қазақстан–2030" халыққа Жолдауында «Толық өркениеті ел болу үшін өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн" деп айқын жазылған. Жас мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау қажет. Бұл орайда болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, туған халқына құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, тарихи мұраларды қастерлеуге, игеруге тәрбиелеу, білім мен біліктерін шыңдау - басты міндет» - деп көрсеткен.[1]

Қолөнері рухани мәдениетпен тығыз байланысты. Қазақтың салт-дәстүрлері, наным-сенімдері, тыйымдары, ырымдары рухани мәдениетімізді бейнелейтін болса, олардың күнделікті тұрмыста қолөнер бұйымдарына, материалдық мәдениетке қатысты тұстары аз емес. Наным-сенімдер, тыйымдар және «салт-дәстүрлер жай қолданбалы нәрсе емес, я науқандық, мерекелік көрнекі құрал емес. Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп көрсетіп тұратын сипаттарының бірі. Ал осындай рухани дүниесі, сонымен сабақтас қалыптасқан материалдық өндіріс пен тұрмыс күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасқан жалпыхалықтық құбылыс [2].

Қазақ қолөнерінің ішіндегі үлкен бір бөлімі қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын жасау. Аспап жасауды студенттерге үйрету үлкен еңбекті талап етеді, тек үйретуші емес үйренуші жағынан да. Алдымен аспап жасауды бастамас бұрын студент жасағалы жүрген аспабымен толығымен таныс болуы керек. Яғни оның тарихымен, жасалу технологияларымен, аспап жасаумен кәсіби түрде айналысып жүрген шеберлермен, олардың дайын жұмыстарымен, зерттеулерімен, жақсы таныс болуы керек. Жаңадан үйренуші студент ең бірінші құрал саймандармен танысып, олармен жұмыс жасап үйрену керек. Құрал саймандармен жұмыс істеп үйрену барысында ол ағашпен де жұмыс істеп үйрене бастайды. Жаңадан үйренуші бірден жоғары сападағы аспап жасай алмайды, сол үшін де оған бірінші кезекте сувенир ретінде заттар жасап қолын үйрету керек, және бірінші жасаған затынан бастап одан ұқыптылықты талап ету керек, бұл үйренушінің болашақта шеберлік шыңына жетуіне үлкен көмек болады. Үйрене жүріп студенттің көркемдік талғамы қалыптаса бастайды. Өнер адамды әдемілікке, жоғары талғамға үйретеді.

Көркем талғам, әдемілікке ұмтылу, ұқыптылық барлығы көркем іс-әрекет құрамына кіреді. Ұстаздың міндеті студент қызығушылығын ояту. Біздің салада көркемдік талғамын қалыптастыру. Әр адам қоршаған әлемді өзінше қабылдайды, соған қарай әр түрлі пікірлер бар. Өз пікірі бар адам ғана батыл қадам жасап, жаңалық ашуға, болмаса өзгеріс енгізуге қабілетті. Көркем талғамы қалыптасқан студент өз қиялынан, өз бойына ғана тән қабылдауына қарай өзгелерден ерекше өнер туындысын өмірге әкеледі.

Көркемдік талғам – адамның өнер туындысын саналы түрде қабылдау және бағалау қасиеті. Жеке адамның көркемдік талғамы тікелей өнердің әсерімен қалыптасады. Дегенмен көркемдік талғамды тек адамның тікелей байланысы деп санау қателік болар еді. Көркем талғамның қалыптасуы адамның өзіне ғана тән ерекшеліктеріне сай, өнер туындыларын қабылдауына және бағалауына қарай қалыптасады.

Көркемдік іс-әрекет – өнер туындысының дүниеге келіп және қабылданатын іс-әрекет түрі. Көркем іс-әрекет ішіне адам баласының көптеген әрекеттері кіреді (танымдық, бағалау, коммуникативтік, ойын және т.б.). Бұлар көркемдік іс-әрекетке эстетикалық аспектілері бар болғандықтан кіреді.

Қазіргі заманның талабы әр адам өз мамандығын кәсіби жоғары түрде игеруі болып табылады. Жоғары оқу орындары қазіргі кезде тек кәсіби шеберлікке емес, педагогикалық қызметке дайындайды.

ҚР жоғары педагогикалық білім тұжырымдамасында: «Болашақ маман тек өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай педагогикалық процеске қатысушының әрқайсының орнын көре біліп, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыра білуі, оның нәтижелеріне көз жеткізіп, ауытқушылықтарын реттей білуі тиіс. Мұндай нәтижеге жету үшін жоғары оқу орындарындағы мұғалім даярлау сатылы түрде жеке тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында жүргізілуі керек» деп атап көрсетілген [3].

Қазақстан Республикасының «Жоғары білім беру туралы» заңының 9 бабында «Жоғары оқу орны мамандар даярлауда білімді, ғылым мен білімді ұштастыру, оқытудың белсенді әдістері, жаңа ақпараттық технологиялар кешенін қолдана отырып даярлау негізінде студенттердің шығармашылық және практикалық қабілеттерін де дамыту, қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу арқылы жүзеге асырылады», - делінген [4].

Бұл жерде “кәсіби”, “шеберлік” деген ұғымдарға анықтама беріп кетсек. “Кәсіби” деп белгілі бір мамандық, кәсіп аумағында жүрген мамандарды айтамыз.

“Шеберлік” деген ұғымның мәнін ашып көретін болсақ, ол – кәсіби немесе әуесқойлық білімдердің қандай да болсын түрінде істі терең танушылықпен, дамыған іскерлікпен үйлестіріп тиімді әрекеттерді жүзеге асырушылық жұмысқа, іс-әрекетке байланысты: белгілі бір көзқарас бойынша жұмыс пен қойылатын талап сапалары; іс-әрекеттің еркіндік деңгейі, жұмыс қалай іске асып жатыр екенін бақылау; оны зерттеуге жұмсалатын уақыт; тәжірибе мен білім деңгейі; адамға қатысты: білім барысында және тәжірибе іс-әрекетінде ашылатын адамның қабілеттілігі; әлеуметтік құрылыс: әдеттер мен тәжірибе, кәсіподақтар келіссөзі, енбекті Реттеуге байланысты енбектің немесе жұмыс бастылықтың кейбір түрлеріне басылатын таңба. Мұның бәрі ақы мен статусын жіктелген нормаларын шақырады. Әдетте істің ресми біліктілігінде бейнеленеді: «білікті», «жартылай білікті», «төмен білікті»; кең әлеуметтік мағынада: әлеуметтік факторлардың ең жалпы қабілеттіліктері мен күздіреттілігі, яғни әлеуметтік өмірге араласу арқашан «білікті орындау» болып табылады [5].

Бүгінде музыкалық аспап жасау мамандығы артта қалып отырған мамандықтардың бірі.

Аспап жасаушы кәсіби маман аспаптың толық жасалуын, теңшеуін, тапсырыс берушінің талабына сай пернелі, тілшелі, үрмелі, ұрмалы, шертпелі, ыспалы аспаптардың реттелуін білу керек. Жеке сондай-ақ оркестр, шағын ансамбльдер үшін музыкалық аспаптардың дұрыс құрылымын тауып беруді меңгерген болуы қажет. Музыкалық аспапқа ойналуы мен акустикалық қасиеттерін жоғары дәрежеде бере алатын ағаш, металл, картон, тері, лак және де басқада жоғары сапалы материалдарды таңдай алуы керек.

Бүкіл музыкалық аспаптардың құрылымын, аспап бөлшектерінің аспаптың акустикалық қасиеттеріне әсерін, музыкалық аспаптардың бөлшектерін дайындаудың технологиясын, металл өңдеу технологиясын, әр түрлі ағаш түрлерін, пластмасса, целлулоид және тағы басқа материалдарды өңдей білуі керек, ағаштың физика-механикалық қасиеттерімен кем тұстарын, эскиз дайындаумен сызбаны оқу, ағаш өңдеумен металл кесетін станоктардың құрылымымен жұмыс істеуді, ағашты қолмен өңдеуді, музыкалық сауаттылықты, геометрияны, құрал саймандарды қайрауды, өлшеуіш құралдармен жұмыс істеуді, кәсіби музыканттардың аспапқа қатысты талаптарын білуі керек.

Музыкалық аспап жасаушы шеберлердің көбісінде музыкалық сауаттылық жоқ және көбісі оқу орындарынан білім алып емес атадан балаға беріліп келе жатқан дәстүрмен осы мамандықты үйренген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. "Қазақстан–2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі. қауіпсіздігі және ал-ауқатының артуы". – Алматы, 2001.
2. Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Филол.ғыл.док. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 1997. – 53 б.
3. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. мемлекеттік бағдарламасы.
4. Қазақстан Республикасының Білім Заңы «Жоғары білім беру туралы» заңының 2010 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 9-бабы
5. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: "ЭКО" 2006. – 482 б.

УДК 373
МРНТИ 14.35.09

С.Н. Идрисов¹, А.Д. Майлыбаева², Д.А. Сисенова³

¹педагогика ғылымдарының кандидаты,

²физ.-мат. ғылымдарының кандидаты,

³6М060200 – «Информатика» мамандығының 2 курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы АМУ, Атырау қ., Қазақстан

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК НЕГІЗІНДЕ КАФЕДРАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Берілген мақалада кафедраның практика жұмыстарын жүргізуге арналған ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті құру жолы қарастырылған. Веб-порталға толық сипаттама беріліп, оның құрылымы сұлба ретінде көрсетілген. Жобаны жүзеге асыруға Wordpress контентті басқару жүйесі таңдалынған. Қолданушылармен оқу орны туралы ақпаратты қамтитын деректер қорының мысалы кестелер түрінде келтірілген.

Түйін сөздер: порталдың құрылымы, Wordpress контентті басқару жүйесі, деректер қоры.

Аннотация

С.Н. Идрисов¹, А.Д. Майлыбаева², Д.А. Сисенова³

¹кандидат педагогических наук

²кандидат физ.-мат.наук

³магистрант 2 курса специальности 6М060200–«Информатика»

АГУ им. Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Казахстан

ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТ ПО ПРАКТИКЕ КАФЕДРЫ НА ОСНОВЕ КОММУНИКАТИВНОГО ПРОСТРАНСТВА

В данной статье рассмотрено создание информационно-коммуникационного пространства для ведения работ по практике кафедры. Приведено подробное описание веб-портала. и его Предоставлена структура портала в виде схемы. Для реализации проекта была выбрана система управления контентом Wordpress. Примеры базы данных об учебном заведении и о пользователях приведены в виде таблиц.

Ключевые слова: структура портала, система управления контентом Wordpress, базы данных

Abstract

S.N.Idrisov¹, A.D. Mailybayeva², D.A. Sissenova³

¹ candidate of pedagogical sciences

² candidate of ph.-m. s.

³ 2nd course master, specialty of Informatics

ASU named after Kh.Dosmukhamedov, Atyrau s, Kazazhstan

ORGANIZATION OF PRACTICE WORKS OF THE DEPARTMENT BASED ON COMMUNICATION SPACE

In this article, we considered the creation of information and communication space for practice works of the department. A detailed description of the web portal is provided and structure of the portal it is given in the form of a schema. The content management system Wordpress was chosen for implementation of the project. Examples of the users and educational institution databases are listed in tables.

Key words: portal structure, Content management system Wordpress, базы данных

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби оқыту жүйесінде педагогикалық практика өте маңызды орын алады. Ол жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің басты бір бөлігі болып табылады да, болашақ мұғалімдердің теориялық дайындығы мен практикалық іс-әрекетін біріктіруін қамтамасыз етеді. Педагогикалық практика үрдісінде келесі міндеттер шешімін табады:

- студенттерді мұғалім мамандығына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің тұрақтылығына тәрбиелеу;
- нақты педагогикалық міндеттерді шешу барысында психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді пайдалану үрдісін тереңдету, бекіту;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту: педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік ыңғайға бейімдеу.

Педагогикалық практиканың тиімділігінің негізгі шарттары - оның кәсіби бағыты, теориялық негізділігі, оқыту және тәрбиелеу сипаты, педагогикалық практиканың мазмұнына және ұйымдастырылуына

комплексгі тұрғыдан қарау, жүйелілік, оны өткізудегі қажеттілік. Болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуында үздіксіз практиканың алатын орны ерекше. Ол педагогикалық оқу орны мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнында білікті мұғалімді даярлау үшін оқытушының да, студенттің де қажымас еңбегі қажет. Педагогикалық практика мұғалімді кәсіби даярлау жүйесінде басты элемент болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында «педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына оқытудың бүкіл жылдар бойы үздіксіз педагогикалық және психологиялық-педагогикалық практиканы енгізу» қажеттігі көрсетілген. Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарының мүмкіншіліктерін, соның ішінде ғаламтор желісін пайдалану барған сайын арта түсуде. Себебі, қазіргі заман талабы – оқытуды ақпараттандыру. Осыған орай, берілген порталды жасақтау нәтижесінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Информатика кафедрасы үшін практика жұмыстарына арналған ақпараттық-коммуникациялық кеңістік құрылмақ.

Практика туралы порталды жасақтау үшін келесі міндеттер қойылды:

- порталдың құрылымы мен мазмұнын дайындау;
- программалық жабдықтарды орнату;
- MySQL-серверде мәліметтер қорын құру;
- порталдың сыртқы бет-бейнесін құру;
- арнайы плагиндер мен виджеттерді орнату;
- қолданушылар арасындағы хабар алмасуды жүзеге асыру;
- құжаттарды толтыру формаларын өңдеу;
- беттерді толықтыру;
- PHP мен MySQL-сервер арасында байланыс орнату;
- ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Практика жұмысы туралы портал–практика туралы кең ауқымды ақпарат көзі. Оның негізгі мақсаты – оқу тәжірибесінен өту процесін, яғни ең бастапқы сатыдан соңғы сатыға дейінгі іс-әрекеттің орындалуын үдету мен қадағалау.

Аталмыш портал оқу тәжірибесінің үш түрін де, яғни оқу практикасы, өндірістік практика, диплом алдындағы практиканы қамтиды. Әрбір практика жеке категория ретінде қарастырылып, оларға жеке сипаттамалар беріледі және үш жақты келісім-шарттар да категория бойынша сараланады. Бұдан басқа арнайы келісім-шартқа отырған кафедралық, факультеттік және университеттік практикадан өту орындардың базасы да бар, олар форумда дауысқа түседі: осыған орай студент практика орнын дұрыс таңдай алады.

Порталда студенттер мен практика жетекшілері порталға тіркелу арқылы жеке пошталарына кіріп онлайн түрде ақпарат алмасуларына мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар, әрбір жетекшінің блоктарында сауалдарға жауап алуға, форумдарда осы практика тақырыбы аясындағы мәселелерді талқылауға болады.


- Центр аль-Фараби, занимающийся изучением научного наследия известного мыслителя Востока.

- Музей аль-Фараби, рассказывающий о творчестве и жизненном пути великого ученого Востока. В течение учебного года здесь проводятся экскурсии по музею для студентов и гостей университета.

- Собственная выставочная площадка на более чем 1800 м².

- 4 уникальных конференц-зала на 300, 80, 60 и 50 посадочных мест.

- Коммуникационно-релаксационные зоны для отдыха читателей.

- Кафе на 75 посадочных мест.

В структуре Библиотеки имеются 3 управления (<http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/70>).

Библиотека аль-Фараби, начиная с 2015 года, поэтапно переходит на новые технологии. В 2017 году проведена большая работа по модернизации библиотеки: анализ фонда, инвентаризация, слияние старой базы в новую, корректировка и настройка каждой записи базы данных. Электронная БД книжного фонда импортирована из автоматизированной библиотечной системы «Кабис» в «Ирбис», работа по корректировке продолжается.

Было приобретено новое оборудование, в том числе:

- Многофункциональная рабочая станция в комплекте с программным обеспечением маркировки библиотечного фонда и обслуживания пользователей на базе RFID-технологий;

- Система обеспечения сохранности библиотечного фонда;

- Терминал самообслуживания читателей с поддержкой RFID;

- Сканирующая станция для самостоятельной работы читателей по оцифровке изданий;

- Мобильное устройство автоматизированной инвентаризации с предустановленным ПО инвентаризации и идентификации единиц хранения библиотечного фонда на базе RFID-технологий.

Одной из задач библиотеки является сохранение культурного наследия, благодаря чему в библиотеке создана коллекция редких книг, формируется фонд трудов профессорско-преподавательского состава и продолжающихся изданий университета. Научная библиотека университета развивает фонды изданий на различных языках мира - казахском, русском, английском, немецком и других, тем самым поддерживая полиязычную среду обучения в университете. Одна из важных составных частей библиотечного фонда университета – это научные периодические издания, включающие реферативные издания, специальные (отечественные и зарубежные) журналы по многим отраслям знания.

Сейчас в библиотеке аль-Фараби организованы 2 варианта обслуживания: книговыдача на абонементе и выдача книги в режиме классического читального зала. Запись читателей на абонементе производится по университетской ID-карте, для каждого читателя оформляется электронный формуляр. В библиотеке обеспечен свободный доступ к фондам читального зала и к фонду Клуба ученых, внедрена система самообслуживания читателей.

Запущен Модуль J-Irbis, с помощью которого осуществляется доступ к базам библиотеки через интернет. На данный момент доступны все базы электронного каталога. Осуществлен переход сайта на другую платформу, обновлен дизайн сайта, размещены электронные журналы «Айкап», «Аманат», «Мәдениеттану кітапханасы».

В фонде редких книг – 14306 экземпляров, в том числе на русском языке – 11370 экземпляров, на иностранных языках – 2154 шт, особые формы – 782 экземпляров книг, диссертаций и авторефератов, а также о религии, Библии и Корана.

Общая площадь библиотеки 17856 кв. метров. в структуре Классический зал с площадью 1850 кв. метров с 780 читательскими местами, зал Магистрантов постоянно пополняющийся диссертационными работами авторефератами, залы для групповой работы, а также зал периодических изданий, обслуживающие читателей.

В библиотеке есть музей великого мыслителя Востока аль-Фараби пропагандирующий его жизнь и творчество, а также Центр аль-Фараби, занимающийся изучением научно-просветительским наследием ученого.

На сегодняшний день, библиотека главный центр университета, научных форумов, конференций, тренингов, мероприятий республиканского и международного уровня. Библиотека аль-Фараби для соответствия модели «Al-Farabi University Smart city», ориентирована на поддержку информационной культуры читателей [6, с. 165].

За годы независимости Республики Казахстан библиотеки вузов стали подлинными информационными центрами, оказывающими активное содействие внедрению в университетах передовых технологий и реализации государственных программ в области образования и науки. Известно, что сегодня в Казахстане происходят процессы модернизации всех отраслей хозяйственной деятельности. Высокие требования предъявляются к системе высшего образования, включая требования к качеству подготовки специалистов и интенсификации исследовательской деятельности в вузах. В сфере библиотечного и информационного обеспечения высших учебных заведений одними из главных задач, направленных на инновационное развитие вузов Казахстана, являются расширение доступа к мировым и отечественным научным банкам данных и создание качественных интеллектуальных ресурсов. В настоящее время библиотеки вузов играют все более значительную роль в самореализации личности, духовном развитии общества и принимают активное участие в формировании цивилизованного человека.

Список использованной литературы:

1. Соколай О. *Наследие: современный контекст: тематика юбилея Независимости определяет творческие и социально значимые проекты Министерства культуры [Текст] // Казахстанская правда. – 2011. – 7 июня. – С. 1-2.*
2. *Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана [Электронный ресурс] // <http://www.rmeb.kz>. (дата обращения: 01.01.2018 г.).*
3. *Агентство Республики Казахстан по статистике [Электронный ресурс]. — // <http://www.stat.kz>. (дата обращения: 10.01.2018 г.).*
4. *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – болашақтың университеті [Текст] / жалпы ред. басқарғ. Б.Т. Жұмағұлов. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 290 б.*
5. *Кітапхана тарихы айдарынан [Электронный ресурс] // Elibrary.kaznu.kz. (дата обращения: 01.03.2018 г.).*
6. *Научная библиотека: 70 лет истории [Текст] / Сост.: Е.Д. Абулкаирова, Л.И. Разубаева, Г.М. Мусағалиева. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 210 с.*

**ОРТА ЖӘНЕ ОРТАДАН КЕЙІНГІ
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЯ:
ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ**

УДК 37.014
МРНТИ 14.01.11

М.А. Нуриев¹, А.М. Айнакулова²

*^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘЛЕМДІК ПАРАДИГМАҒА НЕГІЗДЕЛУІ –
«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ**

Аңдатпа

Білім беру жүйесінің қазіргі заманғы әлемдік парадигмаға негізделуі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы өзекті мәселе болып табылады. Себебі, білім беру мазмұнын жаңарту – ата-аналар мен педагогикалық қауымдастықтан жоғары деңгейдегі ұйымдастыруды, жауапкершілікті, ұтқырлықты, тұтастықты, өзара қолдау мен түсіністікті талап ететін зор міндет және ауыр сынақ. Қоғамда туындап отырған жаңа экономикалық қатынастарға орай білім беруді реформалау мәселесі туындайды. Реформалаудың басты мәселесі білім мазмұнын толық жаңғыртуды, жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты, ғылыми мақалада қазіргі таңда білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялаудың еліміздің экономикалық дамуының басты бағытына айналуына, сондай-ақ «Мәңгілік елдің» педагогының кәсіби шыңдалуына сипаттама беріледі.

Түйін сөздер: білім беру жүйесі, қазіргі заманғы парадигма, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, білім беру мазмұнын жаңарту, білім-ғылымдағы инновациялар, білім мен ғылымды модернизациялау, «Мәңгілік елдің» педагогы.

Аннотация

Нуриев М.А.¹, Айнакулова А.М.²

*^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

**ИДЕНТИФИКАЦИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МИРОВОЙ ПАРАДИГМЕ –
АКТУАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА РЕАЛИЗАЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘНГІЛІК ЕЛ»**

Идентификация системы образования современной мировой парадигме является ключевым вопросом в реализации национальной идеи «Мәңгілік Ел». Поскольку обновление содержания образования представляет собой огромную и серьезную проблему для родительского и педагогического сообщества, которая требует высокого уровня организации, ответственности, мобильности, добросовестности, взаимной поддержки и понимания. Существует проблема реформирования образования в контексте новых экономических отношений, возникающих в обществе. Главная проблема реформирования требует полной модернизации и улучшения содержания образования. В связи с этим, в научной статье описывается инновация и модернизация образования и науки, как основное направление экономического развития страны, а также профессионализм педагога «Мәңгілік Ел».

Ключевые слова: система образования, современная парадигма, национальная идея «Мәңгілік Ел», обновление содержания образования, инновации в образовании и науке, модернизация образования и науки, педагог «Мәңгілік Ел».

Abstract

M.A. Nuriyev¹, A.M. Ainakulova²

*^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abay
Almaty, Kazakhstan*

**IDENTIFICATION OF THE SYSTEM OF EDUCATION OF THE MODERN WORLD PARADIGME
– THE ACTUAL PROBLEM OF THE IMPLEMENTATION OF THE NATIONAL IDEA
«MANGILIK EL»**

The identification of the education system of the modern world paradigm is a key issue in the realization of the national idea «Mangilik El». Since updating the content of education is a huge and serious problem for the parent and pedagogical community, which requires a high level of organization, responsibility, mobility, integrity, mutual support and understanding. There is a problem of reforming education in the context of new economic relations emerging in society. The main problem of reform requires a complete modernization and improvement of the content of education. In this regard, the scientific article describes the innovation and modernization of education and science as the main direction of the country's economic development, as well as the professionalism of the teacher of «Mangilik El».

Key words: education system, modern paradigm, national idea «Mangilik El», renewal of the content of education, innovations in education and science, modernization of education and science, teacher of «Mangilik El».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Әлеуметтік жаңғырту бүкіл қоғамның, әрбір қазақстандық отбасы мен әрбір қазақстандықтың өміріне оң өзгерістер әкелуге бағытталған нақты қадамдарды талап етеді», - деп атап көрсеткен болатын [1].

Бүгінгі таңда Қазақстан әлеуметтік-экономикалық жаңартудың өз моделін іске асыруда және онда Шығыс пен Батыстың басым жақтары мен жаһандық ынтымақтастыққа талпыныс үйлесім тауып отыр. Білім беру жүйесі осы отандық әлеуметтік жаңару моделінің шешуші буыны болып табылады.

Ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі ең алдымен оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, жаңаша ойлайтын және азаматтық жауапкершілігі әлдеқайда жоғары кәсіби мамандар даярлауға бағытталған. Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа парадигмасын анықтайтын осы міндеттер білім беру мазмұнын жаңарту, оқытудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгеру, бағалаудың объективті жүйесін енгізу және басқарудың инновациялық әрі ашық жүйесін құру арқылы шешілуі тиіс [2].

Мемлекет басшысы «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам және 5 институционалдық реформа» бағдарламалық құжатында, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес нақты міндеттерді қойды. Бүгінгі әлемнің тез өзгеретіні соншалық, заманауи білім беру өзгерістерін соңынан емес, керісінше, алдын ала болжануы тиіс. Осыған байланысты, отандық білім беру жүйесі жетілдірілуді, халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді және заман талабына лайықты азаматтарды даярлауды қажет етеді.

Қоғамда азаматтың тек қана білім алуы жеткіліксіз, ең маңыздысы – сол алған білімін күнделікті өмірде тиімді қолдана білуі. Сол себепті, қазір оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға басымдық беріліп отыр.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭБДҰ) елдері осыдан 28 жыл бұрын білім берудің жаңартылған үрдісіне көше бастады. 1997 жылы көп ел PISA деп аталатын жаңартылған мазмұнды бағалаудың бірыңғай стандартына көшу туралы келісімге келді.

Еліміздегі бірқатар мектептер 2009, 2012 және 2015 жылдары осы стандарт бойынша білім сапасын анықтауға қатысты. Осы зерттеудің қорытындысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру қажеттілігі анықталды. Білім беру мазмұнын жаңартудың себебі содан.

ҚР Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы жолдауларында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда. «Қазақстан-2050» стратегиясында Елбасының «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек...» деген сөзі – осының айғағы [3].

Осы негізде қазіргі таңда білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялау экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген

көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр.

Білім беруге, адам капиталының дамуына инвестиция жұмсау жалпы қоғам игілігінің кілті болып табылады. Ықпалдасқан, қарқынды әлемдік нарықта білім беру жүйелері өзгермелі ахуалға бейім болуы үшін жетілдіріліп отыруы тиіс. Осыған байланысты, білім беру жүйесінің дамуы Қазақстанның басты басымдығы болып табылады.

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Болашақтың табысты экономикасы білім беруге, халықтың дағдылары мен қабілетіне инвестициялайтын болмақ. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсіну қажет. Білімге негізделген экономика және қоғам, өмір бойы оқыту – бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды қолдану проблемаларын шешудің, әлеуметтік бірлікті, тең мүмкіндіктер мен өмір сапасын жақсарту тәсілдері болуы тиіс. Сондықтан да, соңғы жылдары еліміздің білім жүйесін жаңғырту мәселесі үнемі күн тәртібінен түспей, соның ішінде оқытудың мерзімі мәселесі қозғалып, орта білім жүйесін жаңа технологияға негізделген білім беру стандарттары мен жаңа бағдарламалары, оқулықтар жобасы жасалып, олар барлық деңгейде талданып келе жатыр. Орта білім саласындағы осы өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізіп, педагогикалық оқу орындары білім нәтижелерін осы тұрғыдан қарастыруға бағыт алуға [4].

Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілуде.

Бүгінгі таңда білім беру саласында көптеген модернизациялаулар жүргізіліп жатыр. Айтар болсақ, орта білім берудің 12 жылдық моделі, кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнының жаңартылуы, электронды оқыту, зияткерлік мектептер арқылы жоғары оқу орындарына дарынды шәкірттер дайындау, жоғары оқу орындарына қойылатын жаңа талаптар, магистрлар мен PhD докторларды дайындау арқылы университеттік білімді жаңа деңгейге көтеру бірқатар инновациялық жобаларға бастама болып, инновациялық оқыту әдісі кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан, қазіргі таңдағы білімді одан әрі дамытуды қажет ететін ауқымды жобалар мен әлем тәжірибесіне негізделген инновациялық білім берілуі тиіс. Оның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы практикалық маңызы бар ғылым мен білімді дамытудың басым бағытына сәйкес келетін инновациялық жобаларды іріктеу, аймақтағы ғылыми-зерттеулерді дамыту және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ғылым мен білім жетістіктерін пайдалану болып отыр.

Модернизациялау бойынша негізгі жұмыс орта білімде жүргізілуде және ол төмендегі бағыттар бойынша сипатталады:

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту (посткеңестік кеңістікте тұңғыш рет Қазақстанда 2012-2016 жылдарға арналған Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту іс-әрекеттерінің Ұлттық жоспары жасалған болатын, онда алынған білімді шынайы өмірлік жағдайларда сәтті пайдалану бойынша оқушылардың күзиреттілік дағдыларын дамыту мәселелері қарастырылды);

- электронды білім берудің пилоттық апробациясы (2020 жылға қарай аталған жоба бойынша мектептердің 90% қамтылып, мектеп оқушысының электронды оқу құралдары мен кітапханалар және кез келген уақытта әлемдік білім берудің цифрлық ресурстарына қол жеткізе алу бойынша қамтамасыз етілуі бойынша жұмыстар жүргізілуде);

- 12 жылдық білім беруге көшу;

- мектептен бастап университетке дейінгі білім беру үрдісіне ағылшын тілінің жаппай ендірілуі (2013 жылдың 1-қыркүйегінде барлық қазақстандық мектептердің 1-сыныбынан бастап ағылшын тілі жаппай енгізілді);

- тәрбие беру жұмыстары (жалпы білім беретін мектеп қабырғаларында шығармашыл ойлай алатын, кәсіби жолын таңдай алатын және таңдаған жолы бойынша өмір бойы білімін жетілдіріп отыратын зияткерлігі жоғары, рухани дамыған, дені сау ҚР азаматын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде);

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» – мектептегі білім беру үрдісін модернизациялаудың басты орталығы және трансляторы (оның базасында халықаралық сәтті тәжірибелердің жаңалықтары сынақтан өткізіліп, қазақстандық мектептерге енгізілулер жүргізіледі [2].

Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзыреттілік қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қазір жаһандану дәуірінде интеграциялық процестер қарқынды даму үстінде. Сондықтан, ұлттық білім саласы әлемдік білім кеңестігіне кірігусіз дербес дами алмайтынын бүгінгі қоғам дәлелдеп отыр. Жаңа ғасырдың шынайы кілті саналатын сол жаһандану білім саласына мықтап еніп, соның негізінде әлемдік экономиканың интеграциялануы, жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы кең қанат жайды. Сондықтан, білім саласын модернизациялауда ұлттық инновациялық жүйені жасау адам іс-әрекетінің жаңа ғылыми және кәсіби бағыттарын айқындауды көздей отырып, кадрлар дайындаудың мамандандырылған жүйесін іске асыруды талап етеді.

Жаһандану жағдайында мәдени-дүниетанымдық плюрализм шекарасы кеңее түседі, адамзат болмысы әмбебаптылықтан, айқындылықтан, біртұтастықтан бас тарта отырып, әртектілік, әртүрлілік, өзгермелілік, формалардың вариативтілігіне көбірек жол береді де құндылықтық кеңістіктің тұрақсыздығы басым түсе бастайды.

Сондықтан қазір адамның жеке тұлғасына әсер ететін трансформациялар мен өзгерістерді талдау маңызды, қарқынды өзгертін жағдайлардың теріс әсерін түсіну үшін ғана емес, бүгінгі болмыстың динамизм мен күрделілікке бейімделуіне сәйкес жаңа мүмкіндіктер аша отырып, білім беру жүйесін жаңғыртудағы түрлендірулерді қабылдау маңызды болып табылады. [5].

Білім беру сапасын жоғарылату мәселелерін шешу үшін ғылыми тұрғыдан алғанда Қазақстандағы педагогикалық ғылым әлемдік педагогикалық ғылым жетістіктерін кеңінен қолдану арқылы мемлекеттік білім беру саясатын ойдағыдай іске асыруға ықпал ететін өзекті білім беру мәселелерін жүйелі түрде зерттеуге бағытталуы керек.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда бүгінгі білім беру сапасы оның әлеуметтік өлшемі тұрғысынан қаралады. Бұл – туындаған проблемаларға жауапты төмендегі аспектілерді ескере отырып, іздеу керек деген сөз.

Біріншіден, қоғамның барлық әлеуметтік инфрақұрылымдарының күш-жігерін біріктіру. Яғни, оқушылардың мүдделері – негізгі ұстаным болуы тиістігін қатаң сақтай отырып, мемлекет, ата-ана және педагогтардың қоғамдастығының, жұмыс берушілер мен әртүрлі қоғамдық ұйымдардың нақты және тиімді өзара әрекеттесуі;

екіншіден, отандық тәжірибені шет елдердің озық тәжірибелерімен интеграциялау (біріктіру). Сонымен бірге, халықаралық стандарттарға сай болуға ұмтылу барысында білім берудің ұлттық мазмұнын сақтау маңызды;

үшіншіден, көптілді және көпмәдениетті білім беру ортасын қалыптастыру. Осындай жағдайдың тиімділігі тілдік оқытудың деңгейлік моделіне негізделген «балабақша - мектеп - колледж - университет» жүйесінде тілдік оқытудың үздіксіздігін сақтау арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін;

төртіншіден, ауылдық және қалалық оқушылардың білім деңгейі арасындағы айқын айырмашылықты жою. Өкінішке орай, ауылдық мектептің біраз ғана түлегі университеттерде конкурстық іріктеуге төзе алады, үздік отандық және шетелдік университеттерде жоғары білім ала алады, осыған байланысты тиісті кадрлармен аймақтық дамуды қамтамасыз ету қиындық тудыруда;

бесіншіден, мүгедектігі бар балаларға бейімделген білім беру ортасын құру. Бұл оларға өз құрдас-тарымен тең дәрежеде орта білім алу үшін өте қажет. Мұнда балаларға толеранттылық тәрбие беріп, ата-аналар қауымдастығының арасында жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет;

алтыншыдан, балалар мен жастар арасында девиантты мінез-құлық көрсеткіштерінің төмендеуі. Бұл білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып қана қоймай, ең алдымен, оқушының жеке тұлғасын бүкіл білім беру жүйесін дамытудың және жаңғыртудың эпицентріне қоюға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік аспектілер Қазақстан Республикасының білім беруінің дамуының басым бағыттарының негізін қалады. Олардың ішінде сапалы білімге тең дәрежеде қол жеткізуді қамтамасыз ету ерекше орын алады.

Білім беру сапасы әрқашан оқу нәтижелерімен анықталады. Білім беруді жаңғырту осы мағынада нәтижеге бағдарланған оқытудың жаңа түсінігін білдіреді. Бұл, ең алдымен, білімді, дағдыларды ғана емес, құзыреттілікті де жоспарлаумен және өлшеумен байланысты.

Мәселен, оқыту нәтижелерінде төмендегі құзыреттіліктер ерекше мәнге ие болу керек:

- күрделі ақпараттық, мәдениетаралық салада бағытын бағдарлай алу үшін коммуникативтік құзыреттілік;
- құқықтық, көпұлтты және конфессиялық қатынастар үшін азаматтық құзыреттер;
- интеграцияланған білім беру және кәсіптік ортада, сондай-ақ тұрақты және динамикалық түрде өзгертін әлеуметтік кеңістікте табысты өзін-өзі жүзеге асыру үшін жеке тұлғалық құзыреттілік.

Бұл құзыреттіліктер қазақстандық патриотизм, заңға бағынушылық, толеранттылық пен қатаң талап қоюшылық, адамдарға деген мейірімділік, құрмет пен сүйіспеншілік, өз-өзіне деген сенімділік және т.б. қасиеттермен толыса түседі.

Мектептегі білім беру жүйесі қазіргі заманғы парадигмаға негізделуі керек. Ол «білімді» адамнан «өмірге дайын» адамға ауысуды көздейді.

Мұнда барлық деңгейдегі білім мазмұнының сабақтастығы қағидасы сақталуы шарт: мектепке дейінгі білім беруден бастап жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау, сондай-ақ пәндік облыстар мен педагогикалық технологиялардың интеграциялық мазмұны ретіндегі ұстанымдар.

Сонымен, білім беру жүйесінің негізгі проблемалары оның мазмұны мен сапасын жаңартумен байланысты, ал оны дамытудың басымдықтары білімнің, дағдылардың, құзыреттіліктердің жүйелік жиынтығын көрсететін оқыту нәтижелерін жаңаша түсіну болып табылады.

Демек, жоғарыда көтерілген мәселенің бәрі педагогтарымыздың жаңаша ойлауына, жаңа тұрпатта білім бере алуына, бала бойында мектеп бітіргенде болу керек құзыреттіліктерді игерте алуына келіп тіреледі.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды дейді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады.

Көне грек философы, жазушысы, әрі қоғам қайраткері болған атақты Плутарх «...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады», - деген [6]. Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

Ал өзіміздің Ұлы ағартушымыз Ахмет Байтұрсынұлының «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады» деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Ендеше, «Мәңгілік елдің» мұғалімі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметінің барлық келеңді-келеңсіз жақтарын зерттеп меңгеруге ынталы, өзінің пәнін жетік меңгерген, кез келген педагогикалық жағдайдағы түйткіл мәселелерді өзінің білімділігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын мұғалім болуы керек.

«Мәңгілік Ел» боламыз десек, мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние емесігін біз жақсы түсінуіміз керек және өмір бойы ізденушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жете аламыз. Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан әрбір ұстаз үшін оқу мен тәрбие процесін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // www.inform.kz – 10 шілде 2012 ж.
2. Жилбаев Ж.О. Выступление на международной конференции «Совершенствование системы образования в условиях социальной модернизации» // www.nao.kz – 6 декабря 2013 г.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Қазақстан халқына Жолдауы, 14 желтоқсан 2012 ж.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // www.adilet.zan.kz – ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы. ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен күші жойылды.

5. Балыкбаев Т.О. Актуальные вопросы развития образования и педагогической науки// www.zakon.kz
– 28 октября 2010 г.
6. Плутарх. Моралии // www.koob.ru/plutarh.

37.035.6(574)
МРНТИ 14.39.05

Е.Ш. Қозыбаев¹, Г.Қ. Құлабекова²

¹ *п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ, Қазақстан*

² *6D010300 – Педагогика және психология мамандығының I курс докторанты,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ, Қазақстан*

ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ МӘНІ

Аңдатпа

Бүгінгі күні Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесін зерттеу өзекті мәселелер қатарында және оның қазіргі қоғамның дамуы үшін теориялық және тәжірибелік маңызды екендігі белгілі. Патриотизм біз өмір сүріп отырған қоғамның бүгінгі мен болашағын анықтайтын қозғаушы және біріктіруші факторлар қатарына жатады. Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу бір күннің ісі емес, ол ұлттық идеологияға негізделген жағдайда ғана табысты болатындығы анық.

Қазақ балаларын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу, ана тілін құрметтеу, олардың бойында ұлттық мақтаныш сезімін оята білу, ұлтжандылық, елжандылық сынды қасиеттерді қалыптастыру – тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда ерекше маңызды мәселелердің қатарында. Мақалада Отан, ана тілі, туған жер, ұлттық мәдениет, ұлттық идея, ар-намыс, ұлттық код және т.б. патриотизм ұғымымен қатар құрамдас болып дамитын ұғымдар екендігі түсіндіріледі.

Сонымен қатар, қазіргі әлемде патриоттық тәрбиені дамытудың көп қырлы үдеріс, оның нәтижесінің маңызды екендігі айтылып, ұлттық рухтың, ұлттық және жалпы адами-мәдени құндылықтардың негізін құрайтын патриоттық тәрбие мен білім беру маңызды саясат ретінде қарастырылады.

Мақалада ұл балалардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік, батылдық, елжандылық, қайсарлық және т.б. қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығы көрсетіліп, көпұлтты мемлекетіміздің жағдайында «қазақстандық патриоттың» тұлғасының қандай болуы керектігіне түсінік беріледі.

Түйін сөздер: отансүйгіштік, патриотизм, қазақстандық патриотизм, ұлттық идеология, ұлттық код.

Аннотация

Е.Ш. Қозыбаев¹, Г.Қ. Құлабекова²

¹ *д.п.н., профессор, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

² *6D010300 – Педагогика – психология I курс докторант,
Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан*

ЗНАЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕОЛОГИИ В ВОСПИТАНИИ ЛЮБВИ К РОДИНЕ КАЗАХСКИХ ДЕТЕЙ

На сегодняшний день исследование по формированию любви к Родине в ряду актуальных вопросов, также как и его теоретическая и практическая значимость для развития современного общества. Патриотизм определяет настоящее и будущее нашего общества, находится в ряду движущего и объединяющего фактора. Воспитание любви к родине - дело не одного дня, оно будет результативным, если будет основываться на национальную идеологию.

Формирование у казахских детей таких качеств, как любовь к Родине и патриотический дух, почитание родного языка, чувство национальной гордости, патриот своей нации, патриот своего народа – в ряду особо значимых вопросов в развитии независимого государства. В статье объясняется идентичность понятий Родина, родной язык, родная земля, национальная культура, национальная идея, совесть и честь, национальный код и др. с понятием патриотизм.

Наряду с этим, разъясняется значимость развития патриотического воспитания в современном мире как многогранный процесс, значимость его результативности, а также патриотическое воспитание и образование как составная политики, являющихся основой национального духа, национальных и общих нравственно-культурных ценностей.

В статье показывается значение формирования у мальчиков таких качеств, как любовь к Родине, смелость, патриот своего народа, решительность и др., дается объяснение наличию у личности понятия «казахстанский патриот» в условиях многонационального государства.

Ключевые слова: любовь к Родине, патриотизм, казахстанский патриотизм, национальная идеология, национальный код.

Abstract

E.Sh. Kozybaev¹, Kulabekova G.K.²

¹PhD (in pedagogy) professor, M. Auyezov South Kazakhstan University, c.Shymkent Kazakhstan

²6D010300-Pedagogy-Psychology, the doctoral candidate M. Auyezov South Kazakhstan University, c. Shymkent Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF NATIONAL IDEOLOGY IN THE EDUCATION OF LOVE FOR THE MOTHERLAND OF KAZAKH CHILDREN

To date, a study on the formation of love for the Motherland in a series of topical issues, as well as its theoretical and practical significance for the development of modern society. Patriotism determines the present and future of our society, is in a series of a driving and unifying factor. Education of love for the motherland is not a matter of one day, it will be effective if it is based on national ideology.

Formation of such qualities as the love of the Motherland and the patriotic spirit among Kazakh children, respect for their native language, a sense of national pride, the patriot of their nation, the patriot of their people is among the most important issues in the development of an independent state. The article explains the identity of the concepts Motherland, native language, native land, national culture, national idea, conscience and honor, national code, etc. with the notion of patriotism. Along with this, the significance of the development of patriotic education in the modern world is explained as a multifaceted process, the significance of its effectiveness, as well as patriotic education and education as an integral policy that is the basis of the national spirit, national and common moral and cultural values.

The article shows the importance of the formation of such qualities in boys as love of the motherland, courage, patriot of their people, determination, etc., explaining the identity of the person "Kazakh patriot" in a multinational state.

Key words: love to the Motherland, patriotism, Kazakhstan patriotism, national ideology, national code.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақ бойында патриотизмді қалыптастыру мәселесін зерттеу ғылымда өзекті мәселелердің қатарында екендігі мәлім. Қазіргі құбылмалы ақпарат заманында дәстүрлі құндылықтардың, өнегелі бағдарлар мен патриотизм ұғымының мазмұны өзгеріс үстінде. Бүгінде әлем халқы өмірінің барлық жақтарын қамтуға бет алған жаһандану үдерісі дүниежүзілік саясат пен халықаралық қатынастардың үстем факторына айналып келеді. Әлемдік жаһандануды тек технологиялар мен ғылыми-техникалық жетістіктердің бәсекесі ғана емес, оны отаншылдық сезімі жоғары тұлғалардың ел мен жердің қадір-қасиетіне жету, оған қызмет етудегі бәсекелестігі деп те түсіну керек.

Жаһандану дәуірінде ұлттық-мәдени, тарихи құндылықтардың ықпалы төмендеп, әлсіреу қаупі тұрғанда және жаһандық құндылықтардың маңыздылығы әлдеқайда жоғарылаған кезеңде патриотизм ұғымын, оның белгілерін нақтылау мен ғылыми тұрғыдан зерттеудің, сонымен қатар өскелең ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру мен отансүйгіштік тәрбие беруді жетілдірудің, ұлттық мұра-

лар негізінде өз халқына деген сүйіспеншілікке, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне, елінің мүддесін өзінің мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерді тәрбиелеудің қажеттілігі туындайды.

Патриотизм деген қандай ұғым? Патриотизм – (грекше, *patris* – Отан, атамекен) өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі. Патриотизм – бұл саяси идеология, оның басты қағидасы Отанға, өз халқына, атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Патриотизм – идея ретінде қоғамдық санада, үлгі ретінде мәдениетте және белсенді іс-әрекет ретінде саясат пен экономикада байқалатын күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс. Демек, патриотизм – қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отыратын қоғамдық сананың бір формасы.

«Патриотизм» ұғымының мән-мағынасы мен мазмұны заман ағымына қарай өткеннің немесе бүгінгі күннің патриотизмі деп өлшенбесе керек. Бұл ұғым қай заманда болмасын Отанға, туған ел мен жерге, ұлтқа деген риясыз, асқан сүйіспеншілікпен ғана өлшенуі керек.

Кейбір отандастарымыз тарихтың еншісінде қалған «социализм тұсындағы патриотизм» мен «бүгінгі патриотизмнің» арасында өте үлкен айырмашылықтың бар екендігін дәлелдеуде. Олардың кеңестік дәуірде жастардың Отанға, ел мен жерге деген көзқарасы мен сүйіспеншілігі әлдеқайда жоғары болған деуі қаншалықты дұрыс? Оралмасқа кеткен дәуірдің құндылықтарын қайта қалпына келтіру керек деген қате пікірден түбегейлі арылу қажет. Себебі заман, қоғам бір орында тұрмайды, ол тірі ағза, ол өзгереді, дамиды. Сәйкесінше біздің ұрпақ тәрбиелеудегі ісіміз де жаңаша сипат алуы керек. Бірақ бұл тарихты өшіріп тастау деген сөз емес, керісінше тарихтан тиімді, қажетті тәжірибе мен дәстүрлерді пайдалана білу. Бала тәрбиесінде кеңестік тәрбиенің оңды жақтарының болғандығын, сондай-ақ кеңестік солақай саясаттың ұлттық діліміз бен құндылықтарымызға кері ықпалының болғандығын да біз жоққа шығара алмаймыз.

Посткеңестік кезеңде одақ құрамында болған мемлекеттердің көбіндегі жас буын жаңа әлеуметтік шындықпен байланысқа түсіп, бұрынғы қағидалар мен «ескі» қоғамдық жүйенің құндылықтарын қабылдаған жоқ. Керісінше заман ерекшелігіне сай «батыстық үлгідегі еркін тәрбиеге» бойсынған тұлғаның жаңа әлеуметтік түрі пайда болды. Демек патриоттық тәрбиенің жаңартылған жүйесін қалыптастыру, жаңа міндеттерді негіздеу, механизмін және оның тәсілдері мен әдістерінің тиімділігін арттырудың қажеттілігі туындады. Патриотизм осындай қажеттіліктердің негізінде жаңаша сипатқа ие болды.

С.Ожегов пен Н.Шведованың «Орыс тілінің түсіндірмелі сөздігінде» патриотизм ұғымына: «Преданность и любовь к своему отечеству, к своему народу» - деген анықтама берілген [1, 496 б.].

Адамдардағы отаншылдық сезімдер туа біткен қасиеттерге жатпайды. Отаншылдық сезімдерді адамның саналы өмірімен қатар қалыптасатын психологиялық және саяси-әлеуметтік құбылыс ретінде түсіну керек. Патриоттық сезім жалпы адам баласының туған елі мен жеріне, ана тілі мен төл мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Патриотизм мәселелері жаңа мемлекеттердің құрылуы, ұлттың қалыптасуы, ұлт-азаттық қозғалыстар мен соғыстар кезеңінде ерекше өзектілікке, саяси мәнге ие болады. Тарихтың барлық кезеңдерінде патриотизм адамдардың қоғамға, өз мемлекетіне қатысты азаматтық борышын өтеуге деген қатынасымен тікелей байланысты болған.

«Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» [2, 2 б.].

Ал патриот деген кім? Ұлы тұлғалардың пікіріне жүгінсек, орыстың көрнекті жазушысы Н.Чернышевский «Патриот – Отанға қызмет етуші адам», әзірбайжан ағартушысы, философ М.Ахундов «Патриот – Отанның мерейін үстем ету жолына, өз халқына деген сүйіспеншілігі жолында қолда барын, өмірін аямайтын адам» десе, қазақтың даңқты әскери қолбасшысы Бауыржан Момышұлы «Атамекен жері үшін, қасиетті елі үшін, болмай қалар кім батыр...», «Отан үшін отқа түс, күймейсін», жазушы патриот Баубек Бұлқышев «Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды»деп, нағыз патриотқа тән қасиеттерді айтады [4, 117-120 б.].

Заманауи дүниетаным аясында патриотизм қоғамның рухани-мәдени құндылығы болып табылады, бұдан қоғам менадам, мемлекетпен азамат, жеке тұлға мен оның әлеуметтік ортасы, жеке және қоғамдық мүдде арақатынасы жиынтық түрде көрініс табады. Бүгінгі күні патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және жершарылық ықпалдастық жағдайында қарқынды дамуында. Сондықтан бүгінгі ақпараты жедел дамыған қоғам жағдайында нағыз патриоттарды тәрбие-

леу маңызды мәселелердің қатарында болуы шарт. Бүгінгі патриоттық тәрбие – тәрбиенің барлық салаларының негізі болмақ, себебі патриоттық тәрбие жоғары болған елде саяси тұрақтылық пен экономикалық дамудың өрістейтіні белгілі.

Тәуелсіз мемлекетіміздің даму болашағын көздеген ұлы мақсаттарымызды іске асырудың кепілі – үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларында балалардың отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыруды жаңа сапалық деңгейге көтеру болып табылады. Бұл орайда патриоттық тәрбие ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет ететін маңызды мәселелердің қатарынан орын алады.

Өскелең ұрпақты халық педагогикасы негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу жөніндегі еңбектер демократ-ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарын, А.Құнанбаевтардың есімдерімен байланысты. Қазақтың белгілі зиялылары С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев және т.б. өз еңбектерінде ұрпақтар тәрбиесінде отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру жолдарын ғылыми тұрғыда арнайы қарастырған. Ал Халық қаһарманы, қайраткер жазушы Б.Момышұлының патриоттық тәрбие мәселесі төңірегіндегі еңбектерінің теориялық және практикалық маңызы ерекше.

Патриотизм туралы мәселелер: педагогика классиктері К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, Н.К. Крупская, В.А. Сухомлинскийдің және мәдени әртүрлілік М.М. Бахтин, В.С. Библер, К.Ясперс, қарым-қатынас философиясында Л.П. Буева, Е.Г. Злобина, М.С. Каган, этностар теориясы мен этникалық сәйкестікте Л.Н. Гумилев, Ю.С. Бромлей, В.А. Тишков, сондай-ақ, казахстандық этнографтар Ж.Артықбаев, Х.Арғынбаев, мәдениеттанушы А.Сейдімбек, М.Ш. Хасанов, М.Х. Балтабаев, көрнекті психологтар Қ.Жарықбаев, Ж.Ы. Намазбаева, философтар А.Н. Нысанбаев, Р.Б. Әбсаттаров, педагогтар К.Ж. Қожахметова, А.Қ. Құсайынов, С.А. Ұзақбаева, А.Ә.Түктібаева, Ө.Жұмақанов, Р.Ж. Ержанова, К.Б. Сейталиев, А.А. Қалыбекова, Ж.Ж. Наурызбай, С.Қалиев, К.Ж. Бұзаубақова, С.Қ. Қасенов, К.Т. Елемісова, Б.Ү. Үрбісінов, Ә.Айтақов, Ш.Әміралиев және т.б. отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Тәлім-тәрбие, ұлттық дәстүрлер мен патриоттық тәрбие, әскери-патриоттық, интернационалдық және ерлік тәрбиесі мәселелері А.А. Бейсенбаева, Ү.К. Санабаев, С.Ешімханов, Е.Жұматаева, С.Т. Иманбаева, Ғ.Б. Базарғалиев, Д.С. Құсайынова, А.К. Салимолдаева, С.Ә. Әбдіманапов, Л.А. Шкутина, С.К. Нурмуқашева, Н.Р. Рамашовтың және т.б. зерттеулерінде көрсетілген [4, 4 б.].

Жаһандану кезінде қуатты елдердің ықпалы басқа елдерге күшейе түсетіні белгілі. Жаһандану кезінде қазақ болу оңай ма? Қазақ болып туу бар, қазақ болып өмір сүру бар. Қазақстандық философ Т.Қ. Бурбаев «Қазақ болу деген сөз сол халықтың ғасырлар бойы жинаған ұлы қасиеттерін бойына ұстау, оны сақтау, дамыту оған өскелең ұрпақты тәрбиелеу, дәстүрің мен салтыңды, тілің мен өнеріңді, мәдениетіңді болашаққа мирас ету» - деп түсіндіреді [5, 55-60 б.].

Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие. Қазақ ежелден елін, жерін, салт-дәстүрін сүйген халық. Батырлары мен ер азаматтары «Ұлтарактай болса да, ата қоныс жер қымбат, Ат төбеліндей болса да, туып өскен ел қымбат» деген қағиданы берік ұстап, ұлан-ғайыр жерді жаудан қорғап, бейбіт өмір сүруді аңсаған. Бұл жайында қаз дауысты Қазыбек би «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, өз алдына жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» деп, қазақтың туған жерін қорғаудағы жан аянбайтын ұлтжандылығы мен тәкаппарлығын көрсетеді.

Патриоттық тәрбиені жүзеге асыруды ұлт тарихымен тығыз сабақтастықта жалғастыру қажет. Біз – тарихы бай ұлтпыз. Біздің сан ғасырлық тарихымыздан өскелең ұрпақ өзінің болашағына қажетті үлгі-өнегені, ақыл-парасат пен ізгілікті, сонымен қатар ерлік, батылдық, имандылық пен қайырымдылық жайлы білімді толық ала алады.

Қазақ халқы балаларын тәрбиелеудегі елге, атамекенге деген сүйіспеншілік пен оны қадір тұтып, қорғауға тәрбиелеуді басты мақсат тұтқан. Халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қасиет тұту – қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным тұлға санасына ана сүтімен дарыған.

Туған жер, табиғат, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған жердегі тамаша киелі орындар, жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейгарап қалдырмайды. Олар адам жүрегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатады. Әр адам Отанның қадір-қасиетін ұққанда, оның тарихы мен жүріп өткен даңғыл жолын, қиын-қыстау кезде бастан кешірген трагедиясын көз алдынан өткізіп, жанымен сезе

білгенде, жат жұрттықтардан жерін, даласын, тау-тасын жанқиярлықпен қорғағандағы ерліктерін білген кезде мақтаныш сезімі оянады. Патриоттық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі.

Жас жеткіншектерді Отанын риясыз сүйетін азамат етіп тәрбиелеу үшін, әрине бүгінгі қоғам жағдайында берік идеология қажет.

Әр қоғамның, онда өмір сүріп жатқан әр халықтың өзіне тән ерекшеліктері бар екендігі белгілі. Мысалы, Қазақстанның ұлан-байтақ жерді мекендеуінің өзі халқымыздың бойындағы батырлық, ерлік, батылдық сынды өнегелік дәстүрлерден туындаған деп білеміз. Отанын сүю, елін сыртқы жаулардан қорғау ер жүректі азаматтардың міндетіне кірген. Халқымыздың тарихындағы ұлы қолбасшылар мен батырлар бейнесі осылай қалыптасқан. Дана халқымыз даңқты бабаларының ерлік әрекеттерін болашақ ұрпақтың бойына сіңіре отырып, ұлттық идеологияны қалыптастырған. Сондай-ақ азаматтылыққа, батырлыққа, шешендік пен көрегендікке тәрбиелеуі де ұлттық идеяның міндеттері болып табылады. Өз азаматтарына дұрыс идеологиялық бағыт-бағдар ұсынған мемлекеттің ғана өмірі тұрақты, болашағы баянды болмақ. Қазақстан мемлекеті идеологиясының басты мақсаты – ХХІ ғасырдың білімді, білікті, техниканы терең меңгерген, дені сау, мықты, қажырлы, табанды, ақылды, кеменгер, ұлтжанды, отаншыл ұрпақты тәрбиелеу. Ұлттық идеология халықтың дәуірлік мұратын айқындайтын, келер ұрпақтарға шамшырақ бола алатын ғасырлық рухани философия. Ұлттық идеологияның негізі қоғамның ең маңызды талаптары мен қажеттіліктері арқылы айқындалады. Кез-келген қоғамда көздеген мақсатқа жету үшін ең бастысы – ұлттық бірлік пен білім керек, ал ұлттық бірлікке жету үшін мықты идеология қажет. Ұлттық идеологиясы мықты, рухы күшті халықты ешкім де жеңе алмайды және асқақ рух халықты барлық уақытта биіктерге жетелейді.

С.Ожегов пен Н.Шведованың «Орыс тілінің түсіндірмелі сөздігінде» идеология ұғымына «Қандай да бір әлеуметтік топты, тапты, саяси партияны қоғамды сипаттайтын көзқарастар, идеялар жүйесі» деген анықтама берілген.

Әрбір халықтың өзіне тән ұлттық идеологиясы, сол халықтың тарихи кезеңдегі қажеттілігінен туындайтын ұлттық мүддесінен пайда болады және сол халықтың болашақ тағдыры осы идеологияны қалай іске асыруына байланысты болмақ.

Идеология дегеніміз не? Идеология – қоғамдық сананы қалыптастырып, саяси өмірде оған бағыт-бағдар беріп отыратын, рухани құндылықтар жүйесін айқындайтын идеялар тұжырымдамасының жиынтығы. Әр ұлт өзінің ішкі-сыртқы мәселелерін шешу үшін өзіне қажетті идеологияны жасап, сол арқылы әрекет етеді. Бүгінгі Қазақстанның алдында тұрған басты мәселе – рухани құндылығымызды анықтап алып, оны өмірде іске асыру.

Қазақстанның «Мәңгілік Ел» атанып, келешекте ұлт болып қалуы үшін қауіпті жағдай бар – ол біздің ұлттық санамыздың тым әлсіреп кеткендігі. Сондықтан ұлттық қасиеттерді сақтау үшін бірінші кезекте санамызды сауықтыру қажет. Сананы түрлі әрекеттермен улау тұтас бір ұлттың жойылып кетуіне әкеліп соғады. Тарихтан белгілі болған «мәңгірттену» залалы бүгінгі ұрпақты шарпымауы қажет. Кеңес дәуірі тұсында бойында намысы жаншылған, рухы мен жігері тапталған «мәңгірт» ұрпақ қалыптасты.

Мәңгірттенген адам рухы өлген, сана-сезімнен жұрдай, ұлты үшін, Отаны үшін жаны күймейтін, патриоттық сезімнен ада, ойлау өрісі дамымаған пенде немесе өзін-өзі толық жоғалтқан адам. Онда Отанын, туған анасын сүю, ұлтын құрметтеу, ана тілін ардақтау деген сезімдер болмайды. Ондай адамдар ұлтына опасыздық жасауға әрқашан бейім келеді.

Қоғамымызда қылмыстың асқынып, адамдарымыздың өзге діни ағымдарға кіруі, ана тілін, салт-дәстүрін білмеуі – бұл біздің ұлттық санамыздың әлсіреуінің салдары деп білу керек. Бұл жағдай ұрпақтар арасындағы байланысты жойып, халық даналығын жалғастыруға кедергі жасайтыны белгілі. Келесі буын ұлттық қасиетін түгелдей жойып алуы мүмкін. М.Шахановтың тілімен айтқанда, мәңгірттік дегеніміз – адамзат тағдырының тамырсыздық індеті. Ол тамырыңды тамырсыздық індетінен қалқалайтын әр адамның өз анасынан басқа төрт анасы болу керек деп мәлімдейді:

Туған жері - түп қазығы, айбыны,
Туған тілі - мәңгі өнеге айдыны,
Жан байлығы, салт-дәстүрі - тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және Туған тарихы.

«Мәңгірт» ұғымын тұңғыш рет терең, әрі жан-жақты түсіндіріп берген заманымыздың заңғар жазушысы Ш.Айтматов болатын. «Ғасырдан да ұзақ күн» атты романында жазушы мұны былай сипаттайды: «... Ең әуелі олардың шашын бір қыпшық қалдырмай тақырлап тұрып ұстарамен қырып алады. Шашын

алып бола берген тұста, жуан-жуанның жалаңдаған қасапшылары таяу жерде ең сидаң-саяқ түйені сойып тастайды. Түйенің терісін сыпырып жатып, ең қалың деген төстік көнтерісін бөлек кесіп алады. Сол көнді кесіп-кесіп, әлі жып-жылы буы бұрқыраған қалпында тұтқынның жап-жаңа шашы алынған тақыр басына қаптай қойған кезде осы өзіміздің қазіргі заманда суға жүзгіштердің басына киіп алатын резинка шәпке сияқты сып-сығыр желімдей жабыса қалады. Мұндай сықыпқа ұшыраған пенде не өліп кетеді, не бұл азапқа шыдай алмай ақылынан адасып, өткен-кеткенін мүлде ұмытып, өмір бақи мәңгіртқұлға айналады» [6, 99 б.]. Өз бетінше ойлай алмайтын, рухы жоғалған, ата тегін, елі мен жерін білмейтін, ұлттық тамыры қыркылған жан «мәңгірт» деп аталады.

Белгілі ғалым М.Мырзахметов ұлттық идея мен ұлттық идеология мәселесін көтеріп, аталған ұғымдардың анықтамасын жасап беріп, былай деп ой тұжырымдайы: «Ұлттық идея – уақыт деміне, заман ағымына қарай өзгеріске түсіп, анықталып, толысып, дамып отыратын құбылыс. Отарланған түркі халықтары бір кездерде жадидизмді ұлттық идея ретінде ұстанды. Алаш партиясы Ресей құрамындағы ұлттық автономия құруды қазақтар үшін ұлттық идеяға айналдырды... Біз үшін дәл бүгінгі күнде ұлттық идея ретінде отаршыл қысымнан құтылып, қолымыз енді жеткен тәуелсіз ұлттық мемлекетімізді қалыптастырып жетілдіру, өркендету болса керек» [7,243 б.].

Патриоттық тәрбиенің басты мақсаты – Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысты, қайсар, жігерлі қазақ балаларын, нағыз азаматтарды тәрбиелеу.

Қазақ балаларын патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір баланың дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет. Өйткені Отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл оның өмірде өзіне сенімді болуына рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді.

Класс эвристических задач большой. Это задачи, для решения которых нужно выявить одну-две скрытые связи между элементами задачи, и задачи, где таких связей больше и где нужно сконструировать новый способ действий и т.д.

Рассмотрим следующую эвристическую задачу 1:

«Найдите объем правильной треугольной пирамиды, сторона основания которой имеет длину - a и образует с боковой гранью угол - α » (Рис.1).

Анализ условия задачи показывает, что нужно построить угол между стороной основания пирамиды и боковой гранью. Ученики вспоминают, что этим углом является угол между стороной основания и ее проекцией на боковую грань. Проекцию будем находить, проводя перпендикуляр из конца этой стороны на противоположную грань, является высотой пирамиды, длину которой нужно знать, чтобы вычислить объем. Применяя эвристический прием «рассмотреть фигуру в динамике», изобразим на рисунке пирамиду так, что ее основание

ABC будет боковой гранью, а боковая грань AMC будет основанием. Далее изображаем высоту BO и проекцию прямой BC - прямую OC . Таким образом, величина угла BCO равна α и $AB=BC=AC=a$. Получаем возможные следствия из условия и соотносим их с тем, что нужно найти. Замечаем, что из прямоугольного треугольника BOC можно найти стороны OC и BO .




Рис.1. Задача 1.

Выполняем дополнительное построение: проводим прямую MK , содержащую точку O (K принадлежит стороне AC). Еще раз возвращаемся к условию и отмечаем, что $AB=BC$ и $AM=MC$. Высказываем догадку, что точка K является серединой отрезка AC . Для доказательства меняем ход рассуждений на обратный. Пусть K – середина отрезка AC . Тогда прямые MK и BK перпендикулярны прямой AC , так как треугольники AMC и ABC равнобедренные. Следовательно, прямая AC перпендикулярна плоскости MBK , а значит, перпендикулярны плоскости MBK и AMC . Отсюда заключаем, что перпендикуляр, проведенный из точки B к плоскости AMC , лежит в плоскости MBK , и так как такой перпендикуляр единственный (проходящий через точку B), то верно и обратное предложение: если прямая BO перпендикулярна плоскости AMC , то точка K – середина отрезка AC . В ходе рассуждений мы выполнили еще одно дополнительное построение – провели отрезок BK . Соотнесим все то, что получили, с требованием задачи. Видим, что осталось найти площадь треугольника AMC , для чего достаточно знать длину высоты MK . Длину отрезка OK можно найти из прямоугольного треугольника OKC : в нем $KC=a/2$, $OC=ac\cos\alpha$, значит,

$OK = \frac{a}{2}\sqrt{4\cos^2\alpha - 1}$. Осталось найти длину отрезка OM . Этот отрезок является стороной прямоугольного треугольника BOM , в котором известен катет BO : $BO=asin\alpha$, но неизвестна гипотенуза MB , которая равна гипотенузе MC прямоугольного треугольника MKC . Это подсказывает идею ввести переменную и выразив какую-либо величину двумя способами, получить уравнение.

Пусть $MO=x$. Тогда $MK = x + \frac{a}{2}\sqrt{4\cos^2\alpha - 1}$.

Из треугольника BOM найдем BM : $BM = \sqrt{a^2\sin^2\alpha + x^2} = MC$.

Из треугольника MKC найдем MK : $MK = \sqrt{a^2\sin^2\alpha + x^2 - \frac{a^2}{4}}$.

Приравнивая полученные значения для MK , получим уравнение:

$$x + \frac{a}{2}\sqrt{4\cos^2\alpha - 1} = \sqrt{a^2\sin^2\alpha + x^2 - \frac{a^2}{4}}$$

Отсюда найдем x : $x = \frac{a\cos 2\alpha}{\sqrt{4\cos^2\alpha - 1}}$.

Из последнего равенства находим ограничения для α : $45^\circ \leq \alpha < 60^\circ$. Внимательное рассмотрение их позволяет заметить, что ограничение $\alpha > 45^\circ$ не является необходимым и что оно появилось в результате внесенного нами неявно ограничения в чертеж. В самом деле, мы выбрали тот случай, когда точка O лежит между точками M и K : но возможен и такой случай, когда точка M лежит между точками O и K (или совпадает с точкой O).

В этом случае будем иметь: $MK=OK-OM$ или $MK = \frac{a}{2}\sqrt{4\cos^2\alpha - 1} - x$.

Тогда получим уравнение $\frac{a}{2}\sqrt{4\cos^2\alpha - 1} - x = \sqrt{a^2\sin^2\alpha + x^2 - \frac{a^2}{4}}$,

откуда $x = \frac{a\cos 2\alpha}{\sqrt{4\cos^2\alpha - 1}}$, $0^\circ < \alpha \leq 45^\circ$.

В каждом из этих случаев получаем одно и то же значение для MK :

$MK = \frac{a}{2\sqrt{4\cos^2\alpha - 1}}$, $0^\circ < \alpha < 60^\circ$. Теперь легко вычислить объем пирамиды.

Таким образом, мы видим, сколько эвристических приемов ученик должен применить, сколько скрытых связей обнаружить, чтобы решить эту задачу.

Алгоритмические задачи порождают соответствующие классы полуалгоритмических и эвристических задач. Учеников нужно «провести» через решение задач разных типов с тем, чтобы у них накапливался опыт деятельности на разных уровнях, чтобы они научились видеть общее в способах решений задач, учились действовать в нестандартных ситуациях, овладевали эвристическими приемами [9].

Приведенная типология задач дает ясное направление деятельности учителя по организации обучения учащихся решению задач. Она поможет оптимально подойти к вопросам соотношения воспроизводящих и творческих процессов в самостоятельных работах школьников. Эта типология указывает путь продвижения учащихся от безусловного умения решать алгоритмические задачи, от действий в стандартных ситуациях – к творческой работе, приобщению к производительному умственному труду.

В заключение приведем примеры задач разных типов по теме «Теорема Пифагора» [5].

Алгоритмические задачи

1. В прямоугольном треугольнике катеты равны 12 и 5 см. Чему равна гипотенуза этого треугольника?

2. В прямоугольном треугольнике гипотенуза и катет соответственно равны 17 и 8 см. Найдите второй катет.

Полуалгоритмические задачи

1. Боковые стороны треугольника равны 25 и 30 см, а высота, опущенная на основание, равна 24 см. Найдите периметр треугольника.

2. Найдите расстояние от центра окружности, радиус которой равен 41 см, до хорды, равной 18 см.

Обобщенное правило решения подобных задач может быть таким: выявите прямоугольные треугольники; отметьте известные стороны; найдите неизвестные стороны по теореме Пифагора; составьте ответ на вопрос задачи.

Эвристические задачи

1. Стороны треугольника равны 11,25 и 30 см. Найдите высоту треугольника, проведенную к большей стороне. (Задача является эвристической при условии, что учащиеся не изучали формулу Герона).

2. Стороны треугольника равны 11,25 и 30 см. Найдите расстояние от середины высоты, проведенной к меньшей стороне, до большей стороны треугольника.

Список использованной литературы:

1. Гурова Л.Л. Психология мышления / Л.Л. Гурова. – Москва: ПерС, 2005. – 136 с.
2. Епишева О.Б. Общая методика преподавания математики в средней школе / Тобольск, Изд-во ТГПИ им. Д.И. Менделеева, 1997.-191 с.
3. Кулюткин Ю.Н. Образовательные технологии и педагогическая рефлексия / Ю.Н. Кулюткин, И.В. Муштавинская; С.-Петерб. гос. ун-т пед. мастерства. - Санкт-Петербург: СПбГУПМ, 2002. – 46 с.
4. Методика преподавания математики в средней школе : Общая методика; Учебное пособие для студентов физико-математического факультета педагогических институтов / В.А. Оганесян, Ю.М. Колягин Г.Л. Луканкин, В.Я. Саннинский, -2-е издание переработано и дополнено. – М.: Просвещение, 1980. – 479 с.
5. Методические рекомендации по изучению курса методики преподавания математики / Сост. Петрова Е.С. – Саратов: Изд-во "Полиграфист", 1983. – 67 с.
6. Новосельцева, З.И. Развернутые планы лекций и учебные задания для студентов по курсу "Теоретические основы обучения математике". – СПб.: Изд-во "Образование", РГПУ, 1997.– 38 с.
7. Пичурин Л.Ф., Репьев В.В. Вопросы Общей методики преподавания математики. – Москва: Изд-во "Просвещение", 1979. – 80 с.
8. Рогановский, Н.М. Методика преподавания математики в средней школе. – Минск:Изд-во "Высшая школа", 1990. – 270 с.
9. Черкасов Р.С., Столяр А.А. Методика преподавания математики в средней школе. – М.:Изд-во "Просвещение", 1985. – 336 с.

ЭОЖ 373.1 Б 52
МРНТИ 14.07.07

Т.Бижігітов¹, А.Сембиева²
¹ф.-м.ғ.к., профессор, ²оқытушы
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті,
Тараз, Қазақстан

ОРТА ЖӘНЕ АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚИТЫН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗБЕТІНШЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларының белсенділігін және өзбетінше шығармашылықпен ойлау қабілеттерін арттырудың жолдары нақты мысалдар келтіру арқылы талқыланған. Мектеп физика курсындағы есептер жинағындағы есептердің көпшілігі оқушылардың шығармашылықпен ойлауларын қажет етпейді. Яғни, есептер жинағында келтірілген есептерді шешу үшін, оларда берілген жүйені бір жүйеге келтіріп, белгілі бір

физиканың заңдылықтарынан белгісіз параметрді тауып, оның шамасы есептеледі. Бұл жағдайда физика пәнін теориялық тұрғыдан жақсы меңгерген оқушы есепті жылдам шығарады. Физика пәнінің мұғалімі есептің параметрлерін бермей (оқушылар оны өз беттерінше анықтамалардан іздейді) өз беттерінше шығаруларына мәжбүрлеу керек. Мысалы, фокусында қорғасынды еріту үшін жинағыш линзаның өлшемдері қандай болуы қажет. Сорғыш 10 метр тереңдіктен суды жоғары шығаруы үшін оның қуаты қандай болуы тиісті деген сұраққа жауап беру үшін оқушы анықтамаларды іздеп өзбетінше шығармашылықпен ойланады.

Түйін сөздер: тікелей және жанама әдістермен өлшеу

Аннотация

Бижигитов Т.¹, Сембиева А.²

¹к.ф.м.н., профессор, ²преподаватель

Таразский государственный педагогический университет, г. Тараз, Казахстан

СПОСОБЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ, ОБУЧАЮЩИХСЯ В СРЕДНИХ, СРЕДНЕ-СПЕЦИАЛЬНЫХ ШКОЛАХ

В статье рассмотрено методы развития творческого мышления и активной деятельности учеников, с использованием конкретных примеров. Большая часть задач, содержащихся в задачниках школьного курса физики не требуют творческого мышления учеников. И так, чтобы решить задачи в задачниках, данные в задачах систематизируются и находится неизвестный параметр из физических законов, для дальнейшего вычисления. В этом случае, ученик хорошо освоивший теорию курса физики решит задачу очень быстро. Преподаватель физики не сообщая параметров (ученики самостоятельно находят из справочников) задач должен давать возможность ученикам находить решения самостоятельно. Например, чтобы расплавить свинец какие параметры должен иметь собирающая линза в фокусе. Чтобы ответить на вопрос о том, какой должна быть мощность насоса для откачки воды из глубины 10 метров, ученик должен мыслить творчески и уметь работать со справочниками.

Ключевые слова: прямые и косвенные методы измерения.

Abstract

T. Bizhigitov¹, A. Sembiyeva²

¹Candidate of technical sciences, professor, teacher²

Taraz State Pedagogical University, Taraz, Kazakhstan

WAYS OF DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF INDEPENDENT THINKING OF THE PUPILS WHO ARE TRAINED IN SECONDARY AND SPECIAL SCHOOLS

The article deals with methods of creative thinking and activity, using concrete examples. Most of the tasks contained in the book of problems of a school course of physics do not require creative thinking of students. So, to solve the problem in the problem book, data tasks are systematized and is the unknown parameter of the physical laws, for further calculations. In this case, the student learned well the theory of the course of physics to solve the problem very quickly. Teacher of physics without telling parameter (students find their own directories of) tasks should allow students to find their own solutions. For example, to melt lead which parameters must have a collective lens is in focus. To answer the question of what should be the pump power for pumping water from a depth of 10 meters, the student must be able to think creatively and work with directories.

Key words: direct and indirect methods of measurement.

Адам баласы табиғатта, техникада, өндіріс орындарында, ауыл шаруашылығында, ғылымда, космонавтикада, медицинада өтетін үдерістерге талдаулар жасауы үшін қандайда бір шаманы өлшеулеріне тура келеді. Мысалы, ауаның температурасы мен қысымын, ылғалдылығын, дененің көлемін, тізбектегі тоқтың кернеулігі мен тоқтың шамасын, археологиялық қазбалардың жасын анықтау мақсатында арнайы өлшеуіш құралдар пайдаланылады. Дененің сызықты өлшемдері сызғыштың, штангенциркульдің және метрдің немесе микрометрдің, ал температурасы термометрдің, массасы тараздың көмегімен өлшенеді. Бұл жағдайларда өлшеулер тікелей өлшеу деп аталады. Бірақ көптеген жағдайларда тікелей өлшеу әдісін қол-

дану ыңғайсыз және мүлдем мүмкін емес екендігі шығады. Яғни, басқа параметрлерді өлшеп, бізге қажеттілерін белгілі формулаларды пайдаланып есептеп шығарамыз. Бұл тәсілді жанама әдіс деп атайды. Жанама тәсілдермен үдерістерде маңызды рөл атқаратын параметрлерді анықтау оқушылардың белсенділігі мен өзбетінше шығармашылықпен ойлау қабілеттерін арттыруға ықпалын тигізеді. Мысалы, дененің тығыздығын анықтау үшін оның массасын таразы арқылы, ал дұрыс геометриялық формалы дененің көлемін, қажетті параметрлерін сызғышты қолданып өлшеп [1] формуламен есептейміз. Медициналық термометрдегі түтікшенің диаметрін сызғышты пайдаланып дәл өлшеу мүмкін емес. Өйткені, бұл жағдайда өрескел қателік жібереміз. Сондықтан, тікелей өлшеуді жанама өлшеумен алмастырамыз. Таразыға тартып анықтанған бос түтікшенің массасын m_1 , ал түтікшемен оған сору арқылы енгізілген сынаптың массасын m_2 деп белгілейік. Демек, түтікшедегі сынаптың массасы мынаған тең:

$$m = m_2 - m_1$$

m –массаны түтікшедегі сынап бағанасының l ұзындығымен, оның d диаметрін және сынаптың D тығыздығын төмендегі формуламен өрнектейміз [2]:

$$m = D \frac{\pi d^2}{4} l$$

Жоғарыда келтірілген екі формуладан мына қатынас алынады:

$$d = \sqrt{\frac{4(m_2 - m_1)}{\pi D l}} \quad (1)$$

Сынап бағанасының ұзындығын сызғыш көмегімен оңай анықтаймыз. Сынаптың тығыздығын сәйкес кестелерден алып, ізделіп отырған параметрлерді есептейміз. Барлық уақытта тығыздықты стандартты әдіспен өлшеу мүмкін емес. Мысалы, планетаның массасын таразға тарту арқылы өлшей алмаймыз. Сондықтан, оның тығыздығын анықтаудың басқа әдісін қарастырайық. Егер ғарыштық кеме планетаның айналасында сөндірілген қозғағышымен қозғалса, оған әсер ететін жалғыз гравитациялық күш мына өрнекпен есептеледі [3].

$$F_{\text{грав}} = G \frac{Mm}{R^2} \quad (2)$$

Мұндағы, G – гравитациялық тұрақты шама, M – планетаның массасы, m – кемеңнің массасы, R – планета мен кемеңнің арақашықтығы. Үлкен емес ұшу R биіктігін планетаның радиусына теңестіруге болады. Планетаның массасын оның радиусы және орташа D тығыздығымен өрнектейік:

$$M = DV = \frac{4}{3} \pi R^3 D$$

Немесе
$$F_{\text{грав}} = \frac{4}{3} \pi G R m D$$

Кеме дөңгелек орбитамен қозғалатындықтан, оған төмендегідей орталықтан тебетін күш әсер етеді:

$$F_{\text{ц.т.}} = \frac{mv^2}{R} = m\omega^2 R = m \frac{4\pi^2}{T^2} R \quad (3)$$

Мұндағы, v, ω ғарыштық кемеңнің сызықтық және бұрыштық жылдамдықтары, T оның планетаны айналатын периоды. Центрден тепкіш күштің ролін гравитациялық күш атқаратындықтан, төмендегі теңдік орындалады:

$$D = \frac{3\pi}{GT^2}$$

Сағаттың көмегімен кемеңнің планетаны айналу периодын өлшеп, оның орташа тығыздығын есептейміз. Жердің жасанды серігінің периоды 5400 с болғандықтан:

$$D = \frac{3 \cdot 3,14}{6,67 \cdot 10^{-11} \frac{\text{м}^2}{\text{кг} \cdot \text{с}^2} (5400\text{с})^2} \approx 5000 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$$

Айдың орташа тығыздығы мынаған тең:

$$D = \frac{3 \cdot 3,14}{6,67 \cdot 10^{-11} \frac{\text{м}^2}{\text{кг} \cdot \text{с}^2} (7140\text{с})^2} \approx 3000 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$$

Шындығында, Жер мен Айдың тығыздығы 10% артық. Айырмашылықтың туындауының себебі кеме Жер мен Айдың бетінен едәуір қашықтыққа қозғалады. Жердің және Айдың бетімен қозғалса (ауаның

кедергісінің нәтижесінде мүмкін емес) тығыздықтар $5500 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$, $3360 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$ теңеледі. Биік орбиталар үшін тығыздықтың формуласы төмендегідей түрленеді:

$$D = \frac{3\pi}{GT^2} \left(1 + \frac{h}{R}\right)^3$$

Мұндағы, h орбитаның биіктігі. Осы формуланы пайдаланып тығыздықтың дұрыс мәнін аламыз. Мысалы, стандартты әдісте екі дененің арасындағы үйкеліс коэффициентін табу үшін оны қозғалтатын күштің шамасы мен дененің салмағын білу жеткілікті. Дененің массасын таразы, ал әсер ететін күштің шамасын динамометр арқылы өлшейміз [4].

Үйкеліс коэффициентін анықтаудың жанама жолын қарастырайық. Темірден жасалған қалақшаға тік орналасқан пішіні параллелепипед тәріздес ағашқа төмен бағытталған (№1 сызба) F күшпен әсер етеді. Ағаш темір қалақшасымен қандайда бір α бұрышын жасағанда ол темірдің бетімен сырғанай бастайды. Бұл үдеріс F күшінің горизонталь құраушысы үйкеліс күшіне теңелген мезетте орындалады. F күшінің горизонталь құраушысы $F \cos \alpha$ тең. Бұл жағдайда үйкеліс күші төмендегідей өрнектеледі:

$$F_{\text{үй}} = k(P + F \sin \alpha)$$

Мұндағы, k ізделініп отырған үйкеліс коэффициенті, P ағаштың салмағы, F күшінің тік құраушысы $F \sin \alpha$. Осы күштерді теңестірсек, мына өрнекті [5] аламыз.


$$k(P + F \sin \alpha) = F \cos \alpha$$

Бұдан

$$k = \frac{F \cos \alpha}{P + F \sin \alpha}$$

Тапсырманың шарты бойынша ағаштың салмағы аз болғандықтан, қатынастың бөліміндегі бірінші қосылғышты ескермесек, төмендегі формула шығады:

$$k = \frac{F \cos \alpha}{F \sin \alpha} = \text{ctg} \alpha = \frac{a}{b}$$



№1 сызба. Жазық темір бетіне α бұрыш жасап орналасқан ағаштың сырғанауы.

Келтірілген әдіспен үйкеліс коэффициентін анықтау үшін сызғыштың көмегімен a мен b -ны өлшесек жеткілікті.

Келесі мысалда массасы белгілі қолында метрі бар қайықтағы адам қайықтың массасын қандай тәсілмен анықтайды?

Егер адам тыныштықтағы қайықтың бір ұшында тұрса, олардың қозғалыс мөлшерінің [6] қосындысы нөлге тең. Кішкентай жылдамдықта судың кедергісін ескермесек, адам қайықтың екінші ұшына орын ауыстыра бастаған жағдайда қосынды жоғарыдағы күйін сақтайды. Яғни:

$$m_1 v_1 + m_2 v_2 = 0$$

Мұндағы, m_1, v_1 адамның массасы мен жылдамдығы, m_2, v_2 қайықтың массасы мен жылдамдығы. Теңдіктің екі жағын адамның қайықтың бір ұшынан екіншісіне қарай жүргендегі орын ауыстыруға кеткен уақытқа көбейтсек мына теңдеу [6] шығады:

$$m_1 v_1 t + m_2 v_2 t = 0 \text{ немесе } m_1 S_1 + m_2 S_2 = 0$$

Бұдан $m_2 = -m_1 \frac{S_1}{S_2}$

Бұл өрнектегі S_1 мен S_2 адам мен қайықтың тыныштықтағы сумен салыстырғандағы орын ауыстырулары. Адам қайықпен салыстырғанда 1 жол жүрсе, олардың арасындағы байланыс мына формуламен өрнектеледі:

$$S_1 = l - S_2 \text{ немесе } m_2 = m_1 \frac{l - S_2}{S_2}$$

Демек, кемеңіздің ұзындығын және жүрген жолын метрдің көмегімен өлшеп, оның массасын анықтауға болады. Адамның массасы белгілі.

Тәжірибе жүргізу барысында оқушы шындыққа сай келетін нәтиже алуы үшін ондағы өлшеулер мен тәжірибенің өзін өте мұқият және үлкен шеберлікпен өткізуі қажет. Мақалада заттардың физикалық қасиеттерін сипаттайтын параметрлерді анықтаудың стандартты түрінен (өлшеуіш құралдармен өлшенуі) басқа тәсілдері көрсетілген. Мұндай мысалдар оқушының физика пәніне қызығушылығы мен белсенділігін арттырып, өзбетінше шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттіліктерін шыңдай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бижігітов Т., Е.Ақтаев Молекулалық физика. – Алматы: "Экономика", 2017. – 547 б.
2. Кухлинг Х. Справочник по физике. – М.: «Мир», 1983. – 525 с.
3. Мясников С.Н. Пособие по физике. – М.: «Высшая школа», 1981. – 465 с.
4. Майер В.В. Простые опыты по физике. – М.: «Наука», 1987. – 512 с.
5. Бижігітов Т. Жалпы физика курсы. – Алматы: "Экономика", 2013. – 605 б.
6. Яворский Б.М., Селезнев Ю.А. Справочное руководство по физике. – М.: «Наука», 1989. – 480 с.

МРНТИ 14.87.01.45

Р.Х. Курманбаев¹, А.Т. Байкенжеева², Г.Р. Сақытжан³

¹биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қызылорда қ., Қазақстан

²биология ғылымдарының кандидаты, доцент Қорқыт Ата атындағы ҚМУ,
Қызылорда қ., Қазақстан

³магистрант, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Қызылорда қ., Қазақстан

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

«Биологиялық алуантүрлілік» термині жарты ғасырдан бұрын қолданысқа енген. Жер бетінде тіршіліктің және адамзаттың сақталуында табиғи биологиялық ресурстардың маңыздылығы жоғары болып отыр. Биологиялық алуантүрлілік тікелей экожүйе мен биосфераның тұтас тұрақты дамуына және экологиялық факторлардың өзгерісіне, антропогендік өзгерістерге тікелей байланысты. Адамзаттың биосфераға әсерінің күшеюіне байланысты, организмнен популяциялық-түрлік деңгейге дейін және экожүйелік биологиялық алуантүрлілікті сақтау өзекті проблема болып отыр. Биологиялық алуантүрліліктің азаюы адамзатқа экономикалық, эстетикалық және моральдық қауіп тудырады. Мақалада, мектеп жағдайында барлық табиғат, өмірлік көзқарасты қалаптастыратын және оқушының биологияның барлық салалары бойынша бірнеше

жыл қалаптасқан білімін жинақтайтын кешенді табиғат мұражайларын ұйымдастыру қажеттілігі мен тиімділігі туралы айтылған. Табиғат мұражайы мұражайлық заттар қорынан құралатындығы, қандай бөлімдерден тұрадындығы және табиғи мұражай экспозицияларын жасақтау принциптері келтірілген.

Түйін сөздер: Биоалуантүрлілік, биоалуантүрлілікті сақтау, ұғым, компонент.

Аннотация

Курманбаев Р.Х.¹, Байкенжеева А.Т.², Сақытжан Г.Р.³

¹к.б.н., и.о. ассоциированного профессора

Кызылординский государственный университет имени Кorkыт Ата

г. Кызылорда, Казахстан

²к.б.н., доцент, Кызылординский государственный университет имени Кorkыт Ата,

г. Кызылорда, Казахстан

³магистрант, Кызылординский государственный университет имени Кorkыт Ата,

г. Кызылорда, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ПОНЯТИЯ БИОРАЗНООБРАЗИЕ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Термин «Биологическое разнообразие» в обиходе применяется на протяжении полувека. Значимость природных биологических ресурсов влияет на сохранение человеческой жизни. Биологическое разнообразие напрямую влияет на развитие целостной экосистемы и биосферы, на изменения экологических факторов, напрямую зависит от антропогенных изменений. Люди с момента своего появления оказывают непосредственное воздействие на окружающую их среду. Влияние человека на биосферу выражается прежде всего в том, что он привлекает для нужд общества значительную часть территорий Земли, добывая все большее и большее количество минеральных ресурсов, которые подразделяются на неисчерпаемые и исчерпаемые. В данной статье представлены принципы поделки музейных экспозиций и их разделов. природный музей также состоит из других необходимых музейных принадлежностей.

Ключевые слова: биоразнообразие, сохранение биоразнообразия, значение, компонент.

Abstract

R.Kh. Kurmanbaev¹, A.T. Baikenjeeva², G.R.Sakitkhan³

¹Candidate of Biological Sciences,

Kyzylorda State University named after Korkyt Ata

Kyzylorda city, Republic of Kazakhstan

²Candidate of Biological Sciences,

Kyzylorda State University named after Korkyt Ata

Kyzylorda city, Republic of Kazakhstan

³graduate student, Kyzylorda State University named after Korkyt Ata

Kyzylorda city, Republic of Kazakhstan

FORMING THE CONCEPT OF BIODIVERSITY ON LESSONS OF BIOLOGY

The term "Biological diversity" in use is applied in use is applied for half a century. The importance of natural biological resources influences preservation of human life. The biological diversity directly influences development of a complete ecosystem and the biosphere, changes of ecological factors, directly depends on anthropogenic changes. People from the moment of the emergence make direct impact on the environment surrounding them. Influence of the person on the biosphere is expressed first of all that he attracts a considerable part of territories of Earth to needs of society, getting the increasing and bigger quantity of mineral resources which are subdivided on inexhaustible and exhaustible. The principles of a hand-made article of museum expositions and their sections are presented in this article. the natural museum also consists of other necessary museum accessories.

Key words: biodiversity, preservation biodiversity, value, component.

Жер бетінде тіршіліктің және адамзаттың сақталуында табиғи биологиялық ресурстардың маңыздылығы жоғары болып отыр. Биологиялық алуантүрлілік тікелей экожүйе мен биосфераның тұтас тұрақты дамуына және экологиялық факторлардың өзгерісіне, антропогендік өзгерістерге тікелей байланысты. Адамзаттың биосфераға әсерінің күшеюіне байланысты, организмнен популяциялық-түрлік деңгейге дейін және экожүйелік биологиялық алуантүрлілікті сақтау өзекті проблема болып отыр. Биологиялық алуантүрліліктің азаюы адамзатқа экономикалық, эстетикалық және моральдық қауіп тудырады. Мақалада, мектеп жағдайында барлық табиғат, өмірлік көзқарасты қалаптастыратын және оқушының биологияның барлық салалары бойынша бірнеше жыл қалаптасқан білімін жинақтайтын кешенді табиғат мұражайларын ұйымдастыру қажеттілігі мен тиімділігі туралы айтылған. Табиғат мұражайы мұражайлық заттар қорынан құралатындығы, қандай бөлімдерден тұрадындығы және табиғи мұражай экспозицияларын жасақтау принциптері келтірілген.

Биологиялық алуантүрлілік жөнінде ұғымды қалыптастыру тек биологтарға ғана емес, жалпы халық үшін маңызды-білім беру жүйесінің өзекті мәселе болып табылады.


Қазіргі таңда білім беру жүйесінде бірінші орында жалпы білім берудің мазмұнын және құрлымын жаңартуға байланысты, жаңашыл сапалы білім беруге қолжеткізу болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында биологиялық биоалуантүрлілік қарастырылған, биосфераның тепе-теңдігін сақтау, экологиялық өзекті мәселелер, адамзат үшін тірі табиғаттық маңызды, құнсыз, мұқият сақтай өзекті болып табылады.

Мектеп биология курсының мазмұнын құрайтын түсініктер өте алуан түрлі және үнемі дамып отырады, сондықтан мұғалімнің алдында оқушыларды оқыту барысында ол орындауға тиісті көптеген міндеттер пайда болады (1 сурет).

Біріншіден, мұғалім әрбір жаңа сабақта олардың түрлі байланыстарын еске салып отыруы керек.

Екіншіден, қарапайым түсініктің күрделі түсінікке дейін дамуын қамтамасыз ету керек, негізгі биологиялық түсініктер аясында ғылыми фактілердің өзара байланысын қамтамасыз ету керек.

Үшіншіден, биологиялық түсініктерді оқыту барысында тірі табиғаттың даму заңдылықтарын түсіне алатын жағдайға алып келетін пәндегі бөлім аралық және басқа пәндерді байланыстыра отырып арнаулы биологиялық түсініктерден жалпы биологиялық түсініктерге ауысатын логикалық түйісу нүктелерін анықтауы керек.



Сурет. 1- Мектеп биология курсындағы ұғымдар

Қарапайым, бастауыш ұғым, білімнің 1 элементінен құралады.

Арнайы ұғымдар бір курс көлемінде ғана қарастырылады.

Арнайы ұғымдардың арасында локальді ұғымдар кездеседі, олар тек бір тақырыптың немесе бірнеше сабақтың көлемінде ғана қарастырылады, мысалы, ботаникада “фотосинтез, өсімдіктердің минералді қоректенуі...”.

Жалпы биологиялық ұғымдар бүкіл әлемге және барлық тірі ағзаларға байланысты заңдылықтарды қарастырады. Жалпы биологиялық ұғымдар бөлек биология курстарындағы ұғымдарды қорытындылайды.

Жалпы биологиялық ұғымдар: жасуша - тіршіліктің қарапайым бірлік өлшемі, ағзалардың құрылысы мен қызметінің бірлігі, ағзалармен қоршаған ортаның өзара байланысы, ағза өзін-өзі реттеуші жүйе

ретінде, зат алмасу және энергия өзгеруі, ағзалардың көбеюі, дүниенің эволюциялық дамуы, биологиялық жүйе және тірі материяның ұйымдасу деңгейі.

Жалпы биологиялық ұғымдар арнайы ұғымдардан құралады және мектеп биологиясының әр курсында қарастырылады.

Биоалуантүрлілікті сақтау идеясын іске асыру жұмыстарының түрі, әдістері мен құралдарын пайдалану эмпирикалық жүйеде жасалады.

Біздің зерттеуіміз, «**биоалуантүрлілікті сақтау**» идеясын іске асырудада биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіретін оқу-тәрбие жұмыстары оқушының бойында тұлғаға тән қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін кіріктірілген білімдер ретінде мынадай міндетті компоненттердің қалыптасуын қамтуы керек деген тұжырымға келуге негіз болды:


- **танымдық компоненті:** «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясының мәні, оның негізін құрайтын білімдер жүйесі: тірі табиғат компоненттері, қоршаған орта, таза табиғат, табиғи ресурстарды сақтау, қорғау, тиімді пайдалану туралы түсініктерін меңгерудегі тұлғаның мүмкіндіктерін жүзеге асырады;

- **эмоционалды компоненті** «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын жүзеге асыруға ықпал ететін биологиялық білімдерге қызығушылығы және қажетсінуімен, «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын жүзеге асыру жұмыстарының маңыздылығын мойындауымен, туған жерінің табиғатына, сұлулығына тамсанып сезінуі және оны аялай алуымен анықталады;

- **мінез-құлықтық компоненті** қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласындағы құнды әлеуметтік, халықтық тәжірибені пайдалану бойынша нақты әрекеттермен сипатталады, сонымен қатар өлкетану ізденіс жұмыстарына дағдылануымен, олардың белсенділігін ынталандырылуымен, қауіпсіз қоршаған ортаны қорғау және қайта жасауымен, табиғаттың байлықтарын тиімді пайдалануымен қамтамасыз етеді.

Көрсетілген үш компонентті алғанымыздың себебі тұлға бойында белгілі бір мәдениетке баулуының нәтижесі ретінде қарастырылатын сәйкестіліктің қалыптасқанын білдіреді. Олай болса, кез келген сәйкестілік (мәдени, әлеуметтік, гендерлік, кәсіби, этностық, этностық-мәдени т.б.) өз құрамына аталған үш компонентті енгізеді. Биологиялық білім арқылы **биоалуантүрлілікті сақтау** идеясын жүзеге асыруға қатысты материалдар көмегімен оқушылардың білімін арттыру үдерісін мүмкіндігінше толық қарастыру үшін оның негізгі нәтижесін анықтау қажет.

Сондықтан, биологиялық білім арқылы «**биоалуантүрлілікті сақтау**» идеясын жүзеге асыруға қатысты материалдар көмегімен оқушылардың білімін арттыру үдерісінің үлгісін жасамастан бұрын, оның нәтижесі болып табылатын оқушы тұлғасының бейнесін болжамдаймыз (сурет 2).



Сурет. 2 – Биологиялық білім арқылы «биоалуантүрлілікті сақтау» туралы сауатты оқушы тұлғасының бейнесі



Сурет. 3 – Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесінде оқушының бойында қалыптасатын тұлғаға тән қасиеттердің өлшемдері мен көрсеткіштері

Осыған орай, «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын іске асыруда биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіретін оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесінде оқушының бойында қалыптасатын тұлғаға тән қасиеттердің өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды (сурет 3). Аталмыш өлшемдер негізінде «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын іске асыруда биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіретін оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесінде оқушының бойында қалыптасатын тұлғаға тән қасиеттердің

калыптасуының үш деңгейі белгіленді.

Жоғары деңгей: «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын іске асыруда биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіретін теориялық білімдерді жетік, білімдері оқу бағдарламаларына сай, білімі жүйелі, қоршаған ортаға, «биоалуантүрлілік» негіздерін құрайтын биологиялық түсініктердің мәнін, мағынасын түсінеді; «биоалуантүрлілікті сақтау» жүзеге асыруда маңызды орын алатын биологиялық білімдерге қызығушылық көрінеді және қажетсінеді; табиғи өнімдерден жасалған тұрмыстық қатты қалдықтарды екінші рет тиімді пайдаланудағы белсенділіктері жоғары.

Орташа деңгей: биология пәні бойынша және «биоалуантүрлілікті сақтау» жүзеге асыруда маңызды орын алатын биологиялық білімдері оқу бағдарламаларына толық сәйкестенбеген, білімдері үстірт, тақырыпқа жағдайына қатысты білімдерді жартылай түсінеді; «биоалуантүрлілікті сақтауды» жүзеге асыруда маңызды орын алатын биологиялық білімдерге деген қызығушылығы орташа; табиғи өнімдерден жасалған тұрмыстық қатты қалдықтарды екінші рет тиімді пайдалануды толық игермеген.

Төменгі деңгей: биология пәні бойынша және «биоалуантүрлілікті сақтауды» жүзеге асыруда маңызды орын алатын биологиялық білімдері қанағаттанарлықсыз; «биоалуантүрлілікті сақтауды» жүзеге асыруда маңызды орын алатын биологиялық білімдерге деген қызығушылығы жоқ немесе нашар; табиғи өнімдерден жасалған тұрмыстық қатты қалдықтарды екінші рет тиімді пайдалануды өзін міндетті деп санамайды.

Анықталған өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлерге сәйкес ғылыми-теориялық еңбектерді, мұғалімдердің озат тәжірибесін талдау нәтижелерін, сонымен қатар тұтас педагогикалық процестің жүйесін және «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын іске асыруда биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіретін оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесінде оқушының бойында қалыптасатын тұлғаға тән қасиеттердің біз құрастырған үлгісін негізге ала отырып, осы қасиетті қалыптастырудың моделін жасадық (сурет 4).



Сурет. 4 - «Биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын іске асыруда биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіретін оқу-тәрбие үдерісінің үлгісі

Суретте берілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, «биоалуантүрлілікті сақтау» идеясын іске асыруда биологиялық білімнің маңыздылығын түсіндіретін оқу-тәрбие іс-әрекетінің мақсаты, әсер етуші факторлар, бағдарлаушы негіздері болады.

«Биоалуантүрлілікті сақтауды» дамытудағы биологияның маңыздылығы туралы білімді қалыптастырушы әдістемесінің үлгісінің процессуалды құрама бөлігі осы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудың ұйымдастырушылық құрылымын, мазмұнын, формаларын, әдістерін және қалыптастыру әрекетінің қызметін бейнелейді. Бағалаушы аналитикалық бөлік - оқушыларда қалыптастырылатын оқырмандық қызығушылықтың анықталған құрама бөліктерінің (танымдық, мотивациялық, іс-әрекет) әрбір құрама бөлігінің қалыптасу деңгейін анықтауға жағдай жасайтын нақты көрсеткіштердің жиынтығын қамтиды.

Мысалы ретінде сыныптан тыс сабақтың қысқаша мазмұнына тоқталар болсақ:

Сабақтың мақсаты: «биоалуантүрлілік жөнінде ұғымды таныстыру, биологиялық алуантүрлілік және оның динамикасы жөнінде көзқарастың қалыптасу тарихы.

Сабақ жоспары:

- I. Терминологиялық диктант
- II. Бақылау сұрақтары бойынша пікір алмасу
- III. Практикалық тапсырма орындау


I. Төменде берілген терминдерге жазбаша анықтама беріңдер: ген, фен, геном, генотип, популяция, линия, генофонд, сорт, порода, штамм, раса, түр, қауымдастық, биогеоценоз, экосистема, биосфера, биологиялық алуантүрлілік, биологиялық тепе-теңдік деңгейі, табиғатты қорғау, қорық жұмысы, экологиялық тоқырау, экологиялық революция, экологиялық апат.

II. Бақылау сұрақтары бойынша пікір алмасу

1. «биоалуантүрлілік» түсінігіне анықтама беріңдер.
2. «Биологиялық алуантүрлілік» жөнінде конвенция қашан және қайда қол қойылды?
3. «Биологиялық алуантүрлілік» жөніндегі ұғымды алғаш рет кім қолданды?
4. Қандай себептерге байланысты «Биологиялық алуантүрлілік» сақтау қажетпіз?
5. Адамзат және тұтас биосфера үшін «Биологиялық алуантүрліліктің маңызы қандай?

III. Практикалық тапсырма орындау

Сукцессия – (латын сөзі: succession – орын басушылық, жалғаушылық) – биоценоздардың өз қалпынан біртіндеп басқа қалпына ауысуы, яғни белгілі бір территорияда бір пішіндік сипаттан, алғашқыдан айырмашылығы бар келесі пішіндік сипатқа өтуі.




Сурет-5. Өсімдіктер жамылғысының ауысуы (Екінші сукцессия)


Ол көбінесе табиғи факторлардың әсерінен, биоценоздардың ішкі қарама-қайшылықтағы байланыстарынан немесе антропогендік әсерлердің ықпалынан туындайтын процесс.

1. Маусым барысында шалғындық фитоценоз қалай өзгереді? Бұл өзгерістердің
2. Себебі неде? Шылғындық фитоценозды графикалық бейнелеңдер.
3. Фитоценоздағы әр жылдық өзгерістерді қалай сипаттауға болады?

4. Суретке қарап Сукцессиялық ауысудың қандай себептерін білесіз атап көрсет
 5. Сукцессияның негізгі типтерін сипаттаңдар.
 Сабақ нәтижелері бойынша оқушылардың білімі бағаланды, нәтижелері сіретте көрсетілген (6, 7-сурет).
 Оқушыларда «**Биоалуантүрлілік**» жөнінде ұғымдардың қалыптасуының даму өзгерістерінің динамикасы төмендегі суреттерде берілген (6, 7-сурет).



6-сурет – «**Биоалуантүрлілік**» жөнінде ұғымдардың дамуының эксперименттік сыныптары өзгеру динамикасы



7-сурет – «**Биоалуантүрлілік**» жөнінде ұғымдардың дамуының бақылау сыныптары өзгеру динамикасы

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Биоразнообразие: курс лекций / авторы-составители: Б.В. Кабельчук, И.О. Лысенко, А.В. Емельянов, А.А. Гусев. – Ставрополь: Изд-во Ставро-польский ГАУ "АГРУС". – 2013. – 156 с.
2. Биоразнообразие: учебник для студ. учреждений. Высш.проф. образования / А.К. Бродский. – М.: Изд. Дом «Академия», 2012. – 208 с.

МРНТИ 14.14.01

С.С. Сейтенова¹

¹*п.э.к., қауымдастырылған профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі. Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Ақтөбе қ., Қазақстан*

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада проблемалық технологиясы арқылы оқыту барысында оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мүмкіндіктері туралы айтылған. Проблема дегеніміз не? Проблема ұғымдарына анықтама берілген. Аталмыш тақырып бойынша зерттеген ғалымдардың ой-пікірлерін қарастырылған. Проблемалық оқытуда оқушылардың алдына проблеманы қоюды және оны шешуді ұйымдастырудың негізгі үш деңгейін бөліп көрсетілген. Проблемалық оқытудың маңызы проблемалық жағдаяттардың болуында. Яғни, өзіндік іздеу – зерттеу тапсырмаларын орындауда оқушылардың көптеген қиыншылық-

тарға кездесетіндігінде. Бұл қиыншылықтарды олар (оқытушының жетекшілігімен немесе өздігінен) жетпеген білімді толықтыру және бұрын меңгерілген тәжірибенің негізінде іс-әрекеттің жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы ғана жеңе алады. Мұғалім тек сөйлей бермей, тыңдай да білуі қажеттігін және шындықты дайын түрінде бермей, оқушылармен бірге ортақ түйінге келуге дайын болуы қажет.

Түйін сөздер: проблемалық технология, арқылы, оқыту, оқушылар, танымдық, іс-әрекет, қалыптастыру, мүмкіндіктері, проблема, ұғым, жағдаят, жаңа, әдіс-тәсілдер.

Аннотация
Сейтенова С.С.¹

¹к.п.н., ассоциированный профессор, член – корреспондент Академии Педагогических Наук Казахстана, заведующий кафедры Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, г. Актюбе. Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ УЧАЩИХСЯ С ПОМОЩЬЮ ТЕХНОЛОГИИ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ

В данной статье рассматриваются возможности формирования познавательной деятельности учащихся в процессе обучения по технологии проблемного обучения. Дается определение понятию проблема, рассматриваются мнения ученых, исследовавших эту проблему. В проблемном обучении выделяются три основных уровня организации постановки проблемы и ее решения. Говорится о том, что важность проблемного обучения в создании проблемных ситуаций. То есть, самостоятельный поиск – в исследовательской работе вызывает у многих учащихся трудности при выполнении поручений. Для дополнения знаний на основе опыта ранее освоенных действий эти трудности они (под руководством преподавателя или самостоятельно) могут преодолевать только с помощью различных приемов и методов. Учитель должен уметь не только говорить, но и слушать учеников, должен дать правдивую картину мира не в готовом виде, а должен быть готовым принять решение вместе с учащимися.

Ключевые слова: проблемные технологии, через, обучение, учащиеся, познавательные действия, формирование, возможности, проблема, понятие, ситуация, новый, методы.

Abstract
S.S. Seitenova¹

*¹Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Corresponding Member of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan
seitenova_ss@mail.ru*

POSSIBILITIES FOR FORMING THE COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS USING THE TECHNOLOGY OF PROBLEM-BASED TRAINING

This article discusses the possibility of formation of cognitive activity of students in the learning process on the technology of problem learning. The definition of the concept of the problem is given, the opinions of scientists who have studied this problem are considered. In problem training, there are three main levels of organization of problem statement and its solution. It is said that the importance of problem training in creating problem situations. That is, an independent search – in the research work causes many students difficulties in carrying out assignments. To Supplement the knowledge based on the experience of previously mastered actions, these difficulties (under the guidance of a teacher or independently) can be overcome only by various techniques and methods. The teacher should be able not only to speak but also to listen to the students, should give a true picture of the world not in a ready form, and should be ready to make a decision with the students.

Key words: problem technologies, through, training, learners, cognitive, actions, formation, opportunities, problems, concepts, situations, new, methods.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер мектептер алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай әлемдік танымдық жүйені дамытуда оқушыларды өз бетінше ғылыми тұжырым жасауға бейімдеу, әртүрлі жағдайларда өз бетінше дұрыс шешімдер қабылдай білуге дағдыландыру, оларды өз іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу, оқушыларды танымдық іс-әрекет бағытын ұстанған шығармашыл жеке тұлға ретінде қалыптастыру көкейкесті мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деген Қазақстан халқына Жолдауында «соңғы үш жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасауды аяқтау» қажеттілігі атап көрсетілген [1].

Жалпы әрекеттер алгоритміне сәйкес зерттеу проблеманы көруден, сұрақ туындаудан басталады. Төменгі сынып оқушыларына проблема жауап беруге қиындық туғызған күрделі сұрақ түрінде байқалады. Сондықтан мұғалім сабақтардың бірінде проблема терминінің мәнін ашып беруі тиіс.

Ол үшін оқушыларды «проблема дегеніміз не?», «проблеманы қалай түсінесіңдер?» деген сияқты сұрақтар қоюға болады. Нәтижесінде нақты болмаса да, мәні жуық жауап алуға болады.

Проблема – бұл айқын емес, зерттеуге ғана бағытталған, проблемалық жағдаятқа байланысты туындаған мәселе. Проблемалық белгілі бір шешімі табылатын мәселе емес, ол теориялық немесе практикалық болуы мүмкін. Оқушыға таным процесі кезінде туындаған сұрақтың барлығы проблемалық болып көрінуі мүмкін. «problema» сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «қиындық», «кедергі» деген ұғымды білдіреді.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің белсенділігін арттыру мәселелерін проблемалық оқытуды А.Е. Әбілқасымова жете қарастырған [2].

Ол көптеген психологиялық – педагогикалық және әдістемелік зерттеудің нәтижесінде, үйренушілердің танымдық іс-әрекетін екі компоненттен: танымды белсенділіктен және танымды дербестіліктен тұратындығын. Бұл компоненттер диалектикалық өзара байланыста болатындығын, себебі танымды дербестілікте әрқашан белсенділік элементі болады, ал танымды белсенділік дербестіліксіз болуы мүмкін еместігін айтқан болатын.

Проблемалық оқытудың маңызы проблемалық жағдаяттардың болуында. Яғни, өзіндік іздеу – зерттеу тапсырмаларын орындауда оқушылардың көптеген қиыншылықтарға кездесетіндігінде. Бұл қиыншылықтарды олар (оқытушының жетекшілігімен немесе өздігінен) жетпеген білімді толықтыру және бұрын меңгерілген тәжірибенің негізінде іс-әрекеттің жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы ғана жеңе алады.

Егер оқушы сұрақтың жауабын немесе тапсырмалардың жауабын алдын ала білетін болса, онда проблемалық жағдаят туындамайды.

Проблемалық жағдаяттарға қойылатын талаптар:

- жағдаяттардан туындайтын сұрақтар оқушы үшін қызықты және мәнді болуы қажет;
- оқушының шығармашылықты танымдық іс-әрекетін дамытатын, байланыстардың себеп-салдары тізбегін шешетін болуы керек.

Проблемалық жағдаятты құруда және оны шешуде мұғалімнің араласуы оқушылардың дайындығына байланысты болады: бір жағдайда ол өзі проблеманы қойып, оның шешу жолдарын көрсетеді, ал екінші жағдайда – проблеманы қоюға және оның жауабын табуға оқушыға мүмкіндік береді.

Ғалымдар проблемалық оқытуда оқушылардың алдына проблеманы қоюды және оны шешуді ұйымдастырудың негізгі үш деңгейін бөліп көрсетеді.

Проблемалық оқытудың *бірінші деңгейі* – оқу материалының проблемалық түрде түсіндірілуі. Оның маңызы мұғалім проблемалық жағдаятты құру арқылы проблеманың соңғы шешімін беріп қана қоймай, осы шешімге жетудің логикалық қозғалысын қарама-қайшылықтарымен, ауытқуларымен қоса ашып, осы қайшылықтардың шығу тегін түрлі дәлелдермен көрсетеді. Мұғалім берілетін тапсырманы проблемалық түрде түсіндіргенде, сұрақтың негізгі мазмұнын салыстырмалы, қысқа уақытта айтып жеткізеді. Білім берудің мұндай әдісі оқушыларға проблеманы көре білу, сыни көзқарас және ойлаудағы баламалықты қалыптастырады. Бірақ бұл әдіс оқушылардың ізденістегі шығармашылық іс-әрекетінің тәжірибесін қамтамасыз етпейді. Ол кәдімгі ақпараттық – репродуктивті әдіс, онда ақпарат проблеманы қою және оны шешудің жолдарын көрсету формасында ғана жұмсалады.

Проблемалық оқытудың *екінші деңгейі* (реконструктивті – әртүрлілік) – оқытушы проблеманың және білімнің деңгейін анықтай отырып, оны шешудің жолдарын қалыптастырады. Оқушының өзіндік іс-әрекеті бұрын меңгерген білімін пайдалануға пәнішілік және пәнаралық байланысты анықтауға бағытталады. Оқушыға шешетін проблемаға тән белгілерді талдауға, оны шешудің мүмкін болатын жолдарын іздеуге және соның ішінен тиімдісін тандап алуға тура келеді. Мұғалім оқушының іс-әрекетінің шығармашылық түрін сақтай отырып, оны дұрыс жолға бағыттап отырғаны жөн.

Мұғалім оқушы алдына бұрын кездестірген проблемалық жағдаяттарды қойса, олардың өз бетінше ізденуін талап етсе, проблемалық оқытудың *үшінші деңгейі* іске асады. Оқушы проблеманы өзі табады, өзі тұжырымдайды және бұрын меңгерген білімдерін осы проблеманы шешу үдерісінде пайдаланады. Бұл проблемалық оқытудың ең жоғарғы деңгейі – проблеманы меңгеру.

Оқытушының проблема қою арқылы өткізетін кең көлемді диалогы, өзінің мазмұны және құрылымы

жағынан шындықты дайын түрінде айтпайды, керісінше, проблемалық жағдаяттар тудырады, оқушыларды танымдық қарама – қайшылықтармен кездестіру арқылы табиғи сұраныстар туғызады, олардың ойлау белсенділігін оятады, танымдық қызығушылығын арттырады.

Біздің ойымызша, арнайы пәндер бойынша проблемалық түрде құрылған оқу материалы – оқытушының бір немесе бірнеше проблеманы іздестіруде анализдік, синтездік пайымдауын қарастырады. Ол мұғалімнің оқушылар тобымен ойша диалогы, оқушыларға іздену және шығармашылық жұмыстарында үлкен қуат береді, оны ғылыми ойлауға жетелейді, іздену және жаңалықты ашу қуанышын сезінуге мүмкіндік жасайды. Ізденуді мұғалім ұйымдастыра отырып басқарады. Ол осы үдерісте ашық, әрқашан топқа бағытталатын және жауабының толық, ашық болып айтылуын талап етпейтін, бірақ ойды оятатын сұрақтар қоя отырып, олармен әрдайым қарым-қатынаста болады.

Проблемалық оқытудың негізгі басты мақсаты – проблемалық жағдаяттар құру – оқушылардың іздену іс-әрекетінің мотивтік механизмін іске қосу [3].

Мұғалімнің қойған проблемалары әрдайым оқушылардың біліміне, іскерлік пен дағдысына сүйене отырып, оны болашақ ізденістеріне пайдалануын талап етеді.

Мәселені алдын ала талдау негізінде және оның шамалары тексерілгеннен кейін болжамдар ұсынылады. Одан кейін ұсынылған болжам тексеріледі, дұрыс емес пайымдаулар, дәлелдеулер, негіздеулер, аргументтер алдын ала алынып тасталынады.

Оқу материалын проблемалық түрде түсіндіргенде, мұғалім оқушыларды өнімді ой-әрекетіне тартуға тырысады, оларды сұрақ қоюға ұмтылдырады, шындыққа жетуге үйретеді. Оқушылардың қойған сұрағы – оның танымдық белсенділігін, жеке тұлғаның шығармашылық қасиетінің көрсеткіші болып табылады.

Жаңа тақырыпты түсіндіруде оқушыларды интенсивті (интенсивность-өнімділік, өсімталдық, үдемелі қарқындылық) және тиімді жұмыс жасауға үйретудің маңызы зор. Проблемалық жағдаяттарды пайдаланып, мұғалімнің оқушылармен ойша өзара ортақ диалогқа түсуіне, оның қазіргі ұсынған материалын бұрынғы өткендерімен салыстыра алуына мүмкіндік жасайды.

Мұғалім мен оқушылардың арасындағы өзара байланысты күшейтетін әдіс-тәсілдер де жақсы нәтиже береді, мысалы, сұрақты тұтас топқа қою, тапсырмалар тест түрінде беру. Егер оқу барысында оқушылардың белсенділігі байқалмаса, онда оларда ешқандай білім, іскерлік, дағды болуы мүмкін емес.

Көп жағдайларда сабақ барысында ақпаратты беру бір жақты жүргізіледі, сондықтан, мұғалімге оқушылармен әсерлі және нәтижеге жетерлік байланыс орнату, оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін белсендіру жұмыстарын жүргізу аса қажет.

Танымдық іс-әрекетті белсендіруде салыстыру, сабақтастыру қажеттілігін туғызатын әдіс-тәсілдермен өткенді жаңғырту жақсы нәтиже береді.

К.Д. Ушинский студенттердің танымдық белсенділігін дамытуда салыстырудың және оқылатын материалды саналы түрде меңгерудің рөлінің зор екенін атап көрсетті. Ол түсіну мен ойлау әрекетінің негізінде салыстыру жүзеге асады, яғни өмірде бәрі салыстыру арқылы танылады деп есептеді [4].

Арнайы пәндер бойынша оқыту үдерісінде белсенділіктің қандай ерекшеліктері байқалады?

Бірінші ерекшелігі – ол жоғарғы мақсатты бағыттылық, үздіксіз түсіндіру салдарынан студенттердің бағытталған ықпалының концентрациясы. Сабағының мақсатты болуына, сабақтың нақты құрылымының алдын ала тақырыптық жоспарда көрініс табуы игі әсерін тигізеді. Сұрақтар тірек пунктін орнына жүреді.

Осындай сабақтың *екінші ерекшелігі* – ақпараттың көптігі. Мұғалім барлық оқылатын тақырыптарды терең және жан-жақты түрде түсіндіреді.

Үшінші ерекшелігі – ізденушілігінде. Материалдың терең баяндалуымен жан-жақты ашылуы оқытушыдан келесі жағдайларды талап етеді:

- ойлаудың логикалық тәсілдерін пайдалану (анализ, синтез, салыстыру, қорытындылау, абстрактілік);
- пәнішілік және пәнаралық байланысты ашу;
- кейбір жағдайларда проблемалық жағдаяттар құру;
- оқу үрдісін интенсификациялау.

Сабақтағы ізденушілік сипат оқушылардың белсенділігін арттырады, оларды білімді меңгеруде өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін белсендіруде мұғалімнің педагогикалық коммуникативтігі үлкен рөл атқарады.

Сөйлеу – коммуникацияның эмбебап құралы. Ол арқылы ақпарат нақты беріледі. Коммуникативті қатынас жай ақпарат берумен бірдей емес, себебі оқушы объект ғана емес, өзіндік байланыстағы субъекті. Ол естігенін белсенді түрде қабылдайды. Мұғаліммен әрдайым келісе бермейді. Өзінің көзқарасы болуы керек. Егер ол пікір таластырған жағдайда, оны үндемеуге емес, көзқарасын өзгертуге әсер етуі керек. Коммуникация ақпараттармен алмасуды қарастырады, яғни ақпараттың екі жақтық бағытын көздейді. Мұғалім тек сөйлей бермей, тыңдай да білуі керек. Шындықты дайын түрінде бермей, оқушылармен бірге

ортақ түйінге келуге дайын болуы қажет. Ал ол үшін оқушылар күмәнін айтуға, пікірін ортаға салуға, ойын айтқанда оны аяғына дейін тыңдайтынына және қиын проблема туындағанда оны шешудің жолын көрсететініне сенімді болуы керек. Коммуникацияға қатысушылар бір тілде сөйлеуі керек, яғни бірін-бірі жақсы түсінуі өте маңызды. Себебі бір сөздің айтылуы бірнеше интерпретацияда болуы әбден мүмкін [5].

Сыныптағы субъект-субъект өзара байланысы жүзеге асқанда, оқушылармен болатын әңгіменің бастамасының рөлі жоғары болады. Зерттеулер көрсеткендей, егер оқушы мұғалімді алғашқы бес минутта мұқият тыңдаған болса, онда олар оны бір сағат та тыңдай алады. Ал егер алғашқы минуттарда өзіндік қатынас реттелмесе, онда жұмыста дұрыс нәтиже болмайды. Ал кей жағдайда мұғалім сабақта тыныштыққа қол жеткізгенімен, оқушылардың ойы сабақ тақырыбынан алыста болады.

Қорытындылай келе, топпен сәлемдескеннен кейін бірден сабақты түсіндіруден бастаған жөн. Ұйымдастыру проблемасын сабақ барысында немесе жаңа материалды түсіндіргеннен кейін де шешуге болады.

Тәжірибелі ұстаз сабақтың басталуына «дайындалып» келеді. Олардың әрбір сабағы қызық, жаңа, күтпеген жағдайлармен басталады [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев, Н.Ә. *Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан / Н.Ә. Назарбаев.* – Астана: Елорда, 2008. – Б. 4-8.
2. Омарова Р.С. *Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Монография.* – Алматы: Ғылым, 2003. – 144 б.
3. Тамберг Ю.Г. *Развитие творческого мышления ребенка.* Тамберг Ю.Г. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2007. – 445 с. - (Новое в психологии).
4. Лернер И.Я. *Поиск доказательств и познавательная самостоятельность учащихся // Советская педагогика.* – 1974. № 7. – С 28-37.
5. Сейтенова С.С. *Развитие творческих способностей учащихся на основе технологии проблемного обучения. Педагогика и современность Научно – педагогический журнал № 2 (2013) с. 61-65* Таганрог.
6. Сейтенова С.С. *Формирование исследовательской культуры учащихся начальных классов. Conference European Applied Sciences: modern approaches in scientific researches. (Штутгарт, Германия) 2013 г.*

УДК 378

МРНТИ 14. 35. 07

Б.Т. Махметова¹, А.А. Бейсембаева²

¹п.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ,

Алматы қ, Қазақстан

²п.ғ.к., профессор,

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,

Алматы қ, Қазақстан

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада білім сапасын арттыруда инновациялық технологияларды қолданудың мүмкіншіліктері, ерекшеліктері қарастырылған. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс, тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық, интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация - нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». «Инноватика» ұғымының мәні, латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту» мағынасын береді. Педагогикада жаңа әдістер, тәсілдер, құралдар, оқулықтар, бағдарламаларды пайдалануды білдіреді. Яғни, оқыту мен тәрбиелеуге өзгерістер енгізу, олардың сапасын арттыру болып табылады. Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Қазіргі заман педагогтарының негізгі мақсаты – білім алушылардың білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау.

Білім жүйесіндегі инновация – білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолдануға жоғары оқу орындарының тәжірибелік қорын жинайды.

Түйін сөздер: инновация, әдістемелер, жаңашылдық, оқытушылар, мүмкіншіліктері, арттыру, технология, ғалымдар, өзекті, шығармашылық.

Аннотация

Махметова Б.Т.¹, Бейсембаева А.А.²

¹к.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая

Алматы, Казахстан

²к. п.н., профессор

*Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай-хана,
Алматы, Казахстан*

ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассмотрены возможности и особенности использования инновационных технологий в повышении качества образования. Одним из самых приоритетных целей, которая встает перед работниками образовательной сферы – это постоянное развитие методов обучения и знание современных педагогических технологий. В нынешнее время преподаватели ведут свои занятия, используя разные инновационные и интерактивные методы, тем самым влияют на качество и разносторонность ведения предмета.

«Инновация – это идея, которая является новинкой только для конкретного человека». Смысл понятия «Инноватика» исходит из латинского слово «in-novus», в переводе «обновление, изменение». В педагогике имеет смысл, как новые методы, инструменты, учебники, использование методик. Инновационное образование – это новый вид деловитости. В настоящее время, цель педагога – дать качественное образование и создать всевозможные условия для формирования личности тому, кто получает знание. Инновация в сфере образования нацелена на имплементацию новизны в цели обучения, на подготовку нового содержания, на новые методики обучения и воспитания, на использования в высших образовательных школах практики.

Ключевые слова: инновация, методы, новаторство, новизна, преподаватели, возможности, усиление, технология, ученые, основной, творческое.

Abstract

B.T. Makhmetova¹, A.A. Beisembaeva²

¹Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of

Kazakh National Pedagogical University named named by Abay. Department of Education.

Almaty, Kazakhstan

²Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of

*Kazakh University of International Relations and World Languages named by Abylai-khan. Department
of Pedagogy and Psychology.*

Almaty, Kazakhstan e-mail: altynai.beisembaeva@mail.ru

THE POSSIBILITIES OF USING INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN IMPROVING THE QUALITY OF EDUCATION

The article considers the possibilities and peculiarities of using innovative technologies in improving the quality of education. One of the highest priorities for the educators is the continuous development of teaching methods and the knowledge of modern pedagogical technologies. In present time, teachers conduct their classes using various innovative and interactive methods, thereby affecting the quality and versatility of the subject.

"Innovation is an idea, which is a novelty only for a specific person." The meaning of the concept "Innovation" comes from the Latin word "in-novus", in the translation "update, change." In pedagogy it makes sense, like new methods, tools, textbooks, the use of techniques. Innovative education is a new kind of activity. At present, the teacher's goal is to provide a quality education and create all kinds of conditions for the formation of a person who receives knowledge.

Innovation in the field of education aimed at the implementation of novelty in the purpose of training, on the preparation of new content, on new methods of teaching and upbringing, on the use of practice in higher educational schools.

Key words: innovation, methods, innovation, novelty, teachers, opportunities, strengthening, technology, scientists, basic, creative.

Оқығудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді.

Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті – білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқығудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқығуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқығудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқығушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді [1].

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер көзі. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, ал екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы. Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, алынған кәсіптік білімді адам өз қажетіне, өмірдің нақты жағдайларында қолдана біліп, қоғамға пайдасын келтіру.

«Инноватика» ұғымының мәні, латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту» мағынасын береді. Педагогикада жаңа әдістер, тәсілдер, құралдар, оқулықтар, бағдарламаларды пайдалануды білдіреді. Яғни оқығу мен тәрбиелеуге өзгерістер енгізу, олардың сапасын арттыру болып табылады [2].

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте, инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р., Линчевская Т. – «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Инновация ұғымының негізін салуға үлес қосқан неміс ғылымдары В.Замбарт, Метчемек және австриялық экономист И.Шумбертті атауға болады. Бірақта олар бұл ұғымды саяси экономикалық, технологиялық үрдістерге байланысты қолданылған. Кейіннен «инновация» ұғымы білім беру жүйесіне жаңаны енгізу мағынасында педагогикалық еңбектерде кезіге бастады. 1957-1964 ж. он жылдық тарихқа американдық білім жүйесіндегі инновациялар және өзгерістер кезеңі ретінде енеді.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны,

қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын) [3].

Қазіргі заман педагогтарының негізгі мақсаты – білім алушылардың білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп қолдануда. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану – өмір талабы.

Инновациялық негізінен құраушы ұғымдарының – «инновация» «нововедение», «новшества», «новое», т.б. қазақша аудармаларын жасаған, Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемаларын ғылыми-зерттеу институт ғалымдары болып табылады. Республикамызда соңғы жылдары оқыту процесін ізгілендіру, оның практикалық бағыттылығын күшейту мақсатында біраз шаралар жасалды. Оларды «инновациялық процесс», немесе педагогикалық жаңалықтарды енгізу деп жүрміз [2].

Жалпы технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақтылығы және білімі қажет. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Білім және Ғылым қызметкерлерінің III съезінде: «Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнімен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін жаңа фармацияның педагогы қажет», - деген болатын. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы. орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз [4].

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады; қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі; оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет; саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады; ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру; иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады; ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады [5].

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар: дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.Занков); оза отырып оқыту (С.Лысенкова); іс-әрекетті бағалау (Ш.Амонашвили); тірек - схема және тірек конспектілері арқылы оқыту (В.Шаталов); саралап оқыту;-деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; модульдік оқыту (М.Жанпейісованын) [6].

Сонымен, білім жүйесіндегі иновация – білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолдануға жоғары оқу орындарының тәжірибелік қорын жинайды. Әрбір педагогтың инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны тәжірибеде дұрыс қолдану. Қазіргі ғаламдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісінде өзекті ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылуда.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология– педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады оның мәні мен құрылымы айқындалады, педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздерін оқып-үйренеді, педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі және педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі [6].

Сөз соңын ойшыл ғұлама әл-Фарабидің тамаша тұжырымдарымен түйіндейміз: «Адам бойындағы ең үлкен қасиет – қабілет өмірді түсіну, қанағат тұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық». Ғұламаның осы өмірлік ұстанымы бүгінгі білімнің басты үйлесімділігінде екеніне көз жеткізуге болады. Сонымен инновациялық технология дегеніміз – педагогтың білімі, білігі, интеллектуалдық, кәсіби әдіс-тәсілдер жүйесін қолданудағы шығармашылық қабілет жиынтығы, мұндағы қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Білім беруді дамыту үрдісінің әлемдік үрдіске кірігуі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктерді туындатып отыр [7].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Роджерс Э. *Инновация туралы түсінік // Қазақстан мектебі. – 2006. – №4. – Б. 25-29.*
2. *Білім беру технологиялары. <http://www://baribar.kz>. ақпараттық порталы.*
3. *Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану ерекшеліктері. <http://www://kazntmu.kz>. ақпараттық порталы.*
4. *Жаңа педагогикалық технологиялар <http://www://old.el.kz>. ақпараттық порталы.*
5. *Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 185 б.*
6. *Лукпанова Л.С. Инновациялық технологияларды оқу үдерісіне қолдану. <http://www://orleu.kz>. ақпараттық порталы.*
7. *Инновациялық технологиялар білім сапасын арттырудың басты құралы. <https://www://baribar.kz>. ақпараттық порталы.*

МРНТИ 14.35.07

Б.О. Алиева¹

*¹ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің
2 курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан*

ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Қазіргі қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік және экономикалық өзгерістер еліміздің білім беру жүйесіне үлкен ықпалын тигізуде. Елбасымыздың салиқалы саясаты арқасында еліміз халықаралық аренада өз орнын алып, халықаралық байланыстар күшейіп, барлық салада шет елдермен жақсы қарым-қатынас орнауда. Бұл қарым-қатынастарды нығайтып, жандандыра түсу үшін шетел тілін жоғары деңгейде білудің маңызы зор болып табылады. Саяси-әлеуметтік әрі экономикалық аядағы интеграциялық процесстер мәдениетаралық қарым-қатынастың орнауына септігін тигізеді. Бүгінгі таңда шет тілдерін жоғары деңгейде меңгеру маңызды орын алып, оны үйренуде мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, тілді жоғары деңгейде игере алу тек тілді ғана емес, сонымен қатар сол елдің мәдениетін жетік меңгерген тұлғаны қалыптастыру басты мәселе. Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты түрлі деңгейлерде өзге

мәдениеттер өкілдерімен нақты, нәтижелі диалог және өмірдің түрлі салаларында дайын тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бұл мақалада шетел тілдерін оқытуда мәдениетаралық қарым-қатынастың алар орны қарастырылады.

Түйін сөздер: мәдениетаралық қарым-қатынас, шет тілдері, мәдениет, тілдік тұлға.

Аннотация

Алиева Б.О.¹

¹ магистрант 2 курса

Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

Политически-социальные и экономические изменения в современном обществе оказывают большое влияние на систему образования нашей страны. Благодаря мудрой политике Главы государства наша страна заняла свое место на международной арене, укрепила международные контакты и наладила хорошие отношения с зарубежными странами во всех сферах. Поэтому очень важно иметь высокий уровень знания иностранного языка, чтобы укрепить и оживить эти отношения. Интеграционные процессы в политической, социальной и экономической сферах способствуют межкультурному диалогу. Важно иметь высокий уровень владения иностранными языками, владеть межкультурной коммуникацией и овладеть языком на высоком уровне не только языком, но и формированием человека, который знает культуру этой страны. Главная цель обучения иностранному языку - наладить четкий, продуктивный диалог с представителями других культур на разных уровнях и подготовить языковую личность в разных сферах жизни.

В этой статье рассматривается роль межкультурной коммуникации в обучении иностранным языкам.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, иностранные языки, культура, языковая личность.

Abstract

Aliyeva B.O.¹

¹ 2nd year postgraduate student

of Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF INTERCULTURAL COMMUNICATION IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Political-social and economic changes in modern society have a great impact on the education system of our country. Thanks to the wise policy of the President of our country took its place in the international arena, strengthened international contacts and established good relations with foreign countries in all spheres. Therefore, it is very important to have a high level of knowledge of a foreign language in order to strengthen and revitalize these relations. Integration processes in the political, social and economic spheres contribute to intercultural dialogue. It is important to have a high level of knowledge of foreign languages, to master intercultural communication and to master the language at a high level not only in language but also in the formation of a person who knows the culture of this country. The main goal of teaching a foreign language is to establish a clear, productive dialogue with representatives of other cultures at different levels and to prepare a linguistic personality in different spheres of life. This article discusses the role of intercultural communication in teaching foreign languages.

Key words: intercultural communication, foreign languages, culture, linguistic personality.

Қазіргі қоғамда шет тілін білу түрлі салалардағы мамандар үшін үлкен қажеттілік тудырып отырғандығы бәрімізге мәлім. Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты түрлі деңгейлерде өзге мәдениеттер өкілдерімен нақты, нәтижелі диалог және өмірдің түрлі салаларында дайын тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да шетел тілін оқытуда мәдениетаралық қарым-қатынасты бірге қарастырамыз.

Елімізде қоғамдық өзгерістердің снуімен, атап айтқанда Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа снуі мен білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер шетел тілдеріне әсіресе ағылшын тіліне ерекше көңіл бөледі, оны жоғары деңгейде тереңдете оқыту қолға алынды. Бүгінде шет тілдері қоғамның барлық сала-

сында қолданыста, басқа ұлт өкілдерімен қолдануда үлкен қажеттілік тудырып отыр. Сондықтан еліміз шет тілдерін тереңдетіп оқытуды қолға алды. Тек оқытып қана қоймай, тілін үйреніп отырған елдің мәдениетін жіті меңгеріп, жан-жақты тілдік тұлғаны қалыптастыру заман талабы. Жаңа заман талаптары шетел тілін оқытушы ұстаздардың алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай шетел тілінде қарым-қатынасқа түсу бұрынғыдай белгілі бір пәннің, уақыттың аясында шектеліп қалмай, әртүрлі мәдениетаралық байланыстарға түсу, басқа елдердің рухани құндылықтарына құрметпен қарай отырып, елді әлемдік аренаға таныстыру мәселесіне бағытталып отыр. Бүгінгі таңда шетел тілін оқытудың басты мақсаттарының бірі-мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, шетел тілін сол тілде сөйлеуші ұлттық тілдік және әлеуметтік - мәдени ерекшеліктеріне сай, дұрыс қолдана алатын, білімді де мәдениетті мамандар даярлау болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде «тіл-ұлт-мәдениет» үштігін өзара тығыз байланыста қарастырудың, оқушының бойында мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы зор. Өйткені шетел тілін оқытудың бұл аспектісі тілді этностың мәдениетімен тығыз байланысты қарастыруды, соның негізінде оқушылардың бойында тілін үйреніп отырған халықтың салт-дәстүрі, наным сенімдері, тарихы жайындағы білімді қалыптастыруды талап етеді [1].

Шет тілін оқытудың басты мақсаты әртүрлі деңгейдегі және өмірдің түрлі салаларында өзге мәдениеттер өкілдерімен нақты, жемісті қарым-қатынас жасауға дайын тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынасты ауызша қамтамасыз ету қажеттілігіне - жеке байланыстар, телефонмен сөйлесу, хат алмасу, презентациялар, кездесулер мен кездесулер, келіссөздер жүргізу, конференцияларға және семинарларға қатысу жатады. Тіл - мәдениет сәйкестілігінің негізгі өкілі – мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде негізгі делдал болып табылады. Соңғы бірнеше онжылдықта тіл үйретудегі және оны оқытудағы маңызды өзгерістердің бірі мәдениет өлшемін негізгі компонент ретінде тану болды. Бұл өзгеріс оқу және оқыту тілдерін үйренудің табиғатын айтарлықтай өзгертті. Тілдік оқытудың мақсаты шет тілінде коммуникативті құзыреттілікті алу тұрғысынан анықталмайды, ол шет тілінде лингвистикалық, социолингвистикалық және прагматикалық тұрғыдан дұрыс жолмен әрекет етуге қабілетті [2].

Осылайша, шет тілін меңгеруде шет тілінде идеяларды дұрыс тұжырымдап қана қоймай, тілді үйренушілер сол елдің мәдени нормаларын сақтауға тиіс. Шетел тілін оқушының игеру құндылықтары мен өмірлік мақсаттарының түрлі жүйесінде енгізу және әлемнің өз суретте оны біріктіруге болады. Өз мәдениетін бағалау арқылы басқа мәдениеттер құндылықтарымен салыстырып, сол халықтың әл-ауқаты жайлы хабардар бола алады. Осыған байланысты оқытуға интегративтік көзқарас-мәдениеттер диалогы тұрғысынан шет тілдері болып табылады.

Мәдениетаралық қатынастар салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мінез-құлық және мінез-құлық жолдары, күнделікті қарым-қатынастың басқа да нормалары мен нормаларымен ерекшеленеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас үшін хабарды жіберуші және алушы әртүрлі мәдениеттерге тиесілі болып табылады. Сондай-ақ қатысушыларға бір-бірінің арасындағы мәдени айырмашылықтарды түсінуді талап етеді. Мәдениетаралық қарым-қатынас әрқашан бір қатысушыны танытқан кезде, әртүрлі қатынастарда жеке қарым-қатынаста болады және екіншісіндегі мәдени айырмашылықты ескереді. Байланыс үш деңгейде: коммуникативті, интерактивтік және перцептивті түрде жүргізілгені белгілі. Коммуникативті деңгей - белгілі бір қоғамдастықтың тән ерекшелігі тіл мен мәдени дәстүрлер арқылы байланыс. Бұл өзара әрекеттесудің нәтижесі арасындағы өзара түсіністік адамдар. Интерактивті деңгей - адамдардың жеке қасиеттерін ескеретін байланыс. Бұл адамдар арасындағы белгілі бір қатынасқа алып келеді. Коммуникативтік өзара әрекеттесудің қажетті шарты коммуникативті құзыреттілік болып табылады, бұл коммуникаторлармен ортақ болатын жалпы білімнің бірнеше түрлерін меңгеруді білдіреді [3]. Тіл мен мәдениет бір-бірінен тыс өмір сүрмейді. Лингвистикалық құрылымдардың негізі әлеуметтік-мәдени құрылым болғандықтан, қарым-қатынас құралы ретінде тілін белсенді қолдану мақсатты тілді әлемді білуге мүмкіндігінше терең болуы керек.

Сондықтан шет тілін үйрену тек қана оның мазмұнын жоспарлау емес, лингвистикалық құбылыс білдіру жоспары, сондай-ақ, өз мәдениеті мен өз тілінде де теңдесі жоқ жаңа объектілер мен құбылыстардың студенттердің санасында ұғымды қалыптастыру болып табылады. Қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін үйрету мақсатында, ол белсенді түрде шынайы жағдайларда шетел тілдерін пайдалану, нақты қарым-қатынас ортасын құру қажет. Ол ғылыми шетелдік сарапшыларды тарта отырып және онсыз тілінде талқылау және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талқылау болуы мүмкін, шет тілдерінде жеке курстар оқу, студенттер, қарым-қатынас дәл аудармашы, сондай-ақ халықаралық конференциялардағы ақпаратты түсіну және жеткізу қабілетін жатады. Сонымен қатар түрлі мамандықтар студенттеріне жинап, шет тіл-

дерінде қызығушылық ғылыми қоғамдастығын клубтар, клубтар, қоғамдық дәрістерде ұйымдастыру жақсы нәтиже береді.

Шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде үйрету үшін, шынайы қарым-қатынас аясын құру, шет тілдерін оқыту мен өмір арасындағы байланыс орнату, шынай жағдайларда шет тілін белсенді пайдалану аса қажет. Қарым-қатынас қабілеттерінің барынша дамуы - шет тілдерінің мұғалімдерінің алдында тұрған мақсат. Яғни, шет тілін түсіну ғана емес, шет тілінде сөйлей білу, қарым-қатынас жасауды үйрету мақсатқа жету күрделі болып табылады. Сонымен қатар, тілдік тосқауылдарды еңсеру түрлі мәдениеттер өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастың тиімділігін қамтамасыз ету қажет. Мұны істеу үшін сіз мәдени кедергіні жеңе білу керек. Тілді оқытуда мәдениетаралық қарым-қатынас деңгейін арттыру арқылы, түрлі ұлт адамдар арасындағы байланыс, әлеуметтік және мәдени факторлардың өзара түсіністік және ескере отырып қана қол жеткізуге болады. С.Г. Терминасованың айтуынша, «грамматика құндылықтар мен ережелерін білу белсенді қарым-қатынас құралы ретінде тілді қолдану үшін жеткіліксіз болып табылады. Зерттелетін тіл әлемін барынша терең білу қажет. Сіз білу керек грамматика мен ережелерге сәйкес мәндер қатар: 1) айтуға кезде / кімге, кіммен, қайда, қалай, жазу 2) мағынасы / концепциясы ретінде, бұл мәселе зерттелетін тілдің шын мәнінде өмір сүреді [4].

Оқушының шет тілін білу деңгейі тек мұғаліммен тікелей байланыста ғана емес. Ол қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін үйренуде, шынайы өмірде шетел тілдерін пайдалану, шынайы байланыс орнатуға, нақты қарым-қатынас ортасын құру қажет. Табысты мәдениетаралық қарым-қатынас өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін шет тілі бағдарламалық қамтамасыз меңгеру, яғни тарихи дәстүрлері мен әдет-әсерімен анықталады, әлеуметтік және бизнес-мінез-құлық ерекшелігін, өмір салтын және анықтау мәдени ерекшеліктерін зерттеуді көздейді. Сондықтан, шет тілдерін оқыту әр түрлі халықтар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде және осы тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетімен ажырамас бірлікте зерттелуі керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шангереева Ш.Т., Шеттілдік білім берудегі мәдениетаралық қарым-қатынастың рөлі [Электрон.ресурс]. – URL: http://www.rusnauka.com/11_DN_2016/Pedagogica/5_211298.doc.htm (дата обращения: 04.05.2018).
2. Сайтимова Т.Н., Роль межкультурной коммуникации в процессе преподавания иностранных языков на современном этапе. [Электрон.ресурс]. <file:///D:/system/downloads/3003.pdf> (дата обращения: 04.05.2018).
3. Веденина Л. Г. Теория межкультурной коммуникации и значение слова // Иностранные языки в школе. – 2000. – № 5
4. Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000.

МРНТИ 14.07.09

А.С. Оразбаева¹

¹аға оқытушы, пед.ғ., магистрі

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

ШЕТЕЛ ТІЛІН ЕРТЕГІЛЕР МЕН ЖҰМБАҚТАР ҚОЛДАНА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада ағылшын тілін оқытуда дидактикалық ойындар, драматизациялық, әуен және қозғалысқа негізделген ойындар соның ішінде ертегімен жұмбақтарды қолдану арқылы оқушылардың шетел тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру жайлы айтылады. Ертегі оқушының рухани әлемін, Отаншылдық тәрбиесін, өз халқының өткенін қадірлеуін, адамгершілік тәрбиесін, қоғамға деген сүйіспеншілігін нығайтады. Ертегінің оқушы тілінің дұрыс дамуына әсер мол. Ой-қиялын, қоғамға деген көзқарасын, өнертапқыштығын дамытуда ертегінің орны өте маңызды. Ертегі арқылы шетел тілін оқыту барысында атадан оқушыға мұра болып келе жатқан ақыл-кеңестерді, мақал-мәтелдер-

ді, әдет-ғұрыптарды жеткіземіз. Ертегі оқу арқылы тарихта сақталып қалған құнды ақпараттармен танысамыз.

Ойын – тәрбие құралы, ол ақыл-ойды, тілді ұзартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, тәрбиелейді. Ертегілер мен жұмбақтар арқылы тіл меңгерту ерікті, жігерлі болуға яғни мінез қасиеттерін қатайтып, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

Түйін сөздер: драматизациялық, ойын технологиясы, кроссвордтар, ребус, жұмбақтар, жаңылтпаштар, сөздер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, тақпақтар, өлеңдер, сергіту ойыны, коммуникативтік, грамматикалық, фонетикалық, лексикалық материалдар, ағылшын фольклоры.

Аннотация

Оразбаева А.С.¹

¹старший преподаватель, магистр педагогики

Казахский государственный женский педагогический университет

г. Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА СО СКАЗКАМИ И ЗАГАДКАМИ

В статье рассматриваются дидактические игры, драматические, мелодичные и беспроблемные игры, в том числе использование загадок с интересом учеников к изучению иностранных языков, увлечению энтузиазмом и познавательной деятельностью. Сказка укрепляет духовный мир ученика, патриотическое воспитание, уважение к прошлому его народа, его нравственное воспитание и любовь к сообществу. Сказка положительно влияет на правильное развитие языка учеников. Роль сказок в развитии идей, отношении к обществу и изобретательность очень важны. Через сказочный язык мы доставляем советы, пословицы, ритуалы, которые приходят от отца к ученику. Знакомство с ценной информацией, хранящейся в истории, с помощью сказок.

Игра – это средство воспитания, она расширяет ум, язык, обогащает словарный запас, поднимает и воспитывает жизнь. Изучение языка через сказки и тайны может быть добровольным, более энергичным - повышать моральные качества и улучшать качество человека.

Ключевые слова: драматические, игровые технологии, кроссворды, загадка, головоломки, поговорки, слова, фразы, пословицы, стихи, освежающая игра, коммуникативная, грамматика, фонетический, лексический, английский фольклор.

Abstract

A.S. Orazbaeva¹

¹Senior Lecturer, master of Pedagogy

Kazakh State Women's teacher training University

Almaty, Kazakhstan

EFFECTIVENESS OF TEACHING FOREIGN LANGUAGE WITH FAIRY TALES AND RIDDLES

The article deals with didactic games, dramatic, melodic and problem-free games, including the use of puzzles with pupils' interest in learning foreign languages, enthusiasm for enthusiasm and cognitive activity. The fairy tale strengthens the disciple's spiritual world, patriotic education, respect for the past of his people, his moral education and love for the community. The fairy tale has a positive effect on the correct development of the pupils' language. The role of fairy tales in the development of ideas, attitude to society and ingenuity are very important. Through a fabulous language we deliver advice, proverbs, rituals that come from father to student. Acquaintance with the valuable information stored in history, with the help of fairy tales.

The game is a means of education, it expands the mind, language, enriches the vocabulary, raises and nurtures life. Learning a language through fairy tales and secrets can be voluntary, more energetic - to increase moral qualities and improve the quality of a person.

Key words: dramatic, orthogonal, technology, crossword, hobbies, puzzles, word, phrase, prose, refreshing game, communicative, grammar, phonetic, lexical, English folklore.

Шетел тілін оқыту жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлғаның қалыптасуына өте зор ықпалын тигізуі тиіс. Бұл ең алдымен оқушылардың бойында белсенділік қабілетінің, орындалып жатқан әрекетке деген оң көзқарас тәрбиесін қалыптастыру болып табылады.

Мектепте ағылшын тілін ертегілер мен жұмбақтар қолдана оқытудың жетекші әрекет екенін ескере отырып, оқушылар өзінің жеткен нәтижесін ертерек көру үшін сабақ көбіне сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған ойын формасында өткізіледі. Ағылшын тілін ертегілер мен жұмбақтар қолдана оқыту тілді тез меңгеруге өте жақсы жағдай жасайды әрі көмектеседі, бірақ мектепте ол өте пайдалы.

Сабақты оқытушы ойын барысында ережені ұстанып, оқушыларды ағылшын тілін ертегілер мен жұмбақтар қолдана оқытуға көбірек тартып, шығармашылық қабілетін танытса, соншалықты сабақ сәтті өтеді.

Мектепте оқушыларды ағылшын тілі сабағында жалпы тақырыппен байланыстыру мақсатты болып есептеледі. Мысалы, оқушылар Мики Маустың туған күніне келеді және сабақтың соңына дейін сол туған күн иесімен ойнайды немесе кішкене тышқан Джерриге көмектесу үшін бірнеше тапсырмалар жасайды. Осындай жолмен тіл оқыту мақсаты оқушының өмір сүретін әлемімен байланысып сай келіп тұрады [1]. Бұл таза қызығушылық, жаңаны білу және өзінің қатарлас достарымен ойнауға деген құштарлық сезімге толы ертегі, жұмбақтар, қызықты әңгімелер мен өлеңдердің әлемі. Егерде тақырыптық бірлік бірнеше сабаққа созылса, оқушылардың әрекетін міндетті түрде түрлендіру керек, жиірек жұмыстың түрін өзгерту қажет, оларды динамикалық паузалармен, қозғалыс элементтері бар ойындармен көңілін аулау керек, өйткені оқушылар бірсарынды сабақтардан шаршап кетуі мүмкін. Бірақ соның өзінде мұғалім сабақтың әр элементі оның міндеттерін орындау қажет болуын, қозғалыс немесе ойын негізгі мақсатқа айналмауын қадағалауы тиіс.

Фонетиканы оқытудың ағылшын тілін оқытудың бастапқы кезеңінде ең негізгі орын алатынын ескере отырып, мұғалімдер өздерінің еңбектерінде фонетикалық әдісті белсенді қолдануы тиіс. Оқушыларды дұрыс айту жаттығулары шаршатпауы үшін және де сабақтың көңілді әрі қызықты өтуі үшін жұмбақтар қолдана отырып, фонетикалық жаттығулар ойын түрінде қолданылады [2].

Ашық, түрлі-түсті көрнекілік оқушыларды оқытудағы таптырмас көмекші болып есептеледі. Жаңа сөзді суретпен немесе әсем көрнекіліктермен байланыстыра отырып түсіндірсе, оны белгілі бір іс-әрекетке қолданылып көртілсе оқушы өте тез меңгеріп кетеді.

Белгілі бір ертегі немесе жұмбақ тақырыбына байланысты сөйлеу қабілетін қалыптастыруда әртүрлі таратуға арналған материалдарды, ойыншак жиһаз, ыдыс-аяқ, киім, яғни оқушылардың барлық ойнағанда жақсы көретін заттарын пайдалану үлкен көмегін тигізеді. Оқушының сөйлеуін белсендету үшін оқытудың басында ойыншықтар мен бірнеше нұсқадағы заттар бейнеленген суреттері болуы тиіс. Мысалы, сары, қызыл, көгілдір түсті шарлар немесе кішкене және үлкен күшік. Сонымен қатар, жаңа және ерекше ойыншықтар мен суреттер сабаққа жаңашыл элемент енгізеді және әдеттегіден өзгеше жағдай жасайды.

Ертегілер оқытуда суреттерді көбірек пайдалану арқылы оқушыларда қиялы және байланыстырушылық еске сақтау қабілеті дамиды, ал қарым-қатынас жасау міндеттерін нақты қою және оларды шешуді ұйымдастыру логикалық сөйлеу есте сақтауының дамуына өз септігін тигізеді.

Бұл оқушылардың ұзақ уақыттық есте сақтау қабілеті өте жақсы қалыптасқандықтан болады. Олардың бар оқыған-білгендері жадтарында сақталады [3].

Оқушы берілген материалды көп мөлшерде миына бекіте отырып сақтауға деген қабілетке ие. Бірақ бұл материал оқушы үшін меңгеруге өте маңызды рөлде ғана болса, сонымен қатар үлкен қызығушылығын оятса ғана болады. Берілген материалды жете меңгерудің ең жеңіл жолы ойын әрекеті болып есептеледі.

Сөзсіз оқушыларға ағылшын тілін оқытуда ертегі қолдану әрекетінің орны өте зор. Ағылшын тілінің білім мен тәрбие беру үрдісіне енуі ең қарапайым ойын формаларында жүзеге асырылады: дидактикалық ойындар, драматизациялық ойындар, әуен және қозғалысқа негізделген ойындар.

Оқытудың бастапқы этапында ерекше рөлді оқушыларды пәнге деген қызығушылықты қалыптастыруда бұл мәселелердің шешімін әртүрлі ағылшын тіліндегі ойындар арқылы табуға тырысу қажет.

Ағылшын тілін оқытуда ерекше орынды драматизациялық ойындарға беруге болады. Драматизациялық ойындарды жүзеге асыруда ағылшын фольклорының танымал ертегілері, мультфильмдері, тақпақтар болып табылады. Мысалы: «The three little pigs», «The turnips», «Little mouse», «Old MacDonald» және т.б. Бұл қойылымдар оқушыларға бұрынна белгілі лексикадан, сөз тіркестерінен құралады [4].

Халықтық ойындар арқылы ағылшын тілін оқытуда оқушыларды ағылшын тілінде сөйлейтін халықтардың мәдени құндылықтарына, сөйлеу мәдениетінің дамуына тарту жүзеге асырылады. Бұл ағылшын тілін жетік меңгеруге үлкен септігін тигізеді.

Оқушылар диалогтық және монологтық сөйлеу қабілетін қалыптастыруға зор мүмкіндіктер алады. Халықтық ойындарға халықтың өзі әрқашан тақпақтар мен ертегілерді енгізіп отырған.

“Hands up-hands down”, “Nick and Andy”, “Mouse and Cat” т.б қимылды сияқты ойын түрлері, олардың қарапайым мазмұнымен, оқушыларға жеңіл қозғалыстарымен оқушының ойын әрекетіне тартылуын оятады, көңіл-күйін көтеріп, достарымен қарым-қатынасқа дайындығын айқындайды.

Шет елдермен қарым-қатынас күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шетел тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру – әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Демек, оқушыларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Шетел тілі қазіргі кезде көптеген мектептерде 1 сыныптан бастап жүргізілуде.

Тілді үйретудегі негізгі мақсаты - ағылшын тілінің әлемдік тіл екенін ескере отырып оқушыларды осы тілде еркін ойлап-сөйлеуге үйрету; оқушылардың сөйлеу қабілетін жаңа технологияларды пайдалана отырып дамыту; оқушыларды өзге ұлттың мәдениетімен таныстыра отырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру [5].

Ойын технологиясын қолдану арқылы барлық мәселе шешіле қалмайды. Дегенмен, қиындықтар азаяды. Себебі, ойын – оқушылардың негізгі әрекеті. Мұғалім үнемі ізденіс үстінде болу керек. Кроссвордтар, ребус, жұмбақтар, жаңылтпаштарды тез әрі дұрыс айттыру арқылы оқушылардың тілдері жаттығады, логикалық ойлау қабілеттері дамиды, шапшаң ойланатын болады. Сергіту сәтін ұйымдастырған кезде интернеттен онлайн жүйесінде «Happy song», «Bingo» т.с.с. әндерді бейнеге қарап тұрып орындатса, оқушылар сергіп, қызығушылықтары оянады. Бір жағынан, тілдері жаттығады, екінші жағынан, ағылшынша әндер жаттайды.

Шетел тілін мектепке дейінгі оқушыларға оқытудың шарттарын ескере отырып, оқушылар бақшадан кейін де шетел тілін оқып, түсіне білу қабілетін қалыптастыруға мән берілуі тиіс. Осыған орай, шетел тілін оқушыға оқытудың практикалық мақсатын жүзеге асырудың алғышарты - оқыту әдіс-тәсіліне, коммуникативтік бағдар беруге назар аударылады.

Ертегілер оқытуда ойынның міндеті оқушының қызығушылығын туғызып, белсенділігін арттыратын-дай іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, грамматикалық материалды, тұрақты сөз тіркестерін пысықтыруға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады. Мұғалім ойындардың сабақ кезінде қолдануға ыңғайлы, ықшам, өткізілуі жағынан қарапайым түрлерін таңдап алғаны жөн. Таңдап алынған ойындар шәкірттердің сөз байлығына, тілдік қорына сай болуы керек [6].

Қандай да болмасын ойынды өткізу үшін мұғалім алдын ала жоспар құрып алуы қажет. Ол жоспар, әдістемелік тұрғыдан алып қарағанда мынадай шарттарға жауап беруі қажет:

- Ойынның өтілетін ертегінің тақырыбы мен мазмұны сәйкес келуі.
- Ойынға ертегі мен жұмбаққа бөлінетін уақыттың нақты белгіленуі.
- Ойынның ойналу түрінің топ болып ойнау, кішірек топ болып ойнау т.б. нақтылануы қажет.
- Ойынға қажетті ертегі материалдардың түгел дайындалып қойылуы.
- Қолданылатын ертегідегі сөздер, сөз тіркестері, мақал- мәтелдері, тақпақтар, өлеңдердің т.б. таңдалынып алынуы.
- Ертегідегі пысықталатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық материалдардың анықталуы.
- Ойынның өту барысының ертегінің жоспары жасалуы.

Осы орайда жалпы оқушының қызығушылық деңгейін арттыруға болатын ертегілер оқу барысында қолдануға қажетті бірнеше ойын түрлеріне тоқталмақпын.

1. Ертегілер әлемінде қонақта болу. Сабақ ауызша өткізіледі. Саусақ театрының көмегімен *My name is.../ I am...* (My name is Дана, I am Бота т.б.), «Ат ойлап тап, түзету керек» ойыны (Оқушылардың өздерінің аттарын өзгертіп атау керек «Good morning, My name is Micky»)

2. Дымбілмес оқушылармен бірге. *What is your name?, Who are you?* Сұрақтарымен мұғалім Дымбілместің кейпімен оқушылармен танысады. Сосын оқушылар бір-бірімен танысады.

3. Буратинода қонақта. Сабақ оқушылар арасында және Буратиномен диалог ретінде жүреді, «Сиқырлы микрофон» ойыны (Буратино оқушыларға ойыншық микрофон таратады да, әрқайсысымен жеке-жеке сөйлеседі), [7].

- Hello.
- Hi.
- What is your name?/ Who are you?

- *My name is Айым./ I am girl.*
- *What is your name?/ Who are you?*
- *My name is Алмас./ I am boy.*
- *Good bye, friends.*
- *Bye, Буратино What is it?*

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұны неғұрлым сәйкес алынса, соғұрлым оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Еліміздің ертегі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында. Адам уақытпен бірге адымдайды, уақытпен бірге өмір сүреді. Білім туралы заңда оқытушытар бас қосуларында сапалы білім, саналы азамат өсіру туралы талай пікірлер айтылады. Болашақ еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі оқушылар. Біз оларды қалай тәрбиелесек ертеңгі Қазақстан сол деңгейде болады.

Осыдан келіп ертегілер мен жұмбақтар арқылы тілді меңгерту барысында ойын туралы мынандай тұжырым жасалады:

Ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұзартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының 2015жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. – №1*
2. *Үштілдегі дидактикалық ойындар жинағы. Әдістемелік құрал. – Астана, 2013 ж.*
3. *English. Play and Learn. №7\2006 ж.*
4. *Нұрғаева Г. Ойын сабақ // Бастауыш мектеп. – 2001. – №7.*
5. *Мектептегі шет тілі журнал №1(31)қаңтар-ақпан 2008 ж.*
6. *Құлжанова.Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні// Қазақстан мектебі. – 2001. – №1.*
7. *Джекоб Д. English fairy-tales – UK, 1999.*

МРНТИ 14.25.07

Г.С. Аманова¹, Б.Е. Байхадамова²

¹«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

² «ИТжҒЖ(Г)ПО» кафедрасының аға оқытушысы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Автор мақалада оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту арқылы функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған әртүрлі тапсырмаларды берген.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру білім беруді дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Функционалды сауаттылықтың негізгі компоненттері сөйлеу белсенділігінің түрлеріне негізделеді және оқушылардың коммуникативтік дағдыларын мақсатты түрде дамытуды ұсынады.

Түйін сөздер: сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқу-танымдық құзыреттілік, қалыптастыру және дамыту, оқушы, тілдік дағдыларды дамыту.

Аннотация

Аманова Г.С.¹, Б.Е. Байхадамова²

¹Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Жамбылской области,

² старший преподаватель кафедры «ИТиМПЕН(Г)Д»

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧИНИКОВ С ПОМОЩЬЮ РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВЫХ НАВЫКОВ

В данной статье автор рассматривает различные типы заданий, направленные на формирование функциональной грамотности учеников с помощью развития языковых навыков.

Формирование функциональной грамотности обучающихся – один из ключевых векторов развития образования сегодня. Основные компоненты функциональной грамотности базируются на видах речевой деятельности и предполагают целенаправленное развитие коммуникативных умений учащихся.

Ключевые слова: грамотность, функциональная грамотность, учебно-познавательная компетентность, формирование и развитие, ученик, развитие языковых навыков.

Abstract

G.S. Amanova¹, B.E. Baikhadamova²

*¹Institute of advanced training of teachers in Zhambyl region
Branch "National Center for Advanced Training" "Orleu" Joint Stock Company*

²Senior lecturer of the department of «IT and Mof T NS (H) D»

E-mail: akjarkin_8484@mail.ru

FORMATION OF THE FUNCTIONAL GRANSIBILITY OF THE SCHOOLS WITH THE LANGUAGE SKILLS DEVELOPMENT

In this article, the author reviews various types of tasks aimed at developing functional literacy of teachers by developing language skills.

Forming the functional literacy of students is one of the key vectors of the development of education today. The main components of functional literacy are based on the types of speech activity and suggest a purposeful development of students' communication skills.

Key words: literacy, functional literacy, educational and cognitive competence, formation and development, pupil, development of language skills.

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендірілуі мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.

Алдымен, жалпы функционалдық сауаттылық дегенімізге тоқталып өтсек, ол – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алуы деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдыларының жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады [1].

Ал, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың тілдік дағдыларын меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені, функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде, қарастырылады.

Демек, функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдылардың дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамудың өлшемі, білім-білік дағдыларының күзиреттілікке ұласу жолы. Өстіп, оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу күзиреттіліктерінің бірлігінен құралмақ.

Оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуды функционалды сапаттылық арқылы қалыптастыру – әсіресе, қазақ тілі сабақтарында жүзеге асады. Бұл дегеніміз, басқа пәндер сырт қалады деген сөз емес, әрине. Мектеп қабырғасында оқытылатын бүкіл пән аясында функционалды сапаттылықты қалыптастыру негізінде, оқушының тілдік дағдылары дамитын болады.

Не нәрсені болмасын, жаңа білім-білік, дағдыларды үйрену адам баласына белгілі заңдылықтарды, білімді меңгеру негізінде қалыптасады. Осыны есте ұстай отырып, тілдік дағдыларды меңгеруде ерекше жоғары мазмұнын ашудың терең қыр сырынан тоқталамыз. Ең басты мақсат оқытудың жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың сөйлеу әрекетін дамыту, тіл құпияларына жетелеу, сөйлеу әдеби мен мәдениетін меңгерту, оқушының тілге деген саналық көз қарасын қалыптастыру болып табылады.

Тілге қатысты функционалды сапаттылық – тілдік ережелерді түсіну, тілдік нормаларды сақтау, іс-әрекет тәсілдерін меңгеру болады. Тілді меңгеруде грамматиканың орны ерекше. Себебі, онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүмкін емес. Сол себептен, грамматика толыққанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қолданылады.

Кез келген пәнді оқыту барысында сөз мағыналарын дұрыс ажырата білуге, көркем әрі шешен сөйлеуге баулу – қазіргі заман талабының басты міндеттері. Оқушылардың тілін ұстартуға баса назар аударуға байланысты сөйлеудің диалогтік және монологтік түрлерін, олардың ерекшеліктері мен байланыстарын түсіндіру арқылы оқушының тілдік дағдысын жетілдіру мақсат етіледі.

Өйткені, техниканың дамуына сай оқушылардың көркем әдебиетке, тіл өнеріне деген қызығушылығы төмен. Олар өздеріне қажетті ақпараттық техникалық құралдары арқылы (компьютер, ғаламтор жүйесі т.б) алады. Алған мағұматтарды тек есінде ғана сақтап қояды, ал ауызша сөйлеу арқылы жеткізу қиындық туғызуда. Көркем шығарманы оқып, оны талдап, өзінің тілін, ойын жаттықтыратын оқушылар сирек кездеседі. Оқығандарының мазмұнын айту, оны өз сөзімен жеткізу үшін оқығанды толық түсінуге баулудың маңызы зор.

Әр сабақта оқушыларға сөздік қорларының жетілдіріп отыруды мақсат етіп отыруы көзделуі тиіс. Ол үшін қандай пән аясында болмасын, төмендегідей мүдделер алға қойылады:

- оқушылардың сабақ барысында ой ұшқырлығын дамыту;
- сөйлеу шеберлігін шындау;
- тіл мәдениетін көтеру;
- оқу пәніне деген қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың ізденіштік, танымдық іс-әрекетін, көз-қарасын қалыптастыру;
- жеке тұлға ретінде белсенді сезіне білуге тәрбиелеу.

Пәндік сауалнамалар тестік тапсырмалар беру арқылы оқушы қабілетінің ескерудің маңызы өте зор. Оқушымен жеке жұмыста эссе, шығарма жазу, ой толғау, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқуға баулудың ерекше тиімді жағы бар [2].

Тіпті, жаңадан шет тілін үйрену кезінде де, осы тілде шынайы коммуникациялық тілдесімге түскенде ғана сол тілде сөйлеу сапаттылығына қол жеткізіледі. Ал, қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде функционалды тұрғыдан оқытуда грамматика сөйлеудегі үйретуге қызмет етеді және қолданбалы мәнге ие болады. Себебі, ол оқушылардың өзге тілде сөйлесімді дұрыс құрастыра алуына; айтылған сөзді бақылап, талап етілген грамматикалық форма мен құрылымды саналы түрде құра алу үшін керек. Еңбекте грамматикалық дағды, оның түрлері және дағдының қалыптасуы туралы тұжырымдар ұсынылады. Дағдыны қалыптастыруда жүргізілетін жаттығу түрлері сараланды [3.].

«Қазіргі жағдайда қайта құру процесінің басты міндеттерінің бірі - білім сапасын арттыру алдындағы орынға қойылып отыр. Сондықтан мұғалімнің білімділігі, интеллектуалдық мүмкіндігі жоғары болған сайын оның шәкірттерінің білімге, ғылымға деген қызығушылығының артуына ықпалы күшейе түседі. Сөйтіп, мұғалім өз заманының ең білімді, мәдениетті адамы бола отырып, оқушыны сыни ойлауға, оқи білуге, білім алуға үйретеді. Мұғалімнің кәсіби дайындығы оның қоғамдық-саяси, арнаулы және психологиялық-педагогикалық терең жан-жақты білімді болуымен анықталады» [4. 39 б.]. деген ғалымның пікіріне сүйене отырып, оқушылардың интеллектуалды болмысының дамуына әсер ететін мұғалімнің педагогикалық білімі соның ішінде функционалды сапаттылығын арттырудағы ізденісі жоғары болуын қажет етіледі.

Демек, заманына сай, бүгінгі күнде мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру өте қажет десек, соған орай педагогтың да функционалды сауаттылығы жоғары дәрежеде болуы шарт. Себебі, дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Теория мен практиканың байланыста болуы ұстанымының мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету.

Осы себептен де, оқушылардың игерген білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін мұғалімнің негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалды сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Сонымен, функционалды сауаттылық деңгейі жоғары педагогтар өз шәкірттерінің бойында төмендегі функционалды дағдыларды қалыптастыратын болады:

- белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау
- шешім қабылдай алу
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы [5. 45 б.].

Сонымен, қорытындылай келе, функционалды сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз – мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады.

Ал кез келген тілдің даму жолы мәдени-тарихи мазмұнды құрай отырып, әрбір ұлттық ділді (менталитетті) басқалардан ерекшелейді. Әлемдік өркениеттегі кез келген мәдениет адам қолымен жасалған құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс (процесс) ретінде таныла алмайды. Қай ұлттың болсын мәдениеті сол елдің сан ғасырлық қоғамдық-әлеуметтік дамуының негізінде қалыптасып, өркендейді. Тілді ұлттан, ұлтты тілден, айналып келгенде, тілді ұлт өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік ортадан, қоғамдық қарым-қатынастан бөліп қарау мүмкін еместігі сондықтан.

«Әлемнің бейне-көрінісі адам баласының дүниені қабылдауы, оны танып-білуі арқылы жасалып, тілмен таңбаланады. Әлемнің тілдік бейнесі тілге тікелей қатысты болады. Егер тіл мен діл, тіл мен мәдениет, тіл мен қоғам бір-бірімен тығыз байланыста болатынын ескерсек, әлемнің тілдік бейнесіндегі ұлттық бітім-болмысты анықтауда, сол арқылы ұлттық ділді пайымдауда ұлттық тілдің рөлі ерекше.

Қазір дүниежүзі елдері жаһандану дәуірін бастан кешіріп жатыр. Біз де әлемдік өркениеттің заманауи жетістіктерін өзімізге қабылдай отырып, әлемдік даму жолына түсуге ұмтылыс жасап жатырмыз. Дегенмен, жаһандану дәуірінде де ұлттық рухани құндылықтарымызды қадірлеп, бағалай алуымыз қажет-ақ. Әсіресе, солардың барлығының ең маңыздысы болып саналатын әрі егемен еліміздің мемлекеттік тілі ретінде қазақстандық қоғамды бір мақсатқа ұйытуға тиісті қазақ тілінің мәртебесін көтеру – бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі» - делінген «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ғылыми еңбегінде. Ендеше сауаттылық тілдік болмысын дамытып, өзіндік көзқарасын қалыптастыратын еңбек екенін ұғынғанымыз абзал.

Жинақтай алғанда, қалыптасқан функционалды сауаттылық арқылы оқушының тілдік дағдыларын дамыту – оның жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рауандина А.Қ. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы, 2010.
2. Құрман Н.Ж., Тұрлыбекова Ж. Қазақ тілінің коммуникативтік грамматикасы. – Астана, 2013.
3. Акимбекова Н.С. Тілдерді оқыту үдерісінде оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту мүмкіндіктері. // «Мұғалім.кз» Республикалық оқу-әдістемелік журналы. – 2013 ж. - № 3.

4. Садыкова А.Е., Нуриев М.А. Мұғалімнің құқықтық-саяси сауаттылық мәселесі // Ұлттық тәрбие. №2 (38) 2017ж., 6-10 бб.

5. Жубандықова А.М. Білім сапасы - мұғалім іздесінде //Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогикалық ғылымдар» сериясы № 2 (54), 2017

6. Пірәлиев С.Ж., М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, А.Е.Садыкова, Ж.Ш.Саметова Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тіл мен әдебиет // монография . Алматы 2014 Ұлағат баспасы

МРНТИ 14.35.09

А.А. Момбек¹, А.Т. Исакова², С.Т. Исалиева³

¹п.э.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

²п.э.к., профессор м.а., Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

³э.э.м., ғылыми қызметкер, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ КОНВЕРГЕНТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі педагогикалық мәселелердің өзектісі – ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытудың конвергенттік технологиялар талқыланды. Инклюзивті білім беруді даму, ерекше білімді қажет ететін балалардың шығармашылық ойлауға, алдына қойған мақсатына тиім жылдам жетуге үйрету қазіргі маман даярлауда басшылыққа алады. Осы талаптарды орындауда оқу орындарының оқу процесіне өзгерістерді енгізіп, жұмысын жетілдіру керек болады. Білім беруді әлеуметтік өмірінің дербес саласына оқшаулануы, білім берудің мақсаттар, идеалдар және мазмұнды әртараптандыру педагогикалық білімінің көппарадигмалдылық болып белгіленеді. «Технология конвергенциялары», «конвергентті технологиялар» мағынасы кеңірек және тереңірек: керемет технологиялық нәтижелер алу үшін алғышарттар жасайтын өзара ықпалдастыру, өзара ықпал ету процестерін білдіреді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, педагогтарды даярлау, конвергентті технологиялар, ерекше білімді қажет ететін оқушылар

Аннотация

Момбек А.А.¹, Исакова А.Т.², Исалиева С.Т.³

¹к.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан

²к.п.н., и.о. профессора, КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан

³м.с.н., научный сотрудник, КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан

КОНВЕРГЕНТНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

В статье рассматривается одна из актуальных педагогических проблем – конвергентные технологии в обучении детей с особыми образовательными потребностями. Развитие инклюзивного образования, обучение детей с особыми образовательными потребностями достижению поставленной перед ними цели, возможности в самообразовании является основным направлением. Для выполнения этих условий необходимо внести изменения в учебный процесс организаций образования и улучшить их работу.

Обособленность образования в социальной сфере общественной жизни определяется многопарадигмальностью педагогического знания, диверсификацией целей, идеалов и содержания образования. Смысл, вкладываемый в понятия «конвергенции технологий», «конвергентные технологии» шире и намного глубже: здесь подразумеваются процессы взаимопроникновения, взаимовлияния, которые создают предпосылки получения невероятных технологических результатов.

Ключевые слова: инклюзивное образование, подготовка педагогов, конвергентные технологии, учащиеся с особыми образовательными потребностями.

Abstract

A.A. Mombek¹, A.T. Iskakova², S.T. Issaliyeva³

*¹c.p.s., professor, KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²c.p.s., professor, KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*³m.s.s., researcher, KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

CONVERGENT TECHNOLOGIES IN TEACHING OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

The essence of today's pedagogical issues is the convergent technology of teaching children with special education. The inclusive education developing, teaching children with special education needs to be creative in their own right, to be able to reach the goal set before them is guided by modern training. For fulfilling these requirements it necessary to make changes in educational process of educational organizing and improve their work. The isolation of education in the social sphere of public life is determined by the multi-paradigm of pedagogical knowledge, the diversification of goals, ideals and content of education. As you know, the meaning of “convergence of technologies”, “convergent technologies” is broader and much deeper: here we mean the processes of interpenetration, mutual influences, which create the prerequisites for obtaining incredible technological results

Key words: inclusive education, teacher training, convergent technologies, children with special educational needs.

Ғылым мен техниканың конвергенциясы біздің заманымыздың ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Конвергенттік тәсіл ғылыми және технологиялық білімдер арасындағы пәнаралық шекараларды жоюдың әдістемесі ретінде түсіндіріледі. Сондықтан осы шекараларды еңсеру адам қызметінің барлық салаларына әсер етуі мүмкін жаңа перспективалар ашады, және мектепке дейінгі білім беру – жас ұрпақтың болашақ әлемдегі табысты әлеуметтенуі үшін сапалы жаңа деңгей болып табылады. [1, 159 б.]. Педагог кадрлардың негізгі мақсаты мен міндеттері – сабақ сапасын көтеру, оның түрлерін жетілдірудің жолдарын іздеу, іздене отырып оқушының пәнге қызығушылығын және танымдық ізденімпаздығын арттыру [2].

Білім беруді әлеуметтік өмірінің дербес саласына оқшаулануы, білім берудің мақсаттар, идеалдар және мазмұнды әртараптандыру педагогикалық білімінің көппарадигмалдылық болып белгіленеді. Индустриядан постиндустриалды, ақпаратты қоғамға көшу кезінде адамзатқа қарсы жаңа проблемалар білім беру жүйесі мен оқыту мазмұнына жаңа талаптар ұсынды. Конвергенттік технологиялар өркениеттің дамуының жаңа стратегиясын белгіледі және осы тұрғыда кең сөз мағынасында толық түсінік қажет [3].

«Технология конвергенциялары», «конвергентті техногиялар» мағынасы кеңірек және тереңірек: керемет технологиялық нәтижелер алу үшін алғышарттар жасайтын өзара ықпалдастыру, өзара ықпал ету процестерін білдіреді. Бұл термин «Converging Technologies for Improving Human Performance» есебінің авторлары («Адам табиғатын жақсарту үшін конвергентті технологиялар») Михаил Роко және Уильямом Бейнбриджбен 2002 жылы енгізілді. NBIC – конвергенция бұл өзара байланыс механизмі химия, экология, Жер туралы ғылымдар, биология, медицина, есептеу техникасы, экономика, саясаттану секілді, соның ішінде психиатрия, психология, педагогика және т.б. көптеген технологиялық аумақтардың өзара әсер етуі [4].

Мектептегі инновациялық үдерістер оқушы тұлғасына дамытушылық әсерімен қатар, оқу үдерісін ұйымдастыруда бірқатар қиындықтар тудырады. Н.Ш. Алметов және С.Ж. Бекжанова ғылыми әдебиет

пен озық педагогикалық тәжірибелерді талдау негізінде мектептің инновациялық-білімдік ортасында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын айқындады [5, 45 б.].

Алдыңғы ғылыми зерттеулердің шолуын ескере отырып, біз инклюзивті білім беру жағдайында көркемдік білім беру саласындағы конвергентті технологиялар мәселесі зерттелмегеніне назар аудардық. Шетелдік ғылымда және тәжірибеде тетраэдрикалық тұжырымдаманы құрған, тетраэдрикалық тұжырымдаманың конвергентті технологиямен байланысының авторлары болып М.Роко мен В.Бэйнбридж саналады [6]. 90-жылдарын ортасында зерттеуші-ғалым М.Кастельс «жоғары интеграцияланған жүйеде нақты технологиялардың жинақталуының артуын, ескі оқшауланған технологиялық траекториялардың бір-бірінен айырмашылығы жоқтығын» атап өтті [6, 35 б.]. Ресейлік ғалымдар Д.Медведев пен В.Прайдтың [6] еңбектерінде «ғылым мен технология саласының арасындағы қарқынды әрекеттесу» көрсетілген.

Осылайша шет елдердегі конвергентті технология наноғылым, биотехнология және өмір туралы ғылым, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, когнитивті ғылым салаларының қызметінде зерттелген.

Зерттеу барысында конвергентті технологияны пайдалану қажеттілігін теориялық негіздеу, көркемөнер білімінің негізгі циклі конвергентті технологияның ерекшелігін ашу, көркемөнер біліміндегі конвергентті технологияның функционалды компонентін тарату моделін жасау, көркемөнер біліміндегі болашақ педагогтардың ерекше білімді қажет ететін мектеп оқушыларымен жұмыс жасауға дайындығы ерекшелігінің қалыптасуын көрсету, тәжірибиелік апробация өткізу және көркемөнер білімінің тәжірибесіндегі ерекшеліктерді зерттеу, ерекше білімді қажет ететін студенттерге көркемдік білім беру Тұжырымдамасын құру, болашақ педагогтардың кәсіби қызметін толықтыратын, когнитивті технологиямен танысуына мүмкіндік тудыратын, оқушылармен жұмыс жасауда дағды мен білікке білім беру қажеттілігінде ерекше білімді қажет ететін студенттерге көркемдік білімнің циклі бойынша элективті курстың бағдарламасын жасау және оқу-әдістемелік құралын шығару жоспарланған. Оқу құралы теориялық материалдармен бірге ұсынылатын ақпаратты меңгеру үшін әдістемелік нұсқаулықтарды да қамтиды [7, 78-85 бб.].

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға білікті көмек көрсету, оларға жоғары сапалы білім қызметін қазіргі заманғы инновациялық технологияларды меңгерген, көркемдік білім беруде мақсатты түрде дайындалған мамандар қатары ғана қамтамасыз етуі мүмкін. Жобаны табысты жетілдіру ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасауда көркемдік білім беретін жоғары білікті мамандарды даярлауға және конвергенттік технологияны қолдануға байланысты республикадағы жоғары білім жүйесінің әртүрлі аспектілеріне әсер ететінін көрсетеді.

Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінде инклюзивті жағдайда мамандарды даярлаудың басым бағыттарының бірі көркемдік білім беру саласында ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс істеудің конвергентті технологияларын дамыту болып табылады. Бұл процестің мазмұнында маңызды рөл атқаратын оқытушылардың қажетті кәсіби дайындықтарының болмауы, ең алдымен көркемдік білім беру саласындағы педагогикалық құзыреттілік, сонымен қатар қайшылықтар да кездеседі:

– университетте болашақ педагогтарды кәсіптік даярлауда қалыптасқан дәстүрлі жүйемен және ерекше білімді қажет ететін оқушыларды инклюзивті оқыту үшін көркемөнер мамандығы бойынша мамандарды кәсіби даярлау үшін конвергентті технологияларды дамыту қажеттілігі;

– білімді қажет ететін оқушыларды оқытуға дайын, конвергенттік технологияларды меңгерген, көркемдік білім беру мұғалімдерінің мектептердегі қажеттілігі және университет түлектерінің қол жетімсіздігі.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін барлық іс-шаралар жүргізілуде (ҚР БҒМ «Ақпараттық-аналитикалық орталық» АҚ (ерте дамудың концептуалды негіздері), «Ерте жастағы балаларға инклюзивті білім беру» бөлімі) «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ (Инклюзивті білім беру кафедрасы жұмыс жасайды), ҚБҚ «Открытая школа» («Инклюзивті білім беру» журналы және сайт ашылған) «Кенес» орталығы, ҚҚ «Ашық әлім» (аутист балалармен жұмыс жасау үшін ресурс бөлмелері бар), Мүгедек балалар қоғамы және т.б.), республикада осы жоба аясында алғашқы рет ұсынылған:

– ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көркемдік білім беруде (сөздік, музыкалық, бейнелеу) конвергентті технологияларды қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау;

– ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көркемдік білім беруге оқытудағы (сөздік, музыкалық, бейнелеу) конвергентті технологиялардың негізгі циклдарын жасау;

– ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көркемдік білім берудің конвергентті технологияларының функционалды компоненттерін енгізудің моделін жасау;

- ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқытуға болашақ мұғалімдердің дайындығын қалыптастырудың ерекшеліктерін анықтау;
- тәжірибелі апробация өткізу және ерекше білімді қажет ететін оқушылардың көркемдік білім беру тәжірибесін зерттеу;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылардың көркемдік білім беру орталығының тұжырымдамасын жасау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылардың көркемдік білім беру циклі бойынша элективті курс бағдарламасын жасау.

Жобаның тәжірибелік құндылығы, конвергентті технологияларды пайдалана отырып, ерекше білімді қажет ететін оқушыларды оқыту үшін көркемөнер пәнінің мұғалімдерін оқытудың тиімділігіне ықпал етеді. Дайындалған және апробациядан өткен білім беру ресурстары жоғары, орта және қосымша кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінің оқу курстарының бағдарламасын және тәжірибесін дайындауда қолданылады.

Сондықтан оқытушыны көркемдік білім беруде шығармашылық процесіне тарту үшін жағдай жасау, өзін-өзі жетілдіруде жеке қызығушылығын қалыптастыру және көркемдік білім беретін мамандарды сапалы даярлаудағы жауапкершілік, дамыған жүйелі қолдау және оқытушыларды үздіксіз кәсіби дамытуға ынталандыру, оның педагогикалық құзыреттілігін дамыту, сонымен қатар ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді талап етеді.

Көптеген ата-аналар педагог уақыттарын үнемі «ерекше» балаларға жұмсайтындықтан, денсаулығы бар балаларға жеткіліксіз назар аударады деп уайымдайды. Алайда кәдімгі топтарға ерекше қажеттіліктері бар 3-4 баладан артық қосылмайды және педагог денсаулығы бар балаларға қанша уақыт бөлсе, оларға да сондай уақытын бөледі. Мамандар ата-аналарды өз баласымен ынтымақтастықтың психологиялық – педагогикалық технологияларына, оны түзете оқытудың және тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістеріне үйретеді, сондай-ақ оларға психологиялық қолдау көрсетеді [8].

Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады [9, 4 б.].

Білім беру жүйесінде қағидаттық өзгерістерді айқындай отырып, инклюзивті білім беруді дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады [9, 7 б.].

Инклюзивті бағдарламалардың жүйелілік қағидасы арнайы қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері мен түзетулерге талдау жасау, сондай-ақ түрлі сала мамандарының жан-жақты көпдеңгейлі ықылас-ықпалдары, аталған шараға білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының қатынасуын қамтамасыз етеді [9, 9 б.].

Осылайша жоғары білім беру жүйесінде оқу-әдістемелік кешендермен, оқу құралдармен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, интеграция шеңберінде конвергентті технологиямен көркемдік процестердің психология-педагогикалық технологиясын дайындау, курстық дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі, педагогтың психологиялық дайын еместігі мәселелері кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Феценко Т.С., Шестакова Л.А. Конвергентный подход в школьном образовании – новые возможности для будущего //Международный научно-исследовательский журнал. – 2017. – Вып. №11 (65). – С.159-165 [Электронды ресурс]: <https://research-journal.org/pedagogy/konvergentnyj-podxod-v-shkolnom-obrazovanii-novye-vozmozhnosti-dlya-budushhego/>.

2. Дюсекина М.К. Қазіргі мектепте – заманауи мұғалім //Өрлеу. Аймақтағы білім газеті: желілік басылым. – Караганда. – 13.06.2016 [Электронды ресурс]: <http://gazeta.orleu-krg.kz/mksh/133-obrazovanie/427-azirgi-mektepte-zamanaui-m-alim>.

3. Баксанский О.Е. Конвергентные технологии в контексте современной философии образования: Доклад. – Вологда: Педагогический институт ВоГУ [Электронды ресурс]: <http://pi.vogu35.ru/system-strategy-doklad-1>.

4. Черникова Д.В., Черникова И.В. Проблема природы человека в свете NBIC – технологий //Известия Томского политехнического университета, 2010. – Т.316. – № 6.

5. Алметов Н.Ш., Бекжанова С.Ж. Мектептегі инновациялар жағдайында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: болашақ педагог-психологты дайындау контексті //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы: Педагогикалық ғылымдары сериясы. – № 1(57), 2018. - 45-49 бб.

6. Прайд В., Медведев Д. Феномен NBIC – конвергенции. Правда и надежды / Философские науки, 2008. – № 1. – С.97-116.

7. Конвергентный подход как основа современного образования: <https://mcrkpo.ru/index.php?show=14218>.

8. Кожасова А. Ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарымен жұмыс [Электронды ресурс]: <https://oqu-bilim.kz/erекше-білімді-қажет-ететін-балалард/>

9. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 57 б. [Электронды ресурс]: <https://nao.kz/files/blogs/1488274886443.pdf>.

МРНТИ 14.29.05

С.М. Кеңесбаев¹, Ж.А. Айнабек²

¹п.ғ.д., профессор, «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы.

Алматы қ., Қазақстан

²магистрант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ДАМУЫНДА АУЫТҚУЫ БАР БАЛАЛАРҒА САБАҚ БАРЫСЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ішінде дамуында ауытқуы бар балалар өзіндік ерекше, аса үлкен мейірім мен көңілді қажет ететін, өздігімен жұмыс жасай алмайтын балалар тобына жатады. Мұндай балалардың қызығушылығын арттыру, ойын бөлу, ақыл-есін дамыту мақсатында сабақ өту барысында және сабақтан тыс уақыттарда психологиялық ойындар өткізу өте пайдалы және ол белгілі тұрғыда өз нәтижесін береді. Әсіресе жаратылыстану бағытындағы сабақтар кезінде бала ойын бөліп, бір қуаттандырып алса баланың сабаққа деген қызуғушылығы төмендемей, бір қарқында сабақты меңгеріп шығады. Психологиялық ойындар баланың өз ата-анасына, достарына, қоғамға керек екендігін сезіндіреді. Баланың жеке индивидуалды ойын қалыптастыруға көмектеседі, өз айын ашық айтып үйрене бастайды. Сабақ барысында психологиялық ойындарды қолдану баланың сабақтан жалығуына алып келмейтін бірден бір тәсіл болып табылады.

Түйін сөздер: дамуында ауытқуы бар балалар, психологиялық ойындар, дамыту, ойын, тапсырма, психолог, әдіс-тәсілдер.

Аннотация

Кенесбаев С.М.¹, Айнабек Ж.А.²

¹д.п.н., профессор, Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»,

г. Алматы, Казахстан

²магистрант, Казахский государственный женский педагогический университет,

г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИГР В ПРОЦЕССЕ УЧЕБЫ У ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Среди детей с ограниченными возможностями есть дети с отклонениями в развитии, которые не могут работать самостоятельно, но требующие большой доброты и внимания. Чтобы повысить их умственное

развитие и интерес к урокам, очень полезно проводить психологические игры во время уроков и после уроков которые дают определенные результаты. Особенно во время уроков естественного направления надо отвлечь и зарядить энергией, тогда интерес ребенка к уроку не уменьшается, а усиливается. Психологические игры дают детям чувствовать, что они нужны родителям, друзьям и обществу. Помогает формировать индивидуальное мышление и начинает учиться выражать свои мысли. Использование психологических упражнений во время урока является одним из приемлемых методов который помогает избежать от скуки во время уроков.

Ключевые слова: дети с отклонениями в развитии, психологические игры, развитие, игры, задания, методы.

Abstract

S.M. Kenesbaev¹, Ainabek Zh.D.²

*¹Dr. Sci. (Pedagogical), Professor, National Center for Advanced Training "Orleu"
Almaty, Kazakhstan*

*²Student of Mster's Programme, Kazakh State Women's Teachers Training University,
Almaty, Kazakhstan*

APPLICATION OF PEDAGOGICAL GAMES IN THE PROCESS OF STUDY IN CHILDREN WITH LIMITED OPPORTUNITIES

Among children with disabilities, there are children with developmental abnormalities that can not work independently, but require great attention and attention. To increase their mental development and interest in lessons, it is very useful to conduct psychological games during the lessons and after the lessons that yield certain results. Especially during the lessons of natural guidance should be distracted and energized, then the child's interest in the lesson does not decrease, but intensifies. Psychological games give children the feeling that they are needed by parents, friends and society. Helps to form individual thinking and begins to learn to express their thoughts. Using psychological exercises during the lesson is one of the acceptable methods that helps to avoid boredom during the lessons.

Key words: children with developmental disabilities, psychological games, development, games, tasks, methods.

XX ғасырдың басында неміс педагог-дефектологы П.Шуманның «бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» деген асыл сөзінен даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу өте қиын екенін рас. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім білік дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына мынадай міндеттер қойылады.

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау.
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою
3. Сабақты жүйелі жоспарлау

Дамуында әр түрлі кемшіліктері бар балаларды арнайы оқытуға деген сұраныс, әсіресе олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Оқыту үрдісінде мұндай балаларға оқу материалын меңгерту үшін арнайы мектептер мен мекемелерде арнайы білім берудің мазмұны мен әдістерін жасау және оны негіздеу қажет.

Әсіресе ауылдық жерлерде туа біткен, сонымен қатар еліміздегі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуынан, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулар салдарынан, мектепке бару бақыты бұйырмаған балалар бар. Осы балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтап, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге мектеп психологтары аз да болса үлестерін қосып алдарына мақсат етіп келеді. Әр психолог үйден оқитын балаға барғанда біріншіден баланың көңіл күйіне қарап, динамикалық бақылау күнделігін жүргізіп отырады. Баланы мектепшілік іс-шараға қатыстырады немесе көрермен ретінде көруге шақырады. Екіншіден баланың үйіне

барғанда ата-анасымен сөйлеседі, пікірлеседі, кеңес беріп отырады. Тек қана баланың өзімен жұмыс жасағаннан көрі ата-анасымен қосылып, жұмыс жасаған балаға қатты ұнайды. Ол үшін үйден оқитын оқушының отбасылық әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, балаға ешқандай қиыншылық туғызбайтын өз іс-тәжірибемде қолданып жүрген, ата-анасымен бірлесе жүргізген, баланың өзіне арналған коррекциялық ойындарды ұсынамын. Әрбір мұғалім жеке балаға сабақ бергенде сабағына қолдануға болады.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Олар ойланады.

2. Эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады.

3. Ұжымдық сезімі қалыптасады.

4. Ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

Менің және анамның қолы.

Мақсаты: Ең алдымен дене және эмоционалды есте сақтауға сүйене отырып, қатысушылардың дене сызбасы туралы түсініктерін нығайту. Сол жұпта дене деңгейіндегі өзара қарым-қатынасқа әсерлену, қайта жасау; ата-аналардың осы тәжірибені сезіну. Бала-ата-ана жұптарына бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрып және Мұғалімнің айтқанын орындау ұсынылады. Психолог тізбекті түрде келесілерді ұсынады:

1. Бір-бірлерімен сұқ саусақтарымен «Сәлемдесу»

2. Шынтақтарымен бір-бірлерінің шынтақтарын сипалау.

3. Ортаңғы саусақтар көмегімен күш сынасу.

4. Серіктестің біреуі алақанымен екінші қатысушының бармағын ұстап тұру қажет. Содан кейін орындарын ауыстыру

5. Бір-бірлерімен шынтақпен қоштасу.

Сабақта жаттығу тек сол қолмен орындалады. Үй тапсырмасы ретінде қатысушыларға тура осыны қарама-қарсы саусақтармен жасау ұсынылады.

«Ия-жоқ» өзін қабылдауға арналған жаттығу.

Баланың өзімен жүргізілетін жұмыс түрлері

Жағымды ойлауға үйрену. Жақсы нәрсе туралы ойлап, соны күту, соған сену. Өз ойында үйлесімділік пен тепе-теңдікті құра отырып, біз де соны өмірден таба бастаймыз.

Өзің туралы жағымсыз ойлардан құтылу.

Сіздің саналы түрдегі Өзіңізді мейлінше жақсы емеспін деген сеніміңіз, сіздің іс-әрекетіңіз бен қылықтарыңызды басқарады да, әрдайым ол өмірде көрініс береді.

Өзіңді сүй. Біз өзімізді бар жанымызбен сүйіп және өзімізді құрметтесек, сонда өз іс-әрекеттеріміз бен қылықтарымызды қоштаймыз, біз адамдармен ең ғажап қарым-қатынас тудыра алатындай, жаңа қызықты жұмыс табуға мүмкіндік беретіндей, дене салмағымызды тұрақтандыра алатындай, денсаулығымызды нығайта алатындай етіп ақылымызды нақты ұйымдастыруды құрамыз. Өзіңді қабылдау және өзіңді қоштау – бұл жағымды өмірлік өзгерістер жасаудың кілті.

Өзіңді неғұрлым азырақ сынауға тырыс. Сын біз құтылуға тырысып жатқан сол ой бейнелеріне тоқтау сап қояды.

Өз жеткен биігіңізді өзіңіз теріске шығармаңыз және басқалардың теріске шығаруына жол бермеңіз. Мұны балалар керемет орындайды. Өмірдегі бар жақсы нәрсе өзіңнің сыртқы “Меннен” айырмашылығы болатын ішкі “Менді” қабылдаудан басталады. Біздің жүрегімізде барлық планетаны емдеп жазарлық махаббат жетерлік екенін ұмытпаңыздар.

Өз бойыңыздан жақсы қасиеттерді іздеңіз. Осыдан сіздің өміріңізде айтарлықтай прогресс басталады. “Мен өзімдегінің бәрін қолдаймын” деген жаттығу бар. Сіз мұны неғұрлым көбірек айтсаңыз, соғұрлым жақсы болады.

Басқалардың сіз туралы айтқанына көп көңіл бөлмеңіз. Әр адам – қайталанбас және ерекше. Біз осы планетаға біреуге ұқсау үшін емес, өзімізді көрсету, жеткізе білу үшін келгенбіз.

Қарым-қатынасты дамытуға арналған жаттығулар

“Бет-әлпетті еске сақтау” Өзінді қоршаған адамдардың бет-әлпетін сақтауға дағдылан. Қарап ал да, көзіңді жұм, көргеніңді түгелдей еске түсір. Толық еске түсіруге қиналсан, қайта қара. Осылайша бірнеше рет қайтала.

“Ол қалай күледі?” Бет жүзіне қарап, адамның қалайша күлетінін, жылайтынын көз алдыға елестет. Өзінің жақсы көргенін, сүйіспеншілігін, махабатын қалай білдіреді? Абыржып, сасқан кезде қандай? Ол қулана ма, әлде сығылып, құтылып шыға ма? Қалай дәрекілік көрсетеді? Ұрсыса ма? Өкпелегенде қандай? Ол бұрын қалай көрінетін еді? Кейін қандай болады?

“Мен басқалардың көзімен” Әр түрлі жағдаяттарда және әр түрлі адамдармен өзіңнің әңгімелесушінің көзімен қарағанда қалай көрінетінін елестуге тырыс. Сен қалай әсер етесің? Ол сен туралы не ойлайды?

“Өзінді бағалау” Неғұрлым бағалаушы болудан гөрі, бағаланушы болған жөн. Айналаңдағылар сенен не күтеді? Оған сенімен жақсы ма? Нгер біреу қателік жіберсе, сол қателікке емес, оған өзіңнің реакцияңды қалай болатынына назар аудар.

“Көңіл-күйге ортақтасу” Жеке тақырыпта әңгімелесе отырып, өзіңмен әңгімелесушіні ұқыпты тыңдауға тырыс. Егер ол саған көңіл сырын сеніп ашса, өзіңдікің айтып жарыспа, бөліп тастама, көңіл-күйіне ортақтас, өзіңді оның орынына қойып көр.

“Қоштау” Балаларға көз салып қара, олардың іс-әрекеттерін бақыла, оны қоштау мүмкіндіктерін жіберме.

“Күлкі” Бет-жүзінде әрдайым күлкінің табы тұруын, жылы кейіпті, мейірімді жүзді, ақжарқын қалрыңды сақтауға үйрен. Күлкің келмесе де, оған әруақытта дайын бол. Әрдайым ішкі дүниен күліп тұрғаны жөн.

“Саған аманшылық тілеймін” Кез-келген адаммен кездескен кезде алғашқы сөзің (ішкі тілегің) “Саған аманшылық тілеймін” болуы керек. Мұны оған бар жан-жүрегіңмен сыйла! Егер сен біреумен дау-жанжалға түсіп, ұрсысып қалатын болсаң, “Саған аманшылық тілеймін” дегенді дереу есіңе түсіріп, қайталайтын бол.

“Жаңа түрге ену” Өзінді басқа адамның орнында сезініп көр. Сен – ол екенін көз алдыға елестет. Оның сырт келбетін тауып ал, оның ішкі әлеміне аз-маз еніп байқа. Оның жүріс-тұрысын, мимикасын, қозғалыстарын салып көр. Жаңа түрге түс, оның сезімдері мен ойларымен астасып өмір сүруге тырыс.

“Нажағай қауіп жоқ” Өзіңнің жағымсыз эмоцияңды тежеуге тырыс. Саған оны тежеу қандай қиын болса, айналаңдағыларға оны бастан кешіру сондай қиын. Ұрысысып-керіспеуді, күнкілдеп-жыламауды үйрен. Бір апта бойы барлығын кешіруге, бәрін түсінуге, ешкімді сынамауға, ескерту айтпауға, кінәламауға тырыс. Мүмкін одан да ұзағырақ осылай істерсің?

“Мен – ғажапшын!” Әр адам өзіне қаншалықты баға берсе, соған соншалықты лайықты болады. Тұлға ретінде қалыптасуың үшін өзіңді, өмірлік іс-әрекетіңді лайықты бағалай білуің керек. Өзіңе арнап неғұрлым жақсы, жағымды, жылы сөздерді көбірек айту керек. Өзіңді-өзің дұрыс бағалағаның жөн.

Әр адамның өзіне арнаған жақсы, жағымды қолдау, мадақтау, мақтау сөздері болуы тиіс.

Мысалы:

- Мен осы өмірге келуіммен кереметпін.
- Мен сияқты бұл өмірде ешкім де болған емес, болмайды да.
- Мен ғажапшын, мен кереметпін.
- Менің күш-жігерім көп, денсаулығым мықты.
- Мен өмірді сүйемін, өмір мені аялайды.
- Мен тамаша жанмын.
- Мен мейірімді, жылы жүректі адаммын.
- Мен сабырлымын, салмақтымын.

Ойыңдар түрлері

«Кімде қандай қасиет бар»

Малдың түрі бейнеленген карточкаға бала оның қасиетін көрсететін сөз жазылған басқа карточканы таңдап алады. Мысалы, ит және иесіне берілгендік, түлкі және айлакерлік, түйе және тәкаппарлық және т.б.

«Өзің жалғастыр...»

Мақсат сабаққа кешіккенін енді ғана ұқты...

Айнұр досын ренжітіп алғандай болды...

Оспан ағасына бір нәрсені айтуды ұмытып кетті...

Әңгімелерді одан әрі жалғастырып, өз бетінше аяқтауын тапсырып, соңынан баланың ойын талқылауға болады.

«Түспен ажырату»

Ойынның мақсаты: адамның мінез-құқық баяумен көрсетіп, жағымды, жақтарын түспен ажырату.

Мұғалім: балаға адамның қасиеттерін кемпірқосақ тәрізді етіп бояуды тапсырады. Қандай қасиетті қай түспен бояуды баланың өзі шешеді. Ойын соңында адамның мінез-құлқын көрсету үшін қай түсті неге таңдағанын өзі түсіндіріп береді.

«Баға беру»

Ойын тапсырмаға қорытынды жасап, баға беруге негізделген.

Мұғалім баладан портретке немесе суретке қарап, ондағы адамдардың мінез-құлқын, қасиеттерін ажыратып беруді тапсырады. Балалар ойын жинақтау үшін баяу музыка қойылып, белгілі бір уақыт беріледі.

Бұл ойын баланың адамды тани білуіне, келбетіне қарап, мінез-құлқын ажырата білуіне көмектеседі.

Ойын-пантомима

Бұл ойын баланың мінез-құлықты эмоция арқылы танып білуін көздейді.

Мысалы, балаға түрлі мимикамен түсіндірілетін түрлі тапсырмалар беріледі:

- ауырған, немесе шаршаған шешесін баласы қалай аялайды;

- оқушы қартты жолдан қалай өткізу керек;

- әжесінің алдында бала өз кінәсін қалай жуып-шаяды;

- ренжіскен екі дос бір-бірімен қалай татуласарын білмейді.

Достарының көмегімен музыканың сүйемелдеуімен өздері құрастырған сюжетті көрсетеді.

Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастарады.

Ойын «Өз есімінді ерекше ата»

Адамның есімі-оның бетке ұстар құралы. Біздің есімдеріміз өмір бойы бізбен бірге, олар біздің мінезімізге, сезімдеріміз бен ойымызға өз ізін қалдырады.

Кәнеки, өзіміздің есімімізді еркелей әрі ардақтап айтып көрейік. Жаттығып алайық.

Мұғалім баланы ортаға шақырады. Бала өз есімін атаған кезде қандай сезімде болғанын сұрауға немесе осы айтқандарын қағаз бетіне түсіруіне болады.

Құрметті ұстаздар, «Әрбір бала-бір жұлдыз, жарқырауына көмектес!» қағидасын бекем ұстанайық.. Өздері кемтар болып келген баланың көңіліне кірбің түсірмейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ломова Б.В., Забродина Ю.М., «Человеческая память и процесс обучения». «Прогресс». 1979.

2 Смирнов М.Н., «Проблемы психологии памяти». – Москва: «Просвещение», 19967. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы». – Астана, 2010 ж

3 Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. 1998. – 208 б.

4 Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002 ж. №343 заңы.

УДК 376.433
МРНТИ 14.29.33

Ингайбекова Т.А.¹

¹докторант 2 курса по специальности 6D010500 – Дефектология, КазНПУ им. Абая
Институт педагогики и психологии
г. Алматы, Казахстан

**АКТУАЛЬНОСТЬ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ
С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА**

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические аспекты проблемы развития социально-коммуникативных навыков детей с нарушениями интеллекта. Показаны основные характеристики детей с нарушениями интеллекта как объекта исследования, описаны особенности их протекания. Теоретический анализ литературы проблемы показал, что коммуникативные умения охватывают всю сферу построения процесса речевого взаимодействия, на современном этапе определенную значимость приобретают характеристики условий развития ребенка. В работе также определены некоторые особенности организации психолого-педагогической деятельности с детьми с нарушениями интеллекта.

Ключевые слова: коммуникативная деятельность, коммуникативные навыки, речевые особенности, интеллект, интеллектуальные нарушения, познание, психическая деятельность, форма общения, младший школьный возраст, деятельностная парадигма, ценности и др.

Аңдатпа

Т.А. Ингайбекова¹

¹6D010500 – Дефектология мамандығының 2 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институты. Алматы қаласы, Қазақстан

**ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-КОММУНИКАТИВТІ
ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Мақалада зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік-коммуникативті дағдыларының дамуының теориялық аспектілері қарастырылады. Зерттеу объектісі ретінде зияты зақымдалған балалардың негізгі сипаттамалары, олардың даму ерекшеліктері көрсетілді. Әдебиеттердің теориялық талдауы коммуникативті дағдылар сөйлеудің өзара әрекетесу үдірісін құрудың барлық сферасын қамтитының көрсетеді және қазіргі кезеңде баланың дамуының жағдайы белгілі бір мән беретіні айтылады. Сонымен қатар, зияты зақымдалған балалардың психолого-педагогикалық қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері анықталған.

Түйін сөздер: коммуникативті іс-әрекет, коммуникативті дағдылар, сөйлеу ерекшеліктері, интеллект (зияты), зияты зақымдалған, тану, психикалық іс-әрекет, қарым-қатынас түрлері, кіші мектеп жасы, іс-әрекет парадигмасы, құндылық және т.б.

Abstract

T.A. Ingaibekova¹

¹2nd year doctoral student, specialty 6D010500 – Defectology. Kazakh National Pedagogical University Abai. Institute of Pedagogy and Psychology. Almaty, Kazakhstan

**ACTUALITY OF DEVELOPMENT OF SOCIO – COMMUNICATIVE SKILLS OF CHILDREN
WITH INTELLECTUAL DISORDERS**

The article deals with theoretical aspects of the problem of development of social and communicative skills of children with intellectual disabilities. The main characteristics of children with intellectual disabilities were taken as the object of study, also describes the features of their flow. A theoretical analysis of the literature of the problem showed, that communicative skills cover the whole sphere of constructing the process of speech interaction and at the present stage, the characteristics of the child's developmental conditions acquire certain significance. The article also identifies some features of the organization of psychological and pedagogical activity with children with intellectual disabilities.

Key words: communicative activity, communicative skills, speech characteristics, intellect, intellectual disorders, cognition, mental activity, form of communication, junior school age, activity paradigm, values, etc.

Одной из задач современного общества становится необходимость социализации ребенка с интеллектуальными нарушениями в общество и обеспечение условий для дальнейшего самостоятельного развития в нем. Согласно статье 31 Закон РК. О правах ребенка в РК:

1. Ребенок-инвалид имеет равные со здоровыми детьми права на полноценную жизнь в условиях, обеспечивающих его достоинство, способствующих активному включению в жизнь общества.

2. Ребенок-инвалид вправе получить образование, соответствующее его физическим, умственным способностям и желаниям, выбрать род деятельности и профессию, участвовать в творческой и общественной деятельности. [1]

Адаптация к социуму, процессы интеграции, инклюзии зависят не только от приобретения определенных знаний по общеобразовательным предметам и профессионально-трудовой деятельности, но и от уровня сформированности коммуникативных навыков.

Социально-коммуникативные навыки особенно значимы в младшем школьном возрасте в связи с тем, что именно в этот период усваиваются правила и нормы общения, которым будет следовать ребенок независимо от складывающихся обстоятельств (А.В. Мудрик (2001), Н.В. Цукерман (1980)). Характер речевого и экспрессивного общения определит меру самостоятельности и степень свободы ребенка среди других людей в течение всей его жизни. [2]

Как известно, личностью человек становится в процессе деятельности, в общении с другими людьми и это определяет его содержание и ценность.

Речь как средство познания и общения, служит важнейшим инструментом социализации учащихся, необходимым условием успешности учебной деятельности и социально-личностного развития [3, с. 39; 4, с. 36].

Проблема развития социально-коммуникативных навыков у детей младшего школьного возраста особенно значима в связи с переходом на новый возрастной этап, характеризуемый необходимостью овладения ребенком новым видом ведущей учебной деятельности. Новый возрастной этап повышает требования предъявляемые ребенку, как со стороны его ближайшего окружения, так и социума. Статус школьника характеризуется не только получением ребенком новых прав, но и необходимостью выполнения обязанностей обучающегося. Реализация новых требований и вхождение в мир социальных отношений сопровождаются определенными трудностями для ребенка с нормальным интеллектом, и еще более существенны для ребенка, имеющего нарушения интеллекта.

В исследованиях В.А. Вярнен (1971), Д.И. Намазбаева (1986), Л.Ю. Шамко (1994) и др. отмечено существование возможности овладения детьми с интеллектуальными нарушениями элементами общения, которые могут обеспечить определенные условия адаптации ребёнка в социуме. Вместе с тем, в настоящее время развитие социально-коммуникативных навыков детей с интеллектуальными нарушениями все еще являются темой обсуждения. Анализ данных, представленных в литературе, зачастую носит констатирующий характер, а сами исследования подводят к очередной мысли целесообразности рассмотрения проблемы в современных условиях развития общества. Следует отметить, отсутствие исследований в заданном направлении, проведенных непосредственно в Республике Казахстан.

Обзор материала, выполненного в этом направлении, позволяет выделить ряд существенных характеристик ребенка с интеллектуальными нарушениями, в частности, общее недоразвитием всех компонентов психического и физического развития ребенка (О.К. Агавелян, Р.И. Лалаева, Е.И. Разуван, Е.Ф. Собонович и др.). Дети с интеллектуальным нарушением характеризуются наличием диффузного органического поражения коры головного мозга, которое проявляется в недоразвитии всей познавательной деятельности и эмоционально-волевой сферы ребенка. Морфологические изменения, с различной интенсивностью, захватывают многие участки коры головного мозга, нарушают их строение и функции. [4]

Нарушение интеллекта влечет за собой неравномерное изменение у ребенка различных сторон психической деятельности (Ж.И. Намазбаева (1986)). Особенности психической деятельности детей с нарушением интеллекта носят стойкий характер, поскольку являются результатом органических поражений на разных этапах развития (генетические, внутриутробные, во время родов, постнатальные).

Исследования В.И. Лубовского (1994) показали, что у детей с нарушением интеллекта имеются грубые изменения в условно-рефлекторной деятельности, разбалансированность процессов возбуждения и торможения, а также нарушения взаимодействия сигнальных систем. Такие изменения становятся физиологической основой для аномального психического развития ребенка, включая процессы познания, эмоции, волю, личность в целом. Интеллектуально отстающие дети меньше, чем их нормальные сверстники, испытывают потребность в познании. Так, при интеллектуальном недоразвитии дефектной является основа познания – восприятие. Определенные деформации претерпевают и другие психические познавательные процессы: память, внимание, мышление, воображение и речь. Так, со сниженной активностью мыслительных процессов и слабой регулирующей ролью, формируется не критичность мышления, невозможность самостоятельно оценить свою работу. Интеллектуально неразвитым детям

свойственно выполнять задание не дослушав инструкции, не поняв цели задания, без внутреннего плана действия. Как отмечали Л.В. Занков (1951) и В.Г. Петров (2004), у них наблюдается непонимания логики событий, трудности в сохранения и последующем воспроизведении словесного материала. Опосредствованная смысловая память слабо развита, им присуще проявление эпизодической забывчивости, которая чаще всего обусловлена переутомлением нервной системы из-за общей ее слабости.

По данным Г.Х. Юсуповой, Т.Н. Волковской (2004) нарушения развития внимания проявляются в малой устойчивости, трудности распределения, замедленной переключаемости. При олигофрении, по И.Л. Баскаковой, сильно страдает произвольное внимание, которое влияет на формирование произвольного, которое в процессе обучения проявляется в неспособности сосредоточиться на каком-то одном объекте или одном виде деятельности. На этом фоне, параметры фрагментарности, схематичности и неточности приобретает воображение. В целом, эти особенности развития проявляются в снижении активности во всех видах деятельности.

По мнению И.А. Емельяновой, отклонения в ходе онтогенетического развития значительно препятствуют своевременному и полноценному развитию речевого общения. [5]. У детей с интеллектуальными нарушениями, уже на первом году жизни, наиболее выражены, коммуникативные нарушения (Д.И. Аугене, Л.С. Выготский, О.П. Гаврилушкина, А.А. Катаева, Е.А. Стребелева, Л.М. Шипицына и др.).

Исследователи считают, что недостатки речевой деятельности обусловлены нарушением взаимодействия между первой и второй сигнальными системами.

М.Ф. Гнездилов (1990), В.Г. Петрова (2004) отметили, что дети с нарушением интеллекта страдают недоразвитием всех сторон речи как фонетической, лексической, грамматической. Нарушения проявляются в звуко-буквенном анализе и синтезе слова, восприятии и понимании речи, а также наблюдаются различные виды расстройств письма, овладения техникой чтения, снижена потребность в речевом общении. [6]

Речь младшего школьника с интеллектуальным недоразвитием, по мнению В. Г. Петровой, неспособна к качественному обеспечению коммуникативной функции и полноценному развитию навыков общения. Для младших школьников с нарушением интеллекта характерно проявление речевого негативизма, безынициативности, замкнутости, наличие штампов и стереотипов в использовании одних и тех же коммуникативных речевых стратегий. Ученый считает, что недоразвитие эмоционально-волевой сферы младших школьников с интеллектуальными нарушениями приводит к неспособности адекватно проявлять себя в социальных контактах с окружающими людьми. Эмоции этих детей характеризуются определенной бедностью, недостаточной дифференцированностью, нестабильностью и резкими перепадами в настроении, которые носят негативный характер. [7]

Эти данные находят подтверждение в исследованиях В.А. Вярнен (1971), Л.И. Даргевичене (1971), Н.Л. Коломинского (1978), Ж.И. Намазбаевой (1986), О.К. Агавелян (1989), которые отмечают, что наличие интеллектуального дефекта у младших школьников негативно влияет на развитие межличностного общения, формирование представлений об окружающих людях и установления контактов с ними. Особые трудности для младших школьников с интеллектуальными нарушениями представляет необходимость понять интересы партнера по коммуникативному взаимодействию [8].

Исследователи Г.Х. Юсупова, Т.Н. Волковская (2004) указали, что дети с интеллектуальными нарушениями чаще имеют неадекватную самооценку, пониженную самокритичность и критичность, слабость волевых процессов, отсюда склонность к агрессивному и конфликтному поведению. [8] В то же время исследователи отмечают, что большинство детей приобретают способность использовать речь в повседневных целях, могут поддерживать беседу, их речь маловыразительна, бедна, с паузами, зачастую сопровождается неправильными ударениями, аграмматизмами и заиканием.

Вместе с тем, согласно экспериментальным исследованиям психические процессы имеют разную природу развития – от, резко несформированных, до, относительно сохранных. В определенной степени такие различия обусловлены индивидуальными особенностями детей, обнаруживающимися и в познавательной деятельности, и в личной сфере.

Принципиальную возможность формирования навыков делового общения у старших школьников с нарушением интеллекта впервые были представлены в работе Ж.И. Намазбаевой (1986). Исследователями Ж.И. Намазбаевой (1986), а позже В.И. Лубовским (1994) показана возможность положительной динамики в развитии детей с нарушением интеллекта при правильно организованном врачебно-педагогическом воздействии в условиях специальных (коррекционных) учреждений. [9]

Вместе с тем, организация коррекционных мероприятий побуждает определения базовых положений развития коммуникативных навыков в работе с детьми, имеющими интеллектуальные нарушения.

В настоящее время известна интегративная модель общения (Г.М. Андреева, Я.Л. Коломинский, А.В. Петровский), согласно которой, выделены следующие функции: коммуникативная (обмен информацией), интерактивная (взаимодействие партнеров) и перцептивная (восприятие и взаимопонимание человеком человека). В этом подходе процесс общения рассматривается с позиции деятельностной парадигмы (В.М. Гальперин, А.Н. Леонтьев, М.И. Лисина) [10]. При этом, основным фактором коммуникативной деятельности выступают определенные коммуникативные умения и навыки, а их применение зависит от используемых средств общения. В этом случае коммуникативный навык выступает в качестве совокупности сформированных коммуникативных действий, которые могут характеризоваться определенным уровнем развития. Коммуникативные навыки включают в себя: навыки понимания обращенной к индивиду речи; навыки внешнего и внутреннего оформления высказываний (говорение – слушание) [7]. Немаловажное значение могут иметь эмоциональные выражения и правила нравственного поведения.

Анализ педагогических исследований, направленных на развитие коммуникативных навыков общения позволяет выделить некоторые основные подходы к изучению данной проблемы. Так, особенности развития общения рассматриваются: в системе отношений «учитель-ученик» Т.Н. Мальковская (1977), В.Я. Ляудис (1994), И.Л. Баскакова (1982); как фактор воспитания школьников А.В. Мудрик (2001); в аспекте формирования культуры и стиля педагогических контактов М.Ф. Гнездилов (1990), В.А. Кан-Калик, Н.Д. Никандров (1990); посредством выделения особенностей и способов разрешения педагогических конфликтов С.Я. Рубинштейн (1979); в рамках использования межличностного общения для активизации познавательной активности школьников Н.В. Клюева, Ю.В. Касаткина (1997), Е.В. Коротаева (2003); в качестве программы по коррекции общения школьников с пограничными нервно-психическими расстройствами Ю.С. Шевченко, В.П. Добридень (1998), по обучению школьников общению Ж.И. Шиф (1961). [4]

Определенный интерес представляют различные попытки создания комплексных подходов в изучении этой проблемы. В диссертационных исследованиях И.А. Емельяновой, О.А. Омаровой рассматриваются различные педагогические технологии и методики, направленные на развитие коммуникативной деятельности школьников с умственной отсталостью.

И.А. Емельянова считает, что для создания новых технологий необходимо выделить основные характеристики коммуникативных умений: осознавать внешние условия ситуации (говорить о своих намерениях, понимать специфику общения со знакомым и незнакомым человеком, ориентироваться в коммуникативной ситуации); планировать содержание акта общения (находить информацию, заинтересовывающую партнера, планировать ход общения, обосновывать целесообразность своих предложений, определять порядок и рациональные способы выполнения коммуникативных действий); выбирать и использовать вербальные и невербальные средства в соответствии с коммуникативной ситуацией (вступать в процесс общения, привлекать внимание собеседника к себе, употреблять слова и знаки вежливости, эмоционально выражать мысли, используя жесты, мимику, пантомимику); управлять процессом общения (раскрывать основную мысль, подчинять ей свое высказывание, пользоваться приемами достижения понимания: уточнить, задать вопрос; согласовывать действия, мнения с потребностями партнеров и корректировать их); оценивать результаты общения и соответственно изменять коммуникативное и речевое поведение (слышать партнера, адекватно понимать смысл его высказываний и действовать в соответствии с ними, оценивать эмоциональное поведение партнера, замечать изменения в состоянии и настроении партнера, определять по поведению, настроению, высказываниям правильность восприятия сообщения партнером). [5]

Эти характеристики, по мнению исследователя, позволят разработать содержание программы развития, определить практическое направление всей деятельности.

Ряд исследований ориентированы на развитие коммуникативных или речевых стратегий в процессе организации учебной деятельности, в частности как обучение навыкам общения во время уроков СБО. Развитие навыков делового общения в разрезе социально-бытовых ситуаций, по мнению исследователей, будет направлено на приобретение детьми готовых моделей поведения. В этом случае речь идет о формировании ключевых компетенций. В целом, стратегии формирования коммуникативных навыков ориентированы на сочетание различных технологий - игровых, практико-ориентированных или строго привязанных к определенным условиям взаимодействия.

В исследованиях Н.К. Усольцева (1996), З.С. Смелкова (1999) отмечено, что большинство первоклассников с нарушением интеллекта способны к избирательному общению с двумя одноклассниками, при этом, в круг предпочитаемых партнеров выбираются дети одного с ребенком пола и без выраженных неврологических нарушений. Основные трудности детей с интеллектуальными нарушениями, наблюдаются в выполнении совместных проектов, раскрашивания рисунков одинаковым способом, чаще всего, дети не вступают в контакт друг с другом и не вырабатывают совместный план выполнения действий. Конфликты учащихся протекают с максимальным обострением отношений, с выражением как вербальной, так и физической агрессии. [9]

Тем не менее, исследователи А.Р. Лурия, А.П. Конова, В.Г. Петрова, Г.М. Дульнев придерживались мнения, что коммуникативные способности у детей с нарушением интеллекта можно развивать по такому же пути, что и у нормальных, при этом отставание, следует рассматривать как влияние специфических, существенных особенностей. Более того, этот процесс имеет поступательный характер и способен внести качественные изменения в психическую деятельность детей.

Младшие школьники с нарушениями интеллекта имеют потенциальные возможности для развития коммуникативно-речевой сферы, которые приобретают значимость лишь в условиях правильной организации, учитывающей психофизические и речевые особенности детей, способствующие овладению навыками коммуникации.

Наиболее доступным для детей младшего школьного возраста с нарушением интеллекта является третья внеситуативно-познавательная форма общения. Познавательное общение тесно переплетается с игрой, которая для детей с нарушением интеллекта в начальной школе будет сочетаться с ведущим видом деятельности.

По мнению М.И. Лисиной, развитие умения общаться у детей младшего школьного возраста с нарушением интеллекта осуществляется посредством общения с учителем, с ближайшим окружением, которое должно включать систему ценностей, реально существующих в окружающей жизни, доступные для понимания и проверки их действительности самим ребенком. [10]

Определенную значимость в процессе организации деятельности с детьми с нарушениями интеллекта имеет параллельная работа с родителями. Эта работа должна быть ориентирована на формирование веры родителей в положительный исход мероприятия, развитие отношений союзников, соучастников деятельности. Еще одна сторона этого сотрудничества должна заключаться в соблюдении этических и этнических аспектов развития таких отношений.

Наряду с указанными направлениями деятельности, в работе с детьми, имеющими интеллектуальные нарушения, в современных условиях возникает необходимость учета технического развития общества и человека в целом. Современный человек имеет большую привязанность к гаджетам, чем к миру людей. Хотя, даже использование технических устройств современного времени, заключается в поддержании и развитии взаимодействия между людьми или является общением. Следовательно, успешная адаптация ребенка в социуме зависит от развития его коммуникативных умений, от способности адекватно реагировать в процессе общения, от умения соблюдать простейшие нормы речевого этикета.

Таким образом, рассмотренные выше теоретические аспекты проблемы развития социально-коммуникативных навыков детей с нарушениями интеллектуального развития побуждают отметить, что направление этих исследований имеет непосредственную значимость в современных условиях развития нашего общества.

Список использованной литературы:

1. Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года № 345-ІІ. О правах ребенка в Республике Казахстан (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.04.2016 г.)
2. Мудрик А.В. Общение в процессе воспитания. – Учебное пособие. – М., 2001. – 110 с.
3. Дмитриева Е.Е. Коммуникативно-личностное развитие детей дошкольного и младшего школьного возраста с легкими формами психического недоразвития: Дис. ... д-ра психол. наук: 19.00.10; Нижний Новгород. – 2005. – 411с; 71 05-19/61.
4. Омарова О.А. Формирование общения у умственно отсталых учащихся первых классов в условиях социально-психологического тренинга: Дис. ... канд-та психол. наук: 1999 – 175 с.
5. Емельянова И.А. Педагогическая технология формирования коммуникативных умений и навыков у младших школьников с нарушением интеллекта// Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук 13.00.03 - коррекционная педагогика (логопедия).- Екатеринбург, 2009.

6. Бетанова С. Развитие коммуникативных навыков детей младшего школьного возраста, имеющих легкую степень умственной отсталости // Электронный журнал «Вестник Московского государственного областного университета» www.evestnik-mgoi.ru: 2012/3/Соц. работа и соц. Педагогика.

7. Петрова В.Г. Психология умственно отсталых. – М.: Академия, 2004. – 160 с.

8. Борисова Е. С. Особенности и пути развития коммуникативных навыков младших школьников с нарушением интеллекта // Молодой ученый. – 2017. – №21. – С. 382-385. – URL <https://moluch.ru/archive/155/43748/> (дата обращения: 06.03.2018)

9. Якубовская Э.В. Особенности речевого развития учащихся 1 класса // Обучение и воспитание умственно отсталого ребенка/ Под ред. М.Н. Перовой. – М., 1997. – С. 15-26.

10. Основы специальной психологии. Учеб пособие [Текст] /Под. Ред. Л.В. Кузнецовой. – М.: «Академия», 2012.

УДК 376.02
МРНТИ 14.29.05

К.Ж. Туребаева¹, М.Н. Есенгулова², Н.Е. Бозгуланова³

¹п.э.д., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

²п.э.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

³педагогика магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ОҚУШЫЛАРДЫ КӘСІБИ ЕҢБЕККЕ БАУЛУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды кәсіпалды және кәсіби дайындау еліміздің экономикалық өсуіне ықпал етуі тиіс, олар мүмкіндігі шектелген жастарға дамып жатқан экономикада өз орнын табуға көмектеседі, жас адамдарға орта және жоғары оқу орындарында білім алуларына жол ашып, олардың өз мамандықтары бойынша әрі қарай жұмыс істеулеріне ықпалын тигізеді.

Мақалада қазіргі таңдағы еліміздегі мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың еңбекпен қамтылу көрсеткіштері мен оларды кәсіби еңбекке дайындау мәселелері, жүргізіліп отырған белді жұмыстар туралы мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, арнайы білім беру, еңбекке баулу, кәсіпалды даярлау.

Аннотация

Туребаева К.Ж.¹, Есенгулова М.Н.², Бозгуланова Н.Е.³

¹д.п.н., профессор, Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова,
г. Актюбе, Казахстан

²к.п.н., доцент, Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова,
г. Актюбе, Казахстан

³магистр педагогики, Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова,
г. Актюбе, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ТРУДОВОГО ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Профессиональная подготовка обучающихся с ограниченными возможностями и их будущее должна способствовать экономическому росту страны, которая поможет молодым людям с инвалидностью найти свое место в развивающейся экономике, помочь молодым людям получить доступ к среднему и высшему образованию и работать по своим специальностям. В данной статье рассмотрены проблемы профессиональной подготовки обучающихся с ограниченными возможностями и инвалидов. Проанализированы последние мероприятия которые были проведены с целью профессиональной подготовки лиц с ограниченными возможностями. В качестве предпрофессиональной подготовки были рекомендованы специальные методы профессионального воспитания.

Ключевые слова: учащиеся, специальное образование, трудовое обучение, предпрофессиональная подготовка.

Abstract

Turebayeva K.Zh.¹, Yessengulova M.N.², Bozgulanova N.Y.³

*¹d.p.s., professor, Aktobe regional state university named after K.Zhubanov,
Aktobe, Kazakhstan*

*²c.p.s., Aktobe regional state university named after K.Zhubanov,
Aktobe, Kazakhstan*

*³master of pedagogics, Aktobe regional state university named after K.Zhubanov,
Aktobe, Kazakhstan*

PROBLEMS OF VOCATIONAL TRAINING OF STUDENTS WITH DISABILITIES

The training of persons with disabilities should contribute to the economic growth of the country, which will help young people with disabilities find their place in the developing economy, help young people gain access to secondary and higher education and work in their specialties.

This article discusses the problems of professional training of disabled people and invalids. All the latest events which had been held with the aim of professional training of disabled people were analyzed. Special methods of professional education were recommended as the preprofessional training.

Key words: disabled students, special education, professional training, preprofessional training.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін көптеген бағдарламалар жасақталып, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның ішінде жұмыспен қамту маңызды мәселе болып табылады. Елбасымыз да өзінің соңғы Жолдауында осы мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты орынды мәселелер көтеріп, оларды жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлу керектігін қадап тапсырған болатын.

Әр түрлі адам қызметтерінің арасында еңбек маңызды орын алады, ол адамның рухани, адамгершілік, физикалық қабілеттерін дамытудың маңызды құралы ретінде қызмет етеді. Қоғамда тек еңбек тұлға қалыптастыруға жан-жақты әсер етуге септігін тигізеді, сонымен қатар, әлеуметтік прогресс факторы, қоғамдық байлықты құрушы, қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілі ретінде көрінеді. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби еңбекке даярлау әрбірінің тұлғалық қызығушылығына, бейімділігіне және қабілеттеріне сәйкес кәсіби қызметті еркін және саналы таңдау қабілеті мен мүмкіндігін қамтамасыз етудегі қоғамның, мемлекеттің және білім алушы тұлғасы қызығушылығын қанағаттандырумен түсіндіріледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша, елімізде еңбекпен қамтылған мүмкіндігі шектеулі тұлғалар санының 130 мыңға жуығы (48%) еңбек нарығында жұмыспен қамтылған [1]. Ақпараттарға сәйкес 610 000 (алты жүз он мың) мүгедектің ішіндегі 1300 адам әлеуметтік жұмыс орындарында еңбек етуде, 394 адамның тұрақты жұмыс орны бар, тағы 373 адам уақытша жұмыспен қамтылған. Мұндай жағдайға себеп болып білімі мен кәсіби даярлығының төмендігі, еңбек нарығында сұраныстың болмауы, бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі мен кірістердің аздығымен шартталады. Ал бұл, өз кезегінде әлеуметтік бөлектеуге, яғни тура немесе жанама кемсітушілікке алып келеді.

Аталмыш жағдай қазіргі қоғамның аса өзекті мәселелерінің бірі екендігі талас тудырмайды. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік пайдалы іс-әрекетке қосу қажеттігі туралы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің баяндамасында былайша тоқталып өткен болатын: «Негізгі көзқарас мемлекет қамқорлығы емес, осы азаматтардың өздеріне, әлеуметтік пайдалы еңбекте деген сенімге ие болуларына жағдай жасау».

Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды кәсіпалды және кәсіби дайындау ерекше мәнге ие. Ол маңызды экономикалық ресурс ретінде қарастырыла бастайды, өйткені оларға аса кең ауқымды білімділікпен әлеуметтік үстемдік береді және кәсіби білімділігін көтеруге, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды кәсіпалды және кәсіби дайындау еліміздің экономикалық өсуіне ықпал етуі тиіс, олар мүмкіндігі шектелген жастарға дамып жатқан экономикада өз орнын табуға көмектеседі, жас адамдарға орта және жоғары оқу орындарында білім алуларына жол ашып, олардың өз мамандықтары бойынша әрі қарай жұмыс істеулеріне ықпалын тигізеді.

Жергілікті атқарушы органдар мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды еңбекпен қамтуды мына жолмен қамтамасыз етеді:

- қызмет орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектерге жұмыс орындарынан квота бекіту;

- жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қосымша жұмыс орындарын құру;
- арнайы, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру;
- мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби оқыту ұйымдары.

Бірінші және екінші топтардағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді, ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы беріледі. Түнгі уақыттағы жұмысқа тек мүгедектік келісімімен, егер оның денсаулығына мұндай режим тиым салынбаса жіберіледі.

Еңбек келісім-шартын жасаудан, қызметте өсіруден бас тарту, басқа жұмысқа ауыстыру тек мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың келісімімен жүзеге асуы тиіс, егер халықты әлеуметтік қорғау саласындағы облыстағы өкілетті органның аймақтық бөлімшелерінің қорытындысы бойынша оның денсаулығы кәсіби міндеттерді атқаруға келмесе, денсаулығына қауіп келсе және өзге тұлғалардың еңбек қауіпсіздігіне қайша келсе жоғарыда аталған шаралар керісінше іске асады [2].

Мамандыққа даярлауды дамытудың негізгі бағыттарын анықтауда, Қазақстан Республикасы мен басқа елдердегі бар аталған даярлау тәжірибелеріне сүйену қажет. Қазіргі таңда Қазақстанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды жұмысқа орналастыру бойынша көптеген ауқымды қызметтер жүргізілуде. 2014 жылғы 1 сәуірден бастап жергілікті атқарушы органдар жұмыссыз мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әрбір облыс үшін арнайы әзірленген өңірлік жұмыспен қамту карталары арқылы жұмысқа орналастыра бастады. Өңірлік жұмыспен қамту карталарында Еңбекминінің орталықтандырылған дерекқорындағы ақпарат көрсетілген, онда белгілі бір облыста тұратын жұмысқа орналастырылған, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және де жұмыссыз мүмкіндіктері шектеулі адамдардың саны, сонымен қатар, олардың жынысы-жасы бойынша құрылымы, білім деңгейі, кәсіптік біліктілігі және де аурулардың түрлері туралы ақпарат бар. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жұмыспен қамту жөніндегі мониторинг тоқсан сайын Министрліктің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Елімізде тұңғыш рет мүмкіндігі шектелген тұлғаларды әлеуметтік қорғау мақсатында Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінде есту қабілеті зақымдалған адамдарды техникалық және экономикалық мамандықтарға оқыту ұйымдастырылды. Педагогикалық ұжымның басты міндеті - есту қабілеті зақымдалған әр баланың жеке мүмкіндіктерін дамыту болып табылады [3].

Қазіргі уақытта елімізде тауар өндіретін, жұмыстарды орындайтын, қызмет көрсететін мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдарды қолдау мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастырудың негізгі механизмдері болып отыр. Бүгінгі күні 33 – соқырлар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорны және 18 – саңыраулар қоғамы қызмет етуде, онда шамамен төрт мыңдай мүгедек жұмыс істейді. Семейде «Шуақты қала» атты мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды еңбекке баулу клубы ашылды. Бірнеше қоғамдық ұйым мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы үйірмелер ұйымдастырған. Қазір онда келушілер түрлі қолөнер бұйымдарын саз, ағаш, тері мен жүн сынды табиғи материалдардан жасауды үйренуде. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кәсіби еңбекке даярлауда маңызды бастама болған Орал ақпараттық технологиялар колледжін мысал ретінде келтіре аламыз. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы мен «Ел Барыс» қоғамдық қоры құрастырған «Білім» бастапқы жобасы аясында 2012-2013 оқу жылында Орал ақпараттық технологиялар колледжінің ұжымы алғаш рет «техник-бағдарламашы» мамандығына тірек-қимыл аппараты бұзылған 8 шәкірт қабылдады. Кәсіби дайындықпен қатар, колледж ұжымы тәрбиелік жұмыстар арқылы білім алушылардың жеке тұлғасының дамуына айрықша мән береді. Сонымен бірге 2013 жылдың шілде-тамыз айларында Алматы қаласында «Аржан» қоғамдық қоры орыс тілді мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін «Клуб Мобильных Студентов» атты жоба ұйымдастырды. Жоба «БОТА» қоғамдық қоры мен ҚМЭБИ қолдауымен жүзеге асырылды. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға дәрістер, барып оқытылатын сабақтар мен саяхаттарды қамтыған мамандыққа бағдарлау және әлеуметтендіру курсы тегін 2 ай жүргізілді. Сабақтарды әр түрлі саланың өкілдері (басқарушылар, кәсіпкерлер, маркетингтер, инженер-технологтар, бағдарламашылар, тілшілер, коучтер, дизайнерлер және т.б.), нақты саласында өздерінің жұмыстарының ерекшеліктерін баяндады. Сабақтар аяқталған соң, қатысушыларға тапсырмалар берілді. Тапсырмалардың орындалу нәтижесіне қарай, таңдаулы студенттерді компаниялар студенттік-өндірістік тәжірибе өтуге және жұмысқа шақырды. Курстың аяқталысымен мүгедек-студенттерге сертификаттар табысталды [4]. Бұл қазіргі таңда елімізде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға өмірде өз

орындарын табуға көмектесетін заманауи мамандықтарды игерулеріне мүмкіндіктер жасалу жағдайларының айқын көрсеткіші.

Айта кету қажет, статистикалық деректерге сүйенер болсақ, дамыған елдерде шамамен еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың 40%-ы жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік саясаттың қайта бағдарлауына байланысты, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қамқорлық көрсетуден, оларға толыққанды еңбектенуге, ақша табуға, баянды өмір сүрулеріне мүмкіндік беруге ауыстыру болып табылады. Ол үшін, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасында мамандыққа бағдарлау және мектеп кезеңінен бастап мүмкіндігі шектелген балаларды еңбекке баулу жүйесін жасау қажет. Бұл кезде, осы балалар оқи алатын, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды назарға алу керек.

Қазіргі заманғы еңбек нарығының жағдайын ескерер болсақ, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жалпы еңбек дайындығын және соның негізінде олардың кәсіби дайындығына немесе кәсіптік-техникалық білім алулары үшін жағдай жасауды көздейді. Арнайы мектептің 7-9 (10)-сыныптарында оқыту мақсаты білім алушылардың оқу-еңбек әрекеттерін дамыту мүмкіндіктерін іске асырудан, оларды бастапқы кәсіби дағдыларды алуға дайындықтан, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында немесе тікелей өндірісте оқытуға дайындықтан тұрады [5].

Арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін ұымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін зерттеу ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды кәсіби еңбекке оқыту бойынша оқу бағдарламаларына қойылатын бірқатар талаптарды белгілеуге мүмкіндік береді. Бағдарламалар төмендегідей мәселелерді есепке алуы керек:

– қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының заманауи сұраныстарына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту;

– оқу бағдарламасы оқытудың әр кезеңінде жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың психофизикалық даму заңдылықтарына, жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес болу;

– оқудың жеке траекториясын құру мен оқытудың табысты ортасын жасауға мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттау арқылы танымдық қабілеттері әр түрлі балалардың барлығы үшін қолжетімді білім беру;

– оқу-танымдық, практикалық және шығармашылық әрекетті қалыптастыру, әрекеттік компонентті (жобалық-зерттеушілік, рефлексивті және коммуникативті іскерліктерді меңгеру) күшейтуге бағдарлану;

– білім беру мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығы, ішкі және пәнаралық байланысты қалыптастыру;

– жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін қамқорлық, қорғау - педагогикалық тәртіпті қамтамасыз ететін білім берудің денсаулық сақтаушы қызметі;

– құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруға бағдарлануы, яғни мүмкіндігі шектеулі оқушылардың шынайы өмірде практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімін қолдануға қабілеті мен дайындығын қалыптастыру;

– еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықты алуға бағытталу және ақыл-ой кемістігі бар тұлғаларды жұмыспен қамту мүмкіндігі.

Жалпы алғанда, кәсіби еңбекке дайындықтың оқу бағдарламаларын жоғарыда аталған талаптар мен ұсыныстарды есепке ала отырып әзірлеу бұл бағдарламаларды арнайы мектеп жағдайында да, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін орта мектебі жағдайында да қолдануға ықпал етеді. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты Жолдауында: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл қоғам алдындағы біздің парызымыз» деп бұл мәселеге қоғам болып атсалысудың маңызына тоқталып, алдымызға үлкен міндеттер қойған болатын. Бүгінгі нарықтық экономика заманында әлеуметтік мәселелердің ішіндегі өзектісі – мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайы. Өлемдегі дамыған, бәсекелестікке қабілетті 30 елдің қатарына кіру жолында да мұның маңызды орын алаты сөзсіз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды еңбекке баулу- маңызды мәселе [Электрондық ресурс] https://baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-64352

2. [Электрондық ресурс] <http://egov.kz/cms/kk/articles/invalids>

3. Алматы мемлекеттік политехникалық колледж сайты [Электрондық ресурс] <http://web100kz.com/info/agpk.kz>

4. Мовкебаева З.А., Қапалова С.К. Қазақстан республикасындағы мүмкіндігі шектеулі тұлғалар мен мүгедектерді мамандыққа даярлау. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы, №1(36), 2014.

5. Арнайы білім беру ұйымдарының мүмкіндігі шектеулі оқушыларына арналған кәсіби еңбек оқу бағдарламаларына қойылатын талаптары. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 33 б.

МРНТИ 14.35.09

Ф.Б. Асилбаева¹

¹п. э.к, қауымдастырылған проф. м.а.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ. Қазақстан

ӨЗГЕРМЕЛІ СОЦИУМДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада өзгермелі социумдағы отбасы тәрбиесі қызметінің өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Отбасы тәрбиесінде отбасындағы эмоционалдық фон ата-аналар арасындағы қарым-қатынас, олардың бір-біріне және балаларына деген махаббат пен жылулықты қолдау қабілеті үлкен рөл атқарады. Тек махаббат пен өзара түсіністігі бар салауатты отбасыларда ғана толыққанды дамыған балалар, психикасы дұрыс және өмірге деген оң көзқарасы дамиды болады. Өйткені, отбасы әлеуметтік өзгерістерге аса сезімтал негізгі әлеуметтік құрылым болып табылады. Автордың ойынша, отбасы мүшелерінің жиі кездесуіне мүмкіндік жасайтын өзіндік дәстүрлерді қалыптастыру керек. Мұндай дәстүрлер өзін-өзі тануға, отбасының бір мүшесі ретінде орнығуға мүмкіндік тудырады және баланың отбасы тек тамақтанатын ғана орын емес, күйзелістермен бөлісетін, пікір алмасуға болатын, жаңа әсерлермен бөлісетін орта екенін түсінуде өзін-өзі бағалауын көтеруге септігін тигізеді. Мұның барлығы баланың тұлғасын қалыптастыруда және оның үйлесімді дамуында көрініс табады.

Жоғалған отбасылық құндылықтарды қайта жаңғырту қоғамдағы рухани жаңғыруға әкеледі, адамның отбасы болса оның сенімді тылы болады, оның бойында отбасына, балаларына қамқорлық көрсету үшін жұмыс істеу қажеттілігі пайда болады.

Түйін сөздер: өзгермелі социум, отбасы тәрбие, отбасылық құндылық, рухани жаңғыру.

Аннотация

Асилбаева Ф.Б.¹

¹к.п.н., и.о. ассоц.профессор

Казахский государственный педагогический университет
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИИ СЕМЕЙНОГО ВОСПИТАНИЯ В ИЗМЕНЯЮЩЕМСЯ СОЦИУМЕ

В статье рассматриваются особенности семейного воспитания в изменяющемся социуме. Огромную роль в семейном воспитании играет эмоциональный фон в семье, отношения между родителями, их умение поддержать любовь и теплоту к друг другу и детям. Только в здоровой семье где царит любовь и взаимопонимание могут вырасти полноценно развитые дети, со здоровой психикой и позитивным отношением к жизни. Потому что, семья является первичной и наиболее чувствительной к общественным изменениям социальной структурой.

По мнению автора, необходимо создать самопожертвование, позволяющее членам семьи часто встречаться. Такие традиции помогают самопознанию, становятся членами семьи и способствуют повышению самооценки в понимании того, что семья ребенка – это не единственная пища, которую можно разделить, но это общая среда, обмен опытом, обмен опытом с новыми впечатлениями. Все это отражается на формировании личности ребенка и его гармоничном развитии.

Возрождение утраченных семейных ценностей приводит к духовному возрождению в обществе, и доверие семьи заключается в том, что ему необходимо работать, чтобы заботиться о семье и детях.

Ключевые слова: изменяющийся социум, семейное воспитание, семейные ценности, духовное возрождение.

Abstract

F.B. Assilbayeva¹

*¹c.p.s., associate professor, Kazakh State Women's Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

FEATURES OF THE FUNCTION OF FAMILY EDUCATION IN A CHANGING SOCIETY

In article it is considered features of family education in changing society. According to the author a huge role in family education the emotional background in a family plays, the relations between parents, their ability to support love and warm the to each other and to children. Only the love and mutual understanding reigns in a healthy family where fully developed children, with healthy mentality and the positive relation to life can grow. The family is social structure primary and most sensitive to public changes.

According to the author, it is necessary to create a self-sacrifice that allows family members to meet frequently. Such traditions help self-knowledge, become members of the family and promote self-esteem in understanding that the child's family is not the only food that can be divided, but this is a common environment, the exchange of experience, the exchange of experience with new experiences. All this is reflected in the formation of the child's personality and its harmonious development. The revival of lost family values leads to a spiritual revival in society, and the family's trust lies in the fact that he needs to work to take care of the family and children.

Keywords: changing society, family education, family values, spiritual revival

Ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» атты мақаласында тұтас қоғамның және әрбір Қазақстанның санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап көрсетті. Үшінші бағыты: Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Бірі ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, бірқатар сипаттарын өзгерту керек, - делінген [1]. Аталмыш бағыт бойынша, қазіргі отбасылық құндылықтардың өзегін сақтай отырып, өзгермелі социумға сай бір қатар сипаттарын кеңейту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда біздің қарастырып отырған мәселеміз отбасы тәрбиесінің өзгермелі социумдағы алатын орнына арналады.

Адам отбасының әсерін туылған күннен бастап өмірінің соңына дейін сезеді. Демек, отбасы тәрбиесі – үздіксіз және ұзақ үрдіс. Бұл жерде отбасымен басқа бірде бір тәрбиелік қоғамдық институт теңесе алмайды. Әлбетте, отбасының балаларға және олардың өмірінің әр түрлі кезеңдеріндегі әсері бір қалыпты болмайды. Жалпы отбасының табиғи функциясы баланы балабақшаға беру, содан кейін мектепке оқыту. Отбасылық тәрбиені балаға деген ата-ананың махаббатынсыз және керісінше баланың ата-анаға деген махаббатынсыз елестету мүмкін емес, сондықтан ол басқа тәрбиеге қарағанда өзінің сипаты бойынша неғұрлым эмоционалды болып келеді. Отбасы әр түрлі жастағы, жыныстағы және әр түрлі кәсіби қызығушылықтағы адамдарды біріктіреді. Бұл балаға өзінің эмоционалды және интеллектуалдық мүмкіндіктерін толығымен көрсетуге мүмкіндік береді.

Отбасының тәрбиелік ықпалына тән ерекшелік бар, ол – тұрақтылық. Әдетте ата-аналардың ерте жас-тан бала тәрбиесіне дұрыс қарым-қатынас жасауы кейін олардың оқу, еңбек және қоғамдық белсенділігіне әсер етеді, және керісінше, ата-аналар бала тәрбиесіне жеткіліксіз көңіл бөліп, дұрыс мән бермеуінен баланың қоғамдағы өміріне кері әсерін тигізеді.

Отбасы баланың діни мәдениетіне, тұлғаның әлеуметтік бағытталуына, мінез-құлқына белсенді түрде ықпал етеді. Отбасы бала үшін қоғамның кіші үлгісі бола отырып, әлеуметтік қондырғы жүйесінің және өмірлік жоспарларының қалыптасуында маңызды фактор болып табылады. Қоғамдық ережелер алғаш рет отбасында ұғынылады, қоғамның мәдени құндылықтарын және өзге адамдарды тани білу отбасынан басталады. Бала тәрбиесіне отбасының әсер ету ауқымы қоғамның әсер ету ауқымы сияқты кең. Егер де отбасында бірнеше бала болса, онда толыққанды отбасылық ұжымның қалыптасуы үшін табиғи жағдайлар пайда болады, және бұл өз кезегінде отбасының әрбір мүшесінің өмірін жақсартып, отбасының тәрбиелік қызметін атқару үшін жағымды жағдай жасайды. Бір баласы ғана бар отбасында бұл жағдайдың барлығы да қиынырақ болады. А.С. Макаренко: «Мысалы, бірнеше бала тәрбиелегеннен гөрі бір баланы тәрбиелеген қиынға соғады деп батыл айтуға болады. Тіпті егер отбасының материалдық жағдайы дұрыс болмаған күннің өзінде де бір баламен ғана шектеліп қалуға болмайды», - деп жазған[4, 60 б].

Бұдан, отбасының тәрбиелік қызметінің репродуктивтік қызметпен қосарлана жүретіні белгілі болады. Осы уақытқа дейін әлеуметтанушылар отбасының коммуникативтік қызметіне мән беріп келуде. Аталмыш қызметтің төмендегідей компоненттері болады: отбасының өзінің мүшелерінің бұқаралық ақпарат құралдарымен (теледидар, радио, мерзімдік басылымдар), әдебиет және өнермен байланысқа түсуде араласуы, отбасының өзінің мүшелерінің қоршаған табиғи ортамен жан-жақты қарым-қатынасқа түсуіне және оны қабылдауға әсер етуі, отбасы ішіндегі қарым-қатынасты ұйымдастыру.

Қазіргі кезде отбасының бос уақытты тиімді ұйымдастырудағы қызметі артуда. Біз бос уақыт дегенде адамның өз таңдауы мен қалауы бойынша жұмыстан тыс (бос) уақыт дегенді айтамыз. Бос уақыт — маңызды әлеуметтік құндылықтардың бірі, адамның күш жігері мен рухани және жан-жақты жетілуінде таптырмайтын құрал. Бос уақытты тиімді ұйымдастыруға отбасының дұрыс өмір сүруінің ырғағы мен тәртібі, мүшелер арасындағы міндеттерді дұрыс үлестіру, демалыс пен еңбекті жоспарлау мүмкіндік береді. Негізінен бос уақыт адамның тұлға ретінде есейгендігінің айнасы болып табылады: адамның бос уақытын сипаттау арқылы сол адам туралы көп нәрсе айтуға болады.

Отбасылық бос уақытқа оқу, радио тыңдау, бағдарламалар көру, туған-туыстары, достары және таныстарымен кездесу, кинотеатрларға, театрға, концерттерге, кітапханаларға бару, жыл сайынғы демалысты өткізу, саябақтарға, туристік жорықтарға, экскурсияларға бару, табиғатқа шығу, спортпен шұғылданду, жарыстарға қатысу, мерекелерді өткізу жатады. Отбасылық бос уақытты ұйымдастыруда бір қатар қателіктер кездесіп жатады: балалар көп уақыттарын теледидардың алдында өткізеді, таза ауада аз болады, көбінесе ата-аналар шаршағандарын, уақыттары жоқтығын сылтауратып балаларына уақыттарын тым аз бөледі және т.б. аталған қателіктерді жою – қазіргі отбасының міндеті.

Отбасының белгілі бір түрін жасай отырып, қоғам отбасына қалай ықпал етсе, сол сияқты отбасы да қоғамның дамуы мен өмір сүруіне ықпал етеді. Отбасына қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуын тездетуде, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, әр адамның бақытқа жетуінде маңызды рөл атқарады.

- ұрпақтар кикілжіңі – отбасы тәрбиесіндегі бұрыннан келе жатқан мәселе.
- ата-аналар қолданатын тәрбиелеу құралдары әр кезде дұрыс бола бермейді.
- ата-аналар өздерінің барлық өмірлерін бала тәрбиесіне арнаулары тиіс.
- балаларды жазалау керек, бірақ шектен шықпау қажет.

Кейбір тайпалар ішінде ересектер мен жеткіншектердің арасында ешқандай кикілжің болмайтын туралы мәліметтер болып тұрады. Көне дәстүрлер қатаң сақталатын тоқырауға ұшыраған қоғамдарда адамдар арасында болатын қақтығысуларға орын жоқ. Ондай жағдайлар көбінесе Оңтүстік Американың, Африканың, Австралияның өркениеті жоқ шалғай аудандарында кездеседі. Барлық дамушы қоғамда ұрпақтардың табиғи түрде ауысуы мұрагерлікпен ғана емес, жаңаның ескімен, белден асқанның жаңа туылғанмен күресуімен көрінеді.

Өмірдің өзгеруі жеделдетілді. Аңшылық және мал бағу дәуірінен егіншілікке өту мыңдаған жылдарды, ал аграрлық қоғамнан индустриалды қоғамға өту жүздеген жылдарды қамтыды. Ал қазір ғылыми-техникалық революция қарқынды түрде дамуда. Ол өз нәтижесі бойынша өнеркәсіптік қоғамнан асып түседі. Алдағы он жылдықта әлеуметтік мәселелерге әсерін тигізетіндей өндіріс күштерінде де батыл өзгерістер болады. Өндірісті ақпараттандырумен қатар тұрмыста өмір сүруді, салтты өзгертіп, мәдениетке әсер етеді.

Өндіріс технологиясындағы түбегейлі өзгерістер жылдам жүреді. Қоғам неғұрлым шапшаң дамыған сайын, соғұрлым ұрпақтар арасындағы айырмашылық көрініп, мұрагерлік формалары қиындайды. Жаңа ұрпақ ата-аналарына қарағанда өмірдің басқа ағымына тап болады. Жастар көп жағдайда қайта құру үрдісіне тартылатындығы ақиқат. Бірақ бұл жастардың жеңіл өмір сүретіндігін білдірмейді. Жастар, мысалы мамандық, өмірлік серігін өздері еркін түрде таңдай алатындарын жете түсінеді, бірақ бұл олардан үлкен жауапкершілікті, дербестікті талап етеді. Әрине, дұрыс таңдау үшін бір ғана еркіндік жеткіліксіз, ол үшін өмірлік тәжірибе қажет. Әкелердің тәжірибесі басқа жағдайларда пайда болған және оны қазір пайдалана алмаймыз.

Үлкендердің балаға қысым көрсетуінен наразылық туындайды. Қысым қаттырақ болған сайын, кикілжің де күшейе түседі. Қазіргі кезде әкелер мен балалар арасындағы қандай жағдайлар мәселені қиындайтады екен? Күтпеген жерден келген еркіндік адамды шатастырады. Бұрын жасауға болмайды десе, қазір болады. Әлеуметтік тұрғыдан жетілмеген жеткіншектер ескі ережелердің жарамсыз болып қалып жатқандығының куәсі. Өзіндік дүниетанымы қалыптасып қалған егде адам үшін бұған бейімделу өте қиын [3, 14-21 бб.].

Отбасы бастапқы және қоғамдық өзгерістерді анағұрлым сезетін әлеуметтік құрылым болып табылады. Бала тек отбасында ғана емес, сонымен қатар балабақшаларда, мектептерде де тәрбиеленеді. Балалар-

ды оқытумен білім беру ұйымдары айналысады. Бос уақыт пен демалыс үйден тыс өткізіледі. Отбасы ұрпақтарының тарқауы адамгершілік құндылықтарының ұрпақтан ұрпаққа жетуін қиындатады, ересектердің кішкентайларды қадағалауын төмендетеді. Бұған қоғамдық көліктің дамуы да ықпал етеді. Балалардың алыс жерден отбасына жетуін жеңілдетеді. Бала бақшадағы тәрбие баланы күтім және тамақтанумен қамтамасыз етсе де, ата-ананың махаббаты мен ықыласының орнын алмастыра алмайды. Бұл балалардың сезімталсыз болуының тағы бір себебі [2, 202 б.].

Бұрынғы кездерде отбасы бір ұяшық ретінде еңбектенетін болған. Ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегі еңбек тәрбиесінің кейбір мәселелерін шешуге септігін тигізген. Енді негізгі жұмыс үйден тыс өткізіледі. Балалар ата-ананың еңбегін көрмейді және ол туралы аз естиді. Кейбір кездері олар тіпті ата-ананың немен айналысып жүргенін де білмейді. Тұрмыстық жағдайдың жасалғандығы балалардың отбасындағы еңбектенуін төмендетті. Әдетті, үйде тұтынушылық, демалыс және көңіл көтеру мәселелері шешіледі.

Отбасының тұрақсыздығы жұбайлардың экономикалық тәуелсіздігі мен бір-біріне деген талаптардың қиындауымен сипатталады. Бірінші кезекте экономикалық емес эмоциялық алғышарттар табылады. Адам неғұрлым білімді болған сайын соғұрлым оның талаптарының деңгейі жоғары және күрделірек болады. Эмоцианалдық жайсыздық ересектерге ғана қатысты емес. Балаларда ерте жастан ақ бәсеке байқалады: деңгейі жоғары сыныптарға түсу байқаулары, арнайы мамандандырылған мектептер, спорттық секциялар. Тіпті қазір спортта өзінің ойындық және сауықтыру сипатын жоғалтқан.

Ата-ананың біреуінің жоқ болуы бала тәрбиесін қиындатады, бірақ толық отбасында да балалар көп жағдайда ата-ананың көңіл бөлуінсіз қалып жатады. Ата-аналар кәсіби қызығушылығынан бас тартпаған, жұмысбасты болған, үй шаруасына көп көңіл бөлген жағдайда балаларға көңіл аз бөлінеді. Ал қалған бос уақыттарын теледидардың алдында өткізеді. Телебағдарламаларды бірге көрудің өзі – қарым-қатынастың толық болмауына әсер етеді және ол отбасымен бірге киноға немесе театрға барғандай болады. Бірақ мұндай қарым-қатынас отбаыларында сирек кездеседі.

Әлеуметтік ортаның ауысуы тәрбиенің дәстүрлі жүйесінің жеткіліксіздігімен сипатталады, және бұл тәрбиедегі қиындықтар туралы айтуға түрткі болады. Тәрбие формалары әлеуметтік шарттарға сәйкес дамып отырған жерде ғана қиындықтар кездеспейді немесе тым аз кездеседі [2, 134 б.].

Отбасылық дәстүрлер бұл – тәрбиелеудің ең негізгі әдісі, мектепке (бала бақшаға, басқа ұжымға) бармастан бұрын бала алғаш рет өзін отбасында таниды. Бірнеше ұрпақтың дәстүрлері балаға ата-әжесімен, жалпы арғы ата-бабаларымен байланысын сезінуге, өзінің отбасын мақтан тұтуға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, қазіргі қиын қыстау кезде, көптеген отбасылардың бұзылған кезінде, көптеген туған-туыстарымен байланыстарын жоғалтқан жағдайда, отбасылық дәстүрлерге құрмет көрсету қиындап кетті.

Отбасы мүшелерінің жиі кездесуіне мүмкіндік жасайтын өзіндік дәстүрлерді қалыптастыру керек. Бұл жерде отбасында қалыптасатын қандай дәстүрлер маңыздырақ деген сұрақ туады. Егер де отбасында жаз сайын саяхатқа шығу дәстүрі қалыптасса, онда ол жақсы, өйткені ол таныстық аясын кеңейтеді, балаға әлемді тануды, қарым-қатынас жасауды үйретеді. Өкінішке орай, мұндай мүмкіндік екінің біріне туа бермейді. Бірақ, әрине бұл қалыптасқан ұстанымдардағы ортақ ережелерден бас тартуды білдірмейді. Жаңа жыл, туған күн, демалыс күндердегі түскі ас, қалаға бірге саяхат жасауды ерекше жағдайда атап өтудің өзі дәстүр бола алады.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамыту мәселесі көтерілген. Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта-жігерін арттыру жеке дарындылығын дамыту – бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі. Өйткені, қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болса, ал болашақта ғылым мен техниканың, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектеп оқушылары үлкен жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді. Оқушылардың өз-өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілген сабақтың оқу материалын терең ұғына білуге баулу – мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне де байланысты екендігін. Мұғалімнің әрбір өтілген сабағы қазіргі кездегі оқыту талаптарына сай болып келуі қажетігін. Бұл айтылған талаптармен бірге мұғалімнің әрбір өтілген сабағы ғылыми түрде негізделіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс екендігі туралы айтылған.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, оқушылары, шығармашылық, дамыту, жеке, тұлға, қалыптастыру, рухани, әлемін байыту, сабаққа, ынта-жігерін, арттыру, дарындылық.

Аннотация

Абил А.С.¹

*¹преподаватель, магистр педагогики и психологии,
Актюбинский региональный государственный университет им К.Жубанова
г. Актөбе, Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСТВА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Поднятые в статье проблемы развития творчества учащихся начальных классов. Формирование личности учащегося начальной школы, обогащение духовного мира, интерес к уроку усилия по повышению индивидуального развития одаренности – одна из основных проблем на сегодняшний день. Потому что, в связи с развитием науки и техники, ускоренное развитие общества на современном этапе, то в будущем науки и техники, производства, развивать, школы сегодня. Поэтому требует большой ответственности и знаний учащихся. Учащихся в себя, в повышение доверия, развитие их творчества, глубоко осознавая пройденного учебного материала урока, знать - как, что педагогическое мастерство учителя. Каждый урок учителя пройденных соответствовать требованиям современного обучения. Однако на этом урок каждого учителя, отмечается с требованиями научно обоснованно, его обучения и воспитательной работы, всестороннее раскрытие о том, что должно быть сказано.

Ключевые слова: учитель начальных классов, учащихся, творчества, развития, физически лиц, формирование, духовное обогащение, на уроке желание и усилия, повышение, одаренность.

Abstract
A.S. Abil¹

¹*Teacher, master of pedagogics and psychology, Aktobe regional state University named After K.Zhubanov Aktobe, Kazakhstan*

PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF CREATIVITY OF PUPILS OF PRIMARY CLASS

Problems of development of creativity of pupils of initial classes raised in article. Formation of the personality of a primary school student, enrichment of the spiritual world, interest in the lesson efforts to improve the individual development of talent - one of the main problems today. Because, in connection with the development of science and technology, the accelerated development of society at the present stage, the future of science and technology, production, develop, school today. Therefore, it requires a lot of responsibility and knowledge of students. Students in themselves, in confidence, the development of their creativity, deeply aware of the material of the lesson, to know - how that the pedagogical skills of teachers. Each teacher's lesson passed meet the requirements of modern teaching. However, this lesson of each teacher, noted with the requirements of scientifically sound, his training and educational work, comprehensive disclosure about what should be said.

Key words: primary school teacher, pupils, creativity, development, individuals persons, formation, spiritual, enrichment of the world, in the classroom, desire and effort, increase, talent.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымында шығармашылық аумағындағы зерттеулер белсенділік байқалуда. Өйткені қоғамдық тәжірибе шығармашылық жетістік тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болғандығын мойындап, педагогикалық ойларды осы мәселеге назар аудартуда. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Ал, бүгінгі күрделі жаңарулар тұсында балалардың шығармашылық бастамасы басты нысанасы болып отыр. Мұндай күрделі мәселені шешуде бастауыш мектептің алар орны ерекше. Баланың шығармашылық бастамасын дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық ұғымы мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болған. Ежелден-ақ ойшылдарымыз Жүсіп Баласұғын, әл-Фараби, Абайды ерекше толғандырып, өз еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды үнемі көтеріп отырған. Педагогтар К.Д. Ушинский, Ы.Алтынсарин, А.С. Макаренконың шығармаларында шығармашылықты дамытудың жолдары қарастырылса, оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. Психологтар мен ғалымдар Л.С. Выгодский., В.В. Давыдов, Л. В.Занков, В.А. Крутецкий, өз республикамыздағы көрнекті ғалымдары Т.Тәжібаев, М.Мұханов, Ж.М. Әбдилдин, Қ.Б. Жарықбаев, Т.С. Сабыровтың еңбектері жеке тұлғаны дамыту мәселесінің теориясы және практиканың алтын қоры деп білеміз [1].

Шығармашылық жөнінде жазылған еңбектерді талдай келе төмендегідей қорытындыға келуге болады. Шығармашылық – өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән «Шығармашылық» сөзінің төркіні - шығару, ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «Шығармашылық - қайталанбас тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» деп түсіндіріледі. «Шығармашылық» сөзінің төркіні, этимологиясы

«шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын, тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет деп түсіндіріледі. Көрнекті психолог Л.С. Выготский «шығармашылық» деп жаңалық ашатын әрекетті атаған [2].

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық бастамасын дамыту үшін ең негізгі басшылыққа алынатын нысаны дамыта оқыту жүйесі. Дамыта оқыту баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру, тұлғалыққа бағыттау. Дамыта оқыту жүйесінде оқытудың барлық кешенді мақсаттары мен шешімдері бала дамуына бағытталады.

Оқушыларды шығармашылыққа баулып, бала бойына шығармашылық қасиетті қалыптастыруда, ізденуге, білім алуға құштарлығын оятуда бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу сабағының берері мол.

1. Өйткені әдебиеттік оқу пәні оқушы тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін көтеру.
2. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру.
3. Оқушылардың ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту.
4. Оқушылардың өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу мақсаттарын көздейді.

Адамның еңбегі мен жұмыс күшіне мамандығына бағалы тауар есебінде қарайтын жаңа көзқарас, өндіріс орындары мен басқа да халық шаруашылық мекемелерінен ғылыми зерттеу орталықтарынан қызметкерлерді жұмысқа алу кезінде олардың ынтасы мен шығармашылық қабілетіне, ойлап-болжай білетіндігіне, тағы сол сияқты жақтарына назар аударуды талап етуде. Сұранысқа сай жоғары дәрежедегі маман қызметкерлер мен жұмыс орындарын қамтамасыз ету үшін, оқушылар арасында шығармашылық қабілеттерін анықтау және оларды әдейі әдістемелерді қолдана отырып, дамыту мәселелеріне көңіл аудару қажет.

Қазіргі кезде оқу жүйесін қайта құруға бағытталған талпыныстарға қарамастан, оқыту процесінде оқушыларға дайын ақпаратты жеткізіп беруге негізделген әдістемелер орын алып келеді. Бұндай әдістемелер арқылы оқушылар еске сақтау, қайталап айту қабілеттерін ғана дамытып, біржақты ғана жұмыс жасайды. Оқытушы оқушының бұрынғы сабақтарда дайын күйінде берілген материалды қайталап айту жағына көңіл бөліп соны ғана бағалайды. Оқушының дарындылығы шығармашылық қабілеті бағалаусыз қалады. Осындай жағдайда қоғам сұранысын ескеретін болсақ, шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған оқыту әдістемелерін (дамыта оқыту әдістерін) қарастырып, ғылыми тұрғыдан зерттеп, жаппай практикаға енгізуді қолға алу керек. Оқу жүйесін қайта құру кезінде оқыту әдістемелеріне де көңіл бөліп, заман талабына сәйкестерін ғана қолдау көрсетіп іріктеген жөн болады. Қазіргі нарық жағдайында шығармашылық қабілеттері бар оқушыларды анықтай отырып, олардың әрі қарай оқытудың ғылыми тұрғыдан негізделген біртұтас әдіснамасын құрастырудың маңызы үлкен. Оқыту жұмысының табысты болуы, оқытудың озық әдістерін қолдануға ғана байланысты болып қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің әртүрлілігін ескеруге де байланысты болатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Шығармашылық қабілеттің балада қалыптасуы кең диапазонды: ақыл-ой қалыстығынан бастап жоғары дәрежедегі таланттылық, жалпы дарындалыққа дейінгіні қамтиды [3].

Шығармашылықта практикалық сараптаудан өтіп, қолдау тапқан төмендегідей пікірлерді негізге алдық:

- шығармашылық қабілеттің ұрығы барлық адамда, кез-келген түбі түзу сәбиде болады. Айырмашылық тек қана жетісу деңгейінде және қоғамдық пайдалылығында болады;
- шығармашылық қабілетті балалық кезден бастап дамыту қажет;
- шығармашылық қабілетті дамытудың негізгі жолы - балалар мен оқушы жастарды, еңбек етудің олар үшін оқу, үйрену және тәрбие алу екендігін және осылардың бәрі де шығармашылық бағытта болу керек екендігін ескере отырып, шығармашылық қызметке тарту болып табылады [4].

Ж.Аймауытов өз еңбектерінде «жақсы қойылған сұрақ, жақсы жауап тілейді» дей отырып, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға байланысты жақсы тапсырмалар мен жақсы сұрақтар қойылса, соған сәйкес бала қабілеттіліктің жан-жақты, әрі мәнді көрінуіне әсерін тигізетіндігін дәлелдейді. «Оқыту адамдардың табиғатына қарай болсын» деп айтылған ойы бала бойындағы қабілет құрылымы, бағыты, жүйесіне орай тапсырмалар беру - баланың білімді тез, әрі жеңіл меңгеруіне, қабілеттің айқындылығына себепші болады. «Кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын» деген ойынан бала мектептегі оқу бағдарламасынан алған білім жүйесін, өмірде білімді қолдана алуға, қоғамға пайда келтіретін жаңа ұсыныстар мен ой қорытындыларын шығара алуға, жаңа бейне жасауға бейім болу қажет деп түсінуге болады [5].

Балалар психологиясында әрбір жас кезеңдерінде, әсіресе, бастауыш мектеп кезеңіндегі психикалық даму ерекшеліктері - педагогикалық тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру мәселелеріндегі толғанатын жайт.

«Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы жаңару процесі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді [6]. Барлық табиғат құбылыстары сияқты бала психикасы да үнемі диалектикалық жолмен дамып, өзгеріп, бір деңгейден екінші деңгейге өтіп отырады. Ғалымдардың зерттеулері оқушының даму процесіне 3 түрлі күш пен 3 түрлі фактордың қатысатындығын дәлелдейді. Олар:

1. Биологиялық фактор. Бұл – ата-анадан ауысқан, туа бітті және өмір сүру барысында қабылданған дененің барлық мүшелерінің оның барлық жүйесі құрылысының ерекшелігін білдіретін, бала организмінің ортамен қарым-қатынасының нәтижесі.

2. Әлеуметтік фактор. Бұл бала өмір сүретін орта, ең алдымен адамдардың ортасы. Бұл сондай-ақ баламен қарым-қатынас жасайтын адамдардың сипаттары, мінез-құлық және ақыл-ой бейнелері, олардың мүдделері мен пікірлері, істері мен сөздері, талаптары мен дағдылары, ұмтылыстары, яғни бала өсіп дамитын рухани орта.

3. Баланың өз белсенділігі. Даму процесіне әсер ететін бұл үшінші күш болып саналады. Оқитын пән қандай да жаңа, бағалы болмасын, мұғалімнің шеберлігі қаншама жоғары болмасын, егер мұғалім баланың өз белсенділігін туғыза алмаса, оған ұсынылған іс пен еңбекте баланың әрекетке қатынасуы әрекет күткен нәтиже бермейді. Баланың организм ретінде дамуы мен жеке бас ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Оқушының даму процесі, оның қоғамның белсенді де пайдалы мүшесі, азамат ретінде қалыптасуы осы үш фактордың қатысуымен қамтамасыз етіледі [7].

Бастауыш мектеп оқушысының жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынта-жігерін арттыру жеке дарындылығын дамыту - бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі. Өйткені, қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болса, ал болашақта ғылым мен техниканың, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан мектеп оқушылары үлкен жауапкершілік пен білімдарлықты қажет етеді. Оқушылардың өз-өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілген сабақтың оқу материалын терең ұғына білуге баулу - мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне де байланысты.

Мұғалімнің әрбір өтілген сабағы қазіргі кездегі оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Бұл айтылған талаптармен бірге мұғалімнің әрбір өтілген сабағы ғылыми түрде негізделіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс.

Осы талаптардың орынды атқарылуына ғана оқушы да шығармашылық қабілет дами түсіп, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Оқушы құлшынысын ұдайы дамытып, әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастыра біліп оқытудың озық әдіс-тәсілдерін қолдана білгенде ғана бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері дами түседі.

Пән мұғалімдері бұл айтылған талаптарды іске асыра алуы үшін оның ізденімпаз болуы шарт. Демек, мұғалім мен оқушының арасындағы оқыту үрдісінің әрекеттері арқылы оқушыда қабілет дами түседі.

Бұндай кезеңдерде өтілетін жаңа сабақтың негізгі үш мақсаты (білімдік, тәрбиелік, дамытушылық) толық шешімін таба білгенде ғана іске асырылып отырады. Осы жағдайда мұғалім оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттырумен бірге, сабаққа қызығушылығын арттыра білуі керек. Мұғалім өзінің сабағын шығармашылықпен ұйымдастырып, өтілетін сабақтарды оқушыларды шығармашылыққа ұмтылуын тудыратындай сұрақтар қамтылуы тиіс. Мұғалім өтілген сабақтың тақырыбына сәйкес алдын-ала жоспарланған сұрақтармен оқушы ынтасын, зейінін, ой-қиялын дамытуға септігін тигізетіндей болуы керек. Олай болса, өтілетін сабақтарда тапсырмалардың жауабын табуда, орындауда, қойылған сұрақтарға жауабын беруде «Ой-таласын» жасау - танымдық ойындар ұйымдастыру т.б. ұтымды оқытудың жаңа технология түрлерімен іске асырылып отырған жағдайда сабақ тартымды өтілетіні белгілі.

Білімді меңгерту-оқушының танымдық талдау жасай отырып оны орынды пайдалана білуі арқылы жүзеге асатын құбылыс. Бұл оқушылардың есте сақтау, ойлау, шығармашылық даму қабілеттерін арттырады. Оқыту әдістерін сабақта тиімді пайдалану үшін шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы оқушылардың пәрменді ойлауын дамытудың негізі болып табылатын әдістеме теориясының тірегі – әдістерді анықтап алу басты міндет. Мысалы, анализ әдісі – ойлаудың логикалық тәсілі, ал синтез – таным деңгейін көтеру әдісі. Синтез – талдау барысында бөлшектенген ұғымдарды жинақтау, біріктіру деген сөз. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеудегі білімдерін өзіндік таным тұрғысынан жинақ-

тауға жетелейді [8]. Сондай-ақ, шығармашылықпен жұмыс істеу әдістемесінде индуктивті-дедуктивті, эксперимент әдісі, салыстыру, қатысымдық, проблемалық, жаттығу, интерактивтік әдістер қолданылады. Салыстыру әдісі – дамыта оқыту технологиясының белсенді әдістерінің бірі. Дамыта оқыту идеясы өнімді іс-әрекет арқылы іске асатындығын талай ғалымдар дәлелдеген. *Дамыта оқыту* – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде, оқу үрдісінің мүшелерінің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде, т.б. Дамыта оқыту идеясы бойынша оқушыға оқу мақсаттарын қоюда, шешуде ешқандай дайын берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім – сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен, әр бала жасаған еңбегінің нәтижесін бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Осындай негізде құрылған іс-әрекеттер бір-бірімен тығыз байланысты: "Қажеттілікті анықтау, оның мотивін туғызу, мақсат қою, мақсатқа жету жолдарын ашу, мақсатқа жету үрдісі (әрекет, операциялар), нәтижесін шығару". Бастауыш сыныптан бастап балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін қандай жұмыс түрлерін, инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады деген мәселеге тоқталатын болсақ. Бұнда ең алдымен, біздіңше, оқушыға түрлі тақырыпта, мазмұнды шығарма жаздырту жұмысы орын алады. Бұнда ескеретін бір мәселе – бұл оқушыға алдымен шығарманың үлгісін көрсету немесе тірек жоба беру. Себебі, кез-келген оқушы бірден шығарма жазуға қиналатыны сөзсіз. *Екіншіден*, ересектердің ықпалынан құтқару мақсатында оқушыға алдын-ала осы бағытта ізденуіне жағдай жасай отырып, шығарманы іште, яғни сыныпта жаздырту. *Үшіншіден*, ерекше бір ескеретін мәселе — бұл оқушы еңбегін бағалау. Бұнда мұғалім ең алдымен, оқушының ізденісін, айтайын деген ойын бағалай білуі тиіс. Себебі, бұл жастағы балалар көптеген грамматикалық қателер жіберетіні белгілі. Сол себепті де уақытты үнемдей отырып, оқушылармен жеке дара жұмыс ұйымдастыру өте тиімді және бұл арада мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, тіл табысуы да ерекше рөл атқарады. Өйткені, оқушының ар-намысына сын келтірмей, оған керісінше, кеңесші бола отырып, жіберген қателіктерін сыпайы да саналы түрде жеткізе білу кез-келген мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді [9].

Оқушылардың ой шапшаңдығын, сөз байлықтарын дамытып, шығармашылыққа баулитын жұмыстардың *екінші түрі* – бұл өлең құрастыру. Бұнда өлеңдегі ұйқастарды табу, ұйқас варианттарды ойлау, өз бетімен өлең құрастыру сияқты жұмыс түрлері орын алады. Бұл орайда оқушыларға сондай-ақ "Санамақ" «Бес тармақ» өлең жолдарына сүйене отырып, оның жаңа нұсқасын өз ойынан сөз ұйқастарып келтіре отырып құрастыру өте тиімді. Осы бағытта ерекше орын алатын жұмыстардың бірі – бұл ертегі, әңгіме құрастыру. Алдымен бұл жұмыс түрі ауызша түрде өткізіледі де, кейін оқушылардың өз ойын, қиялын қағаз бетіне түсіруге жаттықтырады. Әңгіменің мазмұны күнделікті өмірдегі қоршаған құбылыстардан бастала отырып, оқушы қиялын, арманын суреттейтін тақырыптарға дейін қамти алады. Бұнда мұғалімнің негізгі мақсаты оқушыға әңгіменің тақырыбын таңдауға бағыт беріп отыруы, оқушы қиялын дамытуға мүмкіндік жасауы. Ал ертегі құрастыруда ең алдымен, оқушылардың білетін, оқыған ертегілерінің мазмұнын қайта жаңарта отырып, ертегінің соңын өздерінше аяқтауларына талап етіледі. Кейін оқушылар түрлі мазмұнда ертегілер құрастыруды еркін меңгеріп, өз бетімен шығармашылық бағытта ізденіп жұмыс жасай алады.

Баланың ойын дамытып, оны шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулитын жұмыстың тағы бір түрі – бұл жұмбақтар, шытырман, сөз жұмбақтар құрастыру. Бұл оқушыдан салыстыру, жоспарлау сияқты бала үшін қиындау тәсілдерді қолдануды талап етеді. Сондықтан да мұғалімнің үлгі, тірек жобасы, кеңесі қажет болатыны сөзсіз. Алайда мұғалім оқушыны шығармашылық бағытта өз бетімен жұмыс жасауға тек бағыт беруші екенін естен шығармауы керек. Сол себепті де шамадан тыс қамқорлық пен көмектің пайдасы мен зияны бар екенін ұмытпауы тиіс. Аталған жұмыс түрлеріне бөлек сағат бөлінбейтіні сөзсіз. Сондықтан бұл жұмыс түрлерін күнделікті сабақ кезінде сабақ тақырыбына сәйкес немесе сергіту сәттерінде, сабақтан тыс кезде тиімді пайдаланған мұғалімге беретін нәтижесі мол [10]. Сол себепті де шығармашылықпен іздене білген мұғалім болашақта өзіндік көзқарасы толық қалыптасқан, дүниетанымы кең, білім, білік дағдысы жоғары, шығармашылық бағытта өз бетімен жұмыс жасай алатын жас жеткін-

шекті тәрбиелей алады. Ал бұның өзі жоғары сыныптарда оқушының кез-келген пәнді жете меңгеріп, мектепті үздік бітіруіне жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру саласы бойынша болашақ педагогтарды дайындау мәселелері // Педагогика және Психология. – 2012. – №3-4. – С. 221-231.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002. – 6-7 бет.
3. Берікұлы Н. Педагогика. Оқулық, – Ақтөбе, 2004. – 60 б.
4. Тұрғанбаева Б.А. Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. – Алматы, 2000. – 22 б.
5. Аймаутов Ж. *Бес томдық шығармалар жинағы, 4 том.* – Алматы: Ғылым, 1998
6. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений // Российская Академия наук. Институт русского языка им. В.В.Виноградова. - 4-изд., доп. – М.: Азбуковник, 1998. – 944 с.
7. Бабаев С.Б. *Бастауыш мектеп педагогикасы: Оқу құралы:* – Алматы: Заң әдебиеті, 2007. - 413 б
8. Рахметова С. *Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы,* – Алматы: ҚазҰПУ, 2007. – 184 б.
9. Жарықбаев К., Қалиев С. *Қазақтың педагогикалық ой-пікірлер антологиясы. Т. II.* – Алматы: Рауан, 1995.
10. Сейтенова С.С., Кожаберген Т. Развитие творческих способностей учащихся на основе технологии проблемного обучения Педагогика и современность Научно – педагогический журнал № 2 (2013) – С. 61-65 Таганрог.

УДК 371
МРНТИ 14.25. 07

Кенжетева Р.О.¹

¹ докторант I курса специальности

*6D010200–Педагогика и методика начального обучения, КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ВОПРОСУ ОЦЕНИВАНИЯ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье рассмотрены теоретические подходы контроля и оценки учебных достижений младших школьников. Обозначены актуальные проблемы системы оценивания учебных достижений в Казахстане. Проанализированы понятия контроля и оценки учебных достижений, которые рассматривались в педагогических исследованиях Н.Ф. Тальзиной, Е.Д. Божович, Г.А. Цукерман, Ш.А. Амонашвили, и др. авторов. Рассмотрены идеи оценивания в рамках концепции Д.Б. Эльконина и В.В. Давыдова о том, что предметность, системность и обобщенность, как критерии оценки знаний, применимы к любой предметной области. Раскрыты теоретические основы организации оценочной деятельности педагогов. В статье уточняются понятия учебные достижения, контроль и оценка знаний учащихся. Рассматриваются перспективы дальнейшего внедрения системы критериального оценивания в образовании. Эффективность внедрения системы критериального оценивания во многом будет зависеть от подготовленности казахстанских учителей к работе по обновленному содержанию начального образования.

Ключевые слова: оценка, контроль, критерии оценивания, учебные достижения, учебная деятельность, младший школьник.

Аңдатпа

Р.О. Кенжетева¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ,

6D010200–Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 1 курс докторанты,
Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және бағалаудың теориялық тәсілдері қарастырылады. Қазақстандағы білім жетістіктерін бағалау жүйесінің өзекті мәселелеріне арналған. Н.Ф. Талызина, Е.Д. Божович, Г.А. Цукерман, Ш.А. Амонашвили және басқа авторлардың педагогикалық зерттеулерінде қарастырылған оқу жетістіктерін бақылау және бағалау тұжырымдамаларына талдау жүргізілді. Д.Б. Эльконин және В.В. Давыдов тұжырымдамасының шеңберінде бағалау идеялары көрсетілді. Олардың идеясы бойынша объективтілік, жүйелік және жалпыға бірдей бағалау критерийлерін кез келген пәндік салада қолдануға болады. Педагогтардың бағалау қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері көрсетілген. Білім берудегі критерийлік бағалау жүйесін одан әрі енгізу перспективалары қарастырылады. Критерийлік бағалау жүйесін енгізу тиімділігі көп жағдайда қазақстандық педагогтардың бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша жұмысына дайындығына байланысты болады.

Түйін сөздер: бағалау, бақылау, бағалау критерийлері, оқу жетістіктері, білім беру қызметі, бастауыш сынып оқушылары.

Abstract

R.O. Kenzhetaeva¹

¹ doctorant of 1 course. Code of specialty

6D010200–Pedagogy and methodology of elementary education KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

THE THEORETICAL APPROACHES TO THE ISSUE OF EVALUATING THE EDUCATIONAL ACHIEVEMENTS OF PRIMARY SCHOOLCHILDREN

In this article theoretical approaches of monitoring and evaluation of educational achievements of younger schoolboys are considered. Actual problems of system of evaluation of educational achievements in Kazakhstan are designated. Analyzed the concept of monitoring and evaluation of educational achievements, which were considered in pedagogical research N. F. Talyzina, E. D. Bozhovich, G. A. Zuckerman, S. Amonashvili, and other authors. The ideas of evaluation within the framework Of the concept of D. B. Elkonin and V. V. Davydov are considered that the specificity, consistency and generality as criteria for assessing knowledge are applicable to any subject area. Describes theoretical bases of the organization of the evaluation activities of teachers. The article clarifies the concepts of educational achievement, monitoring and evaluation of students' knowledge. The prospects of further implementation of the system of criterion evaluation in education are considered. The effectiveness of the introduction of the system of criteria-based assessment will largely depend on the readiness of Kazakhstani teachers to work on the updated content of primary education.

Keywords: assessment, control, evaluation criteria, educational achievement, educational activity, primary schoolchildren

В последние годы система образования в Казахстане особое внимание уделяет вопросам качества образования и совершенствования контроля и оценки учебных достижений. Современное казахстанское образование направлено на обеспечение формирования критериальной оценки результатов освоения обучающимися основной образовательной программы начального общего образования. Младшие школьники являются активными субъектами системы контроля и оценки, что существенно отличает обновленную программу обучения от традиционной, в которой обучающиеся рассматривались в основном только как объект контрольно-оценочной деятельности.

Начало XXI века можно охарактеризовать как время серьезных изменений в системе образования Казахстана. Изменились подходы к характеристике качества знаний, умений и навыков, произошло

существенное расширение понятия «учебные достижения обучающихся» – несводимость этих достижений только лишь к овладению суммой знаний.

Наиболее ценными результатами образования в начальной школе, достижение которых позволяет говорить о его качестве, являются умения оперировать полученными знаниями при решении широкого круга задач, пользоваться освоенными способами действия и конструировать на их основе новые, участвовать в совместной деятельности, работать с информацией.

В связи с этим важно уточнить понятия «учебные достижения» младших школьников, рассмотреть теоретико-методологические подходы к измерению уровня учебных достижений. В двадцатом столетии произошло расширение понятие «учебные достижения», к числу которых, кроме предметных знаний, было отнесено овладение компонентами учебной деятельности (Н.Ф. Тальзина, Е.Д. Божович, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, А.М. Захарова, Г.А. Цукерман и др.). В начальном образовании создавали и проверяли первые контрольно-измерительные материалы с учетом специфики младшего школьного возраста следующие авторы: В.П. Беспалько, А.О. Евдокимова, Л.Е. Журова, Г.С., Ш.А. Амонашвили, А.Г. Каспржака, В.М. Полонский, М.И. Кузнецова и др.

Вопросы контроля и оценки всегда занимали значительное место в педагогических исследованиях. Н.Ф. Тальзина отмечала, что «о знаниях мы всегда судим по выполнению учеником каких-либо действий с этими знаниями, - и это правильно, так как знания всегда существуют в нерушимой связи с теми или иными нашими действиями (умениями), одни и те же знания могут функционировать в большом числе весьма разных действий» [1, с. 16]. Так при разработке программы контроля знаний по любому предмету, по мнению Н.Ф. Тальзиной, необходимо выделять систему предметных знаний, подлежащих контролю, и систему специфических и общих приемов (умений), в которых эти знания должны успешно применяться [1, с. 18-19].

Е.Д. Божович отмечает, что для определения способов работы учащегося недостаточно применения имеющихся в практике школы традиционных контрольных и проверочных работ: необходима разработка методик практико-ориентированной психодиагностики, которая предполагает: «определение конкретного предмета диагностики: в каждом отдельном случае необходимо ответить на вопрос, что диагностируется той или иной методикой (какие качества, особенности учения школьников и т. д.); определение критерия или совокупности критериев диагностируемого качества; в данном случае особенно важно, чтобы критерии были ориентированы и на процессуальные особенности учения, и на предметное содержание учебной дисциплины, на материале которой осуществляются диагностические процедуры; это связано с тем, что каждая дисциплина вносит свой вклад в развитие ребенка и предъявляет ему свои требования; создание диагностического инструментария (заданий, вопросов и т. д.) и четкое описание техники его использования в педагогическом процессе; описание способов обработки и границ интерпретации результатов, полученных с помощью той или иной методики» [2].

В рамках системы развивающего обучения Д.Б. Эльконина и В.В. Давыдова образовательные достижения учащихся никогда не сводились лишь к знаниям, умениям и навыкам, а всегда рассматривались как овладение компонентами учебной деятельности, определенным уровнем общего развития. В концепции Д.Б. Эльконина и В.В. Давыдова учебная деятельность рассматривается как сложное образование, в структуру которого «входят, во-первых, учебно-познавательные мотивы, во-вторых, учебные задачи и составляющие их оперативное содержание учебные операции, в-третьих, контроль, в четвертых, оценка» [3].

В работах Д.Б. Эльконина, В.В. Давыдова учебная деятельность рассматривается как специфическая деятельность, направленная на изменение самого субъекта деятельности – школьника, - изменение, при котором общие способы осуществления практических и познавательных действий осознаются учащимися как нечто отличное от результатов этих действий, а усвоение этих общих способов становится особой и центральной целью деятельности учащихся. Предметом контроля в учебной деятельности является не столько ее конечный результат, сколько способы его получения. В процессе систематической учебной деятельности у учащихся наряду с усвоением теоретических знаний развивается теоретическое мышление и связанные с ним психические способности – рефлексия, анализ, планирование. Именно эти параметры - овладение способами действия, контролем и самоконтролем, оценкой и самооценкой, уровень развития теоретического мышления, рефлексии, анализа и планирования - наряду с овладением системой знаний и должны стоять в центре внимания контрольно-оценочной деятельности [4].

Нормативными характеристиками теоретического понятия являются его *предметность, системность и обобщенность*. В.В. Давыдов доказывал положение о том, что эти характеристики могут служить и показателями качества знаний. Знание предметно, когда ученик, отображая свойства объекта в модели, выделяет генетически исходное отношение между его элементами; системно, когда из выделенного отношения выводятся все возможные частные проявления свойств объекта; и обобщенно, когда многообразие свойств объекта сводится к их единой основе. *Предметность, системность и обобщенность, как критерии оценки теоретических знаний, применимы к любой предметной области* [5].

Одним из направлений совершенствования системы контроля и оценки на рубеже веков стало развитие идей содержательной оценки и построение обучения на содержательно-оценочной основе. Источником этого направления, являются идеи Д.Б. Эльконина и Ш.А. Амонашвили. Д.Б. Эльконин в работе «Психология обучения младшего школьника» писал: «Понимание ребенком отметки, поставленной учителем, требует достаточно высокого уровня самооценки, а это происходит не сразу. Без этого диалог учителя с учеником посредством отметок похож на разговор двух глухих». Разграничение сути понятий «оценка» и «отметка» представляется крайне важным для более глубокого рассмотрения психолого-дидактических, воспитательных и педагогических аспектов оценочной стороны традиционного обучения. «Оценка – это процесс, деятельность или действие оценивания, осуществляемая человеком; отметка же является результатом этого процесса, этой деятельности или действия, их условно-формальным отражением. В условиях традиционного обучения оценочный компонент выносится из целостной структуры учебной деятельности. «Ученик с самого начала освобождается от такого рода активности, и она всецело возлагается на учителя. Педагог контролирует, проверяет, находит ошибки и указывает на них, одобряет, высказывает свое суждение о результатах учебной деятельности, не вдаваясь в анализ самого ее хода. Ученик не может быть самостоятельным в своей учебной деятельности хотя бы уже потому, что он полностью оказывается в зависимости от педагога, которому передан изъятый из этой деятельности регулятор ориентировки» [6].

Г.А. Цукерман были сформулированы три основных принципа безотметочного оценивания: «1) отметка как социальный инструмент манипулирования детьми отменяется, а содержательная оценка работы должна быть предельно дифференцирована, чтобы каждое усилие ученика было оценено отдельно; 2) оценка учителя – это прежде всего средство выращивания здоровой самооценки ребенка, поэтому ученики должны получать от учителя однозначные, предельно четкие критерии оценки; 3) самооценка ребенка должна предшествовать оценке учителя, лишь тогда оценочные отношения перестанут быть своеобразной игрой в одни ворота» [7].

А.Г. Каспржак: «Наибольшую неудовлетворенность на сегодняшний день вызывает тот факт, что существующие системы оценивания не направлены на продвижение учащихся в их развитии, в том числе и в учебно-познавательной деятельности. Они не учитывают личностные особенности ребенка, их динамику на разных возрастных этапах становления личности, не содействуют выработке у учащихся способности к самооценке, не стимулируют их образовательную активность. И дело здесь не в пятибалльной шкале. Дело в том, что основным, а порой и единственным системообразующим элементом системы является нормативная оценка, призванная сравнивать ребенка с некоторой извне установленной нормой и подгонять всех под один заданный стандарт. Именно это вступает в непримиримое противоречие с задачей создания максимально благоприятных условий для развития личности» [8]. Автор указывает, что проблемой является не сам факт существования пятибалльной системы оценивания, а то, как и в каких целях ее используют в образовательном процессе. При развитии школьника важно оценивание, с одной стороны, «успешности его индивидуальных достижений, а с другой - становления ключевых компетенций как развития определенных способностей в той или иной области».

В.М. Полонский указывает, что «оценка знаний – систематический процесс определения степени соответствия имеющихся знаний, умений, навыков предварительно планируемому. Оценка может быть качественной и количественной. Оценка знаний предполагает предварительное планирование образовательной цели, без которой нельзя судить о достигнутом результате. Общая схема оценки знаний включает планирование и описание целей обучения; выбор процедур контроля, адекватных планируемому целям; интерпретацию результатов оценки» [9]. Проверка и оценка знаний, умений и навыков учащихся определяется как процесс выявления и сравнения результатов с заданными в учебных программах требованиями на том или ином этапе обучения.

Обозначенные проблемы системы контроля и оценки являются актуальными в современной системе образования Казахстана. Вопросы разработки критериев содержательной оценки учебных достижений обучающихся, позволяющих сравнивать его вчерашний и сегодняшний уровень, оценивать динамику образовательных достижений, находят свое решение в обновленной программе обучения.

В рамках реализации Плана Нации – «100 конкретных шагов», инициированного Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым, запланированы 5 шагов в сфере образования, направленных на повышение качества человеческого капитала. Один из них - поэтапное внедрение 12-летнего образования, обновление стандартов школьного обучения для развития функциональной грамотности. В рамках обновления содержания образования предусмотрен переход на критериальную систему оценивания [10].

Ориентация в последние десятилетия начального общего образования не только на знаниевую парадигму образования, но и на системно-деятельностный и компетентностный подходы требует существенной перестройки системы контроля и оценки. В практике работы начальной школы необходим широкий спектр процедур критериального оценивания, позволяющих педагогу понять, насколько эффективно организовано им обучение и как оно влияет на развитие у учащихся учебной деятельности. Отсутствие у педагогов начальной школы достаточного уровня квалификации в области критериального оценивания учебных достижений, отсутствие необходимых знаний о новых подходах в педагогических измерениях приводит к трудностям в выборе методов контроля. Перспективным является продолжение развития идеи критериального оценивания учебных достижений младших школьников.

Список использованной литературы:

- 1 Талызина, Н.Ф. Теоретические основы контроля в учебном процессе / Н.Ф. Талызина. – М.: Знание, 1983. – 96 с.
- 2 Процесс учения: контроль, диагностика, коррекция, оценка / под ред. Е.Д. Божович. – М.: МПСИ, 1999. – 224 с.
- 3 Эльконин, Д.Б. Психология обучения младшего школьника / Д. Б. Эльконин. – М.: Знание, 1974.
- 4 Эльконин, Д.Б. К проблеме периодизации психического развития в детском возрасте / Д.Б. Эльконин // Избранные психологические труды. Проблемы возрастной и педагогической психологии. – М.: Международная педагогическая академия, 1995. – С. 23-43.
- 5 Давыдов, В.В. Виды обобщения в обучении / В.В. Давыдов. – М.: Педагогика, 1972. – 424 с.
- 6 Амонашвили, Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников: экспериментально-педагогическое исследование / Ш.А. Амонашвили. – М.: Педагогика, 1984. – 296 с.
- 7 Оценка без отметки / под ред. Г.А. Цукерман. – Москва-Рига: Педагогический центр «Эксперимент», 1999. – 136 с.
- 8 Образовательный процесс в начальной, основной и старшей школе. Рекомендации по организации опытно-экспериментальной работы / отв. ред. А.Г. Каспаржак. – М.: Сентябрь, 2001. – 240 с.
- 9 Полонский, В. М. Словарь по образованию и педагогике / В. М. Полонский. – М.: Высшая школа, 2004. – 512 с.
- 10 Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2017-2018 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017. – 370 с

УДК 37(094)
МРНТИ 14.01.01

Ү.Қ. Қыяқбаева¹, Л.Н. Демеуова², А.А. Алимбекова³, А.М. Нуркалиева⁴

¹Абая атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының қауым. профессоры, п.ғ.к.
Алматы қ., Қазақстан

² «Алматы» университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, п.ғ.к.
Алматы қ., Қазақстан

³ Абая атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының аға оқытушысы, Ph.D,
Алматы қ., Қазақстан

⁴ 6M010200–Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі мамандығының 2 курс
магистранты, Алматы университеті
Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛИДЕРЛІК САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Ғаламдану дәуірінде өмір сүруге қабілеттілігі жоғары, өзін-өзі дамыта алатын, бастауыш сыныптан бастап лидерлік қабілетін көрсете білетін, өз ойын еркін жеткізе алатын, лидерлік ерекшелігі мен жауапкершілігін дәлелдей алатын, еңсесі биік тұлға тәрбиелеу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Бастауыш мектепте лидер рөлін меңгерудің қажеттілігі, қабілеттілігі мен мүмкінділігі оқушыға өзінің өмірлік келешегін көруді, нақты мақсаттарды анықтап, оған жетуді, тұлғалық өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты игеріп, белсенділікке, дербестілікке, жауапкершілікке үйренуге мүмкіндік береді. Ендеше, қазіргі таңда бастауыш сыныптан бастап лидерлерді дайындау – өмір талабы. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін бастауыш мектеп алдына қойылатын талап – тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, оқушылардың ұлттық сана-сезімін ояту, белсенділігін арттырып, лидерлік қабілеттерін шыңдау болып табылады.

Түйін сөздер: ғаламдану, лидер, лидерлік, белсенділік, қабілет, жауапкершілік, сенімділік

Аннотация

Кыякбаева У.К.¹, Л.Н. Демеева², А.А. Алимбекова.³, А.М. Нуркалиева⁴
к.п.н., ассоц профессор Института педагогики и психологии при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан
к.п.н., проректор по учебной работе университета «Алматы»
г. Алматы, Казахстан
Ph.D., ст преподаватель Института педагогики и психологии при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан
Магистрант 2 курса по специальности
6M010200–Педагогика и методика начального обучения университета «Алматы»
г. Алматы, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Одной из актуальных проблем воспитания личности в эпоху глобализации является воспитание высоко возвышенной личности, которая начиная с начальных классов умеет развивать лидерские способности, воспитывает самого себя, свободно может выразить свои мысли, ответственен и выделяется особенными лидерскими качествами.

В начальной школе изучение роли лидера дает возможность определения его способностей ориентироваться в будущем и в перспективе, иметь конкретную жизненную позицию, овладеть личностным взаимодействием и сотрудничеством, быть активным, индивидуальным и ответственным.

Поэтому, подготовка лидера с начальных классов – требования современного времени. Образование и воспитание молодого поколения в начальной школе требуют воспитать гражданина страны, пробудить в них национальное самосознание и поведение, активного с лидерскими качествами и способностями учащихся.

Ключевые слова: глобализация, лидер, лидерство, активность, способность, ответственность, надежность.

Abstract

Kyakbaeva U.K.¹, Demeeva L.N.², Alimbekova A.A.³, Nurkaliyeva A.M.⁴
¹ c.p.s., professor Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
² c.p. s., vice-rector for academic Affairs., of the University Almaty

Almaty, Kazakhstan

³PhD.Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

⁴master of 2 courses speciality – Pedagoqy and methods of elementary education University «Almaty»

THE POSSIBILITY OF FORMING OF LEADERSHIP QUALITIES OF JUNIOR SCHOOLCHILDREN

One of the urgent problems of education of the individual in the era of globalization is the education of a highly elevated personality, which since primary school is able to develop leadership skills, educates himself, can freely Express his thoughts, is responsible and stands out for special leadership qualities.

In primary school, the study of the role of the leader makes it possible to determine his ability to navigate in the future and in the future, to have a specific life position, to master personal interaction and cooperation, to be active, individual and responsible.

Therefore, the training of the leader from the primary school-the requirements of modern times. Education and upbringing of the young generation in primary school require to educate a citizen of the country, to awaken in them national consciousness and behavior, active with the leadership qualities and abilities of students

Key words: globalization, leadership, leadership, activity, ability, responsibility, reliability.

Ғаламдану дәуірінде өмір сүруге қабілеттілігі жоғары, өзін-өзі дамыта алатын, бастауыш сыныптан бастап лидерлік қабілетін көрсете білетін, өз ойын еркін жеткізе алатын, лидерлік ерекшелігі мен жауапкершілігін дәлелдей алатын, еңсесі биік тұлға тәрбиелеу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Лидер - қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына лайықты қасиеттерді жия білген адам лидер ретінде танылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр» деп көрсетуі, қоғамның, мемлекеттің болашағы жас ұрпақтың азаматтық тәрбиесі мен білімділігінің деңгейінен талап етілетіндігін, бүгінгі болашақ лидерлерді дайындау ертеңгі бәсекеге қабілетті қоғамның көшбасшыларын, елдің бетке ұстар азаматтарын тәрбиелеу дегенді білдіріп, біздің ойымызды айғақтай түседі [1].

Әрбір бастауыш сынып оқушысының бойында еліктеушілік басым келеді, сондықтан әрдайым оқушыға ерекше назар аударуымыз керек. Жалпы мәдениетті тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық, патриоттық, экологиялық, саяси бағыттарды басшылыққа алынады. Ал бастауыш сынып оқушысының бойында осындай қасиеттерді қалыптастыруда педагогтың рөлі зор. Қазіргі таңда педагог оқушы мен қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы, түрлі іс-шаралар барысында оқушылар арасында ынтымақтастық қарым - қатынасты қалыптастырушы, олардың жеке тұлға ретінде дамуын бақылаушы, оқушының күнделікті өміріне кеңес берер көмекші, оқушыға қолайлы ахуал тудырушы, үйлестіруші.

Осы тұста лидер сөзіне нақты түсінік беретін болсақ, «Лидер» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «жетекші», «басшы» деген мағынаны білдіреді [2]. Әлеуметтік топ бар жерде лидерлік заңды түрде болады. Қоғам өмірінің кез келген саласында адамдар лидерді қажет етеді. Лидерсіз ешқандай да ұйым, спорт тобы, отбасы, әлеуметтік қауымдастық болмайды. Сол себепті де лидердің бойында: жауапкершілік, сенімділік, адалдық, салмақтылық, батылдық, табандылық, қайсарлық, белсенділік, жігерлілік, өз-өзіне деген сенімділік және т.б. сынды жеке қасиеттер жиынтығына ие болуы шарт.

Сондықтан да жаһандану заманында бастауыш мектепте қалыптасып келе жатқан оқушыға лидер рөлін орындай отырып, субъектілі позициясын көрсетуге мүмкіндік берілетін болса, бұл үрдіс табысты түрде жүзеге асады. Лидер рөлін меңгерудің маңыздылығы қазіргі елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңалықтар жағдайында өз ойын анық білдіріп сөйлей алатын тұлғаны ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызды және жеке мақсаттарға жету үшін адамдарды біріктіре отырып, әрекет жасай алатын адамдарға деген ерекше сұраныстың пайда болғандығымен түсіндіріледі.

Сондай-ақ бастауыш мектепте лидер рөлін меңгерудің қажеттілігі, қабілеттілігі мен мүмкінділігі оқушыға өзінің өмірлік келешегін көруді, нақты мақсаттарды анықтап, оған жетуді, тұлғалық өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық ғылымын игеріп, белсенділікке, дербестілікке, жауапкершілікке үйренуге мүмкіндік береді. Ендеше, қазіргі таңда бастауыш сыныптан бастап лидерлерді дайындау – өмір талабы екені мәлім. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін бастауыш мектеп алдына қойылатын талап –

тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, оқушылардың ұлттық сана-сезімін ояту, белсенділігін арттырып, лидерлік қабілеттерін шыңдау болып табылады. Соның дәлелі ретінде орта білім берудің мақсаты: «...терең білім мен кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды» көздейді [3].

Әлеуметтік сұраныс қазіргі заман жағдайында оқушы лидерден шығармашылық рухани әлеуетін дамыту; жалпы адамзаттық және гуманистік құндылықтар түсінігін тереңдету; әлеуметтік дамудың табиғи-ғылыми, техникалық және гуманистік аспектілерінің тұтастығын сезіну; ғылыми дүниетанымын қалыптастыру талабын қойып отыр. Нәтижесінде оқушы тұлғасы келесі әлеуметтік маңызы бар параметрлерді, яғни өзін-өзі бағалау мен рефлексияға, қарым-қатынас қабілеттілігі, шыдамдылық, мейірімділік, адамгершілік көрсету, өзін-өзі реттеуші; әлемге және сол әлемдегі өзін шынайы қабылдау; мақсатқа талпынушылық; қалыптасқан дүниетанымы мен құндылықтар жүйесін бойына сіңіреді.

Демек, бастауыш мектеп оқушысының қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны белгілі, яғни ол үнемі өзін-өзі дамытып отыруы тиіс. Сондықтан да, бастауыш сынып оқушысының бойында лидерліктің қалыптасуында оның өзін-өзі бағалауы білім, қабілет, мінез-құлық белгілері, жігерлілік, моральдық және өзге де жеке тұлғалық қабілетіне, оның физикалық ерекшелігіне, еңбек қасиетіне, іс-әрекетінің дамуында маңызы жоғары болып саналады. Сол себепті де бастауыш мектеп білім беру мекемесі ретінде лидердің қалыптасу үрдісіне өзінің позитивті үлесін қосуы тиіс, себебі қоғамдық өмірге араласа бастаған бастауыш сынып оқушысының жасы және бастауыш мектептің тәрбиелеуші ортасын ұйымдастыратын педагогтың кәсіби іс-әрекеті бұл үрдісті барынша нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. *Лидер* – бұл топтың тіршілік кеңістігін ұйымдастыруға қабілетті, мақсатқа бағытталған, табысты түрде өзін-өзі реттеудің үлгілерін көрсете алатын адам. Ол бұл әлемнің табысты тіршілік етуін қамтамасыз ететін объективтік әлемнің субъективтік ақиқаты болып табылады. Сондықтан лидерге тән қасиеттерге тоқталатын болсақ, ол:

1. Жауапкершілікке және бастаған ісін аяқтауға күшті ұмтылысы.
2. Мақсатына жету жолындағы күш-қайраты.
3. Бастамашылдығы.
4. Өзіне-өзі сенімділігі.
5. Айналасындағылардың мінез-құлқына, іс-әрекетіне ықпал ету қабілеті [4].

Ал *психология ғылымындағы зерттеулерде лидердің төмендегідей қатынаста қызмет атқаратындығы айқындалған:*

1. Ол топ алға қойған мақсатқа жетудің жолдары мен құралдарын жоспарлайды;
2. Топ мүшелері арасында атқарылатын іске жауапты адамдарды белгілейді;
3. Топ мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін дамытады [5].

Сонымен қатар, *лидердің мынадай бес белгісі мен сапасын айтуға болады:*

1. *Биологиялық дәрежедегі белгісі мен сапалары:* тұқым қуалаушылығы, темпераменті, жынысы, денсаулық жағдайы.
2. *Психологиялық дәрежесі:* адамның эмоциясын, еркін, жадын, қабілетін, интеллектін, мінезін қамтиды.
3. *Әлеуметтік-психологиялық дәрежесі:* адамның мүдделеріне, көзқарасына, ұстанымына, қарым-қатынасына т.б. байланысты.
4. *Саяси психологиялық дәрежесі:* саяси әлеуметтенуіне, саяси таңдауына, саяси мінез-құлық түрлеріне байланысты.
5. *Әлеуметтік дәрежесі:* мүдделердің жалпы әлеуметтік ұстанымы мен көзқарастарын білдіреді [6].

Жалпы, лидердің психологиялық тұлғалық белгілерінің жиынтығы 100-ден асатыны белгілі. Лидерліктің тұлғалық-ситуативтік теориясы бойынша мынадай *төрт факторды* атап көрсетуге болады:

1. Лидердің адам ретіндегі белгілері мен дәлелдері;
2. Лидердің жолын қушылар үшін белгілі бір келбеті болады;
3. Лидердің рөлінің сипаттары;
4. Лидердің жолын қуатындар үшін ресми және құқықтық негіздердің болуы.

Ал лидердің үміткерлік - қарым-қатынастық теориясына тоқталар болсақ, ол нақтылы бір жағдайда лидер стилінің сәйкес келуін айтады. Лидерліктің басқа да толып жатқан теориялары бар. Ол бойынша лидерліктің психологиялық ерекшеліктері қарастырылуы керек. Сондай-ақ оқушы лидердің тұлғалық қасиеттерін талдауда мыналарды еске алу қажет: лидердің өзінің «Мен» концепсиясы; оның мінез-

кұлқына әсер ететін себептері мен сұраныстары; сенімінің басты жүйесі; жеке тұлғалық қарым-қатынас стилі; стресс жағдайында өзін-өзі ұстай білуі. Жалпы лидерлік – жекелеген адамның туа біткен қасиеті және мүлдем мәңгілікке берілген артықшылық емес. Лидерлік дегеніміз – әрқашанда қорғап қалуға керекті белгілі бір мәртебе, позиция, адамдардың іс-әрекетіндегі, саяси процестегі аяқ астынан болатын нәрселерді бастан өткере білу. Осыдан барып қоғамдық идеяны жүргізуге қабілетті, қоғам сезініп, білетін нәрсені білдіретін, ұжымдық сананың иесі және ұжымдық әрекетті ұйымдастырушы болатын лидерге деген қажеттілік туындайды.

Лидерліктің типологиясы барынша шартты болып келеді және түрлі критерийлер бойынша сараланады. Атап айтқанда [5]:

- *Лидерлік типі бойынша*: стратег, орындаушы, дем беруші;
- *Басшылық ету стилі бойынша*: демократшыл, авторитарлы,
- анархиялы;
- *Кешенді критерий*: дем беруші, әмбебап, авторитарлы, орындаушы, жағдайға қарай әрекет етуші, стратег, демократшыл және т.б.

Сондықтан лидер үшін көпшілікпен байланысты жоғалтпау, олардың мүддесін дұрыс сезініп, білу және соған сәйкес әрекет ету маңызды болып табылады.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушысының бойындағы лидерліктің қалыптасуы өзінің алдына қойған мақсатына жанындағы адамдарды қанағаттандыра отырып жету қабілеті болып табылады. Лидерлік қарым-қатынас барысында алға шығып, өзіне икемділік, ашықтық, ұйымдастырушылық қабілеттерді біріктіреді. Лидерлік – өзін-өзі құрметтеуді, жоғары адамгершілік қасиетті, есею қалпындағы эмоционалдық дамуды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». – Алматы, 2007.
2. Теплов Б.М. Проблемы индивидуальных различий. – М., 2002. – С.156.
3. Мұқанов М. Қабілеттілік және оны тәрбиелеу. – Алматы, 1960. – 13 б.
4. Құдайқұлов С.М. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. – Алматы:Школа XXI,2006. – 82 б.
5. Давлетова А.И. Лидерство как социальное явление: сб.науч.тр./ Славянск-на –Кубани: центр СГПИ,2006. - С.76.
6. Стогдилл Р. Справочник по лидерству. Обзор теорий и исследований. – Р. Стогдилл. – 1974.

УДК 323.28
МРНТИ 11.25.41

Ұ.Қ. Қыяқбаева¹, Д.Қ. Азимбаева², С.Медеухан³

¹Абая атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының қауым. профессоры, п.ғ.к., Алматы қ., Қазақстан

²Абая атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының аға оқытушысы, п.ғ.м., Алматы қ., Қазақстан

³6M010200–Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығының 2 курс магистранты. Алматы университеті, Алматы қ., Қазақстан

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі жағдайда инновациялық үдерістер, жылдам басқару мәселесі педагогикалық инноватиканың құрылымында негізгі түйін болып табылады. Ғылыми білімнің саралануы, олардың үздіксіз дамуы білім беру мазмұнына көлемді теориялық және практикалық материалды қосуды талап етеді. Алайда, жоғары оқу орнында оқыту уақыты шектеулі болғандықтан, заман талабынан шығатын маманды дайындауға жеткілікті білімді саралауды тандап алу мәселесі көтерілуде.

Инновациялық үдерістерді олардың дамуындағы тенденциялар мен қайшылықтарды аша отырып талдау қажет. Инновациялық үдерістер – бүкіл әлемнің білім беру жүйесі дамуының негізгі және қажетті тенденцияларының бірі болып табылады. Қазіргі кезде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту үдерісін ізгілендіру үшін көптеген жұмыстар жасалуда.

Түйін сөздер: инновация, жаңа идеяны іздеу, инновациялық технологиялар, шығармашылық, шығармашылық іс-әрекет.

Аннотация

Кыякбаева У.К.¹, Азимбаева Д.К.², Медеухан С.Н.³

*¹к.п.н., ассоц профессор Института педагогики и психологии при Каз НПУ им.Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²м.п.н., ст преподаватель Института педагогики и психологии при Каз НПУ им.Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*³Магистрант 2 курса по специальности
6М010200–Педагогика и методика начального обучения университета «Алматы»,
г. Алматы, Казахстан*

**ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ В
УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

В современных условиях инновационные процессы, проблема управления являются основным ключем в структуре педагогической инноватики. Дифференциация научных знаний и их непрерывное развитие требуют включить в содержание образования объемные теоретические и практические материалы.

Однако, в связи с тем, что время на обучение в высшем учебном заведении ограничено, в подготовке будущих специалистов встает проблема об отборе достаточных знаний.

Инновационные процессы следует анализировать раскрывая их тенденции и противоречия в их развитии. Инновационные процессы являются одной из основных и необходимых тенденции развития системы образования всего мира. В настоящее время в организации образования страны ведется работа по гуманизации учебного процесса.

Ключевые слова: инновация, поиск новых идей, инновационные технологии, творчество, творческая деятельность.

Abstract

Kyakbaeva U.K.¹, Azimbayeva D.K.², S.N. Medeyhan³

*¹c.p.s., professor Kazakhstan at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

*²Master of pedagogical sciences Kazakhstan at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

³Master of 2 courses speciality – Pedagoqy and methods of elementary education University «Almaty»

**PECULIARITIES OF APPLICATION OF INNOVATIVE TEACHING TECHNOLOGIES IN
EDUCATIONAL PROCESS OF ELEMENTARY SCHOOL**

In modern conditions, innovative processes, the problem of management are the main key in the structure of pedagogical innovation. Differentiation of scientific knowledge and its continuous development require to include in the content of education extensive theoretical and practical materials. However, due to the fact that the time for training in higher education is limited, the training of future specialists raises the problem of selecting sufficient knowledge. Innovation processes should be analyzed by uncovering their trends and contradictions in their development. Innovative processes are one of the main and necessary trends in the development of the education

system around the world. Currently, the organization of education of the country is working on the humanization of the educational process.

Key words: innovation, search for new ideas, innovative technologies, creativity, creative activity.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Ал, білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Оқытушылар мен студенттерге әртүрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келеді.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Инновациялық үдерістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үдерісті «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады. Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыра талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Қазіргі жағдайда инновациялық үдерістер, жылдам басқару мәселесі педагогикалық инноватиканың құрылымында негізгі түйіні болып табылады. Ғылыми білімнің саралануы, олардың үздіксіз дамуы білім беру мазмұнына көлемді практикалық және теориялық материалды қосуды талап етеді. Алайда, мектепте, жоғары оқу орнында оқыту уақыты шектеулі болғандықтан, заман талабынан шығатын маманды дайындауға жеткілікті білімді саралауды таңдап алу мәселесі көтерілуде.

Инновациялық үдерістерді олардың дамуындағы тенденциялары мен қайшылықтарды аша отырып талдау қажет. Инновациялық үдерістер - бүкіл әлемнің білім беру жүйесі дамуының негізгі және қажетті тенденцияларының бірі болып табылады. Қазіргі кезде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту үдерісін ізгілендіру үшін көптеген жұмыстар жасалуда.

Жалпы оқу-тәрбиесі үдерісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу төрт кезеңнен тұрады:

1. Жаңа идеяны іздеу (инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру);
2. Жаңалықтарды ұйымдастыру.
3. Жаңалықтарды енгізу (оқу-тәрбие үдерісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану).
4. Жаңалықтарды бекіту.

Осы инновациялық технологияларды оқу үдерісіне енгізу нәтижесінде бүгінде бастауыш мектептегі білім сапасын арттыру үшін:

- әр сабақта интерактивті әдістерін қолдану;
- әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;
- инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, мектеп жағдайына бейімдеу керек.

Заман талабына сай инновациялық технологияларды оқу үрдісінде қолданудың ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең бастысы технологияларды әрқашан да тиімді, жүйелі қолдану керек.

Инновациялық технологияларды бастауыш сыныптарда оқыту үдерісіне енгізуден күтілетін нәтижелер аз емес, мысалға бастыларын атайтын болсақ:

- 1) түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- 2) оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- 3) олардың әрқайсының деңгейін анықтай алуға болады;
- 4) оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
- 5) оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
- 6) оқушылардың қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;
- 7) жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Бастауыш сыныптағы пәндер дүниетану, ана тілі, әдебиет сабақтарына, топқа бөліп оқыту, рөлдік ойын элементтерін, пікір сайыс және басқа оқытудың дәстүрлі емес түрлері, оқытудың жаңа технологиясы тәжірибеге кеңінен ене бастады. Ондағы дәстүрлі емес сабақ түрлері:

- «саяхат», «мұражайға экскурсия», «концерт», «қойылым», т.б;
- «дөңгелек үстел», «брифинг», «презентация», «аукцион», т.б;
- кино, теледидар, бейнетаспа сабақтар т.б;
- пікір-сайыс сабағы, проблемалық іздену сабақтары, интеллектуалды ойлау сабағы т.б.

Міне, осы жанашылдықтардың барлығы да бастауыш оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолдана отыра сабақ сапасын арттыру элементтері болып табылады. Мектептің бастауыш сатысында оқу-тәрбие үдерісін оқушылардың өзара іс-әрекетпен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады.

Мұнда негізгі және жетекші үдеріс – іс-әрекеттегі оқытуды ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі - оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық, түрде дәлелдейді. Ол өз пікірін бір-біріне топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс. Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың жаңа процессуальдық біліктілігіне, ақпаратты алдын-ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөлінеді. Математика сабағында оқушылардың оқу біліктілігімен қатар ойлауы, іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасы және өзінің сана-сезімі дамып, қарапайым ойлау операциялары (анализ, синтез, салыстыру, сұрыптау) және шығармашылық іс-әрекеті қалыптасады.

Жаңа технологияны қолдануда орынды туындайтын сұрақ, ол *«Мұғалім нені білу керек?»*. Оған жауап төмендегідей болмақ:

- жаңа технология көмегімен шешілетін мәселені анықтау;
- жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді саралау;
- жаңа технология мәнінен алынатын нәтижелердің теориялық негізін білу;
- жаңа технологияда мұғалім қолданылатын әдіс-тәсілдерді білу;
- оқушыларды жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін таңдау.

«Не істей алу керек?»

- оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқаларын құрастыру;
- күнтізбелік тақырыптық жоспар жасау;
- әр сабақты жоспарлау;
- жаңа технология бойынша жүргізілетін әртүрлі типтегі сабақ жоспарларын жасау;
- оқу модулын құрастыру;
- оқу жобасының мазмұнын анықтау;
- оқу жобалары бойынша оқушыларға арналған тапсырмаларды құрастыру.

«Қандай іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыруы қажет?»

- жаңа технологияда пайдаланылатын жекелеген әдістер мен тәсілдер;

- әр түрлі типтегі сабақтарды өткізу;
- өткізілген сабақтарға талдау жасау, жіберілген кемшіліктердің жасырын себептерін анықтау;
- жаңа технологияда қолданылатын оқу әрекетінің әдістерін оқушыларға үйрету.

Педагогикалық үдерісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивті оқытуды пайдалану мұғалімдерді шеберлік жағынан шыңдайтындығына дау тудырмайды. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру - міндет. // Қазақстан мектебі. - 2005. – № 9-10. – 25-26 б.
2. Мыңбаева А.К., Садвакасова З.М. «Оқытудың инновациялық әдістері, немесе сабақты қалай қызықты өткізуге болады». Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 215-217 б.
3. Байғазиева Г. Жаңа педтехнология. // Қазақстан мектебі. – 2005. – № 8. – 53-54б.
4. Арысбаева З. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері. // Қазақстан мектебі. – 2007.– № 1. – 69-70 б.

МРНТИ 14.25.09

Ж.Ә. Таңатарова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
6D010200–Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 2 курс докторанты,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: zhide.tanatarova@mail.ru*

**ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

Аңдатпа

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысында өлкетану материалдары негізінде оқушылардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Қазақстандық патриотизм - өзінің туып-өскен елін, жерін сүйетін, ел тарихын білетін, шынайы отансүйгіштік рухта тәрбиеленген жас ұрпақтың бойында ғана болады. Туған жеріне деген терең махаббаттан ғана патриотизм туындайды.

Мектеп оқушыларының Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезінуі, мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге, тарихқа, мәдениетке құрметпен қарауы өзінің туған өлкесіне, өз аймағының халқына қатынасы арқылы айқындалады.

Өлкетану материалдары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру еліміздің тәуелсіздігін нығайтуда маңызды мәселенің бірі болып саналады.

Түйін сөздер: өлкетану материалдары, патриотизм, қазақстандық патриотизм, құндылық, бастауыш сынып, тәуелсіз, теориялық аспект, мәселе.

Аннотация

Танатарова Ж.А.¹

¹докторант 2-курса по специальности 6D010200–Педагогика и методика начального обучения, КазНПУ имени Абая, e-mail: zhide.tanatarova@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТЕЙ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА ЧЕРЕЗ КРАЕВЕДЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ

Формирование у учащихся казахстанского патриотизма на основе материалов краеведения на начальной ступени общеобразовательной школы является актуальным. Казахстанский патриотизм — это осознание государственного, казахстанского. Он включает в себя: чувство привязанности к тем местам, где человек родился и вырос; уважительное отношение к родному языку; заботу об интересах родины; проявление гражданских чувств и сохранение верности родине; гордость за ее социальные и культурные достижения; отстаивание ее свободы и независимости; уважительное отношение к историческому прошлому родины и унаследованным от него традициям; стремление посвящать свой труд, силы и способности расцвету родины.

На основе материалов краеведения, патриотическое воспитание является одним из важных моментов в укреплении независимости нашей страны.

Ключевые слова: краеведческие материалы, патриотизм, казахстанский патриотизм, ценность, начальный класс, независимый, теоретический аспект, проблема.

Abstract

Zh.Tanatarova¹

¹2-doctoral course by specialty 6D010200 – Pedagogy and methodology of primary education, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail:

THE THEORETICAL ASPECT OF THE FORMATION OF VALUES AMONG THE YOUNGER STUDENTS OF THE KAZAKHSTAN PATRIOTISM THROUGH LOCAL HISTORY MATERIALS

The formation of the Kazakhstan patriotism of students on the basis of materials of local history at the initial stage of secondary school is important.

Kazakhstan patriotism is the consciousness of the state, Kazakhstan. It includes: the feeling of attachment to the places where the person was born and grew up; respectful attitude to the native language; care for the interests of the Motherland; a manifestation of civic sense and the preservation of loyalty to the homeland; proud of its social and cultural achievements; defending its freedom and independence; respect for historical past of the Motherland and the derived traditions; the desire to dedicate their labor, strength and ability to the flourishing of the Motherland.

Based on the materials of local history, Patriotic education is one of the important points in strengthening the independence of our country.

Key words: study materials, patriotism, Kazakhstan patriotism, value, initial class, independent, theoretical aspect of the problem.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен өнер жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу және адамның шығармашылық рухани мүмкіндіктерін байыту міндеті көзделген. Білім беру жүйесінің басты міндеттері «өз жерін қадірлеуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, туған жер табиғатын сүюге тәрбиелеу» - деп көрсетілген [1, 5-6 б.].

Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихын, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де, барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн»-дей келе, «Мәңгілік Ел» ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан–2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», - деп атап өткен болатын [2].

Педагогикалық энциклопедияда «өлкетану» ұғымына мынадай түсінік берілді: оқушылардың өзі тұрған жері, табиғаты, экономикасы, тарихы мен мәдениеті туралы оқып білуі». Өлкетану оқушылардың өзінің туған өлкесі жайында мұғалімнің әңгімесінен білуі, дербес білім алу барысында және зерттеу үдерісінде туған өлкені оқып білуді қамтиды [3, 311 б.].

Жас жаратылыстанушының энциклопедия сөздігінде: өлкетану ұғымын «туған өлкені, қоршаған ортаны, табиғатын, мәдениетін, халқын, халық шаруашылығын зерттеу» - деген анықтама берілген [4, 132 б.]. Өлкетану мәселесі оның барлық түрі бір-бірімен тығыз байланыста, сабақ барысында, сыныптан тыс жұмыстарда іске асырылып отырады.

Л.С. Берг өлкетануды туған өлкенің географиясы деп атайды. Өлкетанудың міндетіне туған өлкені талдауды және жан-жақты зерттеу кіретін географиялық өлкетану ретінде қарастыруға болады. Өлкетанудың география ғылымындағыдай зерттеу заты болып, жер және аумақ табылады. «Өлкетануда» «туған жер» ұғымымен түсіндірілетін аймақ зерттеледі [5, 2 б.].

Өлкетанудың білім берудің сапасын көтеруде ықпалы зор. Өлкетану жұмыстары оқушылардың сабақтан немесе оқу құралынан дайын білімді алу ғана емес, сонымен қоса мұғалім басшылығымен оқушылардың өздік жұмыстарын, ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Сондықтан өлкетану жұмысының ерекшелігі – оның мұғалімдер мен оқушыларды зерттеуге бейім дейтіні.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, тілін білетін, дүниеге дұрыс көзқарасы қалыптасқан шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеудің және өлкетану оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруда өлкетану маңызды, күшті құрал болып отыр. Өлкетану материалдарын пайдалану арқылы қоршаған орта шындығының құбылыстарын, ғылыми ұғымдарды ашып, нақтылаймыз, түсінеміз.

Бала алғашқы түсініктерді қоршаған ортасынан алатыны белгілі. Осы ерекшелікті байқаған қазақтың зиялы тұлғаларының бірі Ж.Аймауытов баланың психологиялық мүмкіндігін зерттей келе: Табиғат – бір зор тұтас әлем, одан тысқары ештеме болуға мүмкін емес!» – дей отырып, балалардың қоршаған өмірден, табиғаттан білім алуы қажет екендігін меңзейді [6, 134-135 б.]. Ал кез-келген нысанды, құбылысты не затты танып, кез-келген фактіні толық зерттеу үшін оны бақылау қажет екені анық.

Бастауыш сынып мұғалімі алдына өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда екі міндет тұрады: 1) өз өлкесінің *табиғи ерекшеліктерін білу*, оны жан-жақты зерттеп, өлкетану материалдарын жинау; 2) жиналған өлкетану материалдарын ана тілі, дүниетану сабақтарында пайдалану.

Өлкетану жұмыстарын ұйымдастырып, өз дәрежесінде өткізу үшін алдымен оқу жылының басында ана тілі, дүниетану пәнінің мазмұнына енген мәтіндер мен әңгімелерді талдап, жағдайлар мен фактілерді белгілеп, жергілікті жердің материалымен байланысатын объектілерді анықтап алуы қажет. Бұл жұмыстың нәтижесінде мұғалім өлкетану материалдарын пайдаланудың мерзімін анықтайды. Содан кейін өлкетану жұмыстарының күнтізбелік жоспарын құрады. Мұндағы басты мақсаты өткізетін өлкетану жұмыстары оқу бағдарламасының тиісті тақырыптарын оқытудың алдында жүруі керек. Жоспарды құру барысында туған өлкенің мәліметтерін қолдануға болатын тараулар мен тақырыптарды ғана енгізу қажет.

Жалпы өлкетану жұмыстарын жоспарлауда оқу жұмыстарында өлкетану материалдарын қолдану мақсатында оларды іріктеп, саралап, таңдап, жүйеге келтіру аса маңызды болып табылады. Жақсы ойластырылған жұмыс жоспары мұғалім өз өлкесін зерттеуде табысты болуына ықпалын тигізеді. Мұғалім жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру арқылы қойған мақсатына аз уақыт пен күш жұмсап жетеді және де сонымен қоса жергілікті жердің табиғат [ерекшеліктері туралы дұрыс](#), аяқталған түсінік алады.

Жалпы өлкетану материалдарын сабақтың бір кезеңінде (білімді тексеру, жаңа сабақты түсіндіру, қорытындылау, өткенді қайталау, өзіндік жұмысты орындау барысында) қолдануы мүмкін. Туған өлке туралы мәліметтерді әсіресе, жаңа материалдарды өту барысында қарастыру, оқушылардың пәнді оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттырады.

Дүниетану сабағында өлкетану материалдарын пайдалануда төмендегідей тиімді әдістер мен тәсілдерді ұсынуға болады: 1) түсіндірмелі – иллюстративті, сөздік әдістері (әңгімелесу, түсіндіру) өлкетану материалдарының мазмұны бойынша (карта, схема, гербарий, коллекциялар) иллюстрациямен байланысатынын; 2) оқушылардың өмірлік, танымдық тәжірибесі және де өлкетану білімдерін [пайдалануға негізделген](#), ішінара іздеу (қайталау, оқыту, эвристикалық, әңгіме); 3) өлкетану әдебиетімен жұмыс (оқулықтар, құралдар, анықтамалар, мерзімді баспасөздер; 4) табиғат құбылыстары мен объектілерін тікелей зерттеуді көздейтін зерттеу әдісі (табиғатты бақылау, материалды өңдеу). Сонымен қатар, бақылау оқушыларға өлкетану материалдарын меңгерудің ең тиімді әдісі.

Осы пәнді оқыту барысында оқулықтарда берілген деректерді туған жерінің табиғатының ерекшелігімен салыстыра отырып, оны қамқорлауға, қиянат жасамауға, жан ашырлық сезімін оятуға көңіл бөлінеді. Жергілікті жердің материалдарымен байланыстырып өту, оқушылардың қызығушылығын тудырып, өз өлкесін терең танып білуге мүмкіндік туғызылды.

«Оқыту үрдісінің қандай мәселесі болмасын, бала психологиясына негізделмесе, оның ерекшелігі ескерілмесе оқытудың әдіс-тәсілін ұұбылтып түрлендіру де, сабақ үстінде қолданылған сан алуан көрнекіліктер де жай, жасанды дүниеге айналады. Өйткені жеке тұлғаны қалыптастыру қоғамдық тәжірибе мен кейбір қажетті нормаларды меңгерту арқылы жүзеге асқанымен, оқытудың мәні тек білімді түсініп, игертуде емес, сол нормалардың оқушы іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің ішкі механизмі, еозғаушысы – мотиві болатындай дәрежеде ұйымдастырылуында» дейді белгілі психолог Л.И.Божович [7, 160-166 б.].

Баланың дүниетанымы, танымдық қызығушылығы бақылау барысында, іс-әрекет үстінде қалыптасады. «Адамның іс-әрекеті бүтіндей тізбек немесе әрекеттер жүйесі, практикалық және ақыл-ой әрекеттері, қандай да мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттер жүйесі болып табылады» – деген А.А. Люблинскаяның берген анықтамасын назарға алатын болсақ, онда іс-әрекет ақыл-ой әрекеті, тәжірибе, ең бастысы мақсаттан тұратынын түсінуге болады [8, 154 б.]. Іс-әрекет барысында баланың қызығушылығы оянады, мүдделері мен талпынысы, оның қабілеті жетіледі, дүниетанымы қалыптасады. Демек, іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды.

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу [9].

Өлкетанудың төмендегідей түрлері бар: Мемлекеттік, қоғамдық, мектеп және тарихи өлкетану. Мемлекеттік өлкетану – арнайы органдардың қатынасымен мұражай жұмысын ұйымдастыру, әкімшіліктердегі, кітапханалардағы, ғылыми-зерттеу институттарындағы мәдениет пен ғылымға байланысты бөлімдердің жұмыстары. Қоғамдық өлкетану – қоғамдық өлкетанушылардың, туристердің, қоғамдық ұйымдардың жеке адамдардың күшімен ұйымдастырылады. Олар өлке ерекшеліктеріне байланысты, өлке тарихы мен онда өмір сүрген белгілі адамдардың өміріне байланысты деректер жинау т.б. жұмыстармае айналысады

Мектеп өлкетануы – мектептердегі оқу бағдарламалары және олардан тыс атқарылатын туған өлкеге қатысты жұмыстар бойынша білімді жетілдіруге, сондай-ақ әртүрлі туристік өлкетану шаралары барысында түрлі тәрбие беруге байланысты жұмыстар.

Тарихи өлкетану – ол белгілі бір ауданның, облыстың, өлкенің тарихын, ондағы болған оқиғаларды, тарихи архитектуралық ескерткіштер мен олардың ерекшеліктерін оқып-танысумен айналысады.

Соның ішінде мектеп өлкетануының бастауыш сынып оқушыларының бойында алатын орын ерекше. Өйткені, қазақстандық патриотизм құндылықтарын біз баланың бойына кішкене кезінен сіңіре білуіміз қажет. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы осы мәселелні алдыңғы орынға қоюда.

Өлкетану жұмысы жеке пәндер бойынша, сол пәннің материалдарының мазмұнына сәйкес орындалады. Бастауыш сыныптардағы өлкетану жұмысы оқу бағдарламасы бойынша бірнеше пәндермен байланысты, соның ішінде, әсіресе дүниетану пәніне байланысты шешіледі. Мұнда адам, табиғат және қоғам, олардың өзара байланысы мен тәуелділігі жөніндегі білім жүйесін құрай отырып оқу пәнінің нысаны – адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта және т.б. алып қарастырылады. Өздерінің алған білім, білік, дағдыларын сабақ үстінде пайдалана білуге дағдыланады [10, 7 б.].

Өлкетану материалдары арқылы патриоттық тәрбие беру дегеніміз, оның ішінде қазақстандық патриотизм дегенге тоқталып өтсек, ол біздің болашағымыз келер ұрпақ екені даусыз. Олай болса, олардың бойында Отанға, туған елге, табиғатқа, адамға деген махаббатты оята отырып, олардың бойына патриоттық сезімді ұялата білуіміз қажет. Яғни, қазіргі таңда дүниетану, ана тілі пәндерінің тақырыптары бір-бірімен ұштасып жатыр. Тақырып аясында ғана емес, одан кеңірек мәліметтермен тек оқулық аясында ғана емес, тәжірибе жүзінде жұмыс жасай отырып, балалардың бойында патриотизмді оята аламыз.

Патриоттықтәрбиебіздіңелбасшымыздың«Қазақстан–2050»стратегиясындажалғасын тапқан.«Қазақстан–2050» бағдарламасына қатысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Оқушыларды Қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез – құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», - делінген.

Патриотизм идеясының дамуы Аристотель, Платон, Цицерон есімдерімен де байланысты. Цицерон Отанға деген қатынасты патриоттық санадан іздестіреді. «Ең мәртебелі ой - толғамдар Отанның игілігі жайында болмақ», - дейді Цицерон «Мемлекет туралы диалогінде». Патриотизм идеясының дамуына француз материалистерінің, неміс философтарының да қосқан үлесі мол. Орыс революционер – демократтары да көптеген құнды идеялар көтерді. Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмуд Қашғари т.б. еңбектерінде келелі, пікірлер айтылған. Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұхар жыраулар, Махамбет Өтемісұлы да өз шығармаларына арқау етті. Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады. Отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс.

Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудағы 100 қадам – «Ұлт жоспары» - ретінде біздің өмірлік тәжірибелерімізде орыналуда.Ұлттық жоспардың: 85-ші қадамында «Мәңгілікел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу болса, 89-қадамда - «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу» – деп нақты көрсетіп берді. Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. «Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» - деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным-сенімінен туындайды. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды». Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді [2, 200].

Егемендік пен тәуелсіздікке ие болу жағдайында Қазақстан қоғамында «ұлттық патриотизм», «жалпы ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдары кеңінен қолданылады. «Ұлттық патриотизм» - өз ұлтының тарихына, оның мәдениетіне, тіліне, салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық, құрмет тұту және өз ұлтының ғасырлар бойы жүріп өткен өмірлік жолындағы ата-бабаларының қалдырған құнды мұралары мен байланысты туындаған түсінік ұғымдары мен тікелей байланысты болса, «жалпыұлттық патриотизм» - өзінің туып-өскен мемлекетінің және ондағы мекендеген халқының бір бөлігі ретінде сезінуді білдіреді, яғни түрлі ұлт қауымдастықтары өкілдері үшін туылған жеріне, біртұтас Отанына деген сана-сезім сүйіспеншілігімен адалдығының шегі неғұрлым кеңі түседі. «Қазақстандық патриотизм» дегеніміз – Қазақстан мемлекетін мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстардың «Ұлттық Отаны» деген озық ойтаным негізіне сүйінген патриотизм түсініктеріндегі сезімдік көріністері.

Бұл ұғымның педагогикалық мазмұндық жүйесіне мән берсек, ол өскелең ұрпақ өкілдерін Қазақстан мемлекетінің толық қанды азаматтары ретінде тәрбиелеудегі үйлесімділікті көрсетеді. Қазақстандық патриотизм-Отанға және туған елге деген шынайы сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнегелік істер мен үлгі болу, болмысындағы білім мен білікті, ақыл-парасатты халық игілігіне жұмсау яғни, біртұтас Отан мүддесіне арнау деген түсінік төңірегіне шоғырлану болып табылады. Өзі өмір сүріп жатқан қоғамдық құрылыстағы мемлекеттік жүйенің заңдық құқықтарын, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білуде осы қазақстандық патриотизм ұғымының құрылымдық құрамына енеді.

Мемлекеттің келешегі еңселі биік және берік болуы, өскелең ұрпақтың жеке тұлғалық болмысындағы тәлім-танымдық тәрбиенің қалай қалыптасқандығына байланысты. Сондықтан мектептер мен өзге де оқу-тәрбие мекемелерінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу. Жастарымыздың бойына ел жандылық, азаматтық, жоғары ізгілікпен адамгершілік сезімдерді жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі берік орнай түседі.

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлтпен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Оның тұжырымы бойынша, патриоттық сезім адамның туа біткен қасиетінен байқалмайды, ол - белгілі бір әлеуметтік тарихи ортада ұзақ жылдар бойына қалыптасатын құбылыс.

Расында қолдан патриотизм жасап, ешкімді осы елді сүйдеп көндіре алмайсың. Еріксіз жасалған отан сүйгіштің саяси-әлеуметтік, экономикалық тағы басқа негіздері толық қаланбаса оның ертеңі қысқа. Сондықтан Қазақстан патриотизмін қалыптастыру үрдісіне осы ерекшелікті есте ұстап жүргізу қажет.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру – біздің мемлекетіміздің ұзақ мерзімді даму бағыттары шеңберіндегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең өзекті мәселелердің бірі. Патриоттық тәрбие берудің рөлін арттыру, неғұрлым маңызды құралдарына өлкетану, яғни туған өлкенің табиғатын, халқы мен шаруашылығын, оның өткені мен бүгінін жергілікті қоғамдастық өмірін жақсарту мақсатында зерделеу болып табылады. Оқушыларға өзінің туған өлкесі туралы туралы толық, терең мазмұнды білім беруді талап ететін, олардың туған жеріне және табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін, сондай-ақ өз халқының әдет-ғұрпына деген құрметін қамтитын өлкетану ұстанымында өз бейнесін табады.

Бастауыш буын – қайталанбайтын кезең, ақиқаты сол, білім негізі бастауыштан басталады. Бастауыш білім беру сатысы оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасы ұйытқысының қалыптасуы мен дамуы қуатты жүретін аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді. Бастауыш сатыдағы білім берудің бағдарлы мақсаты – оқу әрекетін қалыптастыру; айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік тәрбие түрлеріне сай сезім қатынас қарым – қатынасқа дайындау; өзін қоршаған және өмір сүрген жаңа табиғи және әлеуметтік органы тануға, сүйюге, қорғауға, өзін ұстай білуге үйрету болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2007, шілде – 27. – 5-6 б.*

2. Елбасы Н. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде». 1993 жыл 9 қазан. Алматы, - 200 б.
3. Педагогическая энциклопедия / гл. ред. А.И. Каиров и Ф.Н. Петров. – М.: «Советская Энциклопедия», 1964. – Т. 1. – 832 столб.
4. Энциклопедический словарь юного натуралиста / сост. А.Г. Рогожкин. – М.: Педагогика, 1981. – 406 с.
5. Берг Л.С. Предмет и задачи краеведения: сб. Как изучать свой край. – Л., 1925. – 43 с.
6. Манкеш А.Е. Манкеш А.Е. Үздіксіз білім беру үдерісіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғылым. докт. автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2008. – 39 б.
7. Божович Л.И. Социальная ситуация развития движущие силы развития ребенка. Психология личности в трудах отечественных психологов: хрестоматия под ред. Куликова Л.В. – СПб: Издательство «Питер», 2000. – С. 160-166
8. Кузин Н.П. О методах применения краеведческого материала в преподавании истории // Преподавание истории в школе. – 1954. – №5. – С. 61-73.
9. kk.wikipedia.org
10. Дуниетану. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 42 б.